QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

QAZAQGAZ: ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҮЙІНДІ ЭЛЕМЕНТІ

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕБІ

КІРІСПЕ

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі 2

Басқарма төрағасының үндеуі 4

2025 жылғы QazaqGaz негізгі нәтижелері 6

8

1

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

10 Компанияның бейіні

16 Қызмет географиясы

18 Бизнес-үлгісі және негізгі қызмет бағыттары

32

2

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

34 Газдың маңызы және Жаһандық ОЭК

35 Ішкі орта

36 QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі даму стратегиясы

39 Бағыттар бойынша нәтижелер

46

3

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

50 Өндірістік және қаржылық нәтижелер

52 Экономикалық нәтижелілік

55 Компанияны және газ саласын дамытуға инвестициялар

59 Салық саясаты

63 Қаржылық тұрақтылық және міндеттемелер

66

4

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

68 Тұрақты дамуды басқару

72 Тұрақты даму саласындағы стратегия

73 ТДМ-ге назар аудару: мақсаттар және іске асыру

80 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

84

5

ҒАЛАМШАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

88 Климаттың өзгеруі және көміртексіздендіру

99 Энергетикалық менеджмент

104 Қоршаған ортаға әсерді басқару

111 Атмосфералық ауаға әсер ету

113 Су ресурстарын басқару

116 Қалдықтарды басқару

118 Биоалуантүрлілікті және табиғи аумақтарды сақтау

128

6

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АМАН-ЕСЕНДІК

134 Персоналды басқару және адам капиталын дамыту

156 Адам құқықтары, инклюзия және тең мүмкіндіктер

162 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

177 Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау

183 Тұтынушылармен өзара іс-қимыл

186

7

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

190 Корпоративтік басқару жүйесі

210 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

221 Іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

234 Жеткізу тізбектерін басқару

244 Цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздік

250

8

ҚОСЫМШАЛАР

252 **1-қосымша.** Есеп туралы

259 **2-қосымша.** Есептегі GRI индикаторларының ашылу көрсеткіші

270 **3-қосымша.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер туралы ақпарат беру

282 **4-қосымша.** 2025 жылғы «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп

286 **5-қосымша.** Шоғырландырылған қаржылық есептілік

301 **6-қосымша.** Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексерудің нәтижелері туралы есеп

309 **7-қосымша.** Байланыс ақпарат

310 **8-қосымша.** Глоссарий

2025 жылғы біріктірілген жылдық есептің электрондық нұсқасы

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

GRI 2-22

ОТЫНШИЕВ Елжас Мұратұлы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

266 мың тұрғын

123 елді мекенде газбен жабдықтауға қол жеткізді

271 млрд теңге

Есепті жылы таза пайда бойынша жоспар

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздердің назарларыңызға «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2025 жылға арналған біріктірілген жылдық есебін ұсынамыз.

Өткен жылы әлемдік ОЭК-де энергетикалық ресурстарға сұраныстың өсуі және энергетикалық ауысудың күшеюі сақтала берді. Осы жағдайларда табиғи газ өтпелі отын функциясын орындауды жалғастырады және дамушы экономикалар үшін маңызды ресурс болып қалады. Жаңа логистикалық ағындар жолында ұтымды жағдайға ие бола отырып, Қазақстан оларға қатысуға, «түйінді» инфрақұрылымды және ішкі нарықты дамытуға қолайлы мүмкіндіктерге ие болды.

Ұлттық оператор ретінде QazaqGaz еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бұрынғыдай негізгі рөл атқарып, неғұрлым экологиялық таза энергетикаға ауысудың маңызды қатысушысы болып табылады.

2025 жылы Компанияның стратегиялық басымдықтары ішкі нарықты газбен қамтамасыз етуге, ресурстық базаны дамытуға, газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғыртуға және кеңейтуге, операциялық тиімділікті арттыруға және тұрақты даму қағидаттарын енгізуге шоғырландырылды.

Есепті жылы өңірлерді газдандыру жұмыстары жалғастырылды: 123 елді мекенде 266 мың тұрғын газбен жабдықтауға қол жеткізді. Елді газдандыру деңгейі 64,2%-ға жетті.

Компания құрылымды оңтайландыру, басқарушылықты, операциялық және қаржылық тиімділікті арттыру жөніндегі бағдарламалық бастамаларды іске асыруды жалғастырды. Есепті жылы таза пайда бойынша жоспар 271 млрд теңге көрсеткішімен орындалды.

Компания қызметінің сыртқы бағалануын S&P Global халықаралық рейтингтік агенттігі құптады, ол QazaqGaz кредиттік рейтингін «BB+» деңгейінде растап, болжамды «Тұрақты» деңгейінен «Оң» деңгейіне дейін көтерді.

Есепті кезеңде ESG бағыты бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды. Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асыру шеңберінде Компанияның көміртегі ізін 2032 жылға қарай 10-12%-ға қысқартуды көздейтін «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2025–2033 жылдар кезеңіне арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді.

Директорлар кеңесінің атынан Компанияның барлық қызметкерлеріне, клиенттері мен серіктестеріне бірге салған күш-жігер, осы жылы қол жеткізілген нәтижелер үшін алғыс айтамын. 2026 жылы бізді жаңа сын-қатерлер мен елеулі нәтижелер күтіп тұрғанына сенімдімін.

Барлық мүдделі тараптарға Есеппен танысуды ұсынамын.

Басқарма төрағасының үндеуі

GRI 2-22

ЖАМАУОВ
Әлібек Жұмабекұлы

«QazaqGaz» ҰК»
АҚ Басқарма төрағасы

Құрметті акционерлер, инвесторлар мен серіктестер!

2025 жыл QazaqGaz үшін көкжиектерді кеңейту, жүйелі еңбек ету, сын-қатерлерге жауап беру жылы болды. Біздің командаңың, басшылықтың және көптеген мүдделі тараптардың күш-жігерінің арқасында біз Компанияның стратегиясын іске асыруда және еліміздің газ саласын дамытуда елеулі нәтижелерге қол жеткіздік.

Табиғи газ энергетикалық ауысудың негізгі отыны, энергетика жүйелері үшін икемділік көзі және дамушы елдер үшін негізгі ресурс болып табылады. Әсіресе көршілерімізде – Қытайда, Үндістанда, Азия мен Таяу Шығыстың басқа да елдерінде газға деген сұраныстың артуы біздің Компания үшін де бірқатар мүмкіндіктер ашады.

Бұл тұрғыдан 2025 жыл QazaqGaz ресурстық базаны кеңейту, өндірістік көрсеткіштерді ұлғайту, экспорттық әлеуетті дамыту, көлік және сервистік инфрақұрылымды дамыту бойынша белсенді жұмыс атқарған кезең болды.

Ресурстық базаны кеңейту және әртараптандыру үшін есепті жылы жер қойнауын пайдалануға арналған 3 келісімшарт жасалды, Түркістан облысындағы Придорожное кен орнын игеру, Ақтөбе облысындағы Шалқар учаскесінде барлау және өндіру бойынша құрылымдар құрылды, CNPC және Eni стратегиялық серіктестері тартылды. 2025 жылы газ өндіру көлемі 299 млн м^3 құрады.

Тасымалдау көрсеткіштері тұтастай алғанда жоспарлы мәндерге сәйкес келеді, бұл ретте экспортқа газ тасымалдау көлемі Қытай және Өзбекстан тараптарымен жасалған келісімшарттардың арқасында жоспардан асып түсті. Есепті жылы газды ішкі тасымалдау НҚК-ден біршама төмен (78%), ал ішкі нарыққа өткізу жоспары орындалды.

2025 жылы «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысы мерзімінен бұрын аяқталды, соның арқасында Жетісу облысының 84 елді мекені газға қол жеткізеді, өңірді газдандыру деңгейі 56,5%-дан шамамен 76%-ға дейін өседі.

«Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші тармағын салу жалғастырылды, сондай-ақ инвестициялар туралы келісімге қол қойылды және құбыр өнімдері мен газ айдау агрегаттарын жеткізуге келісімшарттар жасалды.

Жасанды интеллект технологияларын қоса алғанда, заманауи цифрлық құралдарды пайдалану біздің Компанияның кең ауқымды міндеттеріне – өндірістік және технологиялық процестерден бухгалтерлік есеп пен білім беру қызметіне дейін тарады. Бұл бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға, пайдаланушылар үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуге, қателер мен операциялық тәуекелдерді төмендетуге, сондай-ақ талдамалық деректердің сапасын жақсартуға ықпал етті.

Отандық өндірушілерге қолдау көрсетуді дамыта отырып, QazaqGaz сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесін 93%-ға дейін арттырды.

2025 жылы өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жүйелі жұмыс QazaqGaz компаниясына «Самұрық-Қазына» АҚ портфелдік компаниялары арасында өндірістік қауіпсіздік бойынша Көшбасшы мәртебесін берді. Компания бұл құрметті мәртебеге қол жеткізілген көрсеткіштердің арқасында ие болды: еңбек қызметіне байланысты өлім-жітім жағдайлары қатарынан екінші жыл тіркелмеген; еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті 0,09, еңбек қызметімен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының коэффициенті 0,12 құрады.

Есепті жылы Компанияға MSCI-дің ESG рейтингінде «А» деңгейі берілгенін, CDP климаттық рейтингі «В» деңгейінде расталғанын, сондай-ақ бірден үш танылған рейтингте қаржылық емес көрсеткіштер бойынша ақпаратты ашудың жоғары сапасы танылғанын қуана атап өткім келеді.

Адам капиталы біздің компанияның негізгі ресурсы болып табылады. Қызметкерлер әрдайым біліктіліктерін арттырып тұрады, серіктестерден тағылымдамадан өтіп, озық халықаралық іс-тәжірибелерді қабылдайды. Біз бұл бағытты одан әрі дамытуға ниеттіміз, себебі мықты кәсіби команда тұрақты өркендеуге және көшбасшылық ұстанымға іргетас болып қызмет ететініне сенімдіміз.

2026 жыл басталды, біз өршіл жобаларды дайындап, табысқа жететінімізге нық сеніммен газ саласын дамытудың жаңа кезеңіне аяқ басамыз.

Баршаңызға ортақ іске қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамын. Біз қуатты Қазақстанның энергетикалық болашағын бірге жасаймыз!

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

2025 жылғы QazaqGaz негізгі нәтижелері

88,9
млрд м³
газды магистральдық тасымалдау көлемі

10
млрд м³
газды экспортқа тасымалдау

2%
ішкі нарыққа газ өткізу көлемінің өсуі

299
млн м³
газ өндіру көлемі

271
млрд теңге
жыл қорытындысы бойынша Компанияның таза пайдасы

235,4
млрд теңге
күрделі қаржы жұмсалымының сомасы

E

4,18
млн т CO_2-экв..
Scope 1 және 2 парниктік газдардың жалпы шығарындылары

2,4%
Scope 1 және 2 парниктік газдардың меншікті шығарындыларын төмендету

371
мың ГДж
энергия тиімділігін сақтау және арттыру жөніндегі бастамалар нәтижесінде қол жеткізілген энергия тұтынуды қысқарту көлемі

2025–2033 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді

25 926,3
т CO_2-экв..
көміртексіздендіру іс-шаралары нәтижесінде жіберілмеген Scope 1 және 2 бойынша парниктік газдар көлемі

0
биологиялық алуантүрлілікке әсер ететін елеулі экологиялық оқыс оқиға

12 997,8
млн теңге
қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығыстардың жалпы көлемі

566 328
көшет
«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде Компаниямен және ЕТҰ отырғызылды

S

13 609
адам
қызметкерлердің орташа тізімдік саны

754
млн теңге
қызметкерлерді оқыту бағдарламаларына арналған шығыстардың жалпы көлемі

98%
ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер

78%
өндірістік персонал арасындағы SRS әлеуметтік тұрақтылық индексі

0
Компанияның өндірістік объектілеріндегі апаттар мен оқыс оқиғалар

12 897
қызметкер
түрлі бағдарламалар бойынша оқудан өтті

27
қызметкер
«QazaqGaz көшбасшылар пулы» жобасы шеңберінде кадрлық резервке енгізілді

6%
кадрлардың тұрақтамауы

123
елді мекендер
Жалпы халық саны 266 мыңнан астам 123 елді мекен газға қол жеткізді

0,09
қызметкерлер арасындағы LTIF көрсеткіші

G

0
монополияға қарсы заңнаманы бұзу жағдайлары

A
Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау рейтингі

96%
Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды орындау

93%
сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесі

ISO 37001:2017
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификаты алынды

Ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру құқығына аккредитация алынды

Транзиттік операцияларды дамыту және ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін «Өзтрансгаз» бен «Теңізшевройл» ЖШС-мен келісімшарттарға **қол қойылды**

Аққұдық – «ҚОР» мұнай компаниясы» АҚ-мен, Солтүстік-2 – «ҚазАзот» АҚ-мен және Саралжын (QazaqGaz күштерімен игеру) **үш учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасалды**

302,441
км

Жалпы ұзындығы 302,441 км және Жетісу облысының 84 елді мекеніне газ беру мүмкіндігі бар «Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысы аяқталды

Компания туралы

10 Компанияның бейіні

16 Қызмет географиясы

18 Бизнес-үлгісі және негізгі қызмет бағыттары

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

01

Компанияның бейіні

GRI 2-6

«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ[1] – геологиялық барлау мен газды өндіруден оны өңдеуге, сатуға, таратуға және тасымалдауға дейін бүкіл құн жасау тізбегі бойынша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының тік біріктірілген газ компаниясы. QazaqGaz ішкі нарыққа, экспортқа және халықаралық транзитке газ жеткізуді қамтамасыз етеді, магистральдық және таратушы газ инфрақұрылымын басқарады.

Ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыра отырып, Компания ресурстық базаны кеңейтеді, жаңа өндірістік және көлік қуаттарына инвестициялайды, Қазақстанның тұрақты газ нарығының әлеуетін қалыптастыруға[2], экономиканың дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ете отырып, нарықтық тетіктерді дамытуға қатысады.

МИССИЯ ЖӘНЕ ПАЙЫМ

МИССИЯ

Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуы мақсатында халықтың өмір сүру сапасын арттыру, энергетикалық қауіпсіздікті және энергетикалық ауысуды күшейту үшін табыстылықты газ жеткізілімдерін тұрақты түрде қамтамасыз ету.

ПАЙЫМ

QazaqGaz – Қазақстанның газ саласының инвестициялық тартымдылығын барынша арттыруға және әлеуметтік әл-ауқатты дамыту үшін елдің газ әлеуетін ашуға ықпал ететін тұрақты газ нарығының жоғары тиімді қатысушысы.

[1] Бұдан әрі есеп мәтіні бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ, QazaqGaz компаниялар тобы, QazaqGaz, Компания, Қоғам және олардың грамматикалық нысандары синонимдік мағынада пайдаланылады.
[2] Толығырақ «Даму стратегиясы» тарауынан қараңыз.

Компанияның тарихы

GRI 2-1

2025 жылы Компания 2000 жылы «ҚазТрансГаз» ЖАҚ құрылғанына 25 жыл толуын атап өтті. 2021 жылғы 31 желтоқсанда Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 982 Қаулысына сәйкес QazaqGaz деп өзгертілді.

Ширек ғасыр ішінде Компания едәуір жолдан жүріп өтті, нәтижесі оның өзінің ғана емес, Қазақстанның бүкіл газ саласының өзгеруі болды.

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2000
- «ҚазТрансГаз» ЖАҚ құрылып, оның құрылымына Қазақстан Республикасының газ тасымалдау жүйесі берілді.

2003
- Амангелді газ конденсаты кен орны пайдалануға берілді.
- «Газпром» ЖАҚ-мен Қазақстан аумағы арқылы түрікмен және өзбек газының транзитіне арналған келісімшартқа қол қойылды.

2004
- Компания «ҚазТрансГаз» АҚ болып қайта құрылды.

2008
- «Орталық Азия – Орталық» магистральдық газ құбырының «Опорная» станциясында турбокомпрессорлық цех пайдалануға берілді.

2009
- «Қазақстан – Қытай» МГҚ бірінші тармағы іске қосылды.

2010
- «Қазақстан – Қытай» МГҚ екінші тармағы іске қосылды.

2012
- Компания газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып белгіленді.

2013
- Елде өндірілетін барлық газды ерекше сатуға келісім жасалды
- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ газбен толтырудың ресми рәсімі өтті
- «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ түпкілікті тұтынушыларға газ жеткізудің бірыңғай операторы болды

2014
- Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015–2030 жылдарға арналған бас схемасы және Газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

2015
- «Қазақстан – Қытай» магистральдық газ құбырының үшінші тармағын пайдалану басталды.

2016
- «Қазақстан – Қытай» МГҚ-да № 4 және № 8 компрессорлық станциялар пайдалануға берілді
- Ақтөбе қаласында № 300 автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы аяқталды

2017
- Айналыс мерзімі 10 жыл еурооблигациялар орналастырылды
- Қазақстандық газды Қытайға экспорттау басталды
- Қожасай кен орнынан «Бұқара – Орал» МГҚ № 12 компрессорлық станциясына дейін газ құбыры пайдалануға берілді

2018
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ға магистральдық газ құбырлары бойынша ұлттық оператор өкілеттігі берілді
- Компанияның кредиттік рейтингі «BB» деңгейіне дейін көтерілді
- «Түркістан» компрессорлық станциясы пайдалануға берілді

2019
- «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының ең ірі компанияларының іргелі экологиялық-энергетикалық тиімділігі рейтингінде екінші орынды иеленді
- «Қорқыт Ата» компрессорлық станциясы пайдалануға берілді

2020
- «ҚазТрансГаз» АҚ Қашаған кен орнынан шикі ілеспе газды меншікке алу жөніндегі уәкілетті тұлға болып белгіленді
- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ-да «1А» компрессорлық станциясы пайдалануға берілді

2021
- «ҚазТрансГаз» АҚ-ға Ұлттық компания мәртебесі берілді
- «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға берілді
- Ұлттық компания жаңа газ кен орындарында жер қойнауын пайдалану құқығына ие болды

2022
- «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясы» АҚ «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ болып өзгертілді.

2023
- Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Анабай кен орны пайдалануға берілді
- Газ тасымалдау инфрақұрылымы кеңейтілді: «Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ лупингінің құрылысы аяқталды, Маңғыстау облысында «Бейнеу – Жаңаөзен» газ құбырының екінші тармағы іске қосылды, Алматы энергия кешені үшін газ инфрақұрылымы құрылысының бірінші кезеңі аяқталды
- Жер қойнауын пайдаланушылардан газдың жаңа көлемдерін сатып алу бағасының ынталандырушы формуласы қабылданды, ішкі нарықта тауарлық газдың шекті көтерме бағасы бекітілді
- Елдегі газдандыру деңгейі 60%-ға жетті. Газбен жабдықтау жүйесіне 112 елді мекен қосылып, бұл 213 мың адамға газға қол жеткізуді қамтамасыз етті
- QazaqGaz алғашқы салалық ғылыми-техникалық орталығы құрылды

2024
- Малдыбай және Шалқар учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар алынды
- «Алматы – Байсерке – Талғар» МГҚ екінші тармағы пайдалануға берілді
- Алматы қаласында ТЭЦ-2, ТЭЦ-3 үшін газ инфрақұрылымын салу жобасы аяқталды
- Компания БҰҰ Жаһандық шартына қосылды
- S&P Global агенттігі QazaqGaz кредиттік рейтингін «BB» деңгейінде растады, ал MSCI агенттігі Компанияға ESG-рейтингін «AA» деңгейінде берді

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-1, GRI 2-6

QazaqGaz жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) портфелдік компаниясы. Қор «QazaqGaz» ҰК» АҚ акцияларының 100% иеленеді және Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

2025 жылы QazaqGaz активтер портфелі екі бірлескен кәсіпорын есебінен кеңейтілді:

- Шалқар учаскесінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін құрылған «Shalqar Energy» ЖШС[3];
- Придорожное учаскесінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін құрылған «Taiqonyr Energy Ltd» жеке меншік компаниясы[4].

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QazaqGaz тобына еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдарды қоса алғанда, 24 ұйым кірді. Есепті жылы активтер бойынша иелену және бақылау үлестерінің өзгеруі болған жоқ.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ активтерінің схемасы және иелену үлесі



«Отан Газ» БК ЖШС (QG – 50%; PetroChina Investment Holding B.V. – 50%) ҚР аумағындағы газ блоктары мен кен орындарын барлау және игеру	**«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС (QG – 100%)** (05.04.2024 ж. бастап БӨ ҮҚШ бойынша QGA-ға берілді). «Придорожное» газ кен орнын игеру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру	**«Shalqar Energy» БК ЖШС (QG БӨ – 50%, «Bozoi Operating» ЖШС – 50%)** «Шалқар» учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу
«QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС (QG – 100%) Газ және газ конденсатын барлау және өндіру	**«Taigonyr Energy Ltd.» БК ЖК («МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС – 24,99%, «Gas Solutions Ltd.» ЖК – 75,01%).** «Придорожное» учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу	**«CS-14-Qostanay Ltd.» БК ЖК (QG – 50%; «UCC Qazagstan 5 LLC» (Qatar) – 50%).** «КС-14» жаңа компрессорлық станциясы мен «КС-14 – Қостанай» магистральдық газ құбырының құрылысы және пайдаланылуы жөніндегі жобаны басқарады
«ИнтерГаз Орталық Азия» АҚ (QG – 100%) Магистральдық газ құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау	**«Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd.» БК ЖК (QG – 50%; «UCC Qazaqstan 6 LLC» (Qatar) – 50%).** «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу және пайдалану жөніндегі жобаны басқарады	**«Қорғас Азиялық газ құбыры» ЖШС (АГҚ – 100%)** Табиғи газды тасымалдау
«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» БК ЖШС (QG – 50%; «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» (ҚХР) – 50%) «Қазақстан – Қытай» газ құбырының Бейнеу – Бозой – Қызылорда – Шымкент бағыты бойынша 2-учаскесін салу және пайдалану жөніндегі жобаны басқарады	**«CS-14-Qostanay Ltd.» БК ЖК** (QG – 50%; «UCC Qazaqstan 5 LLC» (Qatar) – 50%) «КС-14» жаңа компрессорлық станциясы мен «КС-14–Қостанай» магистральдық газ құбырының құрылысы және пайдаланылуы жөніндегі жобаны басқарады	**«АстанаГаз ҚМГ» АҚ БК (50% – ҮҚШ; 50% – Қор; 50% – «Baiterek Ventures Fund» АҚ)** «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салу және пайдалану. ҚР Үкіметінің 08.12.2023 ж. №1098 қаулысына және 29.12.2024 ж. үлестік қатысу туралы шартқа (ҮҚШ) сәйкес Қордың ҮҚШ-ы бойынша QG-ге берілді.
«QazaqGaz Aimag» АҚ (QG – 100%) Газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау және өткізу	**«ҚазРесГаз» БК ЖШС (50% – ҮҚШ; ҚМГ-дан ҮҚШ бойынша QG – 50%; «Газпром» ААҚ – 50%)** Газды сатып алу-сату және газды қайта өңдеу өнімдерін өткізу	**«АЗИЯГАЗ ШОНЖЫ» ЖШС (QG – 100%)** Газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау және өткізу (12.09.2025 ж. ҮҚШ бойынша QGA-ға берілді)
«АвтоГазАлматы» БК ЖШС (QGO – 50%; «Kor-Kaz CNG Investment Limited» – 50%) АГТКС-ты пайдалану, салу және қызмет көрсету	**«GPC Investment» ЖШС (QG – 100%)** «Қашаған» кен орнында жылына 1 млрд м³ шикі газ өндіру қуаттылығына ие газ өңдеу зауытын салу және пайдалану жобасын басқару	**«Plant 2.5 BCMA Ltd.» БК ЖК (QG – 25%; «UCC Qazaqstan 2 LLC» (Qatar) – 75%)** Жылына 2,5 млрд м³ қуаттылығы бар газ өңдеу зауытын салу және пайдалану жобасын басқару
«ҚазМұнайГаз – Сервис NS» АҚ (QG – 100%) Шортанды қаласында гольф-клубын салу және пайдалану. 11.01.2024 ж. ҚРҰҚ №908 қаулысынан алып тастау туралы ҚРҰҚ қабылданды, ҚР ПІБ беру жоспарлануда.	**«Teriс Мұнай» ЖШС (QG – 100%)**	**«Qazaqgaz Onimderi» ЖШС (QG – 100%)** Автокөлікті жалға беру және оған қызмет көрсету, сұйытылған және сығылған газды өткізу
«QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС (QG – 100%) **QG тобындағы 24 заңды тұлға, оның ішінде:** **1) Бірлескен кәсіпорындар (БК) – 11 бірлік;** **2) Шетелдік активтер – 2 бірлік;** **3) QG IPO периметріне кіретіндер – 14 бірлік;** **4) QG тобы бойынша ҮҚШ-қа қатысатындар – 3 бірлік;** **5) Тарату кезеңіндегі – 1 бірлік.**	**KTG Finance B.V. (100% QG)**	**«ҚазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ (QG – 100%)** Тарату кезеңінде

[3] «Shalqar Energy» ЖШС «Шалқар» учаскесінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін тепе-тең негізде (50% «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, 50% «Bozoi Operating» ЖШС) құрылған.
[4] Taiqonyr Energy Ltd. жеке меншік компаниясы «Придорожное» учаскесінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін (24,99% «МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС, 75,01% «Gas Solutions Ltd» жеке меншік компаниясы) құрылған.

Қызмет географиясы

GRI 2-1, GRI 2-6

QazaqGaz өз қызметін Қазақстанның 14 өңірінде, республикалық маңызы бар **Астана, Алматы және Шымкент** қалаларында жүзеге асырады, сондай-ақ елден тыс жерлерде жекелеген жобаларды іске асырады. Компанияның қатысуының кең географиясы елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және газ саласын дамытудағы оның жүйе құраушы рөлін айқындайды.

KTG Finance B.V. (Нидерланд)

QazaqGaz ұйымдарының орналасқан жері

Бизнес бағыттары

Барлау және өндіру

1. «QazaqGaz» ҰК» АҚ орталық кеңсесі (Астана қ.)
2. «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС (Астана қ.)
3. «Отан Газ» ЖШС (Астана қ.)
4. «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС (Астана қ.)

Магистральдық тасымалдау

5. «Интергаз Орталық Азия» АҚ (Астана қ.)
6. «Азиялық газ құбыры» ЖШС БК (Алматы қ.)
7. «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС БК (Алматы қ.)

Өңдеу, тарату және өткізу

8. «QazaqGaz Aimaq» АҚ (Астана қ.)
9. «GPC Investment» ЖШС (Атырау қ.)
10. «АзияГаз Чунджа» ЖШС (Шонжы а., Алматы облысы)

Сервистік қызмет

11. «QazaqGaz Onimderi» ЖШС (Астана қ.)
12. «АвтоГазАлматы» ЖШС (Алматы қ.)
13. «Teric Мұнай» ЖШС (Алматы қ.)
14. KTG Finance B.V. (Нидерланд)
15. «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ (Астана қ.)
16. «QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС (Астана қ.)



Бизнес-үлгісі және негізгі қызмет бағыттары

GRI 2-6

QazaqGaz бизнес-үлгісі төрт негізгі бағытты қамтиды: «Газды барлау және өндіру», «Магистральдық тасымалдау», «Өңдеу, тарату және өткізу» және «Сервистік компаниялар».

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-НЫҢ ҚҰН ЖАСАУ ТІЗБЕГІ

Upstream

ІШКІ НАРЫҚҚА ЖЕТКІЗУЛЕР

ГАЗ
- Қазақстан
- Өзбекстан
- Ресей
- Жабдық

99% ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕР

ЖАБДЫҚТАР
ШИКІЗАТ
МАТЕРИАЛДАР
МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ
ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУ
СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТКЕ ЖЕТКІЗУЛЕР

- Ресей
- Өзбекстан
- Түрікменстан
- Қазақстан

Меншікті операциялар

ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

«QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС (QG – 100%)
Газ және газ конденсатын барлау және өндіру

60 Ұңғыма	9,52 млрд м³ Амангелді	2,41 млрд м³ Айрақты
15,2 млрд м³ Табиғи газдың қалдық қоры	0,04 млрд м³ Жарқұм	1,07 млрд м³ Барқанмая

Геологиялық барлау және іздестіру	Барлау бұрғылауы	Кен орындарын игеру	Газ және газ конденсатын өндіру

«Отан Газ» БК ЖШС (QG – 50%; PetroChina Investment Holding B.V. – 50%)
ҚР аумағындағы газ блоктары мен кен орындарын барлау және игеру

Midstream

МАГИСТРАЛЬДЫ ТАСЫМАЛДАУ

«ИнтерГаз Орталық Азия» АҚ (QG – 100%)
Магистральдық газ құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау

21 316 км магистральдық газ құбырлары (оның ішінде 7 007 км – бөгде ұйымдарға тиесілі)

- **33КС**
- **323ГКБ**
- **11ҰГЗ**
- **250ГТС**
- **63 253 км** Тарату желілері

203,5 млрд м³ өткізу қабілеті

11 облыс
Алматы
Астана
Шымкент

ЖЕРАСТЫ ҚОЙМАЛАРЫ

Бозой	Ақыртөбе	Полторацкое
4 млрд м³	**0,3** млрд м³	**0,35** млрд м³

5 226

«Азиялық газ құбыры» БК ЖШС (50% QG) (50% - Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (ҚХР)
«Қазақстан – Қытай» магистральдық газ құбырын салу және пайдалану

3 915, 5 км ҚР аумағындағы газ құбыры

- **184 КТ**
- **13 КС**
- **42 ГКБ**
- **3 ҰГЗ**

55 млрд м³ Өткізгіш қабілеті

17 тазарту құрылыстары торабы, 2 газ шығынын өлшеу торабы

1 316

«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС (50% QG) (50% - Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (ҚХР)
«Қазақстан – Қытай» магистральдық газ құбырын салу және пайдалану

1 449,503 км ҚР аумағында газқұбырын жүргізу

- **59 КТ**
- **6КС**
- **23 ГКБ**
- **3 ҰГЗ**

12 Күзет КТ

47 Желілік КТ

208

Midstream

ӨҢДЕУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ (100% QG)
Газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау және өткізу

369 км Магистральды газқұбыржолдары

14 Өндірістік филиал

12 643 км ҮҚШ бойынша газқұбыржолдары

33 195 км Меншікті тарату желілері

5 414

«ҚазРесГаз» ЖШС (50% ҮҚШ) (ҚМГ-дан 50% QG ҮҚШ бойынша, 50% - «Газпром» ААҚ)%)
Газды сатып алу-сату және газды қайта өңдеу өнімдерін өткізу

СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР

«QazaqGaz Onimderi» ЖШС (QG – 100%)
Автокөлік пен арнайы техниканыі жалға беру және оған қызмет көрсету, сұйытылған және сығылған газды өткізу

6 автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы

1 791 Техника бірлігі

1 929

«QazaqGaz ҒТО» ЖШС (QG – 100%)
Қолданбалы және инженерлік зерттеулер
- Материалдарды сынау
- Жобалау және геофизикалық іздестіру жұмыстары
- IT-шешімдерді әзірлеу
- Стандарттау
- Мамандардың біліктілігін арттыру

66

Downstream

ІШКІ НАРЫҚ

- Ақмола облысы
- Ақтөбе облысы
- Алматы облысы
- Атырау облысы
- Шығыс Қазақстан облысы
- Жамбыл облысы
- Жетісу облысы
- Батыс Қазақстан облысы
- Қарағанды облысы
- Қостанай облысы
- Қызылорда облысы
- Маңғыстау облысы
- Түркістан облысы
- Ұлытау облысы
- Астана
- Алматы
- Шымкент

ӘЛЕУМЕТТІК ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ

- ҚР қалаларын, ауылдарын және басқа да елді мекендерін газдандыру, сондай-ақ елдің өнеркәсіптік әлеуетін нығайту үшін газ инфрақұрылымын құру жөніндегі мемлекеттік саясат

СЫРТҚЫ НАРЫҚ

- Ресей
- Қытай
- Өзбекстан
- Қырғызстан

Қазақстан арқылы газды транзиттік тасымалдау

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

«ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ

Бағыттың мақсаты: геологиялық барлау жүргізу, газ қорларын дайындау және өндіру есебінен QazaqGaz ресурстық базасын қалыптастыру және дамыту. Бағыт құрамына «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «Отан Газ» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС және «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС кіреді.

«Барлау және өндіру» бағытындағы кәсіпорындар туралы мәліметтер

«QAZAQGAZ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ» ЖШС

Қызмет бейіні: геологиялық барлау, кен орындарын игеру және табиғи газ бен газ конденсатын өндіру, Компанияның ресурстық базасын қалыптастыру.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2003 **Иелену құрылымы:** 100% QazaqGaz еншілес ұйымы **Қызметкерлер саны:** 174	• **6,0 млрд м³** – газ өндірудің жинақталған көлемі • Пайдаланылатын кен орындары – Амангелді, Анабай, Айрақты, Жарқұм • **45 млрд м³** – газдың геологиялық қорлары • **15,2 млрд м³** – 2026 жылғы 1 қаңтардағы өндіру тобының құрғақ газының алынатын қалдық қорлары • **66** – өндіру ұңғымаларының саны

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- **299 млн м³** – газ өндіру көлемі
- Үш учаске бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жасалды: Аққұдық – «КОР» мұнай компаниясы» АҚ-мен, Солтүстік-2 – «ҚазАзот» АҚ-мен және Саралжын (учаскені QazaqGaz күшімен игеру)
- Малдыбай учаскесінде төменгі визе жыныс қабатының өнімділігі расталды
- Малдыбай учаскесінде № 1 және № 4 жойылған ұңғымалар қалпына келтіріліп, сынақтан өткізілді
- Барханная кен орны пайдалануға берілді
- Амангелді газ кен орындары тобын және Придорожное кен орнын игеру бойынша инвестициялық жобалар іске асырылуда

66
дана

Өндіру ұңғымаларының саны

6
млрд м³

Газ өндірудің жинақталған көлемі

299
млн м³

2025 жылы газ өндіру көлемі

«ОТАН ГАЗ» ЖШС

Қызмет бейіні: халықаралық серіктестіпен бірлескен жоба шеңберінде газ активтерін геологиялық барлау және дамыту; ресурстық базаны қалыптастыру.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2020 **Иелену құрылымы:** QazaqGaz (50%) және PetroChina Investment Holding B.V. (50%) бірлескен кәсіпорны[5] **Қызметкерлер саны:** 4	Қазақстан Республикасында газ блоктары мен кен орындарын барлау және игеру

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

Қызмет жүргізілген жоқ

«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС

Қызмет бейіні: газ кен орындарын игеру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру және жер қойнауын пайдалану активтерін басқару.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2003 **Иелену құрылымы:** 100% «Тегіс Мұнай» ЖШС еншілес ұйымы **Басқару:** «QazaqGaz Барлау және өндіру» ЖШС сенімгерлік басқаруында **Қызметкерлер саны:** 3	«Придорожное газ кен орнын игеру» инвестициялық жобасын іске асыру Жоба Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС арасында жасалған 30.07.2018 ж. № 4631-УВС-МЭБ газ өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде іске асырылуда

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Придорожное кен орнын игеру үшін «Gas Solutions Ltd.» компаниясымен БК құру мақұлданды
- Акционерлер келісіміне қол қойылды және «Taiqonyr Energy Ltd.» БК тіркелді
- «Taiqonyr Energy Ltd.» бірлескен кәсіпорнына жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы келісімшартқа № 3 қосымшаға келісімге қол қойылды
- «Придорожное» жобасы одан әрі ұйымдастырушылық және жобалық дайындық сатысына ауыстырылды

[5] Жобаларды бірлесіп іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Қытай Ұлттық Мұнай-газ корпорациясы арасында қол қойылған 2019 жылғы 14 қарашадағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум негізінде.

400
мың тонна

Газ конденсатын өндірудің жинақталған көлемі

45
млрд м³

Газдың геологиялық қорлары

15,2
млрд м³

2026 жылғы 1 қаңтардағы өндіру тобының құрғақ газының алынатын қалдық қорлары

«МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ

Бағыттың мақсаты: табиғи газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдауды, халықаралық транзитті, ішкі нарыққа жеткізуді, газды сақтауды және негізгі газ тасымалдау инфрақұрылымын пайдалануды қамтамасыз ету. Бағыт құрамына «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС кіреді.

QAZAQGAZ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ КАРТАСЫ



«Магистральдық тасымалдау» бағытының кәсіпорындары туралы мәліметтер

«ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ[6]

Қызмет бейіні: табиғи газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау, халықаралық транзит, газды сақтау, газ тасымалдау инфрақұрылымын пайдалану.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 1997 **Иелену құрылымы:** 100% QazaqGaz еншілес ұйымы **Қызметкерлер саны:** 5 373	• Магистральдық газ құбырларының **10 басқармасы** – өңірлердегі өндірістік филиалдар • **> 21,8 мың км** – газ құбырларының ұзындығы • **3-9,81 МПа** – жұмыс қысымы • **326** газ айдау агрегаты • **258** газ тарату станциялары • **34** компрессорлық станция • **12** газ өлшеу станциясы • **3** жерасты газ қоймасы: «Бозой» (4 млрд м³), «Полторацкое» (0,35 млрд м³), «Ақыртөбе» (0,3 млрд м³)

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Газ тасымалдау көлемі **59,8** млрд м³ құрады, оның ішінде:
  - халықаралық транзит – **36,3** млрд м³;
  - ішкі тасымалдау – **18,5** млрд м³;
  - газ экспорты – **5,0** млрд м³
  - 6 АГТС бар «Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысы аяқталды[7]
- «ИОА» АҚ коммуникацияларымен қосылуға және қиылысуға, сондай-ақ газ шығынын өлшеу және деректер беру жүйелеріне **240** техникалық шарт берілді
- **600-ден астам ақаулы құбыр секцияларын** жоя отырып, Компанияның газ тасымалдау жүйесінде жөндеу жұмыстары өз күшімен орындалды
- Мердігерлік ұйымды тарта отырып, «Орта Азия – Орталық» МГҚ газ тасымалдау жүйесінің желілік бөлігіне жөндеу жүргізілді; жұмыс қорытындысы бойынша **7,3 мың ақаулы құбыр секциясы** жойылды

5 373
адам

Қызметкерлер саны

248
мың км

Газ құбырларының ұзындығы

5
млрд м³

Газ экспорты

59,8
млрд м³

Тасымалдау көлемі газ

[6] «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдаланатын объектілер бойынша ақпарат «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-ні қоса алғанда, бегде ұйымдардың теңгерімінде объектілерді ескере отырып берілген.
[7] Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне 06.10.2025 ж. қол қойылды.

2025 жылы «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның басқаруында тұрған магистральдық газ құбырларының тізбесі

- «Орта Азия – Орталық» МГҚ
- «Макат – Солтүстік Кавказ» МГҚ
- «Лупинг Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ
- «Бұхара – Орал» МГҚ
- «Союз» МГҚ
- «Орынбор – Новопсков» МГҚ
- «Қарашығанақ – Орал» МГҚ
- «Окарем – Бейнеу» МГҚ
- «Бейнеу – Жаңаөзен» МГҚ
- «Жаңажол – Октябрьск – Ақтөбе» МГҚ
- «Қарталы – Рудный – Қостанай» МГҚ
- «Жаңажол – КС-13» МГҚ
- «Бұхар газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» МГҚ
- «Газли – Шымкент» МГҚ
- «Амангелді – КС-5» МГҚ
- «Ақшабұлақ – Қызылорда» МГҚ
- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ
- «Қазақстан – Қытай» МГҚ
- «Өзен – Жетібай – Ақтау» МГҚ
- «Қожасай – КС-12» МГҚ
- «Алматы – Байсерке – Талғар» МГҚ
- «Байсерке – Қапшағай» МГҚ
- «Алматы – Талдықорған» МГҚ
- «Сарыарқа» МГҚ
- «Талдықорған – Үшарал» МГҚ

«АЗИЯЛЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС

Қызмет бейіні: табиғи газды халықаралық газ құбыры арқылы тасымалдау, оның ішінде транзит және ішкі нарыққа жеткізу.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2008 **Иелену құрылымы:** QazaqGaz (50%) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (50%) бірлескен кәсіпорны **Қызметкерлер саны:** 1 316	**3 915,5 км** – Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газ құбырының ұзындығы **55 млрд м³** – өткізу қабілеті **13** компрессорлық станция **3** газ өлшеу станциясы **184** кран торабы **42** газ айдау агрегаты **2** газ шығынын өлшеу торабы **17** тазарту құрылыстары торабы **1 067/1 219 мм** – құбырдың диаметрі **9,81 МПа** – жұмыс қысымы

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Газ тасымалдау көлемі **21,4 млрд м³** құрады, оның ішінде:
- халықаралық транзит – **17,1 млрд м³;**
- ішкі тасымалдау – **1,8 млрд м³;**
- газ экспорты – **2,5 млрд м³**
- КС-6 компрессорлық станциясын басқару жүйесіне құбырішілік диагностикалау және жаңғырту жүргізілді
- Газ айдау агрегаттары мен газ-піспекті электр станцияларының жоспарлы жөндеу жұмыстары орындалды
- КС-7, КС-6 және СКС-2 компрессорлық станцияларында кері клапандар ауыстырылды
- **«С»** тармағының ыстықтай бүгілген бұрмаларын оқшаулау ақаулары жойылды
- **«А» және «В»** тармақтары бойынша қосымша ақаукөргіштік бақылау және құбырішілік диагностикалау мен сақиналы жіктердің деректерін талдау нәтижелері бойынша ақауларды жөндеу жүргізілді

55
млрд м³

«Азиялық газ құбыры» ЖШС өткізу қабілеті

1 316
адам

«Азиялық газ құбыры» ЖШС қызметкерлер саны

9,81
МПа

«Азиялық газ құбыры» ЖШС жұмыс қысымы

«БЕЙНЕУ – ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС

Қызмет бейіні: «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбыры арқылы табиғи газды тасымалдау, Қазақстанның оңтүстік және орталық өңірлеріне газ жеткізуді қамтамасыз ету.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2011 **Иелену құрылымы:** QazaqGaz (50%) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (50%) бірлескен кәсіпорны **Қызметкерлер саны:** 189	• **1 449,5 км** – газ құбырының ұзындығы • **Жылына 15 млрд м³ дейін** – өткізу қабілеті • **1 067 мм** – құбырдың диаметрі • **7,5-9,81 МПа** – жұмыс қысымы • **6** компрессорлық станция • **3** газ өлшеу станциясы • **59** кран торабы • **47** желілік кран торабы • **12** кранның күзет торабы • **23** газ айдау агрегаты

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Газ тасымалдау көлемі **7,6 млрд м³** құрады, оның ішінде:
- халықаралық транзит – **0,2 млрд м³;**
- ішкі тасымалдау – **4,9 млрд м³;**
- газ экспорты – **2,5 млрд м³**
- Жарақаттанудың нөлдік деңгейіне қол жеткізілді: LTIF коэффициенті 0 құрады
- Шорнақ, Қараөзек, Сексеуіл және Ақсуат жөндеу-пайдалану учаскелерінің құрылысы аяқталды
- **70,6 млрд теңге** сомаға қарызды мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді, қарызды өтеу үлесі 98,6%-ға жетті[8]
- Өз қажеттіліктері мен шығындарына газ көлемі **406,7 мың м³-ден 334,3 мың м³-ге** дейін, технологиялық шығындардың деңгейі – **0,6%-дан 0,28%-ға** дейін төмендеді
- 2024 жылға жалпы сомасы **32 млрд теңге** дивидендтер төленді

1 449,5 км

«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС газ құбырының ұзындығы

189 адам

«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС қызметкерлер саны

0,2 млрд м³

Халықаралық транзит

7,6 млрд м³

Тасымалдау көлемі газ

[8] Мерзімінен бұрын өтеу сомасы 136 млн АҚШ долларын, қарыздың жалпы тартылған сомасы – 700 млн АҚШ долларын құрады.

«ӨҢДЕУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ

Бағыттың мақсаты: шикі газды өңдеуді, тауарлық газды ішкі нарықта таратуды және өткізуді, сондай-ақ экспорттық жеткізілімдерді қамтамасыз ету. Бағыт құрамына «QazaqGaz Aimaq» АҚ, «GPC Investment» ЖШС, «АзияГаз Чунджа» ЖШС кіреді.

«Өңдеу, тарату және өткізу» бағытының кәсіпорындары туралы мәліметтер

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ

Қызмет бейіні: газды тарату және өткізу, газ тарату инфрақұрылымын пайдалануды және Қазақстан Республикасының тұтынушыларына газ жеткізуді қамтамасыз ету.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары

Құрылған жылы: 2002
Иелену құрылымы: 100% QazaqGaz еншілес ұйымы
Қызметкерлер саны: 5 785
	• Газ тарату желілерінің ұзындығы **77,0 мың км** құрады
	• Газ реттегіш жабдықтың **283 мыңнан** астам бірлігі пайдалануда, оның ішінде:
	  • газ реттегіш пункттер;
	  • шкафтық газ реттегіш пункттер;
	  • газ реттегіш блоктық және шкафтық пункттер
	• Тұтынушылар саны шамамен **2,6 млн абонентті** құрады

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Негізгі қызметтен түскен кіріс **582 510 млн теңгені** құрады
- Тауарлық газды өткізу көлемі – **18 345 млн м³**
- **19,3 млрд теңге** сомасына қосымша шығындарды ескере отырып, тарифтер мен жабдықтау үстемақылары қайта қаралды
- **63,2 млн теңге** сомасына бейінді емес активтер сатылды
- «ИОА» АҚ атына **10 133 млн теңге** сомасына **6** автоматтандырылған газ тарату станциясы сатылды
- Апаттар мен оқыс оқиғалар саны **13%-ға,** апаттық өтінімдер саны – **6%-ға** төмендеді
- egov.kz порталы арқылы берілген газ тарату желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың үлесі **76%-ға** жетті
- «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы **44 мың** отбасыға мемлекеттік қолдау көрсетілді; тауарлық газға берілген жеңілдіктер көлемі – шамамен 20 млн теңге

5 785 адам

«QazaqGaz Aimaq» АҚ қызметкерлер саны

77,0 мың км

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Газ тарату желілерініңұзындығы 77,0 мың км құрады

1 млрд м³

«GPC Investment» ЖШС газ өңдеудің жобалық қуаты

«GPC INVESTMENT» ЖШС

Қызмет бейіні: Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытын салу және пайдалану жобасын басқару.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2019	• **1 млрд м³** – газ өңдеудің жобалық қуаты
Иелену құрылымы: 100% QazaqGaz еншілес ұйымы	• **Жоба:** Қашаған кен орнында (Атырау облысы) ГКДҚ салу
Қызметкерлер саны: 89	

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Зауыт құрылысы жобасы бойынша жалпы ілгерілеу **54,2%**-ды құрады
- Алаңға **1497** маман мен **343** бірлік техника тартылды
- № 40/4/1 РВС резервуарының гидросынақтары аяқталды

Негізгі жұмыс түрлері орындалды:

- іргетастар – **76,4% (57 914 м³)**
- металл конструкциялар – **41,6% (8 382 т)**
- механикалық жұмыстар – **47,2% (4 627 т)**
- резервуарлар – **92,6% (1 863 т)**
- жерасты құбырлары – **50,1% (24 480 м)**

89 адам

«GPC Investment» ЖШС қызметкерлер саны

«АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» ЖШС

Қызмет бейіні: газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау және өткізу.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2014	• Алматы облысында газ тарату активінің қызметін қамтамасыз ету
Иелену құрылымы: 100% еншілес ұйым	
Басқару: «QazaqGaz Aimaq» АҚ сенімгерлік басқаруында[9]	
Қызметкерлер саны: 38	

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- «QazaqGaz Aimaq» АҚ сенімгерлік басқаруына берілді

38 адам

«АзияГаз Чунджа» ЖШС қызметкерлер саны

[9] 12.09.2025 ж. № 0027—30/41—25В ҮҚШ

«СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ

Бағыттың мақсаты: QazaqGaz қызметін сервистік, техникалық және ғылыми-технологиялық қолдаумен қамтамасыз ету. Бағыт құрамына «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «АвтоГазАлматы» ЖШС, «QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС кіреді.

«Сервистік қызмет» бағытының кәсіпорындары туралы мәліметтер

«QAZAQGAZ ONIMDERI» ЖШС

Қызмет бейіні: көлік қызметтерін көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау, сығымдалған табиғи газды өткізу және газ-мотор отыны нарығын дамыту.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2001	• **1 869** техника бірлігі
Иелену құрылымы: 100% QazaqGaz еншілес ұйымы	• Ақтөбе қаласындағы 1 меншікті автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы және 1 – франшиза шарты бойынша
Қызметкерлер саны: 1 896	• **50%** – «АвтоГазАлматы» ЖШС-нің Kor-Kaz CNG Investment Limited кореялық компаниясымен бірлесіп БК-ге қатысу үлесі

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- **67** бірлік автокөлік құралдары мен арнайы техника сатып алынды, сондай-ақ сенімгерлік басқару шарты бойынша «GPC Investment» ЖШС-нен **18** бірлік алынды
- **673** қызметкер RoSPA[10] қауіпсіз жүргізу бағдарламасы бойынша оқудан өтті
- «QazaqGaz Onimderi» жеке тауар белгісі тіркелді
- 2026 жылы Алматы, Ақтөбе, Тараз қалаларында және Жетісу облысында **5 АГТКС** салу үшін 5 франчайзинг шарты жасалды
- Рудный қаласында қуаты жылына **50 мың тонна** шағын тонналық ТГС зауытын салу жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды
- Сығымдалған **8,6 млн м³** табиғи газ сатылды, бұл 2024 жылғы деңгейден **17%**-ға жоғары
- **3 561** мінез-құлық қауіпсіздігі аудиті, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында **1 005** аудит, сондай-ақ қауіпті жағдайлар анықталған кезде **65** жұмыс тоқтату жүзеге асырылды
- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ трассалық өтетін жол бойында қызмет көрсету орындалды
- Амангелді кен орнында бұрғылау қондырғылары үшін кірме жолдар мен алаңдар орнату бойынша жұмыстар орындалды
- «Болашақ» БО аумағын абаттандыру, ағымдағы жөндеу жүргізу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар атқарылды
- Ұйымның ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің ішкі аудиті жүргізілді

673 адам

Қызметкер RoSPA қауіпсіз жүргізу бағдарламасы бойынша оқудан өтті

8,6 млн м³

Сатылған сығымдалған табиғи газ

[10] ағылш. RoSPA (Royal Society for the Prevention of Accidents) – Жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі Корольдік қоғам.

«АВТОГАЗАЛМАТЫ» ЖШС

Қызмет бейіні: автомобиль газ толтыру компрессорлық станцияларын пайдалану, салу және оларға қызмет көрсету.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2005 **Иелену құрылымы:** QazaqGaz Onimderi (50%) және Kor-Kaz CNG Investment Limited (50%) бірлескен кәсіпорны **Қызметкерлер саны:** 77	Алматы қаласында «Ecosta» брендімен **5** автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- Газ өткізудің нақты көлемі **33,2 млн м³** жоспарлы көрсеткіштен асып, **39,3 млн м³** құрады
- АГТКС-4 ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді
- Жабдықтарға жоспарлы техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жүргізілді

39,3 млн м³
Газ сатудың нақты көлемі

«QAZAQGAZ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС[11]

Қызмет бейіні: Компанияның бірыңғай R&D[12] орталығы және негізгі технологиялық бөлімшесі, өндірістік-техникалық процестерге кешенді талдау жүргізумен айналысады, бағыттардың кең ауқымын қамтиды, газ саласының технологиялық және инновациялық дамуын қамтамасыз етеді.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2023 **Иелену құрылымы:** 100% QazaqGaz еншілес ұйымы **Қызметкерлер саны:** 74	• **6** қызмет бағыты • **10 мың** қызметкер жыл сайын ҒТО ОО арқылы оқудан өтеді • Отандық және халықаралық ғылыми институттармен және салалық компаниялармен ынтымақтастық туралы **25** келісім • Bilim QG өзінің цифрлық білім беру платформасы

5
Алматы қаласында «Ecosta» брендімен 5 автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы

74 адам
«QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС Қызметкерлер саны

>25
Ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды

[11] ЕТҰ QazaqGaz Qurylys қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған.
[12] ағылш. Research & Development.

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

- **8 196** QazaqGaz қызметкері ЕҚ және ӨҚ бағыты бойынша оқытылды
- Bilim QG цифрлық білім беру платформасын дамыту жалғастырылды
- Қауіпсіздік мәдениетін, тәуекелдерді бағалауды, алғашқы көмек пен оқиғаларды тергеп-тексеруді қоса алғанда, өндірістік қауіпсіздіктің негізгі тақырыптары бойынша оқыту жүргізілді
- **159** қызметкер IOSH[13] бағдарламасы бойынша, **8** қызметкер NEBOSH[14] бағдарламасы бойынша оқудан өтті
- Мердігерлік ұйымдардың **568** қызметкері қауіпсіз жүргізу бойынша оқудан өтті
- Қызметкерлерді Vision Zero және Human and Organizational Performance (HOP) тәсілдерімен таныстыру жалғастырылды

8 196 қызметкер
QazaqGaz қызметкері ЕҚ және ӨҚ бағыты бойынша оқытылды

KTG FINANCE B.V.

Қызмет бейіні: активтерді басқару және инвестициялау, топішілік қаржыландыру, борыштық құралдар шығару.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2006 **Орналасқан жері (Орталық аппарат):** Қазақстан Республикасы, Алматы қ. **Иелену құрылымы:** 100% QazaqGaz ЕТҰ **Қызметкерлер саны:** 2	Геологиялық барлау және іздестіру жүргізу жөніндегі қызмет

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

Қызмет жүргізілген жоқ

2
KTG Finance B.V. қызметкерлер саны

«ТЕГІС МҰНАЙ» ЖШС

Қызмет бейіні: мұнай-газ кен орындарын игеру, мұнай мен газ өндіру, көмірсутек шикізатын дайындау.

Жалпы ақпарат	Негізгі сипаттамалары
Құрылған жылы: 2006 **Орналасқан жері (Орталық аппарат):** Қазақстан Республикасы, Алматы қ. **Иелену құрылымы:** 100% QazaqGaz ЕТҰ Қызметкерлер саны: 2	Геологиялық барлау және іздестіру жүргізу жөніндегі қызмет

2025 жылғы негізгі нәтижелері мен жобалары

Қызмет жүргізілген жоқ

[13] ағылш. IOSH (Institution of Occupational Safety and Health) – Еңбекті қорғау және денсаулық институты, Ұлыбритания.
[14] ағылш. NEBOSH (National Examination Board in Occupational Safety and Health) – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық емтихан кеңесі, Ұлыбритания.

2 қызметкер
«Тегіс Мұнай» ЖШС қызметкерлер саны

Стратегиялық есеп

34 Газдың маңызы және Жаһандық ОЭК

35 Ішкі орта

36 QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі даму стратегиясы

39 Бағыттар бойынша нәтижелер

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

02

Газдың маңызы және Жаһандық ОЭК

2025 жылы әлемдік отын-энергетикалық кешен (ОЭК) сұраныстың өсуі мен энергетикалық ауысудың күшеюінің үйлесуімен сипатталады, бұл ретте табиғи газ энергетикалық теңгерімде негізгі маңызын сақтайды.

Өсім соңғы жылдардағы орташа деңгейден шамамен 2%-ға[15] асып түскені байқалған 2024 жылғы энергияға деген жаһандық сұраныстың артуының жаңа кезеңі 2025 жылы да жалғасты. Сұраныстың негізгі драйверлері – өнеркәсіптік өндірістің және қалалануның дамуы, сондай-ақ энергия тиімділігіндегі болмашы ілгерілеу (бұрынғы ~2%-ға қарағанда жылына шамамен 1,5%). Дата-орталықтардың саны мен қуатын көбіне-көп қажет ететін цифрландыру мен ЖИ де сұранысты ынталандырады.

Жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – ЖЭК) белсенді дамуына қарамастан, қазба отынды, оның ішінде табиғи газды пайдалану көлемі өсуін жалғастыруда, бұл электр энергиясына артып келе жатқан сұраныспен, технологиялық шектеулермен және ЖЭК масштабтаудың жоғары құнымен түсіндіріледі. Арзан энергия ресурстарына негізгі сұранысты дамушы экономикалар қалыптастырады, онда қолжетімді энергияға жоғары сұраныс сақталады.

Табиғи газ бірқатар жаһандық міндеттерді шешу үшін пайдаланылады: ол энергетикалық ауысу міндеттері үшін өтпелі отын (bridge fuel), энергия жүйелері үшін икемділік көзі, дамушы елдер үшін негізгі ресурс болып табылады. Газға сұраныстың өсуін ең алдымен Қытай және Азияның басқа да елдері, Таяу Шығыс пен АҚШ қамтамасыз етеді. Сол мезгілде де дамыған елдерде, мысалы, ЕО-да газ тұтынудың төмендеуі және ұзақ мерзімді келешекте газға тәуелділіктің ЖЭК пайдасына азаюы байқалады.

Келешекте 2035–2040 жылдарға дейін газға сұраныстың өсуі және одан кейінгі тұрақтануы болжануда. Бұл ретте газдың болашағы энергетикалық ауысудың сценарийіне байланысты: инерциялық сценарий кезінде сұраныс 2035 жылға дейін өсуді жалғастырады, жеделдетілген көміртексіздендіру кезінде 2030 жылға қарай шыңға жетуі мүмкін.

2025 жылдың негізгі үрдісі – сұйытылған табиғи газдың (бұдан әрі – СТГ) маңызын ұлғайту. Қазірдің өзінде СТГ халықаралық газ саудасының 50%-дан астамын құрайды және болжамдар бойынша, СТГ жаһандық саудасы 2035 жылға қарай ~880 млрд м³ дейін өсуі мүмкін[16]. Бұл үрдіс ішінара саяси аспектілермен, атап айтқанда, ресейлік газдың Еуропаға жеткізілуінің төмендеуімен және ағындардың Азияға қайта бағдарлануымен, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздік мәселелерімен ынталаналады – СТГ құбыр желісі арқылы жеткізулерімен салыстырғанда үлкен икемділікті қамтамасыз етеді.

ОЭК-ТІҢ ӨҢІРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орталық Азияда ОЭК көмірсутектерге әлі де жоғары тәуелділікпен, баяу болса да, ЖЭК-тің дамуымен және энергетикалық теңгерімдегі газдың үстем жағдайымен сипатталады.

Басты құрылымдық үрдіс: газға және СТГ-ға сұраныстың бүкіл өсімін дерлік индустрияландыруға, халықтың өсуіне, ішкі өндірудің шектеулігіне және көмірден газға ауысуға байланысты Азияның дамушы елдері қалыптастырады.

2025 жылы Қазақстан мен өңір үшін Қытай мен Азияға транзиттік экспорттық газ ағындарына қатысу үшін қолайлы мүмкіндіктер, газ химиясы мен ішкі нарықтың дамуы, СТГ дамуы сақталды. Бұл ретте инфрақұрылымға тәуелділік, ірі экспорттаушылармен (АҚШ, Катар) бәсекелестік, өндіру мен өңдеуге инвестициялар қажеттілігі, сондай-ақ энергетикалық ауысу үшін түрткілер қысымы шектеуші факторлар болып табылады.

[15] BP, Energy Outlook 2025.
[16] International Energy Agency (IEA), World Energy Outlook 2025.

Ішкі орта

Қазақстан экономикасы 2025 жылы үдемелі өсімді көрсетті: ЖІӨ нақты мәнде 6,5%-ға ұлғайды. Экономикалық өсімнің негізгі драйверлері инфрақұрылымдық жобаларды жүргізуге, құрылыс пен өнеркәсіпті дамытуға мемлекеттік инвестициялар, жаһандық энергетикалық нарықтарды қайта құруға, шикізат ресурстарына сұраныстың ұлғаюына, Қазақстан басты рөлдердің біріне ие болған тауарлық логистикалық бағыттардың өзгеруіне байланысты саудалық және логистикалық операциялардың артуы болды.

Инфляциялық қысым импорттық бағалар мен реттелетін тарифтердің өсуі аясында жоғары болып қалды. 2025 жылы инфляция өткен жылғы 8,6% ға қарағанда 12,3%-ды құрады. Инфляциялық әсерлер жоғары пайыздық мөлшерлемелердің сақталуынан, инвестициялық белсенділіктің шектелуінен, тұтынушылық сұранысқа қысым жасаудан көрінді.

2025 жылы Қазақстанда газ өндіру рекордтық 68,1 млрд м³ жетті, бұл жоспарлы көрсеткіштен 8%-ға жоғары және өткен жылғы көрсеткіштен 14,7%-ға асады.

Бұл ретте тауарлық газ өндірісі 2025 жылы 9,7%-ға қысқарып, 9,5 млрд м³ құрады. Елдегі өсіп келе жатқан сұраныс 10,9 млрд м³ құраған импорт есебінен жабылды.

Ішкі және экспорттық тасымалдауды қоса алғанда, магистральдық газ тасымалдау көлемі, сондай-ақ халықаралық транзит артты – 2025 жылы көрсеткіш 88,9 млрд м³ жетті.

Газдандыру стратегиялық маңызды мемлекеттік міндет болып қала берді, оны орындауды «QaqzaqGaz ҰК» АҚ қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректері бойынша, 2025 жылдың соңына қарай газға 13 млн адам қол жеткізе алады, қамту 64,2%-ды құрайды.

Тұтастай алғанда, «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және бапталған ауамен жабдықтау» салалық көрсеткіші 2,1%-ға өсімді көрсетті.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ESG КҮН ТӘРТІБІ

2025 жылы әлемдік ESG күн тәртібі неғұрлым ұтымды үлгіге ауысуды көрсетті.

Қазақстанда негізгі үрдістер ретінде реттеудегі экологиялық және әлеуметтік факторларды институцияландыруды және жекелеген жобалардан – жүйелі экономикалық саясатқа ауысуды атап өткен жөн.

Заңнамалық және реттеушілік өзгерістер бөлігінде жоғары белсенділік қаржы секторында байқалды: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы секторына өз қызметі туралы ESG-ақпаратты ашу бойынша міндеттеме енгізді, ESG және климаттық ақпаратты ашу бойынша нұсқаулықты жаңартты.

Шығарындыларға, экологиялық сараптамаға, тұрақты жобаларға қойылатын талаптар күшейтілді, бұл сонымен қатар Қазақстанның 2025 жылы ұлттық климаттық міндеттемелерді жаңартуына байланысты (ҰДАС 3.0).

Осылайша, қалдықтар, көміртек бейтараптығы, климатқа бейімделу және айналмалы экономика бөлігінде ұлттық стандарттар пакеті қабылданды (ҚР СТ 4022-2025, ҚР СТ ISO 14068-1-2025, ҚР СТ ISO/TS 14092-2025, ҚР СТ 4012-4013-2025). Сондай-ақ, 2040 жылға дейінгі мұнай өңдеу саласын дамыту тұжырымдамасы бекітілді, ол экологиялық жаңғырту мен саланың әсерін төмендетуді қамтиды.

Қазақстанның тұрақты даму және климаттық тәуекелдер саласындағы қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды белгілейтін ХҚЕС S1 және ХҚЕС S2 қаржылық есептілігінің жаңа стандарттарына қосылуға дайындалуды бастауы маңызды оқиға болды. Бұл қадам тұрақты даму қағидаттарын ілгерілету, есептілікті стандарттау және шетелдік инвесторлардың отандық нарыққа сенімін арттыру арқылы капиталдың халықаралық нарығына одан әрі кірігу үшін коммерциялық және квазимемлекеттік секторға климаттық әсерді басқару жөніндегі мемлекет ниетінің салмақтылығын көрсетеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ газ нарығындағы ең ірі ойыншысы бола отырып, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жоғары стандарттары, қоршаған ортаға әсерді төмендету бағдарламалары, сапалы корпоративтік басқару және әлеуметтік жауапкершілік арқылы ESG күн тәртібіне белсенді қатысады.

QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі даму стратегиясы

2032 жылға дейін әзірленген QazaqGaz-дың кешенді даму стратегиясы (бұдан әрі – QazaqGaz стратегиясы, Стратегия, 2032 жылға дейінгі стратегия) Компания қызметінің ұзақ мерзімді бағдарларын қалыптастырады және сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Стратегияны іске асыру газды теңгерімді және тиімді жеткізу негізінде Компанияның жұмыс істеуінің тұрақты экономикалық үлгісін құруды да көздейді.

Стратегияның негізгі басымдықтары – газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру, ресурстық база мен инфрақұрылымды дамыту.

2025 жылы Компания барлық стратегиялық бағыттар бойынша бастамаларды дәйекті түрде іске асыруды жалғастырды. Негізгі назар ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, экспорттық әлеуетті дамытуға, газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңыртуға және кеңейтуге, тарифтік тетіктерді жетілдіруге, операциялық тиімділікті арттыруға және тұрақты даму қағидаттарын енгізуге бағытталды.

Стратегияда бекітілген көрсеткіштермен салыстырғанда, қаржылық нәтижелердің, оның ішінде Компания пайдасының артуы байқалады. Бұл ретте пайданың еселенген өсу серпіні 2023–2026 жж. келісімшарт бойынша PetroChina International (бұдан әрі – PCI) алдындағы экспорттық міндеттемелердің өсу стратегиясында есепке алынбауымен және 2023 жылғы қазаннан бастап «Орта Азия – Орталық» МГҚ бойынша ресейлік газдың Өзбекстанға транзитінің басталуымен түсіндірілетінін атап өткен жөн.

2025 жылы газды магистральдық тасымалдаудың жоспарлы көрсеткіші асыра орындалды, ал газ сату бойынша жоспарлы НҚК 99%-ға орындалды. Ішкі тарату тасымалдаудың жоспарлы көрсеткішімен салыстырғандағы төмендеу жеткізу схемасының өзгеруіне байланысты China National Petroleum Corporation (бұдан әрі – CNPC) атына жеткізілімдерді алып тастауға, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарына, ОЭК-ге сатуды қысқартуға байланысты.

Жасалған халықаралық келісімшарттардың арқасында газды экспорттық жеткізу көлемі өсті. Бұдан басқа, Компания экспорттық-транзиттік әлеуетті дамытуды жалғастырды. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші тармағын салуды, жерасты газ қоймалары жүйесін дамытуды қоса алғанда, газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту жобалары белсенді іске асырылды. Әділ себептермен, жекелеген инфрақұрылымдық жобаларды атқару бұрын мәлімделген мерзімдерден ауытқумен жүзеге асырылды.

Есепті жылы кен орындарының технологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ кен орнын пайдалануға беру мерзімінің жыл соңына ауыстырылуына байланысты Барханная кен орнынан көлемнің жеткіліксіздігіне байланысты өндіру көлемі жоспарлы көрсеткішке 3%-ға жеткен жоқ.

Елді мекендерді газдандыру жоспарлары іске асырылды. Соның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылып жатқан жоба – Астана маңын газдандыру бойынша нәтижелерге қол жеткізілді.

Компания тұрақты газ нарығын және ұқыпты тұтыну мәдениетін құру бөлігінде жұмысын жалғастырды. Жол берілетін өсімді 33%-ға дейін ұлғайта отырып, Шекті бағаларды белгілеу қағидаларына өзгерістер енгізілді. «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға өз қажеттіліктері үшін электр энергиясын өндіретін тұлғалар үшін тұтыну нормаларын, бағаларды, сондай-ақ отын қажеттіліктері үшін мұнай-газ химиясы жобалары үшін бағаларды бекітуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар мақұлданды.

Қазақстан Республикасын газдандыру деңгейінің өңірлік қимасы



Ресурстық базаны кеңейту және әртараптандыру бөлігінде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Жер қойнауын пайдалануға 3 келісімшарт жасалды, Түркістан облысындағы Придорожное кен орнын игеру бойынша және Ақтөбе облысындағы Шалқар учаскесінде барлау мен өндіру үшін құрылымдар жасалды, жоспарларды іске асыру үшін CNPC және Eni компаниялары тұлғасында стратегиялық серіктестер тартылды.

Дамыту және өндіру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін маңызды болып табылатындар: Малдыбай, Саралжын, Шалқар, Аққұдық, Солтүстік-1, Солтүстік-2 учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын іске асыру; КТ-III, Каменковский, Үшқұлтас, Жаңақазан, Әукентайшағыл келешегі бар геологиялық барлау жобаларын, сондай-ақ жер қойнауының жаңа учаскелерін дамыту; жоспарланған ЖҚГЗ лицензиялары шеңберінде озық геологиялық барлау жұмыстарын іске асыру.

Активтер портфелін толық қалыптастыру бойынша бастамалар іске асырылды. АГТС-30 (Алға ауданы), «Юбилейное» АГТС, АГТС-300 (Ақтөбе қ.), «Ойыл» АГТС, «Комсомол» АГТС және т.б. сияқты стратегиялық активтерді сатып алу қаржыландыруды тарту және «Интергаз Орталық Азия» АҚ жарғылық капиталын 10,13 млрд теңгеге ұлғайту арқасында мүмкін болды.

QazaqGaz стратегиясын іске асыру тиімділігі бағаланатын стратегиялық НҚК-нің бірі – Net Assets Value (NAV) көрсеткіші 3 311 млрд теңгеге жетті, бұл НҚК жоспарлы мәнінің 109%-ын құрады.

Standard & Poor's агенттігі QazaqGaz-ға «BB+» деңгейінде кредиттік рейтинг берді, болжамды «Тұрақты» деңгейінен «Оң» деңгейіне дейін көтерді.

Газды өңдеу қуаттарын арттыру мақсатында 2025 жылы Қашаған кен орнында жобаларды іске асыру жалғастырылды. Қашағандағы ГӨЗ құрылысы пайдалануға беру кезеңінде тұр. Қашаған СМГ-ды жинау, ауыстырып тиеу және өңдеу зауытын алдын ала базалық жобалау кезеңі аяқталды.

Бұдан басқа, «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші тармағының құрылысы жалғасуда, сондай-ақ Инвестициялар туралы келісімге (ИТК) қол қойылды және құбыр өнімдері мен газ айдау агрегаттарын жеткізуге келісімшарттар жасалды. Аталған инвестициялық жобаларды іске асыруда әділ себептерге байланысты жоспарлы мерзімнен артта қалушылық бар.

ҚР Үкіметінің шешімімен QazaqGaz-дың IPO-ға шығуы 2027–2029 жылдарға ауыстырылғанына қарамастан, Компанияның осы бағыттағы жұмысы есепті жылы тоқтатылған жоқ.

Есепті жылы құрылымды оңтайландыру, басқаруды және операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылды. Газ тарату активтерін шоғырландыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылды, орталықтандыру және заңды бекіту үшін газбен жабдықтау объектілері теңгерімге қабылданды, QazaqGaz Onimder автокөлік функциясын орталықсыздандыру туралы шешім қабылданды.

Жасанды интеллект технологияларын қоса алғанда, заманауи цифрлық шешімдерді енгізу технологиялық, бухгалтерлік және білім беру процестерінің кең спектрін қамтыды. Бұл бизнес-процестерді оңтайландыруға, қызметтерді түпкілікті пайдаланушы үшін қолжетімді етуге, қателер мен операциялық тәуекелдер ықтималдығын азайтуға, талдау сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Компания ESG көрсеткіштерін басқару жұмысын жалғастырды. QazaqGaz даму стратегиясында 2032 жылға қарай меншікті шығарындыларды базалық деңгейден 10%-ға дейін қысқарту бойынша көрсеткіш көзделген. Есепті жылы «QazaqGaz ҰК» АҚ-ның 2025–2033 жылдар кезеңіне арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама, ТКДБ) бекітілді. Бағдарлама Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ төмен көміртекті даму тұжырымдамасын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының ережелеріне негізделген.

Бұдан басқа, ТКДБ Компанияның парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту және тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттеріне толық көлемде сәйкес келеді.

Бағдарламаны енгізу Компанияның экологиялық тұрақты және әлеуметтік жауапты бизнес құру жөніндегі талпыныстарын көрсете отырып, QazaqGaz ESG күн тәртібінің негізгі элементі болып табылады. Келешекте оның имплементациясы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- елдің көміртекті бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосуды қамтамасыз ете отырып, парниктік газдар шығарындыларын қысқарту;
- климаттық және реттеушілік тәуекелдерді барынша азайту;
- «жасыл» қаржыландыруды тарту мақсатында инвестициялық тартымдылықты арттыру;
- инженерлік магистральдық және газ тарату инфрақұрылымын пайдалану кезінде меншікті энергия тұтынуды төмендете отырып, негізгі өндірістік жабдықтың энергия тиімділігін арттыру;
- энергетикалық нарықты өзгерту және неғұрлым төмен көміртекті шешімдерге ауысу жағдайында бәсекеге қабілеттілікті сақтау.

Нәтижелер қатарында сондай-ақ MSCI ESG рейтингінде «A» деңгейінің берілуін, бірден үш танылған рейтингте (Компанияның біріктірілген жылдық есебі шеңберінде) қаржылық емес көрсеткіштер бойынша ақпаратты ашудың жоғары сапасының танылуын, сондай-ақ «B» деңгейінде CDP рейтингінің расталуын атап өткен жөн.

Бағыттар бойынша нәтижелер

1. ТҰРАҚТЫ ГАЗ НАРЫҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ҰҚЫПТЫ ТҰТЫНУ МӘДЕНИЕТІ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Түпкілікті тұтынушылар үшін өткізу бағаларын кезең-кезеңімен түзету мақсатында жол берілетін өсімді орташа арифметикалық мәнде 33%-ға дейін ұлғайта отырып, Шекті бағаларды белгілеу қағидаларына өзгерістер енгізілді
- Парламент Мәжілісінің Жұмыс тобы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға ЭМ тұтыну нормаларын және нормадан тыс тұтыну жағдайында халық үшін жоғары коэффициенттерді бекітуге қатысты түзетулерді бастамашылық етіп, қабылдады
- «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға мыналарды көздейтін түзетулер қабылданды
- «өнеркәсіптік тұтынушы-инвестор» ұғымын нақтылау
- экспорттық нетбэк[17] деңгейінде өз мұқтаждықтары үшін электр энергиясын өндіретін тұлғалар үшін бағаларды бекіту
- ІКТ деңгейінде отын қажеттіліктері үшін мұнай-газ химиясы жобалары үшін бағаларды бекіту
- Парламент Мәжілісінің Жұмыс тобы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға 2025 жылғы 1 шілде мен 2028 жылғы 3 маусым аралығындағы кезеңде үш жыл ішінде көтерме өткізудің нақты бағасын жыл сайын 33%-ға көтеру арқылы өзгерту туралы түзетулер қабылдады
- 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 2026 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде ірі коммерциялық тұтынушылар мен майнерлер үшін газдың көтерме бағасы бекітілді
- Салықтық қосымша есептеу тәуекелін болдырмауға мүмкіндік берген, табиғи газға баға белгілеу қағидалары (әдістемесі) бекітілді
- Қожасай кен орнындағы жобаланатын газ өңдеу зауытында шикі газды өңдеу талаптарын келісу бойынша жұмыс жүргізілді

[17] Экспорттық нетбэк – экспортқа жеткізумен байланысты шығындарды шегергендегі газдың есептік бағасы.

2. ГБЖ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- 299 млн м³ өндіру көлеміне қол жеткізілді
- Магистральдық газ құбырлары бойындағы жерасты газ қоймалары үшін келешегі бар құрылымдарға талдау жүргізілді
- Мемлекеттің басым құқығына жататын жер қойнауын пайдаланушылармен газды сатып алу-сату бойынша 15 шарт жасалды
- Үш учаске бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшарттарға қол қойылды: Аққұдық – «ҚОР» мұнай компаниясы» АҚ-мен, Солтүстік-2 – «ҚазАзот» АҚ-мен және Саралжын (учаскені QazaqGaz күшімен игеру)
- Игеру жобасы бекітілгенге дейін және өнеркәсіптік пайдалануға ауысуға дейін барлау кезеңін қаржыландыру туралы, сондай-ақ CNPC[18] компаниясымен Солтүстік-1 учаскесінде бірлескен қызмет туралы келісімдер жасалды
- КТ-III (Жәлібек) учаскесін Chevron компаниясымен бірлесіп зерттеу жұмыстары аяқталды, бірлескен жобаны іске асырудың одан арғы қадамдары бойынша келіссөздер жүргізілуде
- Eni[19] компаниясының қатысуымен Батыс Қазақстан облысындағы келешегі бар Каменковский блогы бойынша келіссөздер жүргізілді
- «Барлау және өндіру» бизнес бағытында жаңа жобаларды іске асыру үшін екі заңды тұлға құрылды: Ақтөбе облысындағы Шалқар учаскесінде көмірсутектерін барлау және өндіру үшін «Shalqar Energy» ЖШС және Түркістан облысындағы Придорожное кен орнын игеру үшін «Taiqonyr Energy Ltd.» БК

3. ӨҢДЕУ (ГӨЗ)

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Қашағандағы газ өңдеу зауыты құрылысының жобасын жүзеге асыру бойынша ілгерілеу 54,2% дайындық көрсеткішіне жетті
- Қашаған сұйытылған мұнай газын алу, ауыстырып тиеу және өңдеу зауытын алдын ала базалық жобалау (Pre-FEED) кезеңі аяқталды
- «Eskene LPG» ЖШС-мен Қашаған кен орнынан сұйытылған мұнай газын алу, ауыстырып тиеу және өңдеу бойынша шартқа қол қойылды

4. САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- 25,6 млрд м³ газ сатылды, оның ішінде 5 млрд м³ – экспортқа және 20,6 млрд м³ – ішкі нарықта
- «Өзтрансгаз» компаниясымен Өзбекстан аумағы арқылы газ тасымалдауға келісімшартқа және «Теңізшевройл» ЖШС-мен Қазақстанның ішкі нарығына тауарлық газды жеткізуге 10 жыл мерзімге ұзақ мерзімді келісімшартқа қол қойылды

[18] CNPC (China National Petroleum Corporation) – Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы. Компания туралы толық ақпаратты сайттан қараңыз.
[19] Eni S.p.A. – мұнай-газ және энергетика салаларында қызметін жүзеге асыратын итальяндық энергетикалық компания. Компания туралы толық ақпаратты сайттан қараңыз.

5. ГТЖ ЖӘНЕ ЖГҚ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Газды магистральдық тасымалдау 88,9 млрд м³ құрады, оның ішінде:
- ішкі тасымалдау – 25,15 млрд м³
- газды экспортқа тасымалдау – 10,03 млрд м³
- халықаралық газ транзиті – 53,71 млрд м³
- 14,87 млрд м³ көлемінде газды сақтау қамтамасыз етілді
- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші тармағын салу жобасын іске асыру басталды, оның ішінде:
- ТЭН-ге мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды
- Инвестициялар туралы келісімге қол қойылды
- құбыр өнімдерін және газ айдау агрегаттарын жеткізуге келісімшарттар жасалды

6. ГТЖ ЖӘНЕ «СОҢҒЫ МИЛЬ»[20]

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Газ тарату тасымалының көлемі 13,454 млрд м³ құрады
- 123 елді мекен газдандырылды, 266 мың адам газға қол жеткізді, оның ішінде:
- Астана маңындағы елді мекендерде 56,5 мың адам: Нұрлы, Талапкер, Қоянды, Ы. Алтынсарин атындағы, Аққайын, Шұбар, Қараөткел
- Қосшы қаласында 31 мың адам
- Елді газдандыру деңгейі – 64,2%
- Жетісу облысының 84 елді мекенін газдандыруды қамтамасыз ететін «Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысы аяқталды

7. ДАУНСТРИМ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Сығымдалған табиғи газды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде:
- «QazaqGaz Onimderi» ЖШС-нің 6 автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы (бұдан әрі – АГТКС) Алматы мен Ақтөбеде жұмыс істейді
- 2026 жылы «QazaqGaz» брендімен Алматыда, Ақтөбеде, Таразда және Жетісу облысында тағы бес АГТКС іске қосу жоспарлануда

[20] «Соңғы миль» – тұтынушыларды газбен жабдықтау жүйесіне қосуды қамтамасыз ететін газ құбырының соңғы учаскесі.

8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- QazaqGaz-дың 374 610 118 жай акцияларын шығару және орналастыру арқылы ұзақ мерзімді қаржыландыру тартылды
- Күрделі шығындар 247,21 млрд теңгені құрады
- Бір қызметкерге 107 358 мың теңге еңбек өнімділігіне қол жеткізілді
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ жарғылық капиталы АГТС-30 (Алға ауданы), «Юбилейное» АГТС, АГТС-300 (Ақтөбе қаласы), «Ойыл» АГТС, «Комсомол» АГТС және т.б. стратегиялық активтерді сатып алу үшін ұлғайтылды.
- Құрылымды оңтайландыру және басқарушылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылды:
- газ тарату активтері шоғырландырылды: «АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» ЖШС 100% үлесін беру іске асырылды және QazaqGaz бен «QazaqGaz Aimaq» АҚ арасында сенімгерлік басқару шарты жасалды
- инфрақұрылымды орталықтандыру және активтерді заңды бекіту бөлігінде газбен жабдықтау объектілері және «Астана қаласын газдандыру (1-кезек)» жобасы қабылданды
- QazaqGaz Onimderi» ЖШС автокөлік функциясын орталықсыздандыру туралы шешім қабылданды

9. ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ ҰЙЫМ (ОНЫҢ ІШІНДЕ ҒТО) ҚҰРУ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- ҒТО ОО-да міндетті оқудан 8 196 қызметкер өтті
- QazaqGaz ҒТО ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру құқығына аккредитация алды және QazaqGaz компаниялар тобының Ғылыми-техникалық саясатын әзірледі
- QazaqGaz-дың бірінші Ғылыми-технологиялық сессиясы өткізілді: 100-ден астам қатысушы жасанды интеллект, ESG-технологиялар, тұрақты даму, газ тасымалдау инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, газды барлау және өндіру, сондай-ақ жерасты газ қоймаларының ресурстық базасын дамыту бағыттары бойынша 19 технологиялық тапсырмамен жұмыс істеді
- QazaqGaz компаниялар тобының кәсіпорындарында енгізуге ұсынылған ғылыми-технологиялық шешімдер пулы қалыптастырылды
- «Жаңа технологиялар және инновациялар орталығы» платформасын дамыту жалғастырылды, сондай-ақ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар шеңберінде өтінімдер дайындалды
- Геологиялық, гидродинамикалық және сейсмикалық үлгілеу үшін мамандандырылған бағдарламалық кешендерді дамыту жалғастырылды: Petrel, tNavigator және SeisSpace

10. ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, цифрландыру жобалары іске асырылды:
- фотосурет арқылы көрсеткіштер беру функциясы бар QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасымен 330 мың пайдаланушыдан алынған шамамен 950 мың көрсеткіштер өңделді
- eGov порталында газдандыру мәселелері бойынша ЖИ-консультант жұмысы іске қосылды, портал арқылы электрондық форматта 94,6 мың техникалық шарттар берілді
- Цифрлық жетілуді бағалау жүргізілді және АТ-аудит қорытындысы бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді
- Кадрлық және салықтық есепті автоматтандыру аяқталды
- Жобаларды басқару, қызметкерлерді оқыту мен денсаулық мониторингіне арналған цифрлық жүйелер енгізілді
- HSE BaQylau жүйесін дамытудың екінші кезеңі аяқталды

11. КОМПАНИЯНЫ СӘТТІ IPO-ҒА ДАЙЫНДАУ[21]

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Компанияның жыл қорытындысы бойынша таза пайдасы 271 млрд теңгені құрады
- Net Assets Value (NAV) көрсеткіші бойынша нәтиже 3 311 млрд теңгені құрады
- Қазақстан Республикасы экономикасындағы QazaqGaz үлесі 0,4%-ды құрады
- Standard & Poor's кредиттік рейтингі BB+ деңгейінде расталды – болжам «Тұрақты» деңгейінен «Оң» деңгейіне дейін көтерілді

12. КОМПАНИЯНЫҢ ESG БЕЙІНІН ДАМЫТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ QAZAQGAZ-ДЫ КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ

Стратегияны 2025 жылы іске асыру нәтижелері

- Ел ішіндегі құндылық үлесі 93%-ды құрады
- Көміртек ізі – 28,6% өсім
- ESG рейтингі және климаттық рейтинг, «A» деңгейінде MSCI ESG рейтингі, «B» деңгейінде CDP климаттық рейтингі алынды
- Қаржылық емес ашу сапасына сырттай тану алынды: 4 RAEX жұлдызы («Өте жоғары сапа деңгейі»), PwC Kazakhstan, KASE рейтингінде 7-орын («Қаржылық емес сектордағы үздік жылдық есеп» номинациясында жүлдегер)
- 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді және парниктік газдар шығарындыларын төмендету бойынша бастамалар іске асырылуда
- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар іске асырылды: ЕТҰ объектілерінде аудит және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің 196 қызметкерінің құзыреттілігін бағалау жүргізілді
- Қызметкерлер үшін әлеуметтік инфрақұрылым жақсартылды: Теміртау мен Жезқазғанда заманауи ваханалық кешендер салынды, Атырауда жатақханаға күрделі жөндеу жүргізілді және 33 әлеуметтік инфрақұрылым объектісіне жөндеу жүргізілді
- Жергілікті қоғамдастықтармен әлеуметтік және экологиялық бастамалар іске асырылды

[21] Initial Public Offering (IPO, акцияларды бастапқы жария орналастыру) – жеке меншік компания өз акцияларын қор биржасында көпшілікке алғаш рет ұсынатын процесс.

НЕГІЗГІ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖҮЙЕСІ

Тиімділікті бағалау қызметті басқарудың қажетті құралы болып табылады және операциялық көрсеткіштердің Компанияның стратегиялық мақсаттарымен келісілуін қамтамасыз етеді.
QazaqGaz негізгі көрсеткіштер жүйесі мынадай қағидаттарға сәйкес жұмыс істейді:

- Теңгерімділік қағидаты: өндірістік және қаржы-экономикалық НҚК, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы көрсеткіштердің болуын көздейді.
- Декомпозиция қағидаты: ұйымдастыру құрылымы бойынша және қызмет түрлері бойынша стратегиялық НҚК жоғарыдан төмен қарай сатылауды болжайды.
- Жауапкершілік қағидаты: бекітілген параметрлерге сәйкес НҚК уақтылы және сапалы орындалуы үшін басшылар мен қызметкерлердің дербес жауапкершілігін білдіреді.
- Корпоративтік НҚК Компания қызметінің негізгі салаларын қамтиды және оның бір жылға тең жоспарланған кезеңге арналған басымдықтарын ескереді. Көрсеткіштердің нысаналы мәндері «шек», «мақсат» және «сын-қатер» үдемелеріне ие.

QazaqGaz Басқарма мүшелерінің корпоративтік және уәждемелік НҚК тізбесін Директорлар кеңесі бекітеді.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын және Қордың бастамаларын орындау шеңберінде корпоративтік НҚК жүйесіне цифрландыруды дамытуға және инновациялық шешімдерді енгізуге бағытталған көрсеткіш қосымша енгізілген.

2025 жылы НҚК бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

5 **Іс-шаралар саны**

Бекітілген мерзімдер мен параметрлерге сәйкес басым инвестициялық жобалардың іс-шараларын іске асыруды қамтамасыз ету

НҚК қол жеткізуді бағалау

26,67%

EBITDA margin

НҚК қол жеткізуді бағалау

118%

Өндірістік қауіпсіздіктің кешенді көрсеткіші

НҚК қол жеткізуді бағалау

25,55 млрд м³

Газды өткізу көлемі

НҚК қол жеткізуді бағалау

26.09.25

Жасанды интеллект қолданылатын жобаларды іске асыру жөніндегі жол картасын бекіту (кемінде 3 жоба)

НҚК қол жеткізуді бағалау

97% ТЕҚҰ | **91%** ЖҚЕҚҰ

«QazaqGaz ҰК» АҚ компаниялар тобының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесі

НҚК қол жеткізуді бағалау

2032 жылға дейінгі QazaqGaz стратегиясын және 2025 жылғы НҚК орындаудың аралық нәтижелерін талдау Компанияның бекітілген ұзақ мерзімді жоспарларға сәйкес дамып келе жатқанын растайды, бұл ретте қол жеткізілген нәтижелерді жақсарту жөніндегі шаралар мен іс-шаралар белгіленді.

КОМПАНИЯНЫҢ ТАЯУДАҒЫ ҮШ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ДАМУ КЕЛЕШЕКТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

Орта мерзімді келешекте QazaqGaz құнды құрудың бүкіл тізбегі бойынша – геологиялық барлау мен өндіруден бастап газды өңдеуге, тасымалдауға және өткізуге дейін стратегиялық бастамаларды іске асыруды жалғастырады. Ресурстық базаны нығайтуға, газбен жабдықтаудың сенімділігін және Газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің[22] тұрақтылығын арттыруға бағытталған газ саласының барлық сегменттерін ілеспе дамыту негізгі басымдық болып қалады.

Компания ресурстық базаны: жұмыс істеп тұрған және жаңа учаскелерде геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру, келешегі бар кен орындарын өнеркәсіптік игеруге дайындау және өндірудің операциялық тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастырады. Бұл шаралар газ өндірудің қосымша өсімін қамтамасыз етуге және Компанияның шикізат қорын нығайтуға мүмкіндік береді.

QazaqGaz өңдеу сегментінде газ өңдеу қуаттарын кеңейтуге, оның ішінде Қашаған кен орнында жобаларды іске асыру есебінен шоғырланады. Өңдеуді дамыту тауарлық газ өндірісін ұлғайтуға, ішкі нарықтағы тапшылықты азайтуға және қосылған құны неғұрлым жоғары өнім жасауға мүмкіндік береді.

Газ тасымалдау инфрақұрылымы бөлігінде Компания магистральдық газ құбырларын дамытуды, «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ екінші тармағын салуды, сондай-ақ жерасты газ қоймалары жүйесін дамытуды жалғастырады. Бұл жобалар жеткізулердің сенімділігін арттыруға, инфрақұрылымдық шектеулерді жоюға, газ теңгерімінің икемділігін қамтамасыз етуге және артып келе жатқан ішкі сұранысты қолдауға бағытталған.

Сондай-ақ, өңірлерді газдандыруды кеңейту және жаңа елді мекендерді қосу жұмыстары жалғасатын болады. Бұл халыққа газбен жабдықтаудың қолжетімділігін арттыруға және қатысу өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформацияға ерекше назар аударылатын болады. Компания газ ағындарын басқарудың орталықтандырылған жүйесін дамытуды, жасанды интеллект базасында шешімдерді енгізу, талдау, болжам, диспетчерлендіру және жабдықтарды алдын ала диагностикалау сапасын арттыруды жалғастырады. Бұл үшін сондай-ақ бірыңғай деректер архитектурасын, киберқауіпсіздікті және персоналдың цифрлық құзыреттерін дамыту қажет болады.

QazaqGaz ҒЗТКЖ саласында газды өндірудің, өңдеудің және тасымалдаудың тиімділігін арттыру үшін технологиялық шешімдерді әзірлеуге және енгізуге, сондай-ақ газ химиясы мен төмен көміртекті технологияларды дамытуға шоғырланады. Сонымен қатар Компания активтер құрылымын оңтайландыруды, басқаруды орталықтандыруды және қайталанатын функцияларды жоюды қоса алғанда, операциялық үлгіні жетілдіруді жалғастырады.

Өндіру, өңдеу және инфрақұрылым жобаларын іске асыру мерзімдерін үйлестіру, теңгерімді тарифтік жүктемені қамтамасыз ету, цифрлық құзыреттерді дамыту және тұрақты реттеуші ортаны қалыптастыру негізгі сын-қатерлер болып қала береді. Аталған міндеттерді іске асыру QazaqGaz-ға Қазақстанның газ саласы көшбасшысының жайғасымын нығайтуға және ұзақ мерзімді тұрақты өсімге негіз жасауға мүмкіндік береді.

[22] Қазақстанның Газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі (ГЖБЖ) – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ұлттық операторының басқаруымен газды өндіруді, өңдеуді, тасымалдауды және бөлуді біріктіретін технологиялық кешен.

Экономикалық тұрақтылық

50 Өндірістік және қаржылық нәтижелер

52 Экономикалық нәтижелілік

55 Компанияны және газ саласын дамытуға инвестициялар

59 Салық саясаты

63 Қаржылық тұрақтылық және міндеттемелер

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

03

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

- GRI 11.14 Экономикалық нәтижелілік
- GRI 11.21 Мемлекеттік органдарға төлемдер

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

ӨНДІРІС

88,9 млрд м³
газды магистральдық тасымалдау көлемі

299 млрд м³
газ өндіру көлемі

25,6 млрд м³
газ өткізілді

2%
ішкі нарыққа газ өткізу көлемінің өсуі

ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

1 349,81 млрд теңге
негізгі қызметтен түскен кіріс

2,8%
тікелей экономикалық құнның өсуі

270,85 млрд теңге
2025 жылғы пайда

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

265,4 млрд теңге
жаңа өндірістік жобаларға күрделі салымдар және өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау

ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру құқығына аккредитация алынды, Топтың Ғылыми-техникалық саясаты әзірленді

>100
қатысушы QazaqGaz бірінші Ғылыми-технологиялық сессиясында газ саласының 19 өзекті технологиялық тапсырмаларымен жұмыс істеді

ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

0
іске асырылған елеулі салықтық тәуекелдер

94,6 млрд теңге
салық аударымдарының көлемі

тәуекел дәрежесі төмен салық төлеуші мәртебесі алынды

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- **1 476,8 млрд теңге** – өнімдер мен қызметтерді сатудан түскен кіріс
- **90,7 млрд м³** – табиғи газды магистральдық тасымалдау
- **486 млн м³** – газ өндіру
- **26,1 млрд м³** – газ өткізу көлемі
- Малдыбай, Саралжын, Шалқар, Аққұдық, Солтүстік-1, Солтүстік-2 учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын іске асыру
- Келешегі бар КТ-III, Каменковский, Үшқұлтас, Жаңақазан, Әукентайшағыл геологиялық барлау жобаларын, сондай-ақ жаңа жер қойнауы учаскелерін дамыту
- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ екінші тармағының құрылысын қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру
- Газ тарату активтерін шоғырландыруды аяқтау
- ЕТҰ арасында функцияларды бөлуді оңтайландыру
- Салықтық есеп саясатын өзектендіру
- Газ нарығында бағаны реттеу шараларын дамыту

Өндірістік және қаржылық нәтижелер

GRI 3-3, GRI 2-6, IIRC, KASE

2025 жылы Компания орташа есеппен негізгі өндірістік көрсеткіштерді өткен жылдың деңгейінде сақтап қалды. Магистральдық газ тасымалдау көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға ұлғайып, 88,9 млрд м³ құрады, газ өткізудің жалпы көлемі 0,8%-ға төмендеп, 25,6 млрд м³ құрады. Тауар-көлік жұмысы жағынан жыл қорытындысы бойынша 2%-ға төмендеу тіркелді, ал газ өндіру 2024 жылдың деңгейінде 299 млн м³ көлемінде сақталды.

1-кесте. 2023–2025 жылдардағы өндірістік көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Газ өткізу, млрд м³, оның ішінде	**24,1**	**25,8**	**25,6**	**–0,8**
экспорт	5,6	5,7	5,0	–12,3
ішкі нарық	18,6	20,1	20,5	2,0
Газды магистральдық тасымалдау, млрд м³, оның ішінде	**79,4**	**88,4**	**88,9**	**0,6**
газды ішкі тасымалдау	22,7	25,0	25,2	0,8
халықаралық транзит	45,7	51,8	53,7	3,7
газды экспортқа тасымалдау	11,0	11,5	10,0	–13,0
Тауар-көлік жұмысы, млрд м³ км	**46 478**	**51 715**	**50 686**	**–2,0**
Газ өндіру, млн м³	**294**	**299**	**299**	**0**

2025 жылы ішкі нарыққа газ өткізу өткен жылмен салыстырғанда 2%-ға артып, 20,5 млрд м³ құрады, ал экспорттық өткізу көлемі 12,3%-ға төмендеді. Мұндай серпін өндірудің шектелген өсуі мен көлемді ішкі нарықтың пайдасына бөлудің факторларымен түсіндіріледі.

Есепті жылы халықаралық транзит көлемі 3,7%-ға артып, 53,7 млрд м³ құрады. Өсу «Союз», «Орынбор – Новопсков» және «Бұқара – Орал» МГҚ бойынша ресейлік транзиттің ұлғаюына (63 км және 42,9 км учаскелері), сондай-ақ тауарлық газды Ресей Федерациясынан Өзбекстанға «Орта Азия – Орталық» МГҚ арқылы тасымалдауға байланысты.

ішкі нарыққа газ өткізу көлемінің өсуі

газды магистральдық тасымалдау көлемі

2-кесте. 2023–2025 жылдардағы магистральдық тасымалдау, млн м³

Көрсеткіш	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Газды ішкі тасымалдау, млн м³	**22 663**	**25 046**	**25 154**	**0,4**
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	16 515	18 216	18 479ы	1,4
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	1 370	1 746	1 775	1,7
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	4 778	5 083	4 900	–3,6
Халықаралық транзит, млн м³	**45 748**	**51 843**	**53 713**	**3,6**
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	27 718	33 548	36 322	8,3
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	17 836	18 049	17 145	–5,0
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	195	245	245	0,0
Газды экспортқа тасымалдау, млн м³	**11 031**	**11 525**	**10 029**	**–12,9**
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	5 564	6 019	5 029	–16,4
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	2 782	2 766	2 514	–9,1
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	2 684	2 740	2 486	–9,3
Барлығы, млн м³	**79 442**	**88 414**	**88 895**	**0,5**

2025 жылы жоспары 296,1 млн м³ болғанда газ өндіру 298,8 млн м³ құрады. Өндірістің жалпы көлеміне негізгі үлесті Амангелді кен орны қамтамасыз етті: 218 млн м³ нәтижемен ол Компания бойынша жиынтық өндірістің 72%-дан астамын қамтамасыз етті. Айрақты кен орнындағы өндіру көлемі жоспарлы деңгейден 38%-ға асып, 27,7 млн м³ құрады.

3-кесте. 2023–2025 жылдардағы газ өндіру, млн м³

GRI 2-6

Көрсеткіш	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Газ өндіру көлемі, барлығы	**294,2**	**298,9**	**298,8**	**0,0%**
Амангелді кен орны	258,1	244,9	218,0	–10,9%
Жарқұм кен орны	4,8	3,7	2,8	–24,3%
Анабай кен орны	6,8	29,4	49,7	69,0%
Айрақты кен орны	24,5	20,9	27,7	32,5%
Барханная кен орны	–	0,0	0,5	0,5 млн м³

Жекелеген кен орындары бойынша жоспарлы көрсеткіштерден ауытқу мынадай факторларға байланысты болды:

- Амангелді кен орнында өндірудің төмендеуі газ құбырын жөндеу кезеңінде ұңғымалардың тұрып қалуына байланысты;
- Жарқұм кен орнында өндірудің төмендеуі ұңғымалар дебитінің неғұрлым қарқынды табиғи құлдырауынан, сондай-ақ олардың тұрып қалуынан орын алды;
- Анабай кен орнында өндірудің өсуі жоспармен салыстырғанда пайдалану ұңғымаларының неғұрлым жоғары нақты дебитімен қамтамасыз етілді;
- Айрақты кен орнында бірқатар ұңғымалар бойынша жоспарлы көлемнен, сондай-ақ № 1 тәжірибелік цехтың қосымша үлесінен неғұрлым жоғары өндіру көлеміне қол жеткізілді;
- Барханная кен орнында 2024 жылмен салыстырғанда оң серпінге қарамастан, 2025 жылға арналған жоспар кен орнын пайдалануға кешірек беруге байланысты орындалмады.

Экономикалық нәтижелілік

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

Экономикалық нәтижелілік QazaqGaz тұрақты дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Экономикалық нәтижелілікті басқару стратегиялық және бизнес-жоспарлауды, қаржыны басқаруды, есепке алуды және бюджеттік бақылауды қамтиды.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Компанияның экономикалық нәтижелілігі бөлігінде стратегиялық басшылық ету және қадағалау
- Бизнес-жоспарлаудың, қаржылық тұрақтылықтың негізгі мәселелерін қарау

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

- Компания дамуының стратегиялық және қаржылық-экономикалық параметрлерін қарау
- Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау

БАСҚАРМА

- Стратегиялық және бизнес-жоспарды іске асыруды ұйымдастыру және оған басшылық ету
- Қаржы-экономикалық көрсеткіштерге түзетулерді қарау

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

- Компанияның қаржы-экономикалық қызметін үйлестіру

Бюджеттік жоспарлау департаменті

- ЕТҰ бизнес-жоспарын және бюджеттерін қалыптастыру және түзету

Корпоративтік қаржыландыру және қазынашылық департаменті

- Қаржыландыруды тарту
- Кредиттік портфелді сүйемелдеу
- Өтімділікті басқару

Орталық бухгалтерия

- Бухгалтерлік есеп
- ХҚЕС бойынша есептілікті дайындау
- Салық есебі

Баға саясаты және тариф белгілеуді мониторингтеу департаменті

- Тарифтік реттеу
- Бекітілген тарифтік параметрлерді орындау мониторингі
- Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- Бюджеттің бекітілген баптары бойынша жоспарлау
- Бюджеттің атқарылуы

Директорлар кеңесі Компанияның экономикалық тиімділігін стратегиялық басшылық ету мен қадағалауды жүзеге асырады. 2025 жылы Директорлар кеңесі 2024 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті және 2026–2030 жылдарға арналған бизнес-жоспарды бекітті, сондай-ақ ірі инвестициялық жобалар мен қызметтің басқа да маңызды қаржы-экономикалық аспектілеріне қатысты мәселелерді қарады.

GRI 2-6

Компанияның негізгі қызметінен түсетін кіріс 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға ұлғайып, 1 349,81 млрд теңгені құрады. Өсудің негізгі драйверлері ресейлік газдың Өзбекстан Республикасына транзитінен (15,3%) және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Ресей – Ресей транзиті бағытындағы (7,6%) кірістер болды. Бұдан бөлек, экспорттық операциялар бойынша кірістердің өсуіне АҚШ доллары бағамының өсуі әсер етті[23]. Бұдан басқа, ішкі нарықта өткізудің орташа көтерме бағасының 33%-ға өсуімен өткізу көлемінің артуы кірістердің оң серпініне өз үлесін қосты.

Бұл ретте 2025 жылы өзіндік құн 7,9%-ға артты. Өсімге негізінен газ сатып алудың орташа бағасының көтерілуі, сондай-ақ доллардың өсе түскен бағамы әсер етті.

Нәтижесінде Компанияның жалпы шығыны 2024 жылмен салыстырғанда 39,4%-ға ұлғайды. Бағамдық айырмадан түскен кірістердің артуы 4,65 млрд теңгені құрады және Компанияның шығынын өткен жылмен салыстырғанда 6,3%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

4-кесте. 2023–2025 жылдардағы қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге

Көрсеткіштер	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	1 080,72	1 259,40	1 349,81	7,2%
Өзіндік құн	1 023,09	1 289,66	1 391,99	7,9%
Жалпы пайда/(залал)	57,62	(30,26)	(42,18)	–39,4%
Қорытынды пайда	325,85	289,09	270,85	–6,3%
Салынған капиталға пайда (ROACE)	0,12	0,10	0,08	–0,02 пп
Пайыздар, салықтар, тозу және есептелген амортизация бойынша шығыстарды шегергенге дейінгі пайданың көлемі (EBITDA)	379,40	366,53	294,17	–19,7%
Кірістер	1 122,16	1 354,82	1 456,03	7,5%
Шығыстар	1 152,83	1 383,89	1 496,02	8,1%
Жалғасатын қызметтен түскен кезең ішіндегі пайда (залал)	325,85	289,09	270,85	–6,3%

Негізгі қызметтен түскен кіріс

2025 жылғы пайда

[23] АҚШ долларының бағамы 2024 жылы бір долларға 467 теңгеден 2025 жылы бір долларға 521 теңгеге дейін өсті.

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

QazaqGaz елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына, экономиканы әртараптандыруға және өнімдер мен қызметтер өндірісіндегі жергілікті қамту үлесін ұлғайтуға ықпал етеді.

2025 жылы Компания 1 751 млрд теңге мөлшерінде тікелей экономикалық құнды құрды, оның өсімі өткен жылға қарағанда 6,8% құрады, бұл ретте бөлінген экономикалық құн 1 511 млрд теңгені құрады.

240 млрд теңге көлеміндегі бөлінбеген экономикалық құн Компанияның иелігінде қалып, инвестициялық жобаларды одан әрі дамыту, іске асыру және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржылық негіз қалыптастырады.

5-кесте. 2025 жылы құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млрд теңге[24]

GRI 201-1

Көрсеткіштер	2025 жыл
1. Құрылған тікелей экономикалық құн	**1 751**
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	1 350
Өзге де кірістер	401
2. Бөлінген экономикалық құн	**1 504**
Сатудың өзіндік құны (жалақыдан, салықтардан басқа)	1 278
Жалпы және әкімшілік шығыстар (жалақыдан, салықтардан басқа)	31
Қаржылық шығыстар	40
Табыс салығы (корпоративтік)	7
Күтілетін кредиттік шығындарға резерв есептеу	(4)
Қызметкерлерге жалақы, басқа да төлемдер мен жеңілдіктер	153
Өзге де шығыстар	7
3. Бөлінбеген экономикалық құн	**247**

[24] Осы Есепте ашылған қаржылық емес ақпаратты тәуелсіз растау рәсімін сенімділікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмалар бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес «ПрайсуотерхаусКуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС компаниясы жүргізді. Есептің мәтіні бойынша расталған ақпарат ✓✓ таңбасымен белгіленген.

Компанияны және газ саласын дамытуға инвестициялар

GRI 203-1

2032 жылға дейінгі Даму стратегиясы шеңберінде Компания жаңа өндірістік жобаларға күрделі салымдарды, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауды және әкімшілік сипаттағы салымдарды жүзеге асыруды жалғастырды.

2025 жылы Компанияның инвестициялық бағдарламасы инфрақұрылымды және ресурстық базаны дамытуға да, солай-ақ өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға да бағытталған жаңа өндірістік жобаларды іске асыруды қамтыды. Бұл ретте бірқатар жобалар бойынша, оның ішінде сатып алудың ұзақ мерзімді рәсімдеріне, жобалық шешімдерді түзетуге және жекелеген жұмыстарды кейінгі кезеңдерге ауыстыруға байланысты іске асыру кестелерінен ауытқулар тіркелген.

2023–2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫМДАР, млрд теңге (ҚҚС-СЫЗ)

«ТАЛДЫҚОРҒАН – ҮШАРАЛ» МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫ

2025 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылып жатқан «Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысы жобасын іске асыру аяқталды. Жоба кестесінен 1 жыл 4 айға озып, мерзімінен бұрын аяқталды.

Жобаның негізгі параметрлері:

- газ құбырының жалпы ұзындығы – **302,441 км**
- жобалық қысым – **9,8 Мпа**
- бюджеті – **111,5 млрд теңге**
- іске асыру мерзімі – **2024–2026 жылдар**

Жоба аясында 6 газ құбыры-бқрмасы және 6 автоматты газ тарату станциясы салынды: «Қапал», «Жансүгіров», «Сарқан», «Қойлық», «Қабанбай» және «Үшарал».

Газ құбыры шамамен 134 мың халқы бар Жетісу облысының 84 елді мекеніне табиғи газ беруді қамтамасыз етеді.

Жобаның стратегиялық мәні өңірдің энергетикалық инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етуден тұрады, бұл іскерлік белсенділіктің өсуіне, шағын және орта бизнесті дамытуға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін болады.

Жаңа өндірістік жобаларға күрделі салымдар және өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау

6-кесте. 2025 жылғы инвестициялық салымдар туралы ақпарат

Өндірістік сипаттағы күрделі салымдар

Жоба	Жобаның мақсаты	Іске асыру мерзімі	Жалпы құны	2025 жылғы күрделі салымдар, млн теңге	2025 жылдың нәтижелері
Магистральдық газ тасымалдау инфрақұрылымы					
«Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысы	Өңірлерді газбен жабдықтауды қамтамасыз ету және газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту	2024–2026 жылдары	111,5 млрд теңге	46 178	Жоба мерзімінен бұрын аяқталды[25]
«Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ қуатын ұлғайту (екінші тармағын салу)	ҚР оңтүстік өңірлерінің газға деген артып келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ету, энергетикалық қауіпсіздікті нығайту және елдің бірыңғай газ тасымалдау жүйесін дамыту	1-кезең: 2024–2026 жылдары 2-кезең: 2027–2029 жылдары	6,9 млрд АҚШ доллары	177	ТЭН әзірленген[26]; құрылысқа дайындық жүріп жатыр
Газды цифрлық есепке алу	Газды есепке алудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру	2025–2029 жылдары	136,8 млрд теңге	79	ТЭН әзірленген; әлемдік тәжірибе зерттелді
«Ақтөбе» ЖӨБ Краснооктябрь МГҚБ-ның жаңа КС-14 компрессорлық станциясын және жаңа «КС-14-Рудный» МГҚ құрылысы	Көлік инфрақұрылымын дамыту және жеткізулер сенімділігін арттыру	2023–2026 жылдары	489,2 млн теңге	49	ТЭН әзірленген[27]
Газды өндіру және өңдеу					
Амангелді кен орындары тобын игеру	Газ өндіруді ұлғайту және ресурстық базаны қамтамасыз ету	2012–2027 жылдары	81,4 млрд теңге	19 827	Бұрғылау жұмыстарының бір бөлігі орындалды
Рудный СТГ	СТГ-бағытын дамыту және газ жеткізуді әртараптандыру	2024–2028 жылдары	17,3 млрд теңге	536	Жобалау ~95%-ға орындалды
Жер қойнауын пайдалануға арналған үш келісімшарт жасасуға қол қойылатын бонусты төлеу	Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу арқылы ресурстық базаны кеңейту	2025–2068 жылдары	8,7 млрд теңге	270	Міндеттемелер толық көлемде орындалды
Придорожное кен орнын игеру	Жаңа кен орнын игеру	2023–2032 жылдары	108,7 млрд теңге	42	Жоспардан ауытқу[28]

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР

Компанияның ғылым мен инновациялар саласындағы негізгі мақсаты – операциялық қызмет үшін жаңа шешімдерді енгізуді, өндірістік және басқарушылық процестердің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Топтағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметті дамыту орталығы – QazaqGaz ҒТО. 2025 жылы мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру құқығына аккредитация алынды;
- бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шеңберінде өтінімдер дайындалды;
- «Жаңа технологиялар және инновациялар орталығы» платформасы жетілдірілді;
- ЕҚ және ӨҚ, техникалық қадағалау, жобалау, диагностика және жобаларды басқару саласындағы қызметкерлердің инженерлік құзыреттерін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді[29].

[25] 06.10.2025 ж. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі.
[26] 14.04.2025 ж. ТЭН бойынша «Мемсараптама» РМК қорытындысы.
[27] 09.04.2025 ж. ТЭН бойынша «Мемсараптама» РМК қорытындысы.
[28] Жоспардан ауытқу «QazaqGaz» ҰК» АҚ Инвестицияларды тарту жөніндегі кеңесінің 27.02.2025 ж. шешімімен және жобаны дамыту тұжырымдамасының өзгеруімен байланысты.
[29] ҒТО ОО жүзеге асырған оқыту туралы толығырақ «Әлеуметтік жауапкершілік және аман-есендік» тарауынан қараңыз.

Сондай-ақ, ұлттық және халықаралық ғылыми ұйымдармен, салалық институттармен, технологиялық компаниялармен, соның ішінде Газпром ВНИИГАЗ, Eni, Baker Hughes, Solar Turbines, Halliburton, Schlumberger, China National Petroleum Corporation, Sinopec компанияларымен және басқалармен өзара білім алмасуға, жаңа технологиялық шешімдер мен үздік іс-тәжірибелерді зерделеуге бағытталған нытмақтастықты дамыту жалғасты.

Ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру құқығына аккредитация алынды 2025 жылы QazaqGaz ҒТО-ның қолдауымен газ саласының өзекті технологиялық міндеттері үшін шешімдер іздеуге арналған алғашқы Ғылыми-технологиялық сессия ұйымдастырылды. Іс-шара QazaqGaz Тобы кәсіпорындарының инжиниринг тік компаниялармен, технологиялық стартаптармен, ғылыми ұйымдармен және университеттермен өзара іс-қимылы алаңына айналды. Сессияға 100-ден астам қатысушы қатысты, олар жасанды интеллект, ESG-технологиялар және тұрақты даму, газ тасымалдау инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, газды барлау және өндіру, сондай-ақ жерасты газ қоймаларының ресурстық базасын дамыту бағыттары бойынша 19 технологиялық міндеттерімен жұмыс істеді. Сессия қорытындысы бойынша QazaqGaz кәсіпорындарында енгізуге ұсынылған ғылыми-технологиялық шешімдер пулы қалыптастырылды.

Бұдан басқа, Компания ҒТО негізінде заманауи құралдарды, оның ішінде әртүрлі өндірістік міндеттерді шешу үшін мамандандырылған бағдарламалық кешендерді дамытады:

- Petrel – геологиялық үлгілеуге арналған[30];
- tNavigator – гидродинамикалық үлгілеуге арналған[31];
- SeisSpace – сейсмикалық деректерді өңдеуге және түсіндіруге арналған[32].

2026 жылы QazaqGaz компаниялар тобында R&D және инновацияларды басқару тәсілдерін бекітетін Ғылыми-техникалық қызмет саласындағы саясатты бекіту жоспарланып отыр.

QazaqGaz бірінші Ғылыми-технологиялық сессиясында газ саласының 19 өзекті технологиялық тапсырмалармен жұмыс істеді

30 Petrel – геологиялық үлгілеуге арналған бағдарламалық кешен.
31 tNavigator – гидродинамикалық үлгілеуге арналған бағдарламалық кешен.
32 SeisSpace – сейсмикалық деректерді өңдеуге және түсіндіруге арналған бағдарламалық кешен.

Салық саясаты

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, IIRC, KASE

QazaqGaz салық міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындайды және салықтар мен алымдардың уақтылы төленуін қамтамасыз етеді. Басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде салықтық тәуекелдер ескеріледі.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Тәуекелдерді және заңнама талаптарын, соның ішінде салық саласындағы талаптарды сақтауды қадағалау
- Компанияның қаржылық есептілігін бекіту

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ ЕТҰ ЖОҒАРЫ БАСШЫЛЫҒЫ

- Салықтық есеп саясатын және оған өзгерістерді бекіту
- ЕТҰ-да салық тәртібін сақтау және салық міндеттемелерін орындау үшін жауапкершілік

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ОРТАЛЫҚ БУХГАЛТЕРИЯСЫ

- Белгіленген тәртіппен Салықтық есеп саясатын әзірлеу және бекітуге дайындау
- Әдіснамалық қолдау және салық есебін жүргізу, салық есептілігін дайындау және тапсыру
- Компанияның салық есептілігі және салық тәуекелдері процестерін үйлестіру мен сүйемелдеу
- ЕТҰ жоғары деңгейге шығаратын мәселелерді шешуге қатысу

ЕТҰ БУХГАЛТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРІ

- Бекітілген Салықтық есеп саясатына және ЕТҰ жауапкершілік аймағындағы заңнама талаптарына сәйкес салық есебін жүргізу, салық есептілігін дайындау және тапсыру
- ЕТҰ-дың Салықтық есеп саясатын әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекітуге дайындау

Салықтық есепті жүргізу, есептілікті қалыптастыру және салықтық тәуекелдерді басқару қағидаттары ішкі нормативтік құжаттарда айқындалған.

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның салықтық есеп саясаты
- ЕТҰ салықтық есеп саясаттары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның салық есебін жүргізу қағидалары

Салықтық есеп саясатының мақсаты – заңнаманың талаптарын сақтай отырып, есепті ұйымдастыруды, салық міндеттемелерін дұрыс орындауды және салық тәуекелдерін басқаруды қамтамасыз ету.

QazaqGaz салықтық есеп саясатының негізгі қағидаттары

Заңдылық және талаптарға сәйкестігі	Салықтық есеп, салықтар бойынша есеп айырысу және есептілік Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Компанияның ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады
Ашықтық және сенімділік	Салықтық есеп барлық мүдделі тараптар үшін толықтық, анықтық және түсініктілік қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі
Реттілік және жүйелілік	Салықтық есеп әдістері мен тәсілдерінің жүйелілігі мен реттілігі көрсеткіштердің реттілігін, салыстырмалылығын және салықтық жоспарлау мен есептіліктің болжамдылығын қамтамасыз етеді
Сақтық қағидаты	Салықтық есепті жүргізу кезінде кейіннен ықтимал қаржылық ысыраптарды барынша азайту тәсілдерін әзірлеу үшін салықтық міндеттемелерге байланысты белгісіздіктер мен әлеуетті тәуекелдер назарға алынады
Салық тәуекелдерін тиімді басқару	Салықтық есеп саясаты шеңберінде және Салықтық есепті жүргізу қағидаларында салықтық даулар мен санкциялардың ықтималдығын төмендететін салықтық тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару рәсімдері көзделген

ЕТҰ осы қағидаттар негізінде және қызмет ерекшелігін ескере отырып, өздерінің салықтық есеп саясатын әзірлеп, бекітеді.

САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

GRI 207-1, GRI 207-2

Салық тәуекелдері салық заңнамасының өзгерістерін, сондай-ақ Компанияның ішкі және сыртқы ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тұрақты негізде анықталады, бағаланады және бақыланады. Компания салық тәуекелдерін басқарудың сараланған тәсілін қолданады. Елеулі салықтық тәуекелдер корпоративтік тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі, жедел тәуекелдерді ағымдағы бақылау рәсімдері шеңберінде бейінді бөлімшелер басқарады. Бақылау рәсімдері Салық есебін жүргізу қағидаларында бекітілген.

2026 жылдан бастап қосылған құн салығының мөлшерлемесін 12%-дан 16%-ға дейін көтеруге байланысты 2025 жылы реттеушілік тәуекел анықталды. Бейімдеу шаралары шеңберінде Компанияның бөлімшелері ықтимал қаржы-экономикалық салдарларды есепке алу үшін хабардар етілді.

2025 жылы салықтар бөлігінде жүзеге асқан елеулі тәуекелдер болған жоқ.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ жыл сайын бюджетке төлейтін салық аударымдары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі болып табылады. 2025 жылы салық төлемдерінің көлемі 94,6 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 6,3%-ға жоғары.

0
Іске асырылған елеулі салықтық тәуекелдер

94,6 млрд теңге
2025 жылғы салық аударымдарының көлемі

7-кесте. Бюджетке салық төлемдері, млрд теңге

Көрсеткіштер	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Салық төлемдерінің көлемі[33], оның ішінде:	52	89	94,6	6,3
корпоративтік табыс салығы (КТС)	17,7	25,3	7,7	–69,6
басқа да салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар	34,3	63,7	86,9	36,4

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы салық төлемдерінің жалпы көлемінің ұлғаюына келесі факторлар әсер етті:

- импорталатын табиғи газ көлемінің ұлғаюына байланысты импортқа ҚҚС бойынша төлемдердің ұлғаюы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ға берілген Компанияның газбен жабдықтау саласындағы активтері құнының ұлғаюына байланысты мүлік салығының өсуі.

Сонымен қатар, есепті жылы КТС сомасы ресейлік газдың транзиті ұлғаюына байланысты өткен жылғы деңгейден айтарлықтай төмен.

САЛЫҚТЫҚ АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ

Компанияның қызметі туралы қаржылық ақпарат, оның ішінде салықтарды төлеу туралы деректер қаржылық есептілікте көрсетіледі және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның жыл сайынғы қаржылық есептілік аудиті шеңберінде сыртқы аудитордың тексеруінен өтеді.

QazaqGaz хабардар болуды, уақтылы ден қоюды және салықтық наразылықтардың ықтималдығын төмендетуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік кірістер органдарымен өзара іс-қимыл жасайды. Компанияның орталық бухгалтериясы және ЕТҰ-дың бухгалтерлік қызметтері салық қызметі органдарымен, салық комитеттерімен және бейінді ұйымдармен жұмыс байланысын қолдап тұрады.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет, ҚР ҚМ МКК) тоқсан сайынғы санаттау қорытындысы бойынша QazaqGaz-ға тәуекел дәрежесі төмен салық төлеуші санатын берді. Сондай-ақ, жыл қорытындысы бойынша Компания салық міндеттемелерін адал орындағаны үшін Комитеттен алғыс хат алды. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ға «2025 жылдың үздік салық төлеушісі» мәртебесі берілді.

[33] Бюджетке төлемдер заңды және жеке тұлғалардың кірістерінен ұсталатын салықтарды, сондай-ақ жеке тұлғалардың кірістерінен алынатын жарналарды қамтымайды.

QazaqGaz-ға тәуекел дәрежесі төмен салық төлеуші санаты берілді

QazaqGaz орталық бухгалтериясының, еншілес және тәуелді ұйымдардың бухгалтерлік қызметтерінің қызметкерлері салық салу мәселелері бойынша хабардар болу мен құзыреттілікті ұдайы арттырып отырады. 2025 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ алаңында келесі тақырыптар бойынша семинарлар өткізілді:

- жаңа Салық кодексі;
- жаһандық ең төменгі салық қағидалары және Pillar[34] шеңберіндегі есептер мен деректерге қойылатын талаптар;
- деңгейлес мониторинг;
- экспорттық операциялар кезінде қосылған құн салығын қайтару.

ДЕҢГЕЙЛЕС МОНИТОРИНГ БОЙЫНША ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ

GRI 207-3

«QazaqGaz» ҰК» АҚ және «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2025 жылы ҚР ҚМ МКК «Деңгейлес мониторинг платформасы» деңгейлес мониторингінің пилоттық жобасына (бұдан әрі – Жоба) қатысуды жалғастырды. Жоба бастапқы құжаттар деңгейіне дейін нақтылау мүмкіндігімен салық есептілігі деректерін электрондық беруді қамтамасыз ететін тиісті жүйе арқылы салық органдарымен ақпараттық өзара іс-қимылды көздейді.

Есепті жылы қатысушы компаниялардың салық есептілігі пакеттері тестілік режимде жүйенің «деректер витринасына» орналастырылған.

Компания үшін күтілетін нәтижелер салықтық тәуекелдерді төмендетуді, салық органдарымен кеңес алысу өзара іс-қимылын дамытуды, салық мәселелері бойынша түсіндірмелерді жедел алуды, сондай-ақ талап қою мерзімін 5 жылдан 1 жыл 2 айға дейін қысқартуды қамтиды.

[34] Pillar 2 – ірі халықаралық топтар үшін жаһандық ең төменгі салықты белгілейтін BEPS 2.0 бастамасы шеңберіндегі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық қағидалары. Қағидалар жекелеген юрисдикцияда салық салудың тиімді мөлшерлемесі белгіленген деңгейден төмен болса, салықты қосымша төлеу (қосымша есептеу) тетіктерін көздейді.

Қаржылық тұрақтылық және міндеттемелер

IIRC

2025 жылы QazaqGaz қарыз жүктемесін бақылауды және өз міндеттемелерін уақтылы орындауды қамтамасыз етті. Компания қарыздар мен облигацияларды жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды, сондай-ақ басым инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қаржыландыруды тартты.

2025 жылғы жалпы борыш серпіні көбінесе «Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысы және «Орта Азия – Орталық» МГҚ жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаны аяқтау үшін «Интергаз Орталық Азия» АҚ облигацияларын орналастыру арқылы қаржыландыруды тартуға байланысты.

Борыштық жүктемені төмендету және Топ шеңберінде қаржылық тұрақтылықты нығайту үшін мынадай бастамалар іске асырылды:

- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС Bank of China алдындағы 136 млн АҚШ доллары сомасына қарыз бойынша өтеу жүргізді, оның ішінде 113,6 млн АҚШ долларын мерзімінен бұрын және 22,4 млн АҚШ долларын кесте бойынша өтеді. Нәтижесінде 2025 жылдың соңында борыш 9,7 млн АҚШ долларын құрады;
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «QazaqGaz Aimaq» АҚ Еуропалық қайта құру және даму банкі мен «Қазақстанның даму банкі» АҚ алдында 17,5 млрд теңге сомаға төлем кестесіне сәйкес қарыздар мен облигациялар бойынша өтеу жүргізді.

8-кесте. 2023–2025 жылдардағы шоғырландырылған борыш көлемі, млрд теңге

Көрсеткіштер	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, млрд теңге
Жалпы борыш	471,9	581,3	623,2	41,9
Ақша қаражаты және оның баламалары	66,8	606,6	542,8	–63,8
Таза борыш	405,1	–25,3	80,4	105,7

9-кесте. 2023–2025 жылдардағы қаржылық тұрақтылық коэффициенттері

Көрсеткіштер	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Debt/Equity ≤1,4	0,19	0,21	0,19	–9,5
Қарыз/EBITDA ≤3,8	1,24	1,07	1,87	74,8
EBITDA/Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар ≥3	6,28	13,34	8,30	–37,8

10-кесте. Кредиттік рейтингтердегі жайғасым

Рейтингтік агенттік	Рейтингті растау/ өзгерту күні	Рейтинг	Болжам
S&P Global	28.08.2025	BB+	Оң
Fitch Ratings	08.01.2026	BB+	Тұрақты
Moody's	24.02.2025	Baa2	Тұрақты

ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ

2026 жылғы 9 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітілді және 2025 жылғы шоғырландырылған таза кірісті бөлінбеген күйінде қалдыру, есепті жылы дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылданды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ 2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және орта мерзімді келешекте Компания қаржылық үлгінің тұрақтылығын нығайтуды, өндірістік көрсеткіштерді жақсартуды, операциялық шығындарды төмендетуді, ресурстық базаны және қызметтің келешегі бар бағыттарын дамытуды жоспарлап отыр.

Өндірудің жоспарлы өндірістік көрсеткіштеріне қол жеткізу және ресурстық базаны ұлғайту үшін 2026 жылы және орта мерзімді келешекте жоспарланып тұрғандар:

- Малдыбай, Саралжын, Шалқар, Аққұдық, Солтүстік-1, Солтүстік-2 учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын іске асыру;
- келешегі бар КТ-III, Каменковский, Үшқұлтас, Жаңақазан, Әукентайшағыл геологиялық барлау жобаларын, сондай-ақ жер қойнауының жаңа учаскелерін дамыту;
- жоспарланған ЖҚГЗ лицензиялары шеңберінде озыңқы геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асыру;
- операциялық тиімділікті арттыру және өндірістік процестерді оңтайландыру.

Газ өндіру мен өңдеудің өсімін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады, оның ішінде:

- «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ екінші желісін салу;
- газ теңгерімін басқару икемділігін арттыру үшін жерасты газ қоймалары жүйесін дамыту.

Орта мерзімді келешекте газ тарату активтерін шоғырландыруды аяқтау және бейінді емес активтерді оңтайландыру бағдарламасын іске асыру, ЕТҰ арасында функцияларды бөлуді оңтайландыру жоспарлануда.

Газ нарығында баға реттеуді дамыту жөніндегі шараларды іске асыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Атап айтқанда, мынадай бастамаларды іске асыру жоспарлануда:

- газдың көтерме бағасының өсуіне шектеулерді жылына 20%-ға дейін қайта қарау;
- тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағасын кейіннен жыл сайын арттыра отырып қайта қарау;
- тоғыспалы жәрдем қаражат бөлуден кезең-кезеңімен бас тарту;
- СТГ өндірушілері мен ірі коммерциялық тұтынушылар үшін тауарлық газдың көтерме бағасын белгілеу;
- газ өндіруді ұлғайтуды ынталандыру үшін жер қойнауын пайдаланушылардың тауарлық газ бағасын есептеудің жеке әдістемесін енгізу.

Ұзақ мерзімді келешекте Компания құнының өсуі сұйытылған көмірсутекті газ нарығын, газ өңдеу мен газ химиясын, сұйытылған табиғи газ бен сығымдалған газ-мотор отынын өндіру мен өткізуді қоса алғанда, неғұрлым кірісті бағыттарды дамытумен байланысты. Осы мақсатта Қашағандағы газ өңдеу зауытын және сұйытылған газды ауыстырып тиеу зауытын салу жобаларын іске асыру жалғастырылады.

11-кесте. 2025 жылғы марапаттар мен жетістіктер

Рейтингтер / Индекстер	2025 жылдың нәтижесі	2024 жылмен салыстырғанда жайғасымның серпіні
PwC ESG Disclosure[35]	Ашу бойынша үздік 10	✖
CDP Climate[36]	«B» рейтингі	✖
MSCI ESG[37]	«A» деңгейі	✖

✖ – Жақсару ✖ – Тұрақтылық ✖ – Төмендеу

2025 жылы QazaqGaz адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он қағидатты ұстанатынын растай отырып, UN Global Compact[38] бастамасына қатысуды жалғастырды.

[35] PwC ESG Disclosure – корпоративтік есептілікте ESG-ақпаратты ашудың сапасы мен толықтығын зерттеу және бағалау.
[36] CDP Climate – климаттың өзгеруі, парниктік газдар шығарындылары және климаттық тәуекелдер туралы ақпаратты ашудың халықаралық жүйесі..
[37] MSCI ESG – экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды және олармен байланысты тәуекелдерді басқаруды бағалайтын рейтинг.
[38] UN Global Compact – БҰҰ-ның адам құқықтары, еңбек, қоршаған орта және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын ілгерілету жөніндегі ерікті бастамасы.

Тұрақты дамуды басқару

68 Тұрақты дамуды басқару

72 Тұрақты даму саласындағы стратегия

73 ТДМ-ге назар аудару: мақсаттар және іске асыру

80 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

04

Тұрақты дамуды басқару

GRI 2-9, GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-17, GRI 2-23

QazaqGaz Компания үшін тұрақты болашақтың сенімді іргетасын құра отырып, сондай-ақ БҰҰ-ның ТДМ, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына, 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму стратегиясына қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік бастамаларды іске асыруға үлес қоса отырып, өз қызметінің барлық кезеңдерінде тұрақты даму қағидаттарын дәйекті түрде енгізеді.

Компанияда барлық мүдделі тараптардың мүдделері ескерілген, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес ESG-қағидаттарын стратегиялық жоспарлауға, корпоративтік басқаруға және операциялық қызметке біріктіруге бағытталған «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы кешенді саясаты[39] қолданылады.

Тұрақты даму мәселелерін басқару стратегиялық деңгейден операциялық деңгейге дейінгі корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды. Директорлар кеңесі тұрақты даму мәселелерінде құқықтар мен өкілеттіктер берілген жоғары орган болып табылады.

[39] ДК-нің 25.08.2023 ж. № 13/23 шешімі.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Тұрақты даму және ESG мәселелерінде стратегиялық басшылық ету
- Тұрақты даму саласындағы ішкі құжаттар мен қызмет бағыттарын бекіту
- Тұрақты даму саласындағы НҚК бекіту және мониторингтеу
- Тұрақты даму қағидаттарын QazaqGaz даму стратегиясына біріктіруді бақылау
- ESG тәуекелдерін қадағалау
- Қаржылық емес есептілікті бекіту

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

- Тұрақты даму саласындағы мәселелерді қарау және қызметін мониторингтеу
- Қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік аспектілер және корпоративтік басқару саласындағы ішкі құжаттардың жобаларын қарау
- Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау

БАСҚАРМА

- Даму стратегиясын және QazaqGaz Директорлар кеңесінің тұрақты даму және ESG саласындағы шешімдерін іске асыру
- Тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарлары мен НҚК орындалуын бақылау
- Тұрақты даму саласындағы НҚК-ні тиімділікті бағалау жүйесіне біріктіру
- Тәуекелдерді басқару жүйесін бақылау, ESG тәуекелдерін азайту бойынша шараларды бекіту
- ESG бағыттары бойынша есептілікті бекіту

ESG БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ

- Корпоративтік деңгейде тұрақты даму саласындағы жобалар мен бағдарламаларды үйлестіру
- Жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда құрылымдық бөлімшелер мен ЕТҰ арасындағы келісімділікті қамтамасыз ету
- Қаржылық емес есептілікті дайындауды және ESG рейтингтеу шеңберінде өзара іс-қимылды сүйемелдеу

Стратегия және тұрақты даму департаменті

- Тұрақты даму және ESG саласындағы саясат пен бағдарламаларды әзірлеу
- Операциялық деңгейде ESG НҚК-не қол жеткізуді бақылау
- Тұрақты даму саласындағы жоспарларды іске асыруда құрылымдық бөлімшелерді, ЕТҰ, Басқарманы әдіснамалық қолдау
- Қаржылық емес есептілікті дайындау және ESG рейтингтеуді сүйемелдеу

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- Қызмет бағыттары бойынша бекітілген іс-шараларды іске асыру
- Өз қызметі мен құзыреті шеңберінде тұрақты даму саласындағы НҚК-ге қол жеткізу
- Компанияның экологиялық, әлеуметтік және басқару міндеттерін орындауға қатысу

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫ

ДЕҚОҚ және ҚТ департаменті [40]

- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлар мен саясатты іске асыру

Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті

- Кадрлық және әлеуметтік саясатты іске асыру, адам құқықтары, инклюзия, кемсітпеушілік мәселелерін Компанияның іс-тәжірибелеріне біріктіру

Өндірістік-техникалық департаменті

- ЕҚ және ӨҚ қағидаттарын, қоршаған ортаға әсерді төмендетуді, көміртексіздендіруді ескере отырып, өндірістік міндеттерді іске асыру

Корпоративтік хатшы және Комплаенс қызметі

- Корпоративтік басқару, іскерлік әдеп нормаларының және комплаенс-талаптардың сақталуын бақылау

[40] ДЕҚОҚ және ҚТ департаменті – денсаулық, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы департаменті.

2025 жылы Директорлар кеңесі жанындағы Стратегия және тұрақты даму комитетінің рөлі климаттық мақсаттарды мониторингтеу функциясымен толықтырылды; Басқарма деңгейінде тұрақты даму саласындағы НҚК қарау міндеттері қосылды.

2025 жылы QazaqGaz басқарушы органдары қарағаны негізгі мәселелер

Директорлар кеңесі	• Корпоративтік басқаруды жетілдіру және ESG рейтингіндегі позицияны жақсарту жөніндегі жоспарды (бұдан әрі – Жоспар) іске асыру. Көміртексіздендіру және климаттық тәуекелдер мәселелері • Халықаралық ESG-рейтингтермен өзара іс-қимыл
Стратегия және тұрақты даму комитеті	• ESG-көрсеткіштерді стратегиялық жоспарлауға біріктіру • Тұрақты даму және ESG саласындағы шығыстар • Климаттық мақсаттар
Басқарма	• 2025 жылғы QazaqGaz біріктірілген жылдық есебінің маңызды тақырыптары • 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы[41]

Компанияның ішкі құжаттары оның тұрақты даму саласындағы негізгі халықаралық қағидаттар мен стандарттарға бейілділігін бекітеді, қызметтің негізгі бағыттарын айқындайды, ESG мақсаттарын қоюға, оларға қол жеткізудің тиімділігін бағалауға, есептілікке және қаржылық емес ақпаратты ашуға қағидаттар мен тәсілдерді ресімдейді, сондай-ақ ESG мәселелерін басқару жүйесін құру жөніндегі жоспарларды көздейді.

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және тұрақты даму комитеті туралы ереже
- 2022–2025 жылдарға арналған «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ESG жүйесін жетілдіру жөніндегі кешенді жоспар
- Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2024–2025 жылдарға арналған ESG рейтингіндегі позициясын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары

Компанияның тұрақты даму және ESG саласындағы мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін қоршаған ортаны қорғау, климат, әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару саласындағы қызметті реттейтін ішкі құжаттар осы Есептің тиісті тақырыптық бөлімдерінде ашылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ESG САЛАСЫНДАҒЫ НҚК

НҚК жүйесін бөлшектеп байланыстыру қағидатына сәйкес, тұрақты даму және ESG саласындағы стратегиялық көрсеткіштер қызмет түрлеріне, функционалына, жауапкершілігі мен өкілеттіктеріне сәйкес ұйымдық құрылым бойынша жоғарыдан төмен қарай каскадталады. 2025 жылы мынадай бағыттар бойынша көрсеткіштер қолданылды:

- 2019 жылмен салыстырғанда, 2032 жылға қарай көміртегі ізін төмендету;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту;
- Компанияның ESG-рейтингтердегі позицияларын жақсарту және қаржылық емес ашудың сапасын арттыру;
- өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш;
- персоналдың тұрақтамауы;
- SRS әлеуметтік тұрақтылық индексі;
- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесі.

[41] ДК-нің 27.07.2025 ж. № 11/25 шешімі. Толығырақ **сайттан** қараңыз.

Көрсеткіштің деңгейіне қарай НҚК мониторингін Директорлар кеңесі, ДК жанындағы Стратегия және тұрақты даму комитеті, Басқарма, Стратегия және тұрақты даму департаменті, құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ тиіселігі бойынша жүзеге асырады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Компания тұрақты даму саласында НҚК қолдану іс-тәжірибесін кеңейтті және климаттық көрсеткіштерді корпоративтік жоспарлауға біріктіруді күшейтті.

Есепті жылы Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2024–2025 жылдарға арналған ESG рейтингіндегі позициясын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру аяқталды, оның ішінде:

- Мынадай ішкі құжаттар бекітілді: Кепілдіктер картасы, Компанияның негізгі басшы қызметкерлерінің сабақтастық жоспары, «QazaqGaz» ҰК» АҚ стейкхолдерлері картасы, Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жоспары, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің саясаты өзектендірілді және т.б.
- Мынадай міндеттер іске асырылды: парақорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі бойынша ISO 37001 сертификаты алынды; «QazaqGaz» ҰК» АҚ ішінде әлеуметтік әртүрлілікті жақсарту бойынша бастамалар мен ұсыныстарды талқылау жөніндегі кеңес құрылды; жүйелік деңгейде ішкі аудит және киберқауіпсіздік жүйесіндегі осалдықтарды бағалау жүргізілді; энергия тұтыну және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі мақсаттар белгіленді және т.б.

Тұрақты даму саласындағы құзыреттерді дамыту

2025 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері климаттық және өтпелі тәуекелдер, газ саласындағы көміртексіздендіру, сондай-ақ GRI стандарттары мен халықаралық ESG-рейтингтер талаптары бойынша құзыреттерін арттырды.

Компания UN Global Compact[42] мүшелігі шеңберінде SDG Ambition Accelerator білім беру бағдарламасына қатысуды жалғастырды, бұл жаңа білім алуға және оны Тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ТДМ) стратегиялық жоспарлауға және тұрақты даму мен ESG саласындағы мақсаттарды қоюға біріктіруді күшейту үшін пайдалануға мүмкіндік берді.

Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде ЕТҰ өкілдерінің қатысуымен парниктік газдар шығарындыларын есепке алу, деректерді жинау және шоғырландыру, сондай-ақ климаттық тәуекелдерді басқару тәсілдерін сәйкестендіруге бағытталған оқыту іс-шаралары өткізілді.

[42] SDG Ambition Accelerator – корпоративтік мақсаттарды белгілеуде және бизнесті негізгі басқаруға 17 Тұрақты даму мақсатын ықпалдастыруда компанияларды қолдауға бағытталған БҰҰ Жаһандық шартының алты айлық бағдарламасы.

Тұрақты даму саласындағы стратегия

GRI 2-22, GRI 2-23

2025 жылы тұрақты даму саласындағы QazaqGaz басымдықтары көміртегі ізін азайту, климаттық тәуекелдерді бағалау, өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыру, әлеуметтік саясатты дамыту болды.

НЕГІЗГІ ESG БАСЫМДЫҚТАРЫ



- **Парниктік газдар мен метан шығарындыларын азайту**
- **Энергия үнемдеу технологияларын енгізу**
- **Газды тасымалдау мен өңдеудің неғұрлым экологиялық әдістеріне көшу**



- **Адам капиталын дамыту**
- **Қазақстан халқының барлық санаттарының мүдделерін ескере отырып, табиғи газға әділ және негізделген тарифтерді қалыптастыру**
- **Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін табиғи газға қолжетімділікті қамтамасыз ету**



- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және комплаенс-тетіктерді күшейту**
- **Корпоративтік басқарудың ашықтығы мен есеп берушілігін арттыру**
- **Корпоративтік құрылымды оңтайландыру және басқару жүйесіндегі тәуелсіз директорлардың рөлін күшейту**
- **ESG-факторларды стратегиялық жоспарлауға және тәуекелдерді басқаруға біріктіру**
- **Капиталдың жария нарықтарына шығу үшін компанияның институционалдық тұрақтылығын күшейту**

QazaqGaz ESG-тәуекелдерді басқаруға, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауға және қаржылық емес ақпаратты ашуға ерекше көңіл бөледі.

ТДМ-ге назар аудару: мақсаттар және іске асыру

Экологиялық және әлеуметтік бастамаларды іске асыра отырып, QazaqGaz БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында, 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму стратегиясында және ұзақ мерзімді ұлттық дамудың басқа да стратегиялық құжаттарында айқындалған ұлттық басымдықтарға қол жеткізуге үлес қосады.

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Жақсы денсаулық және аман-есендік

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Жарақаттану деңгейін қысқарту және еңбек қауіпсіздігін арттыру
- Денсаулық сақтау мен кәсіби даярлықты қаржыландыруды ұлғайту
- Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды қамтамасыз ету

Маңызды тақырып

- Жұмысқа орналастыру іс-тәжірибесі
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- QazaqGaz «Самұрық-Қазына» АҚ портфелдік компаниялары арасында өндірістік қауіпсіздік саласында **1-орынды** иеленді
- **59,8 млрд теңге** еңбекті қорғауға, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігіне бағытталды
- **21 630** ішкі аудит ЕҚ және ӨҚ саласында жүргізілді; ішкі аудит қорытындысы бойынша сәйкессіздіктердің **93,7%** жойылды
- Есепті жылы **46** командалық-штабтық және 1594 өрт-тактикалық жаттығулар өткізілді
- ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесінің ҚР СТ ISO 45001-2018 және ISO 45001 талаптарына сәйкестігі расталды
- ЕҚ және ӨҚ саласында мердігерлік ұйымдарды бақылаудың қосымша шаралары енгізілді

59,8 млрд теңге

Еңбекті қорғауға, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігіне бағытталды

Сапалы білім

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Мектепке дейінгі сапалы оқуға тең қол жеткізу
- Тегін бастауыш және орта білім беру
- Білім беру саласындағы барлық теңсіздік түрлерін жою
- Жастарды толық жұмыспен қамту, оқыту және білім беру
- Балалардың мүдделерін, денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдардың ерекше қажеттіліктерін ескеретін оқу орындарын құру және жетілдіру

Маңызды тақырып

- Адам капиталын дамыту

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Бір қызметкерге шаққанда оқыту сағатының орташа саны **37,6 сағатты** құрады
- Қызметкерлерді оқытуға **754 млн теңге** бағытталды
- **8 196 қызметкер** міндетті оқытудан өтті
- **252 жұмысшы** кәсіп жұмыскері skills.enbek.kz платформасында оқытудан өтті
- **200 қызметкер** «Бастау» және «Өрлеу» бағдарламалары бойынша модульдік оқытудан өтті43
- 2025–2026 жылдарға арналған «Ізбасар» бағдарламасы аясында **15** білім гранты берілді
- Басқарушы құрамның **45-тен** астам өкілі «Тәуекел-менеджмент» тренингіне қатысты

Гендерлік теңдік

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жаппай жою, сондай-ақ әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

Маңызды тақырып

Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Гендерлік кемсітушіліктің бірде-бір жағдайы анықталмаған
- Гендерлік теңдік, кемсітушілікке қарсы тетіктер және ішкі рәсімдер мәселелері бойынша HR-функцияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандары оқытылды
- Әлеуметтік әртүрлілікті жақсарту жөніндегі кеңес құрылды
- Персоналды басқару, адам құқықтары, көптүрлілік және инклюзивтілік саласындағы ішкі құжаттар өзектендірілді
- Іскерлік әдеп кодексінің орнына «QazaqGaz» ҰК» АҚ Мінез-құлық кодексі енгізілді

43 «Бастау» және «Өрлеу» бағдарламалары – командалық өзара іс-қимылды, тиімді коммуникацияны және қызметкерлердің жеке тиімділігін қоса алғанда, негізгі soft skills дамытуға бағытталған Samruk Business Academy білім беру курстары.

Таза су және санитария

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Судың сапасын арттыру, қалдықтардың тасталуын жою және қайта айналым ауқымын ұлғайту
- Суды пайдаланудың тиімділігін арттыру және тұщы суды алу мен беруді қамтамасыз ету
- Су ресурстарын кешенді басқаруды қамтамасыз ету

Маңызды тақырып

- Су ресурстарын және сарқынды суларды басқару

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Су ресурстарын алудың жалпы көлемі **988,8 мың м³** құрады
- Су ресурстары төгінділерінің жалпы көлемі **355,3 мың м³** құрады
- Жалпы су тұтыну **633,4 мың м³** құрады
- 2024 жылмен салыстырғанда жалпы су тұтынудың төмендеуі **8,5%-ды** құрады
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС-де тазартылған суды қайталап пайдалану, инженерлік коммуникацияларды жөндеу, су өткізбейтін мембраналарды қолдану және сорғы жабдықтарын ауыстыру бойынша іс-шаралар жүргізілді

Қымбат емес және таза энергия

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Жаппай және тұрақты индустрияландыруға жәрдемдесу
- Заманауи энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей қолжетімділік
- Жаңартылатын энергия көздерінен энергия үлесін ұлғайту
- Экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулерді, технологияларды, инвестицияларды дамыту
- Тұтыну және өндіру кезінде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру

Маңызды тақырып

- Энергия тиімділігі

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Елді газдандыру деңгейі **64,2 %-ды** құрады
- Мерзімінен бұрын аяқталған «Талдықорған – Үшарал» МГҚ ұзындығы **302 км** құрады
- Жоба аясында **6 АГТС** салынды
- Жалпы энергия тұтыну **43,2 млн ГДж** құрады
- Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы тәуекелдер тізілімі жаңартылды
- Энергия тиімділігі мәселелері бойынша қызметкерлерге ақпарат беру жүргізілді

64,2%

Елдің газдандырылу деңгейі

Лайықты жұмыс және өнімділіктің экономикалық өсуі

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Толық жұмыспен қамту және тең еңбекақысы төленетін лайықты жұмыс
- Еңбек құқықтарын қорғау және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету
- Жастарға арналған жұмыс, оқыту және білім беру
- Тұрақты экономикалық өсу
- Әртараптандыру, жаңғырту және инновациялар

Маңызды тақырып

- Экономикалық нәтижелілік
- Мемлекеттік органдарға төлемдер
- Жұмысқа орналастыру іс-тәжірибесі
- Адам капиталын дамыту
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Қызметкерлердің орташа тізімдік саны **13 609 адамды** құрады
- Қызметкерлердің **98%** ұжымдық шарттармен қамтылған
- SRS әлеуметтік тұрақтылық индексі **78%** құрады
- Еңбек өнімділігі бір қызметкерге **107 358 мың** теңгені құрады
- QazaqGaz негізгі қызметінен кіріс **1 349,8 млрд** теңгені құрады
- QazaqGaz салық төлемдерінің көлемі **94,6 млрд** теңге құрады

Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- ҒЗТКЖ мен инновацияларды, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту

Маңызды тақырып

- Экономикалық нәтижелілік
- Киберқауіпсіздік
- Корпоративтік басқару

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- QazaqGaz инвестицияларының көлемі **265,4 млрд** теңгені құрады
- Күрделі қаржы шығыны **247,21 млрд** теңгені құрады
- Активтер портфелі «Shalqar Energy» ЖШС және Taiqonyr Energy Ltd. есебінен кеңейтілді
- Барлау және өндіру бағыты шеңберінде жаңа учаскелерді игеру басталды
- Қашаған кен орнында сұйытылған мұнай газын ауыстырып тиеу және фракциялау зауытының құрылысы басталды
- «QazaqGaz Onimderi» ЖШС-нің **6 АГТКС** Алматы мен Ақтөбеде жұмыс істейді
- QazaqGaz және «Интергаз Орталық Азия» АҚ тестілеу режимінде «Деңгейлес мониторинг платформасының» деректер витринасына салық есептілігі пакеттерін орналастырды
- Ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және операциялық қызмет жүйесін жақсарту бойынша **87** ұсыным дайындалды

Теңсіздікті азайту

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Барлық қызметкерлер үшін тең еңбек жағдайларын жасау, жұмыс орнында қысым көрсетудің немесе кемсітудің кез келген түрлерін жою

Маңызды тақырып

- Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер
- Адам құқықтары
- Адам капиталын дамыту

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- **175** мүмкіндігі шектеулі адам Топта жұмысқа орналастырылды
- «Ізбасар» бағдарламасы аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын балаларға **15 білім гранты** берілді
- **44 мың** отбасы «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы қолдау тапты
- «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы **20 млн** теңгеге жуық жеңілдіктер берілді
- **2,5 млн м³** жуық газ «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы сатылды
- Кемсітушілік пен адам құқықтарын бұзушылықтың расталған жағдайлары тіркелмеген

Тұрақты қалалар мен елді мекендер

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- ТЖ-ге төзімділікті арттыру

Маңызды тақырып

- Жергілікті қоғамдастықтар
- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
- Энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Жетісу облысының **84 елді** мекені «Талдықорған – Үшарал» МГҚ аяқталуының арқасында газдандыру мүмкіндігіне ие болады
- Тариф белгілеу және газбен жабдықтау мәселелері бойынша халықпен **16 өңірлік кездесу өткізілді**
- «QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік филиалдарында объектіні пайдалану қауіпсіздігі және ТЖ-ге ден қою мәселелері бойынша **50 қоғамдық тыңдау** өткізілді.
- **28** ақпараттық бағыты бар QazaqGaz медиа жоспары іске асырылды
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі 2026–2027 жылдарға арналған жол картасы бекітілді
- **297 млн** теңге өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына аударылды

50
қоғамдық тыңдау

«QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның операциялық бөлімшелерінде нысандарды пайдалану қауіпсіздігі және ТЖ ден қою мәселелері бойынша жұмыстар жүргізілді

Жауапты тұтыну және өндіріс

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Табиғи ресурстарды ұтымды игеру және пайдалану
- Мемлекеттік сатып алудың тұрақты іс-тәжірибесін қамтамасыз етуге жәрдемдесу

Маңызды тақырып

- Қалдықтарды басқару
- Су ресурстарын және сарқынды суларды басқару
- Атмосфераға шығарындылар
- Энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі
- Жеткізу тізбектері

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- QazaqGaz сатып алу көлемі **1 062,3** млрд теңгені немесе жылдық жоспардың **99,3%**-ын құрады
- QazaqGaz сатып алудың жалпы көлемінде ел ішіндегі құндылық үлесі **93%**-ды құрады
- Ел ішіндегі құндылықты дамыту және отандық жеткізушілермен өзара іс-қимыл бойынша іс-шаралар жүргізілді
- ЕТҰ-да қалдықтардың жекелеген түрлерін бөлек жинау, тапсыру және қайта пайдалану іс-тәжірибелері жүзеге асырылды
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да жыл сайынғы қалдықтарды түгендеу жүргізілді, филиалдар бойынша қалдықтар тізбесі өзектендірілді және қалдықтардың жиынтық тізбесі жасалды
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС-де май мен антифриз ыдыстарын, сондай-ақ металл сынықтарын қайта пайдалану іс-тәжірибелері дамытылды
- Құрамында сынап бар қалдықтарға арнайы контейнерлер орнатылды
- «QazaqGaz Aimaq» АҚ-да мамандандырылған ұйымдар **100%** қалдықтар шығаруды қамтамасыз етті
- «GPC Investment» ЖШС-де қалдықтардың қозғалысын бақылау, қалдықтардың түзілуін болдырмау және мердігерлік ұйымдарды бақылау бойынша шаралар іске асырылды

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа және жоспарлауға енгізу
- Қауіпті климаттық құбылыстарға қарсы тұру және бейімделу қабілетін арттыру

Маңызды тақырып

- Парниктік газдар шығарындылары және көміртексіздендіру
- Климаттық стратегия

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- **3,097 т CO2-экв.. / т өнім** – ПГ меншікті шығарындылары
- **12%** – базалық жылға ПГ жалпы шығарындыларының өсуі
- 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді
- Климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарлама жаңартылды
- Метан шығарындыларын азайту бойынша стратегияны бірлесіп әзірлеу мақсатында Carbon Limits-пен[44] ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды
- CDP[45] климаттық рейтингінде **«B»** деңгейі берілді

[44] Carbon Limits – парниктік газдар шығарындыларын азайту, метан шығарындыларын басқару, көміртексіздендіру және климаттық саясат мәселелеріне маманданатын халықаралық консалтингтік компания.
[45] CDP (ағылш. Carbon Disclosure Project) – экологиялық ақпаратты ашудың және климаттық тәуекелдерді басқару сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі.

Құрлық экожүйесін сақтау

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

- Ормандарды және биоалуантүрлілікті қорғау
- Шөлейттенуге қарсы күрес
- Азған жерлерді қалпына келтіру
- Түрлер мен табиғи аумақтарды қорғау
- Экоресурстарды тұрақты пайдалану

Маңызды тақырып

- Биоалуантүрлілік

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Экологиялық мәселелер бойынша **164 қоғамдық тыңдау** өткізілді
- ЭМЖ-нің **ISO 14001:2015** талаптарына сәйкестігі расталды
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да биоалуантүрліліктің кешенді мониторингі мен сандық бағалаудың бірінші кезеңі өткізілді
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС желілік инфрақұрылым аймағындағы әсерді бағалау орындалды: биоалуантүрлілікке әсер ету индексі – **0,74**
- «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында **> 566 мың** көшет отырғызылды
- Биоалуантүрлілік жағдайының едәуір нашарлауына әкелген **елеулі экологиялық оқыс оқиғалар – 0**

Бейбітшілік, сот төрелігі және институттар

БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер

Тұрақты даму мүддесінде бейбіт және ашық қоғам құруға жәрдемдесу

Маңызды тақырып

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік әдеп
- Корпоративтік басқару
- Бәсекелестікке кедергі келтіру

2025 жылғы QazaqGaz үлесі

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «жедел желіге» **38 өтініш** келіп түсті
- **1 203 қызметкер** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытылды
- ҚР СТ ISO 37001:2017 стандартына сәйкестік сертификаты алынды
- Комплаенс-процестерде цифрлық құралдарды қолдану кеңейтілді: электрондық құжат айналымы және өтініштерді есепке алудың автоматтандырылған арналары
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басшы органдардың мүшелеріне және қызметкерлерге арналған оқыту іс-шаралары өткізілді
- Мүдделер қақтығысын жыл сайын декларациялау жүргізілді
- Қызметкерлердің «жедел желі» арналары туралы хабар алуды арттыру бойынша жұмыс жүргізілді

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

GRI 2-24, GRI 2-29

QazaqGaz мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды айқындық, ашықтық, заңнаманы сақтау, өзара мүдделерді есепке алу және тұрақты кері байланыс қағидаттарында құрады. 2025 жылы Басқарма шешімімен Стейкхолдерлер картасы[46] бекітілді, онда мүдделі тараптардың негізгі топтары, олардың ықпал ету деңгейі және өзара іс-қимыл басымдықтары айқындалды. Осыған қоса, есепті жылы Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жоспары бекітілді, сондай-ақ ЕТҰ деңгейінде жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бойынша жол карталары бекітілді.

Жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс

2025 жылы QazaqGaz Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жоспарын бекітті. Ол халықпен диалогтың бірыңғай тәсілдерін, өтініштермен жұмыс істеу тәртібін және орталық аппарат пен ЕТҰ арасында жауапкершілікті бөлуді бекітеді. Жоспар әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге, Компанияға деген сенімді арттыруға және жобаларды іске асыру кезінде жергілікті қоғамдастықтардың мүдделерін ескеруге бағытталған.

Өзара іс-қимылдың негізгі тақырыптары газбен жабдықтауға қол жеткізу, тарифтік саясат, экологиялық мәселелер және әлеуметтік қолдау болды. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларға, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға және шалғайдағы өңірлердің тұрғындарына ерекше назар аударылды. Тиімділікті бағалау өтініштерді талдауға, әлеуметтік тәуекелдер мониторингіне және әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштеріне негізделді.

Мүдделі тараптардың пікірі Компания қызметінің түрлі кезеңдерінде ескеріледі. 2025 жылы өңірлерде қоғамдық кеңес беру іс-тәжірибесі кеңейтілді, өзара іс-қимылдың цифрлық арналары дамытылды.

[46] Басқарманың 30.01.2025 ж. шешімі.

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІКТЕРІ

Мүдделі тараптар тобы	Негізгі мүдделер	Өзара іс-қимыл бағыттары	Толығырақ осы бөлімде
Акционер	Ақпараттың ашықтығы мен шынайылығы, Компанияның тұрақты дамуы, басқару мен бақылаудың тиімділігі	Директорлар кеңесінің шешімдері, есептілік, кеңестер мен жұмыс кездесулер, ақпаратты жария ету	Корпоративтік басқару, **176-бет**
ЕТҰ	Түсінікті корпоративтік талаптар, ESG-тәсілдерді үйлестіру, әдіснамалық қолдау, мақсаттар мен көрсеткіштердің келістілігі	Кеңестер мен жұмыс кездесулер, ішкі корпоративтік коммуникациялар, әдіснамалық сүйемелдеу, есептілік	Тұрақты дамуды басқару, **58-бет**
Мемлекеттік органдар	Заңнаманы сақтау, есептіліктің ашықтығы, газбен жабдықтаудың сенімділігі, әлеуметтік маңызы бар бастамаларды іске асыру	Ресми есептілік, жұмыс кездесулер, ресми хат алмасу, кеңес беру мен келісу рәсімдеріне қатысу	Корпоративтік басқару, **176-бет**
Қызметкерлер	Қауіпсіз еңбек жағдайлары, әлеуметтік қолдау, дамыту және оқыту, кері байланыс	Корпоратив ішіндегі коммуникациялар, басшылықпен кездесулер, кері байланыс арналары, оқыту және ақпараттық іс-шаралар	Персоналды басқару және адам құқықтары, **122-бет;** Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, **150-бет**
Қатысу өңірлеріндегі халық	Газбен жабдықтауға қол жеткізу, тарифтік саясат, экологиялық аспектілер, әлеуметтік қолдау, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі	Қоғамдық тыңдаулар, кездесулер және кеңес берулер, цифрлық сервистер, сайт және әлеуметтік желілер, кері байланыс арналары	Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау, **166-бет**
Жеткізушілер мен мердігерлер	Ынтымақтастықтың анық шарттары, болжамды шарттық қатынастар, іскерлік әдеп, өзара жауапкершілік	Келіссөздер, іскерлік хат алмасу, шарттық рәсімдер, сатып алу және міндеттемелерді орындау шеңберіндегі өзара іс-қимыл	Жеткізу тізбектерін басқару, **227-бет**
Серіктестер	Ынтымақтастықтың сенімділігі, өзара іс-қимылдың ашықтығы, уағдаластықтарды сақтау	Кеңестер, келіссөздер, іскерлік хат алмасу, бірлескен жобалар	Жеткізу тізбектерін басқару, **227-бет**
Кәсіподақтар	Еңбек құқықтарын сақтау, еңбекті қорғау, әлеуметтік диалог, ұжымдық міндеттемелерді орындау	Кездесулер мен кеңес берулер, келісімдер, әлеуметтік және еңбек мәселелерін талқылау	Персоналды басқару және адам құқықтары, **122-бет**
БАҚ	Ақпараттың қолжетімділігі және уақытында берілуі, Компанияның ашықтығы, маңызды мәселелер бойынша түсініктемелер	Баспасөз конференциялары, медиа іс-шаралар, сайттағы және әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, ақпараттық хабарламалар	Есеп туралы, **242-бет**
Қауымдастықтар мен салалық бірлестіктер	Салалық диалогқа қатысу, іс-тәжірибелермен алмасу, тұрақты күн тәртібі мен реттеуді дамыту	Кәсіби және салалық күн тәртібі шеңберіндегі іс-шараларға қатысу, жұмыс кездесулер, ынтымақтастық	Тұрақты дамуды басқару, **58-бет**

ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН ЕРІКТІ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСУ

GRI 2-28

Тәжірибе алмасу және тұрақты даму саласындағы үздік іс-тәжірибелерді тарату мақсатында QazaqGaz кәсіби және салалық бірлестіктермен өзара іс-қимылды дамытады. Мұндай ынтымақтастық Компанияның тұрақты күн тәртібін корпоративтік деңгейде де, ұлттық деңгейде де дәйекті ілгерілетуге ықпал етеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ мен ЕТҰ-дың қауымдастықтар мен бірлестіктерге мүшелігі

Қауымдастық/Бірлестік		Ұйымдар
KAZENERGY	«KAZENERGY» ЗТБ – мұнай-газ және энергетика кешені заңды тұлғаларының, оның ішінде өндіруші және көлік, сервистік және геофизикалық, уран және басқа да ұлтаралық компаниялардың коммерциялық емес қауымдастығы. Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика кешендерінің тұрақты дамуына ықпал етеді	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «QazaqGaz Aimaq» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС
ҚР ҰКП НПП РК АТАМЕКЕН	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөз күшін күшейту үшін құрылған коммерциялық емес ұйым	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «QazaqGaz Aimaq» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС
KAZWELD КАЗАХСТАНСКАЯ АССОЦИАЦИЯ СВАРКИ	KazWeld қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы – Халықаралық дәнекерлеу институты (IIW) бағдарламасы бойынша жұмысшылардан инженерлерге дейін дәнекерлеу өндірісі мамандарын даярлау және оқыту үшін оқу орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қазақстандық уәкілетті орган	«Интергаз Орталық Азия» АҚ
Ирис	IRIS ұлттық бизнес қауымдастығы – кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, республикадағы кәсіпкерлік қызметті дамытуды ынталандыру мақсатында құрылған Қазақстанның іскер топтарының өкілдерін біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Мемлекеттік билік пен басқару органдарының кәсіпкерлікті дамытуға мүдделілігін арттыруға, Қауымдастықтың барлық мүшелерінің өз мүдделерін еркін білдіруіне және қорғауына мүмкіндік беруге ықпал етеді.	«Интергаз Орталық Азия» АҚ
СМК СОЮЗ МАШИНОСТРОИТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА	«Қазақстанның машина жасаушылар одағы» ЗТБ – Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытуға, сала кәсіпорындарын шоғырландыруға, олардың мүдделерін қорғауға, ынтымақтастықты дамытуға, өндірісті оқшауландыруға, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ машина жасау саласындағы мемлекеттік саясатты және нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге жәрдемдесетін салалық бірлестік.	«QazaqGaz» ҰК» АҚ

Ғаламшарға қамқорлық

88 Климаттың өзгеруі және көміртексіздендіру

99 Энергетикалық менеджмент

104 Қоршаған ортаға әсерді басқару

111 Атмосфералық ауаға әсер ету

113 Су ресурстарын басқару

116 Қалдықтарды басқару

118 Биоалуантүрлілікті және табиғи аумақтарды сақтау

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

05

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

- **GRI 11.1** Парниктік газдар шығарындылары және көміртексіздендіру
- **GRI 11.2** Климаттық стратегия
- **GRI 11.3** Атмосфераға шығарындылар
- **GRI 11.4** Биоалуантүрлілік
- **GRI 11.5** Қалдықтарды басқару
- **GRI 11.6** Су ресурстарын және сарқынды суларды басқару
- **GRI 11.8** Энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі Энергия тиімділігі

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

КЛИМАТ ЖӘНЕ КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ

QazaqGaz тобы бойынша 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бірінші Климаттық есебі әзірленіп, бекітілді

QazaqGaz компаниялар тобы бойынша климаттық тәуекелдерді басқару бағдарламасы жаңартылды

шығарындыларды бойынша тәуелсіз верификациялаудан өтті
«QazaqGaz Aimaq» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС
Scope 1[47] және Scope 2[48]

6,9%
Компания бойынша жалпы энергия тұтынуды азайту

4,180 млн т CO_2-экв.
Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдар шығарындыларының жиынтық көлемі

2,2%
түсім бірлігіне шаққанда парниктік газдардың меншікті шығарындыларын төмендету

энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы тәуекелдер тізілімі жаңартылды

0
энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласында іске асырылған елеулі тәуекелдер

[47] Scope 1 (1-қамту) – компанияға тиесілі немесе ол бақылайтын көздерден туындайтын парниктік газдардың тікелей шығарындыларын білдіреді.
[48] Scope 2 (2-қамту) – ұйымның сыртқы көздерден энергия тұтынуына байланысты парниктік газдардың (ПГ) жанама шығарындыларын білдіреді.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУ

0
биоалуантүрлілік жай-күйінің едәуір нашарлауына әкелген елеулі экологиялық оқыс оқиғалардың саны

barлық ЕТҰ бойынша ЭМЖ-нің ISO 14001:2015 талаптарына сәйкестігі расталды

12 997,8 млн теңге
қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығыстар

164
қоғамдық тыңдау

атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары белгіленген нормативтерден аспады

7,4%
су тапшылығы бар өңірлерде су тұтынуды төмендету

11 733,2 т қалдықтар
қалпына келтіруге және жоюға бағытталды

компрессорлық станциялар мен желілік инфрақұрылым аймағындағы биоалуантүрлілікке әсер ету индекстері есептелді

566 328 көшет
«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында отырғызылды

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- ПГ шығарындыларын төмендетуге және өндірістік объектілердің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасының қысқа мерзімді іс-шараларын іске асыру
- 2027–2029 жылдары іске асырылған ТКДБ іс-шараларының нақты тиімділігін бағалау, ЕТҰ энергетикалық аудиттерінің қорытындысы бойынша техникалық шешімдердің тізбесін кеңейту және 2030 жылдан кейінгі шараларға бюджетті қалыптастыру
- Global Methane Pledge шеңберінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерін қолдау мақсатында метан шығарындыларын есепке алу, мониторингтеу және азайту жүйесін дамыту үшін Oil & Gas Methane Partnership 2.0 (OGMP 2.0) стандартына кіру
- Барлық ЕТҰ-да ISO 14001:2015 талаптарына сәйкестігіне ЭМЖ-ге тұрақты аудит жүргізу
- Жамбыл облысында Айрақты және Анабай кен орындарында өтемдік ағаш отырғызуды аяқтау
- Барханная кен орнында өтемдік ағаш отырғызу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау
- «Қаскелең» АГТС-ны «Бұхар газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» МГҚ-ға қосу
- «Бұқара – Орал» МГҚ КС-12 және КС-13 учаскелерінде тазарту құрылғыларын іске қосу және қабылдау тораптарын көшіру
- «САЦ-5» және «Бұхар газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» МГҚ жекелеген учаскелеріндегі ақаулы құбырларды ауыстыру
- «GPC Investment» ЖШС-нің іске қосу-жөндеу жұмыстары және СТГ өңдеу зауытын пайдалану кезеңіне кешенді экологиялық рұқсат алуы

Климаттың өзгеруі және көміртексіздендіру

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 11: 21.1

QazaqGaz климаттың өзгеруі мәселелерінің және Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын іске асыруға өзінің қосатын үлесінің маңыздылығын түсінеді. Компания климаттық тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару тәсілдерін дамытады, сондай-ақ өзгермелі климаттық жағдайларға бейімделу шараларын іске асырады. Жұмыс парниктік газдар (бұдан әрі – ПГ) шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, метан шығарындыларын азайту және операциялық қызметті көміртексіздендіру тәсілдерін дамыту бағытында жүргізіледі. Сондай-ақ, баламалы энергия көздеріне ауысу жөніндегі бастамалар біртіндеп пысықталуда.

Компания пайдаланатын тәсілдер мен әдістер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ішкі құжаттарға және халықаралық стандарттарға негізделеді.

QazaqGaz-да климаттың өзгеруі мәселелері корпоративтік басқару жүйесіне енгізілген, өкілеттіктер мен жауапкершілік ішкі құжаттарда бекітілген.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Төмен көміртекті даму және климаттық өзгерістерге бейімделу саласындағы стратегиялық мақсаттарды бекіту
- Төмен көміртекті даму бағдарламасының көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелдерін қоса алғанда, елеулі тәуекелдерді қадағалау және бақылау
- Климаттың өзгеруі мәселелерін қамтитын стратегиялық құжаттарды, оның ішінде 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту
- Климат бойынша есептілікті бекіту

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

- Төмен көміртекті даму және климаттық тәуекелдерді басқару саласындағы стратегиялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруды мониторингтеу
- Тұрақты даму, климатқа әсер ету, көміртексіздендіру және олар бойынша есептілік саласындағы ішкі құжаттарды, жобаларды, бағдарламаларды және өзге де мәселелерді қарау
- Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

- Ішкі бақылаумен және басқарудың ашықтығымен, климаттық ақпаратты ашумен байланысты мәселелерді алдын ала қарау
- Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІ

- Басқарудың ашықтығымен және ынталандыру тетіктерінің ESG-бағытталған мақсаттармен үйлесімділігімен байланысты мәселелерді алдын ала қарау
- Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау

БАСҚАРМА

- Төмен көміртекті даму саласындағы стратегиялық мақсаттар мен бағдарламаларды іске асыруды басқару
- Тәуекел-менеджмент жүйесін басқару, оның ішінде климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды бекіту
- Климаттың өзгеруі мәселелеріне байланысты негізгі бағдарламалар мен күрделі шығындар бойынша шешімдер қабылдау
- ІНҚ бекіту

Стратегия және тұрақты даму департаменті

- Климаттық күн тәртібін корпоративтік басқару, жоспарлау және есептілік жүйесіне ықпалдастыруды қоса алғанда, стратегиялық және операциялық деңгейлерде тұрақты даму мәселелерін үйлестіру

Денсаулық, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы департаменті[49]

- Ішкі нормативтік және әдіснамалық құжаттарды әзірлеу
- Көміртегі ізін төмендету бойынша нысаналы көрсеткіштер мен іс-шараларды әзірлеу
- Климаттық тәуекелдерді сәйкестендіру
- ПГ шығарындыларын түгендеу және есептілікті дайындау

Өндірістік-техникалық департамент

- ЕТҰ-мен бірлесіп, өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер мен іс-шараларды әзірлеу
- ЕТҰ-дың энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы іс-шараларды іске асыруды мониторингтеу

Құрылымдық бөлімшелер мен ЕТҰ

- Көміртегі ізін азайту, энергия тиімділігі, өндірістік процестердің тиімділігі бойынша бағдарламалық іс-шараларды іске асыру және нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу
- Заңнамамен және ІНҚ-мен белгіленген талаптарды орындау
- Климаттық ақпаратты есепке алуға, мониторинг теуге және ашуға деректерді ұсыну

Тәуекелдерді басқару департаменті

- Климат тық тәуекел дерді қадағалау және басқару

[49] Бұдан бұрын – HSE департаменті (ағылш. Health, Safety & Environment – денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау). 2025 жылы бөлімшенің атауы Денсаулық, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және техникалық қауіпсіздік департаменті болып өзгертілді.

2025 жылы Директорлар кеңесі деңгейінде 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді. Басқарманың шешімімен жаңартылған Климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарлама, сондай-ақ IFRS S2[50] стандарты бойынша және TCFD[51], GHG Protocol[52] және SASB[53] ұсынымдарын ескере отырып дайындалған Климаттық есеп[54] бекітілді.

Директорлар кеңесі деңгейінде QazaqGaz тобы бойынша 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның климаттың өзгеруі саласындағы саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның парниктік газдар шығарындыларын басқару саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы (2025 жылы бекітілген)[55]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ ҚТ-ның климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарламасы (2025 жылы жаңартылған)[56]

QazaqGaz тобы бойынша жаңартылған Климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарлама бекітілді

QazaqGaz-да төмен көміртекті дамумен байланысты мақсаттар корпоративтік және уәждемелік НҚК жүйесіне енгізілген және басшылыққа сыйақы берумен байланысты. Бірқатар ЕТҰ-да басшылардың НҚК-не парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және көміртегі іздерін азайту бойынша нәтижелер енгізілген. 2026 жылға Басқарма төрағасының бірінші орынбасарына 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын іске асыру бойынша НҚК белгіленді.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

GRI 3-3, GRI 201-2, GRI 11: 21.1, IIRC, KASE

Климаттық тәуекелдер QazaqGaz тәуекелдерді басқару жүйесіне біріктірілген. Климаттық тәуекелдерді сипаттау, анықтау және бағалау процесі операциялық тәуекелдерге арналған тиісті процестер шеңберінде жүзеге асырылады.

Климаттық тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, төмендету және басқару тәсілдері Климаттық тәуекелдерді басқару бағдарламасында айқындалған. 2025 жылы Бағдарлама халықаралық ашу талаптарын, Компанияның ішкі құжаттарын және Бағдарламаның алдыңғы нұсқасын іс жүзінде қолдану нәтижелерін ескере отырып, өзектендірілді.

Бағдарламада климаттық тәуекелдердің екі санаты айқындалған: физикалық және өтпелі. Мынадай тәуекелдер сәйкестендірілді:

QazaqGaz негізгі климаттық тәуекелдері

Физикалық тәуекелдер (қатаң және созылмалы)		
→	**Қатаң**	Өндірістік және газ тасымалдау инфрақұрылымының, жабдықтардың, энергиямен жабдықтаудың зақымдану қаупін тудыратын қалыпсыз жауын-шашын, жел, ыстық, басқа да қатаң климаттық факторлар
→	**Созылмалы**	Жабдықтың істен шығуы, инфрақұрылымның құлауы, ЭЖЖ үзілуі қаупін тудыратын жауын-шашынның ұзақтығы мен көлемінің, орташа және ең жоғары температураның өсуі
Өтпелі тәуекелдер		
→	**Саяси және заңдық тәуекелдер**	Қазақстанда көміртекті реттеудің қатаңдауына байланысты қосымша квоталарды сатып алудан туындаған шығындардың өсуі IFRS S1[57] және IFRS S2 стандарттарына сәйкес қаржылық емес ақпаратты ашу бойынша талаптарды енгізуден туындаған, есептілікті дайындауға қосымша шығындардың өсуі
→	**Технологиялық тәуекелдер**	Қазақстанның төмен көміртекті даму стратегиясына сәйкес ПГ шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік беретін технологияларды енгізуге шығындардың өсуі I-REC[58] сертификаттарымен Scope 2 шығарындыларын өтеу тетіктерін пайдалануға байланысты шығындардың өсуі
→	**Нарықтық тәуекелдер**	Көміртексіздендірудің жаһандық үрдісі және қазба отын түрлерінен бас тарту себебінен табиғи газға сұраныстың қысқаруы нәтижесінде пайданың төмендеуі
→	**Бедел тәуекелдері**	Газ саласының стигматизациясына және ЖЭК энергиясын пайдаланудың жаһандық басымдылығына байланысты инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі, бұл негізгі стейкхолдерлердің, оның ішінде банктердің, инвесторлардың, биржалардың және т.б. кетуіне алып келеді.

Климаттық тәуекелдерді бағалауды Компания 2050 жылға дейінгі көкжиекте жүргізді, бұл ретте қысқа мерзімді мақсаттар 2030 жылға дейін айқындалды. Талдау құнды құрудың барлық тізбегін қамтиды – геологиялық барлау мен өндіруден бастап газды түпкілікті тұтынушыларға тасымалдауға, таратуға және сатуға дейін.

Тәуекелдер «Самұрық-Қазына» АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасының көміртексіздендіру тұжырымдамасына ең көп сәйкес келетін халықаралық стандарттар мен сценарийлерді қолдана отырып бағаланады. Мысалы, физикалық тәуекелдерді бағалау үшін IPCC[59] (SSP126; SSP245), өтпелі сценарийлер тәуекелдерді бағалау үшін IEA (IEA APS[60]; IEA NZE[61]) пайдаланылды.

ФИЗИКАЛЫҚ КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Физикалық климаттық тәуекелдерді бағалау газды магистральдық тасымалдау объектілері, өңірлердегі газ бөлу және газдандыру, сондай-ақ ресурстық база бойынша таңдалған екі сценарий бойынша тәуекелдердің туындау ықтималдығын талдау бөлігінде жүргізілді. Тәуекелдердің әсер ету дәрежесін бағалау өндірістік процестерді тоқтату ұзақтығы; көмекші процестерге әсер ету; ресурстарды тұтынудың өсуі; жабдықтың тиімділігін төмендету сияқты параметрлерге қатысты бағаланды.

Физикалық климаттық тәуекелдер ықпалының периметріне бес ЕТҰ түсті, оның ішінде: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz Aimaq» АҚ, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС. Бұл ұйымдардың объектілері мен процестеріне физикалық климаттық тәуекелдер айтарлықтай әсер етеді.

50 IFRS S2 (ағылш. Climate-related Disclosures) – климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашудың халықаралық стандарты.
51 TCFD (ағылш. Task Force on Climate-related Financial Disclosures) – климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі ұсынымдар.
52 GHG Protocol (ағылш. Greenhouse Gas Protocol) – парниктік газдар шығарындылары бойынша есепке алу мен есептіліктің халықаралық хаттамасы.
53 SASB (ағылш. Sustainability Accounting Standards Board) – салалық ерекшелікті ескере отырып, тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу стандарттары.
54 Басқарманың 27.06.2025 ж. № 11/25 шешімі. Толығырақ сайттан қараңыз.
55 «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 27.07.2025 ж. № 11/25 хаттамасы. Толығырақ сайттан қараңыз.
56 «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының 09.07.2024 ж. № 37 шешімі.
57 IFRS S1 (ағылш. General Requirements for Disclosure of Sustainability-related Financial Information) – тұрақты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашудың халықаралық стандарты.
58 I-REC I-REC (ағылш. International Renewable Energy Certificate) – электр энергиясы ЖЭК-ден өндірілгенін растайтын халықаралық жасыл сертификаттар жүйесі.
59 IPCC (SSP126 және SSP245) – Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топ әзірлеген сценарийлер. Олар XXI ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық даму мен климаттың өзгеруінің түрлі жолдарын сипаттайды.
60 IEA APS (ағылш. Announced Pledges Scenario) – жарияланған климаттық міндеттемелерді іске асыру және қазба отынға сұраныстың біртіндеп төмендету сценарийі.
61 IEA NZE (ағылш. Net Zero Emissions by 2050 Scenario) – көміртегі бейтараптығына және жеделдетілген энергетикалық ауысуға қол жеткізу сценарийі.

Талдау көрсеткендей, магистральдық тасымалдаумен айналысатын ЕТҰ үшін ең көп тәуекелдер газды сығымдау және салқындату, сондай-ақ энергиямен жабдықтау процестері шеңберінде туындайды. Тәуекел-факторлар: қалыпсыз жауын-шашын, жел, топырақтың жұмсаруына және шөгуіне әкелетін жауын-шашынның орташа жылдық мөлшерінің өзгеруі. Газ бөлу мен газдандырудың өндірістік процестері қалыпсыз ыстық пен қалыпсыз жауын-шашыннан туындайтын тәуекелдерге ұшырайды – бұл тәуекел-факторлар су тасқынын, су тасқынын, топырақтың шөгуін, сел мен көшкіндерді тудырып, жабдықтың істен шығуына алып келеді. Қар түріндегі жауын-шашын, сондай-ақ температураның көтерілуі газды дайындау процесіне және өндіру өндірісі объектілерін энергиямен жабдықтау процесіне әсер етеді. Сондай-ақ, өрттер газ өндіру процесін тоқтатуға тәуекел-фактор болып табылады.

ӨТПЕЛІ КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Өтпелі климаттық тәуекелдерді бағалау «QazaqGaz» ҰК» АҚ тобының периметрінде жүргізілді. Екі таңдалған сценарий шеңберінде тәуекелдердің «туындау ықтималдығы» және тәуекелдің «әсер ету дәрежесі» параметрлері пайдаланылды. Талдау көміртекті реттеумен және ашуға қойылатын талаптармен байланысты тәуекелдер біртекті және болжамды сипатта екенін және екі сценарийде де қысқа мерзімді де, орта мерзімді де келешекте де елеусіз болып қалатынын көрсетті. Парниктік газдар шығарындыларын төмендетуге бағытталған технологияларды енгізумен байланысты тәуекелдер орта мерзімді келешекте жоғары маңызға ие болады.

Сонымен қатар нарықтық және беделді тәуекелдер сценарийге байланысты болады: NZE сценарийінде олар ертерек пайда болады және күштірек көрінеді. Ұзақ мерзімді келешектегі ең үлкен әлеуетті тәуекел табиғи газға сұраныстың төмендеуіне және жаһандық энергетикалық ауысу аясында саланың инвестициялық тартымдылығының өзгеруіне байланысты.

QazaqGaz стратегиялық басымдықтарды орналастыру кезінде анықталған климаттық тәуекелдерді ескереді, тәуекелдерді төмендетуге және мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған жүйелі шараларды әзірлейді.

2025 жылы Компания климаттық күн тәртібіне қатысты мүмкіндіктерге, сондай-ақ оларды іске асырудың әлеуетті экономикалық пайдаларына қаржылық бағалау жүргізді.

12-кесте. QazaqGaz-дың негізгі климаттық мүмкіндіктері

Фактор	Мүмкіндік	Нәтиже
Энергия тиімді шешімдердің қолжетімділігі	Өндірістік және өткізу процестерінің тиімділігін арттыру есебінен шығындарды төмендету	↓ Шығындардың азаюы
ЖЭК субсидиялау	ЖЭК технологияларын енгізуге шығындарды төмендету	↓ Шығындардың азаюы
Төмен көміртекті өнімге сұраныстың өсуі	ЖЭК энергиясын өндіру мен сатудан, «жасыл» және «көгілдір» сутегін өндіру мен сатудан түсімді ұлғайту	↑ Түсімнің өсуі
Климаттық жобаларды іске асыру	Көміртегі бірліктерін сатудан түсімді ұлғайту	↑ Түсімнің өсуі
Төмен көміртекті технологияларды дамыту	Ұсталған CO_2, биометан мен биогазды тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынудан түсімді ұлғайту	↑ Түсімнің өсуі
Жасыл қаржыландыруды пайдалану	Көміртексіздендіру жобаларын іске асыру кезінде инвестициялық тартымдылықты арттыру, жасыл қаржыландыруды алу	↑ Инвестициялық тартымдылықтың өсуі
Капиталдың қолжетімділігінің өзгеруі	GGCS[62] сертификатын алуға байланысты инвестициялық тартымдылықты арттыру	↑ Инвестициялық тартымдылықтың өсуі
Энергетикалық ауысу жағдайында газға сұраныстың өсуі	Газға сұранысты арттыру есебінен түсімді ұлғайту	↑ Түсімнің өсуі

↓ Шығындардың азаюы ↑ Түсімнің өсуі ↑ Инвестициялық тартымдылықтың өсуі

[62] GGCS (ағылш. Green Gas Certification Scheme) – «жасыл» газдың (биометанның) шығу тегін оны өндіру нүктесінен түпкілікті тұтынушыға дейін қадағалайтын салалық сертификаттау жүйесі.

QazaqGaz климаттық мүмкіндіктерді климаттық тәуекелдерді басқару және төмен көміртекті даму бағдарламаларын іске асыру аясында инвестициялық тартымдылықты және бәсекеге қабілеттілікті арттырумен байланыстырады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Компания CDP рейтингінде B бағалауын алды, бұл климаттық мәселелерді басқару және ақпаратты ашу тәсілдерінің дәйекті дамуын көрсетеді.

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

GRI 3-3, GRI 11: 2.3, GRI 11: 21.1, IIRC

2025 жылы Компания экологиялық орнықты және әлеуметтік жауапты бизнес құруға бағытталған «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын[63] бекітті және мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

- парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- климаттық тәуекелдерді барынша азайту;
- энергия тиімділігін арттыру, энергия тұтынуды азайту және шығындарды үнемдеу;
- инвестициялық тартымдылықты және «жасыл» қаржыландыруды тарту мүмкіндігін арттыру;
- энергетикалық нарықтың трансформациясы және неғұрлым төмен көміртекті шешімдерге ауысу жағдайларындағы бәсекеге қабілеттілік.

ТКДБ аясында көміртексіздендіру тұрғысынан Компанияны дамытудың төрт сценарийі қаралады. 2033 жылға қарай Scope 1 және Scope 2 бойынша ПГ меншікті шығарындыларын 10%-ға қысқарту көрсеткіші бар «Терең көміртексіздендіру» сценарийі ысаналы болып таңдалды.

13-кесте. Даму сценарийлері

«Терең көміртексіздендіру»[64]	«Өндірістік даму»	«Жасыл» даму	Базалық (business as usual)
Технологиялық жаңарту, көміртегі ізін өтеу құралдарын және ұйымдастыру шараларын кеңінен қолдану арқылы шығарындыларды азайту және халықаралық климаттық стратегияларға сәйкес болу	Сценарий Бағдарламаны әзірлеу сәтінде жобалау, әзірлеу немесе салу сатысында тұрған жаңа кен орындарының, газды тасымалдау және қайта өңдеу жөніндегі жаңа қуаттардың әлеуетті шығарындыларын қамтиды. «Терең көміртексіздендіру» сценарийінің шығарындыларды қысқарту бойынша шаралары ескерілді	Жабдықтың энергия тиімділігін арттыру және оны жаңғырту, жаңартылатын энергия көздерін енгізу, процестерді автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі іс-шаралар арқылы Scope 1 бойынша шығарындылар деңгейін базалық 2021 жылғы деңгейде ұстап тұру	Қосымша климаттық бастамаларды немесе көміртексіздендіру шараларын енгізбей, ағымдағы технологиялық және операциялық параметрлерді сақтау
2033 жылға қарай нәтиже[65]			
Меншікті шығарындылардың 10%-ға төмендеуі	Меншікті шығарындылардың 3,72%-ға төмендеуі	Болжамды меншікті шығарындылардың 10,04%-ға өсуі	Меншікті шығарындылардың 10,43%-ға өсуі

ТКДБ парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған бұрын әзірленген бастамаларды қамтиды, сондай-ақ оларды жаңа нысаналы көрсеткіштермен және жоспарлармен кеңейтіп, толықтырады.

[63] Толығырақ сайттан қараңыз.
[64] Қолданыстағы активтер мен жобаларды ескере отырып.
[65] Базалық 2021 жылға қатысты.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу Стратегиясының, «Самұрық-Қазына» АҚ төмен көміртекті даму Тұжырымдамасының және QazaqGaz даму стратегиясының талаптарына негізделген.

ТКДБ іс-шаралары үш бағыт бойынша топтастырылған:

- техникалық: жабдықтарды жаңғырту, энергия тиімді және төмен көміртекті шешімдерді енгізу, ЖЭК пайдалану, газдың кемуін азайту және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру;
- ұйымдастырушылық: энергия үнемдеу және энергия менеджменті іс-тәжірибелерін дамыту, шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды, үйлестіруді және бақылауды жетілдіру;
- көмекші: климаттық жобаларды дамыту, нарықтық және өтемдік тетіктерді қолдану.

2025 жылы Компания климаттық іс-шаралардың экономикалық орындылығын бағалауды, күрделі және операциялық шығындарды талдауды, бағдарламаны іске асырудың макроэкономикалық әсерлерін бағалауды, сондай-ақ көміртегі бірліктерінің қолжетімділігін және климаттық жобалар ретінде жекелеген табиғат қорғау іс-шараларын есепке алу әлеуетін талдауды қоса алғанда, ТКДБ іске қосу бойынша дайындық жұмыстарын орындады[66].

QazaqGaz оқыту семинары: төмен көміртекті дамуға жол

2025 жылы QazaqGaz Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруға арналған оқыту семинарын өткізді. Семинар аясында көміртексіздендірудің жаһандық және ұлттық үрдістері, компанияның көміртегі бейінін қалыптастыру тәсілдері, көміртегін қажет етуді бағалау әдістері, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын төмендету бойынша іс-тәжірибелік шаралар қаралды. Деректермен іс-тәжірибелік жұмысқа, төмен көміртекті даму сценарийлерін үлгілеуге және еншілес ұйымдардағы іс-шаралардың тиімділігін бағалауға ерекше назар аударылды.

ТКДБ АЯСЫНДАҒЫ 2025 ЖЫЛҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Көміртексіздендіру саласында нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Компания 164 714,1 т CO_2-экв шығарындыларды азайтудың жиынтық әлеуеті бар 19 іс-шарадан тұратын портфелді қалыптастырды. Портфель 2025 жылға көзделген бастамалардан бастап 2033 жылға дейінгі көкжиекті ұзақ мерзімді жобаларға дейін әртүрлі іске асыру мерзімдері бар іс-шараларды қамтиды. Азайтудың жиынтық әлеуетіне негізгі үлесті табиғи газдың ысырабын төмендетуге, жабдықтың жұмыс режимдерін оңтайландыруға және өндірістік инфрақұрылымның энергия тиімділігін арттыруға бағытталған Scope 1 бойынша іс-шаралар қамтамасыз етеді.

Базалық жылмен салыстырғанда 2033 жылға қарай Scope 1 және Scope 2 бойынша ПГ меншікті шығарындыларын қысқартудың нысаналы көрсеткіші

[66] Толығырақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын сайттан қараңыз.

14-кесте. Шығарындылар санаттары бойынша портфелдің құрылымы

ПГ шығарындыларының санаты	Іс-шаралар саны	Шығарындыларды азайту әлеуеті, т CO_2-экв.
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1)	14	163 314,8
Жанама энергетикалық шығарындылар (Scope 2)	5	1 399,3
Жиыны	**19**	**164 714,1**

15-кесте. ЕТҰ бойынша портфелдің құрылымы

ЕТҰ	Іс-шаралар саны	Шығарындыларды азайту әлеуеті, т CO_2-экв.
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	8	113 919,6
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	4	28 524,1
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	6	21 896,4
«QazaqGaz Aimaq» АҚ	1	374,0
Барлығы	**19**	**164 714,1**

2025 жылға ТКДБ шеңберінде 17 683,4 т CO_2-экв шығарындыларды азайтудың жиынтық әлеуетімен іс-шаралар көзделген болатын. Есепті жылы іс-шаралар «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да іске асырылды.

2025 жылы «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да іске асырылған ТКДБ іс-шаралары

Іс-шараның атауы	Шығарындыларды азайту әлеуеті, т CO_2-экв.	2025 жылы шығарындыларды азайту нәтижелері, т CO_2-экв.
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1)		
Диаметрі 800-ден 1 440 мм дейінгі учаскелерде бекіту арматурасын ауыстыру	4 840,0	780
Компрессорларды шаю жүйесін пайдалану	4 625,6	6 184,6
Парниктік газдардың жанама шығарындылары (Scope 2)		
Қолданыстағы шамдарды энергия тиімді жарықдиодты аналогтарға ауыстыру	135,4	103,4
Жаңа буын станцияларында тиімсіз катодтық қорғау станцияларын ауыстыру	602,8	2 148,4
Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың ескірген сорғы агрегаттарын көлденең сорғылары бар энергия тиімді автоматты екі сорғы станцияларына ауыстыру	31,1	9 936

Кейінгі кезеңдерде ТКДБ шеңберінде 147 030,7 т CO2-экв. шығарындыларды азайтудың жиынтық әлеуеті бар 13 іс-шараны іске асыру көзделген. Азайтудың ең үлкен әлеуеті ұтқыр компрессорлық станцияларды пайдаланумен, жабдықтардың жұмыс режимдерін оңтайландырумен және отынды төмен эмиссиялық жағу технологиясын енгізумен байланысты[67].

[67] Толығырақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын сайттан қараңыз.

Scope 1 бойынша 2025–2026 жылдары іске асыру кезеңімен бірінші кезектегі іс-шараларға жататындар:

- «Азиялық газ құбыры» ЖШС-де: орталықтан тепкіш компрессорлардың құрғақ газ тығыздау жүйесін пайдалану, негізгі жабдықтың жарамды күйін ұстау, компрессорлық станциялардағы 19 ГПЭС күрделі жөндеу, кран тораптарының электрмен жабдықтау жүйесін күн панелдеріне ауыстыру, КС-6 ГПЭС-те өндірілетін электр энергиясын пайдалануды оңтайландыру;
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-де: «Арал» КС, «Қорқыт Ата» КС және «Түркістан» КС қолданыстағы РҚӨҚ жөндеу жұмыстарын жүргізу.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

GRI 305-1, GRI 305-2, GRI 305-3, GRI 305-4, GRI 305-5

QazaqGaz парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді мониторингтеуді, түгендеуді, верификациялауды, ашуды және басқа да міндетті рәсімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. 2025 жылы QazaqGaz климаттық әсерді мониторингтеу, көміртексіздендіру саласындағы ілгерілеуді бағалау, сондай-ақ міндетті және ерікті есептілікті дайындау мақсатында парниктік газдар шығарындыларының есебін жүргізді.

Газды магистральдық тасымалдауды жүзеге асыратын ірі ЕТҰ, оның ішінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС үшін мемлекеттік реттеу шеңберінде ПГ шығарындыларына квоталар қолданылады. Шығарындылар туралы деректер мемлекеттік көміртегі кадастрына енгізіледі және Париж келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық есептілігінде пайдаланылады.

Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдар шығарындыларын есептеу ұлттық әдістемеге және 2006 жылғы КӨҰСТ әдіснамасына сәйкес жүргізіледі. 2025 жылы Scope 3[68] санаты бойынша парниктік газдардың өзге де шығарындыларын есептеу жүргізілген жоқ.

Scope 1 бойынша шығарындыларды есептеу үшін мынадай көрсеткіштер мен коэффициенттер пайдаланылады: газ тығыздығы, төменгі жану жылуы, жағу және ысыраптар кезінде көміртек диоксиді шығарындыларының коэффициенттері, сондай-ақ метан шығарындыларының коэффициенті. Көрсетілген мәндер нақты түрде – есепті кезеңдегі (кезеңдегі орташа) газ паспорты негізінде айқындалады. Осылайша, парниктік газдар шығарындыларының көлемі жану үшін объектілерге түсетін газдың сапасына тікелей байланысты. Газды тасымалдау және сақтау кезінде аспаптық өлшеулер болмаған жағдайда, есептеулер дамыған елдердің мұнай-газ саласы үшін шығарындылардың орташа коэффициенттерін қолдана отырып, халықаралық әдіснамалар негізінде жүргізіледі. Есептеу кезінде метан (GWP = 28) және азоттың шала тотығы (GWP = 265) үшін КӨҰСТ ұсынған жаһандық жылыну әлеуетінің коэффициенттері қолданылды.

Шығарындылардың коэффициенттерін, сондай-ақ әртүрлі газдар шығарындыларын агрегаттау үшін қажетті мәндерді айқындау кезінде пайдаланылатын ғылыми білімнің шектеулі болуы салдарынан парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау ажырамас белгісіздікке ұшырайды.

Жанама энергетикалық шығарындыларды есептеу (Scope 2) сатып алынған электр және жылу энергиясын тұтыну туралы деректер негізінде аумақтық әдіс бойынша жүзеге асырылды.

Есепті жылы Scope 1 және Scope 2 шығарындыларын есептеуді верификациялау келесі ЕТҰ бойынша жүргізілді: «QazaqGaz Aimaq» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС Scope 1 және Scope 2 шығарындыларын тәуелсіз тексеруден өтті.

[68] Scope 3 (3-қамту) – компанияның құнын құру тізбегінде орын алатын, бірақ онымен тікелей бақыланбайтын парниктік газдардың барлық жанама шығарындыларын білдіреді.

16-кесте. Scope 1 және 2 бойынша парниктік газдардың жалпы шығарындылары, млн т CO2-экв.

GRI 305-1, GRI 305-2

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1), оның ішінде:	3,69	3,94	4,11	4,6
көмірқышқыл газы (CO_2)	2,22	2,40	2,49	3,8
метан (CH_4)	1,48	1,54	1,623	5,5
азоттың шала тотығы (N_2O)	0,00	0,001	0,001	—
Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (Scope 2)	0,056	0,054	0,065	20,4
Барлығы	**3,754**	**3,997**	**4,185**	**4,6**

2025 жылы Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдар шығарындыларының жиынтық көлемі 4,180 млн тонна CO_2-экв құрады. Базалық жылға қатысты 2021–2025 жылдар кезеңінде ПГ жалпы шығарындыларының өсімі 12%-ды құрады. Өсу серпіні газ тасымалдау ауқымының ұлғаюымен, инфрақұрылымның кеңеюімен және технологиялық ысыраптардың артуымен түсіндіріледі.

Жиынтық шығарындыларға ең көп үлесті 2025 жылы 4,12 млн т CO_2-экв. құраған Scope 1 бойынша шығарындылар қосады. Базалық жылға қатысты бұл қамту көлемі 14,7%-ға өсті.

Есепті жылы Scope 2 бойынша шығарындылар 0,065 млн тонна CO_2-экв. құрады. Шығарындылардың осы санатының үлесі өндірістік объектілерді көбінесе автономды газ энергиясымен жабдықтауды пайдалануға байланысты төмен күйінде қалып отыр. Scope 2 бойынша шығарындылардың төмендеуі базалық жылмен салыстырғанда 13,1%-ды құрады және 2023 жылдан бастап деректерді есептеудің аумақтық әдісін қолданумен түсіндіріледі.

Түсім бірлігіне парниктік газдардың меншікті шығарындылары 2025 жылы 3,097 т CO_2-экв. / млн теңгені құрады.

17-кесте. 2023–2025 жылдардағы түсім бірлігіне парниктік газдардың меншікті шығарындылары[69], млн т CO_2-экв. / млн теңге

GRI 305-4

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Парниктік газдардың меншікті шығарындылары (Scope 1 және Scope 2), млн т CO_2-экв. / млн теңге	3,469	3,168	3,097	–2,2
Түсім, млрд теңге	1 080,7	1 259,4	1 349,8	7,2

Scope 1 және Scope 2 бойынша парниктік газдар шығарындыларының жиынтық көлемі

түсім бірлігіне шаққанда парниктік газдардың меншікті шығарындыларының азаюы

[69] Парниктік газдардың меншікті шығарындыларын есептеу (көміртегін қажет ету) түсімге қатысты жүргізіледі.

18-кесте. 2023–2025 жылдардағы іс-шаралар нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларының азаюы, т CO_2-экв.

GRI 305-5

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1)	19 300	21 282	20 394	–4,2
Жанама энергетикалық шығарындылар (Scope 2)	4 111	6 481	5 532	–14,6
Шығарындылардың жалпы азаюы	23 411	27 763	25 926	–6,6

МЕТАН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ

IIRC

Метан шығарындыларын азайту климатқа әсерді қысқарту бөлігінде де, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру бөлігінде де басым бағыттардың бірі болып табылады.

Метан шығарындылары газ тасымалдау жүйесіндегі және жекелеген технологиялық операциялардағы кемулерден құралады. Компания метанның кемуін тиімді анықтау және жою үшін бақылау, диагностикалау, мониторингтеу, ақпаратты жинау мен өңдеуді қоса алғанда, барлық қолжетімді техникалық, технологиялық және ұйымдастыру іс-шараларын пайдаланады.

Кемуді анықтау үшін тексерудің ауалық, автомобильдік және жер үсті әдістері пайдаланылады. Жағдайларға байланысты метанның қашықтықтан лазерлік детекторлары, сынамаларды іріктеп алуға және кему қарқындылығын бағалауға арналған тасымалданатын аспаптар, сондай-ақ тасымалданатын және стационарлық газ талдағыштар қолданылады. Бекіту арматурасының саңылаусыздығын бақылауға және технологиялық жабдықты, оның ішінде жетуі қиын аймақтарда тексеруге ерекше көңіл бөлінеді.

2025 жылы метанның кемуін анықтау және жою жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Компания сондай-ақ түгендеу, мониторинг және есептілік құралдарын жетілдіруді қоса алғанда, метан шығарындыларын есепке алу мен басқару сапасын арттыру тәсілдерін дамытуды жалғастырды.

QazaqGaz метан шығарындылары бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге күш салуда. Осылайша, Carbon Limits-пен ынтымақтастық дамуда, оның шеңберінде метан шығарындыларын азайту стратегиясын әзірлеу және OGMP 2.0[70] есептілігін беру көзделген. Бұл қадам метан шығарындыларын өлшеуде дәлдік пен ашықтықты арттыруға, климатқа әсерді азайтуға, реттеуші талаптарға дайындалуға мүмкіндік береді.

2025 жылы парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1)

2025 жылы шығарындылардың жалпы азаюы

[70] OGMP 2.0 (Oil and Gas Methane Partnership 2.0) Қоршаған орта жөніндегі БҰҰДБ-ның (ЮНЕП) және Метан шығарындылары жөніндегі халықаралық обсерваторияның (IMEO) халықаралық бастамасы.

Энергетикалық менеджмент

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-12, IIRC

Энергия тиімділігі энергия тұтынуды және парниктік газдардың энергетикалық шығарындыларын төмендетудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Энергия тиімділігі бөлігіндегі Компанияның тәсілі процестердің энергия сыйымдылығын төмендетуге, энергия ысырабын қысқартуға және объектілерді пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін сақтай отырып, отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.

Энергия тұтынуды бақылау үшін Компанияда деректерді жинауды, сондай-ақ газ тасымалдау жүйесі объектілерінде электр және жылу энергиясын нақты тұтынуды талдау мен бақылауды қамтитын Энергия ресурстарын тұтыну мониторингінің кешенді жүйесі енгізілді. Бұл жүйе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

ЕТҰ-да энергия ресурстарын есепке алуды, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы іс-шараларды жоспарлауды, сондай-ақ энергия тиімді технологияларды және персоналды энергия үнемдеуге ынталандыру жүйесін енгізу жөніндегі шараларды реттейтін ішкі құжаттар қолданылады. Жекелеген еншілес ұйымдарда, оның ішінде «Азиялық газ құбыры» ЖШС-де және «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да ISO 50001:2018 сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесі енгізілді.

Энергия тиімділігі саласындағы мақсаттар мен іс-шаралар Төмен көміртекті даму бағдарламасына енгізілген, Компанияның парниктік газдар шығарындыларын азайту және операциялық қызметтің тұрақтылығын арттыру жөніндегі міндеттерімен байланысты[71].

[71] Толығырақ «Климаттың өзгеруі және көміртексіздендіру» тарауынан қараңыз.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- ТКДБ және басқа да стратегиялық құжаттар шеңберінде энергия тұтыну және энергия тиімділігі саласындағы негізгі көрсеткіштерді бекіту
- Төмен көміртекті даму бағдарламасының көрсеткіштеріне қол жеткізбеу тәуекелдерін қоса алғанда, елеулі тәуекелдерді қадағалау және бақылау
- Ішкі нормативтік құжаттар мен есептілікті бекіту

БАСҚАРМА

- Энергия тұтыну және энергия тиімділігі жөніндегі бағдарламалар мен жоспарларды іске асыруды ұйымдастыру
- Іс-шаралар жоспарларының және негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуын бақылау
- Тәуекел-менеджмент жүйесін басқару, тәуекелдерге ден қою шараларын бекіту

Өндірістік-техникалық департамент	Тәуекелдерді басқару департаменті	Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ
• Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды үйлестіру • Негізгі көрсеткіштерді мониторингтеу және талдау • Құрылымдық бөлімшелер мен ЕТҰ-ды әдіснамалық сүйемелдеу • Басқарма мен Директорлар кеңесіне басқарушылық есептілікті дайындау	• Тәуекелдерді басқару процесін әдіснамалық сүйемелдеу және үйлестіру, оларды төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу	• Энергия ресурстарының есебін жүргізу • Энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру. Өндірістік тәуекелдерді анықтау, бағалау және төмендету • Энергия ресурстарын тұтынудың ішкі мониторингі шеңберінде деректер мен есептілікті ұсыну

2025 жылы QazaqGaz 2023–2032 жылдарға арналған QazaqGaz даму стратегиясында көзделген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастырды. Іс-шаралардың орындалуын бақылау корпоративтік бағдарламалар мен жоспарлар, энергия тұтыну мониторингі жүйесі және энергия аудиті арқылы қамтамасыз етілді.

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

GRI 3-3, GRI 201-2

QazaqGaz корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне энергия тұтынуға және энергия тиімділігіне байланысты тәуекелдерді қамтиды. Осы тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілікті бөлу тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда айқындалған жауапкершілік аймақтарымен сәйкес келеді.

2025 жылы тәуекелдер тізілімін өзектендіру жүргізілді. Негізгі тәуекелдерге жатқызылғандар:

- энергия тұтынуды қысқарту және энергия тиімділігін арттыру бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізбеу тәуекелі;
- техникалық тәуекелдер, оның ішінде жабдықтың тозуы, жұмыс режимінің ауытқуы, агрегаттардың төмен энергия тиімділігі;
- қаржылық тәуекелдер, оның ішінде қаржыландырудың жеткіліксіздігі, энергия ресурстары құнының өсуі;
- реттеушілік тәуекелдер, оның ішінде энергия үнемдеу және экологиялық реттеу саласындағы талаптарды өзгерту;
- бедел тәуекелдері, оның ішінде тұрақты даму саласындағы міндеттемелерді сақтамау.

Есепті кезеңде Компания аталған тәуекелдерге мониторинг жүргізді, олардың іске асу жағдайлары анықталған жоқ.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласында жүзеге асқан елеулі тәуекелдер – 0.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ АРТТЫРУ

2025 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлері үшін S&P Global Commodity Insights[72]. ұйымымен сараптамалық өзара іс-қимыл шеңберінде ұйымдастырылған «Энергетикалық нарықтың келешектері: 2026 жыл және одан әрі» семинары өткізілді. Семинар салалық талдаумен алмасуға және әлемдік энергетикалық нарықтардың негізгі даму үрдістерін талқылауға бағытталды.

[72] S&P Global Commodity Insights – мұнай, газ, электр энергетикасын, климаттық күн тәртібін және энергетикалық ауысуды қоса алғанда, тауарлық және энергетикалық нарықтарды зерттеуге маманданған халықаралық талдамалық ұйым.

«Kazakhstan Energy Week – 2025» халықаралық форумы

2025 жылы QazaqGaz Астанада өтіп, 44 елден 2 700 делегатты біріктірген Kazakhstan Energy Week – 2025 XVI Еуразиялық KAZENERGY форумына қатысты. Форумның іскерлік бағдарламасы энергетикалық ауысу, көміртексіздендіру, инвестициялар, цифрландыру және тұрақты даму мәселелеріне арналған 21 тақырыптық сессияны қамтыды.

Форум аясында Компания «Газдың болашағы: энергетикалық ауысудың кілті» панелдік сессиясының ұйымдастырушысы болды, оның барысында табиғи газдың энергетикалық ауысудағы стратегиялық маңызы, газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғырту, өңдеуді дамыту, Қазақстанның жаһандық энергетикалық тізбектерге бірігуі және газ секторының тұрақты дамуына инвестициялар тарту мәселелері талқыланды.

KazaqGaz ЕТҰ өкілдері де форум іс-шараларына қатысты. «Саладағы әйелдер: жұмысшы кәсіптен көшбасшылыққа дейін» панелдік сессиясында спикер ретінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика қызметінің бастығы Ж.М. Әділова сөз сөйледі.

2025 ЖЫЛҒЫ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР

GRI 302-1, GRI 302-2, GRI 302-3, GRI 302-4

2025 жылы Компанияның энергия ресурстарын тұтынудың жалпы көлемі 43 262,5 мың ГДж құрады, бұл өткен есепті кезеңге қарағанда 6,9% аз. Жиынтық энергия тұтынудың 99,3%-ы қазба отынға тиесілі.

Энергияны өндірістік тұтынудың негізгі үлесі газды тасымалдаумен байланысты процестерге тиесілі, бұл өндірістік жабдықтың (электр жетектері мен сорғылар, электр жетекті газ айдау агрегаттары және басқалар) жұмысына негізделген.

Табиғи газбен жұмыс істейтін меншікті қазандық агрегаттар мен резервтік электр станциялары өндіретін электр энергиясы технологиялық жабдықтар, электр химиялық қорғау құралдары және басқа да қажеттіліктер үшін пайдаланылады. Энергияның едәуір бөлігі электр химиялық қорғау құралдарымен жер асты құбырларын тоттанудан қорғауды қамтамасыз етуге жұмсалады. Компания өзінің өндірген энергиясын сатуды жүзеге асырмайды.

2025 жылы электр энергиясын, оның ішінде өзінің өндірген энергиясын тұтынудың өсуі байқалды, бұл ретте тұтынылған жылу энергиясының көлемі азайды.

Меншікті энергия тұтыну 2024 жылмен салыстырғанда 5,6%-ға қысқарып, 0,85 мың ГДж/т өнім құрады.



жалпы энергия тұтынудың азаюы

19-кесте. 2023–2025 жылдардағы энергия тұтыну көлемі, мың ГДж

GRI 302-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Ресурстарды жалпы тұтыну, оның ішінде:	40 211,6	46 481,0	43 262,5	–6,9
Жаңартылмайтын көздер энергиясын тұтыну, оның ішінде	39 957,1	46 205,6	42 941,0	–7,1
Бензин	178,2	145,1	150,2	3,5
Дизель отыны	258,5	219,9	219,7	–0,1
Табиғи газ	39 520,4	45 828,2	42 565,8	–7,1
СКГ	0	12,4	5,3	–57,3
Жаңартылатын көздер энергиясын тұтыну	3,08	2,95	0,0010	–100
Күн батареялары және геотермалды сорғылар	3,08	2,95	0,0010	–100
Сатып алынатын энергия, оның ішінде:	251,5	272,5	321,6	18,0
Электр энергиясы	238,6	241,0	292,3	21,3
Жылу энергиясы	12,9	31,5	29,3	–7,0
Өзінің өндірген энергиясы, оның ішінде[73]:	1 118,1	1 266,3	1 130,1	–10,7
Электр энергиясы	343,4	346,8	349,0	0,6
Жылу энергиясы	774,7	919,5	781,1	–15,1
Энергияны үшінші тараптарға жеткізу	0	0	0	0

20-кесте. 2023–2025 жылдардағы өнімді меншікті энергетикалық тұтыну, мың ГДж/т өнім

GRI 302-3

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Газ тасымалдау, млрд м³*км	46 478	51 715	50 686	–2,0
Энергияны меншікті тұтыну, мың ГДж/т өнім	1,02	0,9	0,85	–5,6

Энергияны үшінші тараптарға жеткізу

2025 жылы ресурстарды жалпы тұтыну

[73] [GRI 2-4] 2024 жылғы көрсеткіш деректерді нақтылауға байланысты түзетілді.

21-кесте. 2023–2025 жылдардағы энергия тұтынуды қысқарту, мың ГДж

GRI 302-4

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Тиімділікті арттыру шаралары нәтижесінде қол жеткізілген энергия тұтынуды қысқарту көлемі	352	391	371	–5,1

2025 жылы ЕТҰ-да энергия үнемдеудің қолданыстағы жоспарлары мен ТКДБ шеңберінде энергия тиімділігін арттыруға және энергия мен газ ысырабын төмендетуге бағытталған іс-шаралар іске асырылды, оның ішінде:

- сыртқы және ішкі жарықтандыру аспаптарын жарықдиодты аналогтарға ауыстыру;
- газ турбиналы қозғалтқыштарды күрделі жөндеу кезінде газ айдау агрегаттарының энергия тиімділігін арттыру;
- сумен жабдықтаудың сорғы агрегаттарын жаңғырту;
- жаңа буын станцияларында тиімсіз катодтық қорғау станцияларын ауыстыру;
- бекіту арматурасын ауыстыру және газдың технологиялық ысырабын азайту жөніндегі өзге де іс-шаралар;
- күн панелдерін қолдануды қоса алғанда, электр энергиясын пайдалануды оңтайландыру және электрмен жабдықтау жүйелерін жаңғырту.

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ БОЙЫНША 2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2026 жылы QazaqGaz 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасының парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және өндірістік объектілердің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған қысқа мерзімді іс-шаралар кешенін іске асыруды жоспарлап отыр. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2026 жылға мынадай міндеттер жоспарланған:

- климаттық іс-шараларды экономикалық бағалау және ЕТҰ мен БК іске асыру жоспарларына енгізу үшін жобаларды басымдыққа алу;
- өндірістік объектілерде парниктік газдар шығарындыларын төмендету жөніндегі техникалық және ұйымдастыру іс-шараларын орындау;
- Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша парниктік газдар шығарындыларына талдау жүргізу;
- энергия тиімділігін арттыруға және технологиялық ысыраптарды азайтуға бағытталған жабдықтар мен технологиялық процестерді жаңғырту;
- газ тасымалдау және өндірістік инфрақұрылым объектілерінің жұмыс режимдерін оңтайландыру;
- көміртегі бірліктері мен климаттық жобаларды қоса алғанда, парниктік газдар шығарындыларын өтеу тетіктерін пысықтау.

Сондай-ақ, Компания жоспарында – OGMP 2.0 сериктестігіне қосылуға дайындық және метан шығарындыларын түгендеу үшін MIST құралын енгізу.

2027–2029 жылдары Компания іске асырылған іс-шаралардың нақты тиімділігін бағалауды, ЕТҰ-дағы энергия аудиттерінің нәтижелерін ескере отырып, техникалық шешімдердің тізбесін кеңейтуді және 2030 жылдан кейін шығарындыларды азайту жөніндегі шараларды іске асыру үшін бюджеттік параметрлерді қалыптастыруды жоспарлап отыр.

2030–2033 жылдары жаңа техникалық шешімдер мен климаттық құралдарды енгізуді, сондай-ақ Бағдарлама іс-шараларының жиынтық тиімділігін бағалауды қоса алғанда, неғұрлым ұзақ дайындықты талап ететін іс-шараларды іске асыру жоспарланып отыр.

Қоршаған ортаға әсерді басқару

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

GRI 3-33, GRI 2-12, KASE

QazaqGaz-дың барлау, өндіру, өңдеу қуаттары мен газ тасымалдау инфрақұрылымын салу және пайдалану саласындағы қызметі қоршаған ортаға әсермен байланысты. Компания қоршаған ортаны қорғау мәселелерін өзінің операциялық қызметінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне едәуір көңіл бөледі. Экологиялық әсер ету аспектілерінің қатарына атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары, қалдықтардың түзілуі, су ресурстарын пайдалану, жерлерді бұзу және табиғи экожүйелерге әсер ету жатады.

Әсерлерді басқару үшін Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі нормативтік құжаттардың және қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласында қолданылатын халықаралық стандарттардың талаптарына негізделген бірыңғай тәсілдерді қолданады.

Экологиялық менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ЭМЖ) компанияны басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, ресурстарды ұтымды пайдалануға, экологиялық талаптарды сақтауға және экологиялық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған. ЭМЖ ISO 14001:2015 халықаралық стандарт талаптарын ескере отырып құрылған және барлық QazaqGaz тобына таралады.

Компания жыл сайын ЭЖМ сертификаттық аудитінен өтеді. 2025 жылы барлық ЕТҰ экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001:2015[74] талаптарына сәйкестігін растады. Сәйкестікті растау сонымен қатар келесі есепті кезеңге жоспарланған.

Барлық ЕТҰ бойынша ЭЖМ-нің ISO 14001:2015 талаптарына сәйкестігі расталды

[74] ISO 14001:2015 – экологиялық менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейтін халықаралық стандарт.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Компанияның ҚОҚ саласындағы негізгі көрсеткіштерін бекіту, олардың орындалуын бақылау
- Стратегиялық құжаттарды, оның ішінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ экологиялық саясатын бекіту
- Стратегиялық жоспарлар мен НҚК іске асырылуын қадағалау, оның ішінде 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасының орындалуын бақылау
- Экологиялық тәуекелдерді қадағалау
- Компанияның біріктірілген жылдық есебі, стратегиялық деңгейдегі басқа да есептер ішінде ҚОҚ бойынша есептілікті бекіту

БАСҚАРМА

- ҚОҚ бойынша ішкі құжаттарды, оның ішінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Шығарындыларды басқару саясатын бекіту
- ЭМЖ жұмысын қадағалау
- ҚО-ға әсерді басқаруға бағытталған бағдарламалар мен іс-шаралардың іске асырылуын бақылау
- Экологиялық тәуекелдерді бақылау, ден қою шараларын бекіту
- Экологиялық есептілік мәселелерін қарау

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

- 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын іске асыру бойынша НҚК орындау
- Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну бірлігіне парниктік газдар шығарындыларын төмендету мониторингі

Денсаулық, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы департаменті

- Экологиялық және табиғат қорғау бағдарламаларын, іс-шараларын әзірлеу және үйлестіру
- ҚОҚ бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу және өзектендіру
- ҚОҚ мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелерді, ЕТҰ мен БК-ді әдіснамалық сүйемелдеу
- Деректерді шоғырландыру және ҚОҚ бойынша есептілікті дайындау

Өндірістік бақылау, еңбекті қорғау және экология департаменттері мен қызметтері

- Өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру
- Шығарындыларды, төгінділерді, қалдықтарды және ҚО компоненттерінің жай-күйін мониторингтеу
- ҚОҚ саласындағы рұқсат беру құжаттамасын және есептілікті дайындауды сүйемелдеу

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- Операциялық деңгейде ҚОҚ бойынша белгіленген талаптарды орындау
- Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу
- Шығарындыларды, төгінділерді, қалдықтарды және ҚО компоненттерінің жай-күйін мониторингтеу
- Табиғат қорғау іс-шараларын және түзету іс-қимылдарын орындау
- ҚОҚ бойынша есептілік үшін деректерді ұсыну
- Өзінің жауапкершілік аймағы шеңберінде ҚОҚ мәселелері бойынша уәкілетті органдармен және мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау

Компанияда Басқарма шешімімен бекітілген, QazaqGaz тобына кіретін барлық ұйымдар, барлық қызметкерлер орындауға міндетті, сондай-ақ қолданылатын талаптар бөлігінде мердігерлік ұйымдарға күшін таратын Экологиялық саясат әрекет етеді. Құжат Компанияның ластаушы заттардың шығарылуын азайтуға, қалдықтардың түзілу көлемін азайтуға және биоалуантүрлілікті сақтау бойынша шаралар қабылдауға ұмтылысын айқындайды. Бұдан басқа, Саясат құқықтық нормаларды сөзсіз сақтауды, қоршаған ортаны ластаудың алдын алуды, құбырлардың апатсыз жұмыс істеуі мен пайдаланылуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, Компанияның міндеттемелерін бекітеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі құжаттар

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның экологиялық саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін дамыту жөніндегі саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның шығарындыларын басқару саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның климаттың өзгеруі саласындағы саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның экологиялық менеджмент жүйесі
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарлама
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі бағдарлама
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі табиғат қорғау іс-шараларының жоспары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау саласында белгіленген талаптарға сәйкестігін мониторингтеу және бағалау
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ экологиялық аспектілерін сәйкестендіру
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы

ЗАҢНАМАҒА ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІК

GRI 3-3, GRI 2-23, GRI 2-27

QazaqGaz Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасының талаптарын және табиғат пайдалану саласындағы экологиялық рұқсаттар мен өзге де құжаттардың талаптарын ұстанады. Сондай-ақ, Компания Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдердің және QazaqGaz қосылған ерікті бастамалар мен стандарттардың ережелерін сақтайды.

Қазақстан Республикасының регламенттері

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі[75]
- Қазақстан Республикасының Орман кодексі[76]
- Қазақстан Республикасының Су кодексі[77]
- «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы[78]
- «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы[79]
- «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қ азақстан Республикасының Заңы
- «Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы[80]
- Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы[81]

75 02.02.2021 ж. № 400-VI (5.09.2023 ж. өзгерістермен және толықтырулармен).
76 08.07.2003 ж. № 477-II (19.01.2026 ж. жағдайдағы өзгерістермен және толықтырулармен).
77 09.04.2025 ж. № 178-VIII (12.03.2026 ж. жағдайдағы өзгерістермен және толықтырулармен).
78 09.06.2004 ж. № 593-II (01.01.2026 ж. жағдайдағы өзгерістермен және толықтырулармен).
79 09.06.2004 ж. № 593-II (01.01.2026 ж. жағдайдағы өзгерістермен және толықтырулармен).
80 31.10.2006 ж. № 1034 (30.09.2022 ж. жағдайдағы өзгерістермен және толықтырулармен).
81 02.02.2023 ж.№ 121.

Заңнаманың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету және комплаенс-тәуекелдерді азайту үшін Компания тұрақты негізде Қазақстан Республикасы заңнамасының және тұрақты даму саласындағы талаптардың өзгерістерін қадағалайды және оларды ішкі құжаттар мен басқару тәсілдерін өзектендіру кезінде ескереді.

2025 жылы Компанияда қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар тарапынан тексерулер жүргізілді, оның ішінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ мен «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-де тексерулер жүргізілді. Тексерулер нәтижелері бойынша рұқсат беру құжаттамасына және белгіленген нормативтерді сақтауға байланысты бұзушылықтар анықталды.

Есепті жылы табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 13,9%-ға ұлғайып, 605 млн теңгені құрады. Айыппұлдарды есептеудің негізгі себептері рұқсат беру құжаттары бөлігіндегі бұзушылықтар болды.

Анықталған бұзушылықтардың нәтижелері бойынша себептерге талдау жүргізіліп, оларды жою, сондай-ақ мұндай бұзушылықтарды болашақта болдырмау бойынша шаралар қабылданды.

22-кесте. Табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар, млн теңге

GRI 2-27

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар	523	531	605	13,9

ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Компанияның өндірістік объектілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және экологиялық рұқсаттардың шарттарына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау (бұдан әрі – ӨЭБ) бағдарламалары әзірленеді[82].

ӨЭБ ластау көздеріндегі шығарындыларды бақылауды, атмосфералық ауаның, су объектілері мен топырақтың жай-күйін мониторингтеуді, сондай-ақ қалдықтардың жиналуын бақылауды қамтиды. ӨЭБ нәтижелері технологиялық процестерді түзету, табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау және міндетті есептілікті дайындау үшін қолданылады.

Еншілес ұйымдарда ӨЭБ заңнамаға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес өндірістік объектілерде және филиалдарда жүргізіледі. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да мониторинг өзінің аккредиттелген зертханасын тарта отырып, тұрақты негізде жүргізіледі.

ӨЭБ орындалуы бойынша есептер **ecoportal.kz** сайтында жарияланады. Компания тоқсан сайын салық тізіліміне қоршаған ортаға әсер еткені үшін төлем туралы ақпарат береді.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

Өндірістік объектілерді салуды, реконструкциялауды немесе жаңғыртуды жоспарлау кезінде Компания қоршаған ортаға әсерді бағалауды (бұдан әрі – ҚОӘБ) не объектінің санатына қарай жеңілдетілген экологиялық сараптама жүргізеді. ҚОӘБ нәтижелері тиісті жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың құрамына енгізіледі.

ҚОӘБ рәсімдері жоспарланған жобалардың қоғамдық талқылауларын өткізуді, сондай-ақ жобаның өміршеңдігін сақтау шартымен табиғи жүйелерге қайтарымсыз теріс әсерді болдырмау үшін балама-лы шешімдерді қарауды көздейді[83]. ҚОӘБ-тың барлық кезеңдері Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады және құзыретті органдардың қарауымен сүйемелденеді.

Атап айтқанда, «Азиялық газ құбыры» ЖШС КС-6 басқару жүйесін жаңғырту жобасы бойынша жеңілдетілген экологиялық сараптамадан өтті, сондай-ақ эмиссиялар нормативтерінің 14 жобасын әзірледі, олар бойынша қоғамдық тыңдаулар, мемлекеттік экологиялық сараптама өткізіліп, жаңа мерзімге экологиялық рұқсаттар алынды.

82 02.01.2021 ж. № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 13-тарауына сәйкес.
83 Өткізілгендері туралы толығырақ «Тұтынушылармен өзара іс-қимыл» тарауынан және одан әрі «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» тарауынан қараңыз.

Жоспарланған жобаларды іске асыруға дайындық барысында жүргізілген бағалау нәтижелері туралы есептер Компанияның **сайтында** жарияланады.

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Міндеттемелерді орындау және корпоративтік мақсаттарға қол жеткізу үшін Компания табиғат қорғау іс-шараларын әзірлеп, жүзеге асырады. Олар ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға, су ресурстарын ұтымды пайдалануға, қалдықтардың түзілуін бақылауға, сондай-ақ тәуелсіз ұйымдарды тарта отырып, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жай-күйіне мониторинг жүргізуге бағытталған.

Табиғат қорғау іс-шараларының жоспарлары жол берілетін шығарындылар нормативтерін, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелерін, жобалау құжаттамасының, экологиялық заңнаманың талаптарын, сондай-ақ ағымдағы және жоспарланған өндірістік, күрделі жұмыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, орталық аппарат деңгейінде және әрбір ЕТҰ үшін қалыптастырылады.

2025 жылы QazaqGaz тобының ұйымдары мынадай бағыттар бойынша табиғат қорғау іс-шараларын іске асырды:

- атмосфералық ауаны қорғау және ластаушы заттардың шығарылуын бақылау;
- су ресурстарын ұтымды пайдалану;
- өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу;
- өндірістік экологиялық бақылау және қоршаған орта жай-күйінің мониторингі;
- аумақтарды көгалдандыру;
- экологиялық оқыту және персоналды ақпараттандыру.

Атап айтқанда, нақты ЕТҰ қызметіне тән іс-шаралар жүзеге асырылды.

2025 жылы ЕТҰ-дың табиғат қорғау іс-шаралары

ЕТҰ	Іс-шара	Нәтиже
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	«Алматы – Байсерке – Талғар» МГҚ 1 және 2-тармақтары арасындағы жалғастырғыштарды 1-тармаққа қосу («Алматы» МГҚБ) 598 – 501 км учаскесінде «Орта Азия – Орталық-4» магистральдық газ құбырының ақаулы құбырларын ауыстыру («Атырау» МГҚБ)	Газ тасымалдаудың сенімділігін арттыру, апаттық шығарындылардың ықтималдығын төмендету, пайдалану режимдерін оңтайландыру. **Мақсатты нәтижеге қол жеткізу – 34%** Газдың кемуі мен қоршаған ортаның ластану ықтималдығын төмендету, газ құбырының желілік бөлігінің пайдалану сенімділігін арттыру. **Мақсатты нәтижеге қол жеткізу – 31%.**
«QazaqGaz барлуа және өндіру» ЖШС	Жалпы ауданы 366 га облыстың жеті ауданын қамтитын және 1 млн астам көшет отырғызуды қарастыратын Айрақты және Анабай кен орындарын игеру бойынша міндеттемелер шеңберінде Жамбыл облысында орман екпелерін өтемдік отырғызу жобасы басталды	Қабылданған міндеттемелерді орындау, жер қойнауын игеру, инфрақұрылым құрылысы немесе барлау кезінде жойылған немесе зақымданған жасыл аймақтарды қалпына келтіру

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

GRI 2-27

QazaqGaz ЕТҰ-да қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар қызмет ауқымын, техногендік жүктеме деңгейін, табиғат қорғау заңнамасының талаптарын, сондай-ақ өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту, жерлерді қалпына келтіру және экологиялық мониторингті дамыту жөніндегі жоспарларды ескере отырып қалыптастырылады.

2025 жылы қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар 2024 жылмен салыстырғанда 330,5%-ға ұлғайып, 12 997,8 млн теңгені құрады. Шығыстар өсуінің негізгі үлесін қоршаған ортаны қорғауға арналған өзге де шығындарды, қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемдерді, сондай-ақ зерттеулер мен әзірлемелерге арналған шығыстарды ұлғайту құрады.

2023–2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР, млн теңге

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚЫТУ

Компания заңнаманың және ISO 14001:2015 стандартының талаптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқытуды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады. 2025 жылы білім беру іс-шаралары мен корпоративтік семинарлар экологиялық заңнамадағы өзгерістерді, қалдықтарды басқаруды, кешенді экологиялық рұқсаттар алуды, өндірістік экологиялық бақылауды, парниктік газдар шығарындыларын азайтуды, климаттық тәуекелдерді, IFRS S1, S2 қолдануды, биоалуантүрлілік мәселелерін және экологиялық мәдениетті дамытуды қамтыды.

QazaqGaz қызметкерлері 2025 жылы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен ұлттық қауымдастықтар ұйымдастырған метанмен жұмыс істеу, кемулерді азайту, шығарындыларды басқару және басқа да экологиялық тақырыптар бойынша бейінді семинарларға, конференцияларға және оқыту іс-шараларына қатысты.

ЕРІКТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУ

QazaqGaz әкімшілік және өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайтуға және жұмыскерлердің экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған ерікті бастамаларды іске асырады.

Компанияда «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын іске асыру жалғасуда. 2025–2027 жылдарға арналған электр энергиясы мен суды тұтынуды оңтайландыруды, қағаз тұтынуды қысқартуды, қалдықтарды басқаруды, қауіпсіздік және жауапты сатып алу мәселелерін қамтитын іс-шаралар жоспары бекітілді.

Орталық аппарат пен ЕТҰ-да макулатура жинау ұйымдастырылған, ал бизнес-орталықта пластик бөтелкелер мен алюминий құтыларды қабылдау үшін фандомат орнатылған. Сондай-ақ, дербес принтерлерді пайдалануды шектеуді, екі жақты басылымды қолдануды және жұмыс материалдары мен тұсаукесерлер үшін электрондық құрылғыларды пайдалануды қоса алғанда, қағаз құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар жалғастырылды. Кеңселік үй-жайларда көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша жоспар 100% орындалды.

қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ДИАЛОГ ҚҰРУ

GRI 2-29, KASE

QazaqGaz қоғамдық тыңдаулар, жұмыс кездесулері, консультациялар және жария ақпараттандыру арқылы қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасайды.

2025 жылы Компания мен ЕТҰ экологиялық мәселелер бойынша 164 қоғамдық тыңдау өткізді. Қоғамдық тыңдаулар ЕТҰ және БК жобалары бойынша экологиялық рәсімдер шеңберінде өткізілді, оның ішінде мынадай міндеттер үшін:

- Атырау облысы Мақат ауданындағы ГӨЗ жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау;
- өндірістік объектілер бойынша жобалық құжаттаманың экологиялық сараптамасы;
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС КС-6 басқару жүйесін жаңғырту;
- эмиссиялар нормативтерінің жобаларын әзірлеу және келісу;
- жаңа мерзімге экологиялық рұқсат алу және т.б.

23-кесте. 2025 жылғы ЕТҰ бойынша қоғамдық тыңдаулардың саны

ЕТҰ	Қоғамдық тыңдаулардың саны
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	94
«QazaqGaz Aimaq» АҚ	50
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	15
«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС	4
«GPC Investment» ЖШС	1

Экологиялық мәселелер бойынша 164 қоғамдық тыңдау

Салалық және сараптамалық бірлестіктерге қатысу[84]

QazaqGaz инвесторлармен, рейтингтік агенттіктермен, мемлекеттік органдармен, салалық бірлестіктермен, жұртшылықпен және өзге де мүдделі тараптармен қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Компания «KAZENERGY» ұлттық қауымдастығының[85], «ECOJER» Қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығының[86] және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жұмысына қатысады. Осы өзара іс-қимыл шеңберінде Компания өкілдері экологиялық реттеу, шығарындыларды басқару, метанның кемуін азайту, кемулерді анықтау үшін спутниктік мониторингті қолдану, сондай-ақ климаттық және экологиялық деректердің ашықтығын арттыру мәселелеріне арналған бейінді семинарларға, форумдар мен сараптамалық талқылауларға қатысты.

Мұндай өзара іс-қимыл QazaqGaz-ға реттеуші күн тәртібіндегі өзгерістерді ескеруге, салалық тәжірибемен алмасуға, метан шығарындыларын бақылау және ақпаратты ашу сапасын арттыру мәселелерін қоса алғанда, экологиялық және климаттық тәуекелдерді басқару тәсілдерін дамытуға мүмкіндік береді.

84 Толығырақ «Қауымдастықтарға қатысу» тарауынан қараңыз.
85 KAZENERGY – Қазақстанның отын-энергетикалық кешені кәсіпорындарының мүдделерін білдіретін салалық бірлестік.
86 ECOJER – Қазақстандағы экологиялық бастамаларды іске асыруға және тұрақты дамуға жәрдемдесетін бірлестік.

Атмосфералық ауаға әсер ету

GRI 3-3, GRI 305-7

QazaqGaz Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Шығарындыларды басқару жөніндегі саясатында жазылған қағидаттар мен тәсілдерге сәйкес, экологиялық қауіпсіздікті арттыру және атмосфералық ауаға түсетін ластануларды азайту жөніндегі іс-шараларды іске асырады. Шығарындылар нормативтері заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленеді және міндетті мемлекеттік сараптамадан өтеді.

Компания объектілеріндегі ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері – газ-піспекті электр станциялары, газ айдау агрегаттары, қазандықтар, көдеге жаратушы қазандықтар, дренаж ыдыстары, дизель отынын сақтауға арналған резервуарлар және өзге де технологиялық жабдықтар.

Ластаушы заттар шығарындыларының мониторингі ӨЭБ шеңберінде барлық еншілес және тәуелді ұйымдарда тұрақты негізде жүргізіледі. Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау жылына төрт рет санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекарасында және шығарындылар көздерінде ұйымдастырылады. Өлшеулерді аккредиттелген зертханалар аспаптық әдістердің көмегімен жүргізеді. Стационарлық көздерден шығарындыларды бақылау мақсатында Компания рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасында белгіленген нормативтерді ұстанады.

Мониторинг және бақылау қорытындысы бойынша іс-шаралар, оның ішінде технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ұйымдастырылмаған және апаттық шығарындылардың алдын алуға, жабдықтың жұмыс қабілеттілігін ұстап тұруға және экологиялық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған алдын алу іс-шаралары әзірленіп, жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі табиғат қорғау іс-шаралары жоспарының шеңберінде сонымен қатар ЕТҰ-да олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша іс-шаралар іске асырылды:

- Магистральдық газ құбырларын күрделі жөндеу және «Интергаз Орталық Азия» АҚ объектілерінде газды жылыту жүйелерін автоматты жылытқыштарға ауыстыру;
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС объектілерінде аумақтарды көгалдандыру және өсімдіктерді күту;
- «GPC Investment» ЖШС басқаратын құрылыс алаңы мен іргелес аумақта шаңды басу бойынша іс-шаралар.
- Шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар атмосфералық ауаның сапасына және халықтың денсаулығына оң әсерін тигізеді.

2025 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 39,3%-ға ұлғайып, 204 149,6 тоннаны құрады. Ұшпа органикалық қосылыстар мен басқа да ластаушы заттар шығарындыларының пайыздық өсуі «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің артуымен байланысты, ал метан шығарындылары көлемінің заттай мәнде өсуі газ тасымалдау ауқымды ұлғайтуға және инфрақұрылымды кеңейтуге байланысты газ тасымалдау жүйесіндегі және жекелеген технологиялық операциялардағы кемулердің өсуінен туындаған. Бұл ретте күкірт диоксидінің, қатты бөлшектердің, ауаны қауіпті ластағыштардың және көміртек оксидінің шығарындылары есепті жылы азайды.

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары 2025 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормативтерден асқан жоқ.

24-кесте. 2023–2025 жылдардағы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, тонна

GRI 305-7

	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Азот тотықтары (NOX)	8 291,0	9 289,1	9 557,4	2,9
Күкірт диоксиді (SOX)	156,3	307,4	110,8	–64,0
Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ)	117,9	182,8	4 065,4	2 123,9
Ауаны қауіпті ластағыштар (НАР)	14,6	45,4	27,6	–39,2
Көміртек оксиді (CO)	9 249,1	9 557,0	9 245,9	–3,3
Қатты бөлшектер (PM)	245,8	121,6	49,9	–59,0
Метан	126 346,7	126 363,3	179 813,7	42,3
Басқалары	132,3	640,0	1 278,8	99,8
Барлығы	**144 553,9**	**146 506,5**	**204 149,6**	**39,3**

2025 жылы атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары ҚР заңнамасында белгіленген нормативтерден асқан жоқ

Су ресурстарын басқару

GRI 3-3, GRI 303-1, GRI 303-2, GRI 303-3, GRI 303-4, GRI 303-5

Су ресурстарын басқару QazaqGaz табиғат қорғау қызметінің бір бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы Су кодексінің[87], талаптарына, су пайдалану саласындағы рұқсат беру құжаттарына сәйкес келеді. Компанияның негізгі ішкі құжаты – ең алдымен өндірістік су тұтынуды оңтайландыруға, сарқынды сулардың сапасын бақылауға және рұқсат етілген төгінділер нормативтерін сақтауға бағытталған Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарлама.

ЕТҰ деңгейінде су ресурстары мен сарқынды сулардың басқару тәсілдері объектілердің ерекшеліктерін ескере отырып айқындалады. ЕТҰ рұқсат құжаттарын алған кезде мүдделі тараптардың пікірін ескере отырып, келісудің барлық кезеңдерінен өтеді. Су ресурстарын тұтыну туралы деректерді еншілес ұйымдар шоғырландырады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік органдарға ұсынады[88].

2025 жылы су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, өндірістік қызмет барысында топырақ және жерасты суларына әсерді төмендету үшін QazaqGaz тобы компанияларының жүзеге асырғаны:

- тазарту құрылыстарын, су бұру жүйелерін, сүзу алаңдарын және буландырғыш тоғандарды пайдалану;
- өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде сарқынды және жерасты суларын мониторингтеу;
- пайдаланылатын су мен сарқынды сулардың сапасын бақылау;
- қолданылатын объектілерде тазартылған суды қайта пайдалану;
- су тасымалдайтын коммуникацияларды жөндеу және сорғы жабдықтарын ауыстыру.

25-кесте. 2023–2025 жылдардағы су алу көлемі су көздері бөлінісінде[89], Мл

GRI 303-3

	2023		2024		**2025**		2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %	
	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден
Үстіңгі көздер	0	0	0	0	0	0	–	–
Жер асты сулары	388,9	292,6	403,1	288,8	426,7	303,2	5,9	5
Теңіз сулары	0	0	0	0	0	0	–	–
Қабат сулары	0	0	0	0	0	0	–	–
Бөгде ұйымдардың сулары[90]	521,3	416,8	547,4	451,3	562,1	458,0	2,7	1,5
Жалпы су алу	**910,3**	**709,3**	**950,5**	**738,1**	**988,8**	**761,2**	**4,0**	**3,1**

87 Қазақстан Республикасы Су кодексінің 17-бабы.
88 Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66-бабының 1-тармағы.
89 Су тапшылығы бар өңірлер WRI (World Resources Institute) жіктемесіне сәйкес айқындалған.
90 Нөлдік салыстыру базасына байланысты пайыздық өзгеріс есептелмейді; серпін абсолюттік мәнде берілген.

26-кесте. 2023–2025 жылдардағы су алу көлемі тұщы және басқа да суға бөліністе, Мл

GRI 303-3

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Тұщы су	883,9	932,0	967,7	3,8
Басқа да су[91]	26,4	18,5	21,1	13,5
Барлығы	**910,3**	**950,5**	**988,8**	**4,0**

2025 жылы су алудың жалпы көлемі 4%-ға артты, бұл ретте жер асты көздерінен өзіндік су алу 5,9%-ға өсті, бөгде ұйымдар жеткізетін су көлемі 2,7%-ға өсті.

Өндірістік және әкімшілік қызмет барысында пайда болатын сарқынды сулардың негізгі түрлері мыналарды қамтиды: өндірістік, өнеркәсіптік нөсерлік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар. Компания механикалық және биологиялық суларды қоса алғанда, сарқынды суларды тазартудың заманауи әдістерін қолданады. Шаруашылық-тұрмыстық ағындар көп сатылы тазартудан өтеді: алдымен биологиялық тазарту үшін тазарту құрылыстарына, содан кейін сүзу алаңдарына немесе буландырғыш тоғандарға жіберіледі.

Сарқынды сулардың мониторингі ластаушы заттардың төгінділеріне рұқсаттар және өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырылады.

2025 жылы сарқынды сулар сапасының көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген шекті рұқсат етілген төгінділер нормативтерінен елеулі ауытқулар анықталған жоқ.

Ағындардың химиялық құрамы ауыр металдар мен басқа да қауіпті заттардың жоғары шоғырлануының жоқтығын дәлелдейді.

27-кесте. 2023–2025 жылдардағы қабылдаушы объектілер бойынша жалпы су бұру, Мл

GRI 303-4

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Үстіңгі сулар	0	0	0	–
Жер асты сулары (айдау)	0	0	0	–
Теңіз сулары	0	0	0	–
Жасанды су объектілері[92]	191,9	149,4	222,2	48,8
Тазалау үшін басқа тараптарға берілген[93]	125,3	108,6	133,1	22,6
Жалпы су бұру	**317,15**	**258,0**	**355,3**	**37,7**

28-кесте. 2023–2025 жылдардағы жалпы су бұру тұщы және басқа да суға бөліністе[94], Мл

GRI 303-4

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Тұщы су	305,4	246,9	345,5	39,9
Басқа да су[95]	11,8	11,1	9,8	–11,7
Барлығы	**317,15**	**258**	**355,3**	**37,7**

91 Нөлдік салыстыру базасына байланысты пайыздық өзгеріс есептелмейді; серпін абсолюттік мәнде берілген.
92 Оның ішінде буландырғыш тоғандар, жинақтағыш тоғандар және сүзу алаңдары.
93 Нөлдік салыстыру базасына байланысты пайыздық өзгеріс есептелмейді; серпін абсолюттік мәнде берілген.
94 [GRI 2-4] 2023 және 2024 жылдардағы көрсеткіштер деректерді нақтылауға байланысты түзетілді.
95 Нөлдік салыстыру базасына байланысты пайыздық өзгеріс есептелмейді; серпін абсолюттік мәнде берілген.

29-кесте. 2023–2025 жылдардағы су тапшылығы бар өңірлерге төгінділердің жалпы көлемі[96], Мл

GRI 303-4

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Тұщы су	185,2	138,9	206,9	49,0
Басқа да су[97]	11,8	11,1	9,8	11,7
Барлығы	**197,9**	**150**	**216,7**	**44,5**

30-кесте. 2023–2025 жылдардағы су тұтыну, Мл

GRI 303-5

	2023		2024		2025		2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %	
	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден	Барлық өңірлерден	Оның ішінде су тапшылығы бар өңірлерден
Жалпы су тұтыну	**593,1**	**511,41**	**692,5**	**588,1**	**633,4**	**544,5**	**–8,5**	**–7,4**

2025 жылдың қорытындысы бойынша QazaqGaz тобының суды қайтарымсыз тұтынуы 633,4 Мл құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 8,5%-ға аз. Сондай-ақ, су тапшылығы бар өңірлерде су тұтыну 7,4%-ға төмендеді.

Ауыз су, шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік және техникалық қажеттіліктер үшін су алуды қоспағанда, Компания су объектілеріне елеулі теріс әсер етпейді.

Кәсіпорындар үшін су қалалық сумен жабдықтау ұйымдарымен жасалған шарттар бойынша түседі. Компанияның су ресурстарына әсері шамалы болғандықтан, су тұтынуды төмендету бойынша нысаналы көрсеткіштер белгіленбейді.

97 Нөлдік салыстыру базасына байланысты пайыздық өзгеріс есептелмейді; серпін абсолюттік мәнде берілген.

Қалдықтарды басқару

GRI 3-3, GRI 306-1, GRI 306-2, GRI 306-3, GRI 306-4, GRI 306-5

QazaqGaz-да қалдықтардың (коммуналдық және өндірістік) түзілуі ең алдымен ЕТҰ-дың өндірістік процестерімен, атап айтқанда, газды өндірумен, тасымалдаумен, таратумен және сатумен, газ инфрақұрылымы мен жабдықтарды пайдаланумен, құрылыс және жөндеу жұмыстарымен, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық қызметпен байланысты.

Қалдықтар ұлттық Қалдықтар сыныптауышына[98] сәйкес қауіпті және қауіпсіз болып жіктеледі.

Қауіпті қалдықтар санатына пайдаланылған люминесцентті шамдар; пайдаланылған аккумуляторлар; есептен шығарылған электр және электрондық жабдық; химиялық өнім ыдысы; пайдаланылған майлар; май және отын сүзгілері; мұнай шламдары; құрамында органикалық еріткіштер мен басқа да қауіпті заттар бар лактар мен бояулардың қалдықтары; майланған топырақ және басқалары жатады.

Қауіпсіз қалдықтар санатына аралас коммуналдық қалдықтар; металл сынықтары; дәнекерлеу электродтарының күйіктері; дәнекерлеу, оқшаулау және құрылыс материалдарының, сүректердің қалдықтары; құрылыс қалдықтары және басқалары жатады.

Қалдықтармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

Барлық ЕТҰ-да ЕТҰ қызметінің сипатын ескеретін, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламалар әзірленді. Барлық ЕТҰ-да қалдықтарды тұрақты түгендеу, жіктеу және паспорттау жүргізіледі; заңнаманың талаптарына сәйкес олардың қозғалысын есепке алу жүргізіледі және қалдықтармен жұмыс істеудің базалық рәсімдері қолданылады, соның ішінде:

- қауіпті және қауіпсіз қалдықтарды бөлек жинау және есепке алу;
- қалдықтарды жіктеу, паспорттау және түгендеу;
- филиалдар мен өндірістік объектілер бойынша қалдықтар тізбесін өзектендіру;
- уақытша жинақтау лимиттерін сақтай отырып, арнайы жабдықталған алаңдарда қалдықтарды уақытша жинақтау;
- қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе орналастыру үшін мамандандырылған лицензияланған ұйымдарға тапсыру; тапсырылған қалдықтармен одан әрі жұмыс істеуді бақылау;
- қалдықтармен жұмыс істеу бөлігінде өндірістік экологиялық бақылау;
- қалдықтармен жұмыс істеуге жауапты персоналды оқыту және нұсқамалық өткізу;
- қалдықтармен жұмыс істеу туралы ақпаратты уәкілетті органдарға ұсыну.

2025 жылы QazaqGaz ЕТҰ компаниялары қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды іске асыруды жалғастырды. Негізгі шаралар заңнама талаптарын сақтауға, экологиялық тәуекелдерді азайтуға және қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуге бағытталды.

2025 жылғы ЕТҰ деңгейінде қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі іс-шаралар

ЕТҰ	2025 жылдың негізгі нәтижелері
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Жыл сайынғы қалдықтарды түгендеу жүргізілді, филиалдар бойынша қалдықтар тізбелері өзектендірілді және қалдықтардың жиынтық тізбесі қалыптастырылды
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	Май және антифриз ыдыстарын, сондай-ақ металл сынықтарын қайта пайдалану іс-тәжірибелері дамытылды Құрамында сынап бар қалдықтарға арналған арнайы контейнерлер орнатылды, ал құрамында сынап бар шамдар істен шыққан сайын жарықдиодты шамдарға ауыстырылды

[98] Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 06.08.2021 ж. № 314 бұйрығымен бекітілген.

31-кесте. 2023–2025 жылдардағы қалдықтар түзелуі, т

GRI 306-3

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Қауіпті	1 344,7	1 545,2	9 535,9	517,1
Қауіпсіз	2 622,8	2 170,1	2 236,4	3,1
Барлығы	**3 967,5**	**3 715,3**	**11 772,3**	**216,9**

2025 жылы қалдықтар түзілуінің артуы атап айтқанда, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС жүргізетін құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ «GPC Investment» ЖШС атқаратын Қашаған кен орнындағы газ өңдеу зауыты жобасының шеңберіндегі құрылыс жұмыстарына байланысты болды. Негізгі өсім қауіпті қалдықтарға тиесілі болды.

2025 жылы қалпына келтіруге бағытталған қалдықтардың көлемі 6 809,6 тоннаны құрады, оның ішінде 5 707,9 тонна қауіпті және 1 101,7 тонна қауіпсіз қалдықтар болды.

32-кесте. 2025 жылғы қалдықтармен жұмыс істеу, т

GRI 306-4, GRI 306-5

Көрсеткіш	Компанияда	Мердігерлік ұйымдардың көмегімен	**Барлығы**
Қалпына келтіруге жіберілген қалдықтар, оның ішінде:	0	6 809,6	**6 809,6**
- қауіпті	0	5 707,9	**5 707,9**
- қауіпсіз	0	1 101,7	**1 101,7**
Жоюға жіберілген қалдықтар, оның ішінде:	0	4 923,6	**4 923,6**
- қауіпті	0	3 877,3	**3 877,3**
- қауіпсіз	0	1 046,3	**1 046,3**

Компанияда қалдықтардың түзілуінің қоршаған ортаға және адамдарға әсері аз. Бұл олардың пайда болуын болдырмау және операциялық қызметте барынша азайту жөніндегі QazaqGaz-дың белсенді күш-жігеріне негізделген. Компания қалдықтарды қайта пайдалану көлемін арттырады және бейінді компаниялармен бірлесіп оларды қайта өңдеу және кәдеге жарату процестерін жетілдіреді.

Биоалуантүрлілікті және табиғи аумақтарды сақтау

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 101-1, GRI 101-3

QazaqGaz тобына кіретін ұйымдардың өндірістік процестері экожүйелер мен биоалуантүрлілікке қайтсе де әсер етеді, сондықтан әсерді азайту, жерлерді қалпына келтіру және биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі міндет Компания үшін басым болып табылады. Бұл жұмыста QazaqGaz Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, халықаралық әдістемелер мен стандарттарды[99], сондай-ақ ішкі құжаттарды нақты ұстанады. Жобаларды жүзеге асыру кезінде Компания барлық қажетті рұқсат беру құжаттарын алғаннан кейін жұмыстарды орындайды.

Табиғи ортаға әсерді басқару экологиялық менеджмент жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Директорлар кеңесі мен Басқарма тәуекелдерді стратегиялық қадағалау мен бақылауды және табиғат қорғау іс-шараларын іске асыруды қамтамасыз етеді, ал бейінді департамент іс-шараларды іске асыру және есептілікті дайындау бөлігінде Топтың ұйымдарымен жұмысты үйлестіреді[100].

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

GRI 101-2, GRI 11: 4.3

Биоалуантүрлілікке әсер ету факторларын бағалау ЕТҰ деңгейінде өндірістік объектілердің және қатысу аумақтарының ерекшелігін ескере отырып жүргізіледі. 2025 жылы мұндай жұмыс «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да сегіз компрессорлық станциядағы ғылыми-зерттеу жұмысы, өндірістік экологиялық мониторинг деректері және ЕТҰ деңгейінде басқару шешімдерін қайта қарау негізінде жүргізілді. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-дағы бағалау нәтижелері бойынша биоалуантүрлілікке әсер етудің негізгі факторларына жатқызылғандар:

- өндірістік объектілер мен желілік инфрақұрылым орналасқан аймақта топырақтың азуы;
- өсімдіктердің антропогендік өзгеруі және мекендейтін жерлердің бұзылуы;
- шуды қоса алғанда, фаунаға физикалық әсер ету;
- экожүйелерді фрагменттеу және көші-қон жолдарының әлеуетті бұзылуы;
- реттелмеген жайылымды, бөгде техниканың қозғалысын және бей-берекет үйінділерді қоса алғанда, азудың фондық факторлары.

Есепті жылы тәуекелдерді өзектендіру «Интергаз Орталық Азия» АҚ сегіз компрессорлық станциясында ғылыми-зерттеу жұмысы, өндірістік экологиялық мониторинг деректерін талдау және ЕТҰ деңгейінде басқару шешімдерін қайта қарау негізінде жүргізілді.

Жұмыс қорытындысы бойынша «Интергаз Орталық Азия» АҚ объектілерінің іс жүзіндегі және әлеуетті әсер ету аймақтары нақтыланды, сондай-ақ биоалуантүрлілікке әсер етудің интегралдық индексін қоса алғанда, жиынтық әсерді сандық бағалауға индикаторлық тәсіл қолданылды. Есепті кезеңде биоалуантүрлілік жай-күйінің едәуір нашарлауына алып келген елеулі экологиялық оқыс оқиғалар тіркелген жоқ.

Биоалуантүрлілік жай-күйінің едәуір нашарлауына әкелген елеулі экологиялық оқыс оқиғалар – 0

ЕТҰ деңгейінде биоалуантүрлілікке әсерді төмендету үшін бұзылған учаскелерді қалпына келтіру және тұрақтандыру, өсімдіктерді қалпына келтіру, техниканың рұқсатсыз кіруін шектеу, сондай-ақ шуыл әсерін төмендетуге бағытталған техникалық шешімдер мен пайдалану режимдері қолданылды.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

GRI 101-4, GRI 11: 4.4, IIRC, KASE

QazaqGaz-дың биоалуантүрлілікке әсерді басқару тәсілі алдын алу, барынша азайту және қалпына келтіру қағидаттарына негізделген. Әсерлерді бағалау, мониторингтеу және іс-шараларды жоспарлау үшін Биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі бағдарлама қолданылады. Компания қызмет бағыттары бойынша әсер ету факторларын сәйкестендіреді, әсер ету аймақтарының шекараларын айқындайды, экожүйелерге нақты және әлеуетті әсерлерді бағалайды. Бағалау нәтижелері табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау және мониторинг бағдарламасын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

АКТИВТЕРДІ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ БАР АУМАҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ОРНАЛАСТЫРУ

Компанияның өндірістік объектілері Қазақстан Республикасының 17 облысының 13-інде орналасқан және еліміздің орманды даладан тау экожүйесіне дейінгі негізгі табиғи аймақтарын қамтиды.

ЕТҰ өндірістік объектілерінің көбісі өндірістік қуаттардың жартысынан астамы шоғырланған шөл аймақта орналасқан. Далалар мен орманды далалар экожүйесіне ең аз әсер тиеді. QazaqGaz стационарлық объектілерінің 62%-ы елді мекендер маңайында және антропогендік бұзылған аумақтарда, 38%-ы биоалуантүрліліктің сезгіш аймақтарында орналасқан.

2025 жылы QazaqGaz қызмет аймағында биоалуантүрлілікке әсер ететін аумақтардың жалпы ауданы 49 108 га құрады, оның ішінде 108 га – «Интергаз Орталық Азия» АҚ қызмет аймағында, 49 000 га – «Азиялық газ құбыры» ЖШС қызмет аймағында болды[101].

Биоалуантүрлілік саласындағы әсерді бағалау әдіснамасы

Компанияның өндірістік қуаттары еліміздің барлық табиғи аймақтарында – орманды даладан тау экожүйесіне дейін орналасуына байланысты биоалуантүрлілікке әсерді бағалау екі деңгейде жүргізілді:

- кәсіпорынның әсер ету аймағында (әдетте, санитариялық-қорғаныш аймағымен сәйкес келетін);
- ландшафтық және географиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ осы аймақтарда Компания объектілерінің болуына байланысты экожүйенің үш түрі деңгейінде: таулар, жартылай шөл және шөл, дала мен орманды дала.

Экожүйелердің әртүрлі типтері үшін және қызметтің әрбір бизнес-бағыты үшін ықпал ету факторлары бөлінді, сондай-ақ тікелей және жанама әсерлер айқындалды.

[99] International Finance Corporation Performance Standard 6 (Халықаралық қаржы корпорациясының № 6 қызмет стандарты); Intergovernmental Science-Policy Platform on Biodiversity and Ecosystem Services (Биоалуантүрлілік және экожүйелік қызметтер жөніндегі үкіметаралық ғылыми платформа); International Union for Conservation of Nature and Natural Resources (Табиғат пен табиғи ресурстарды қорғаудың халықаралық одағы); LIFE Certification Standards (LIFE (Low Impact for the Environment) экологиялық сертификаттау стандарттары); The Science Based Targets Network (Ғылыми негізделген мақсаттарды әзірлеу желісі); Taskforce on Nature-related Financial Disclosures (TNFD), Табиғи тәуекелдер туралы қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы); Carbon Disclosure Project Climate Change C15 Biodiversity (Климаттың өзгеруі мәселелері жөніндегі CDP жобасы: C15 бөлімі – Биоалуантүрлілік).

[100] Экологиялық әсерді басқару жүйесі туралы толығырақ «Қоршаған ортаға әсерді басқару» тарауынан қараңыз.

[101] QazaqGaz-дың биоалуантүрлілікке әсерін бағалауға енгізілген аумақтардың жалпы алаңы шамамен 49,1 мың га құрады. Оның ішінде шамамен 49,0 мың га «Азиялық газ құбыры» ЖШС объектілеріне, 1 087,64 га «Интергаз Орталық Азия» АҚ объектілеріне тиесілі. Зерттелген аумақтар, олардың мәртебесі және әсер ету сипаты бойынша нақтылау «Ерекше мәртебесі бар аумақтарға қатысты активтердің орналасуы» кестесінде берілген.

Биоалуантүрлілікке әсерді бағалау кезеңдері

1-кезең

- Қатысу өңірлеріндегі және тікелей немесе жанама әсер ету аймақтарындағы биоалуантүрлілік туралы бастапқы ақпаратты жинау және талдау
- Халықаралық табиғат қорғау одағының[102] жіктемелерін қолдану
- Сирек кездесетін түрлерге және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға назар аудару

2-кезең

- ЕТҰ қызметі жүзеге асырылатын аумақтардың шекараларында маңызды әсер ету факторларын сәйкестендіру және олардың білінуін талдау
- Экожүйелер мен мекендейтін жерлердің компоненттеріне тікелей және жанама әсерлерді ажырату

3-кезең

- Экожүйелердің бастапқы жай-күйін және әсер етудің маңызды факторларын ескере отырып, биоалуантүрлілік жай-күйінің нысаналы көрсеткіштері мен индикаторларын айқындау
- Биотаның әсерге реакциясын бағалау тәсілдерін қалыптастыру және репрезентативті индикаторларды таңдау

4-кезең

- Индикаторлар серпінін тұрақты қадағалауға негізделген биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы мониторинг жүйесін әзірлеу
- Бақылау кезеңділігін, деректер көздерін және іс-шараларды жоспарлау үшін нәтижелерді пайдалану тәртібін айқындау

Осыған қоса, бағалау кезінде өндірістік қызметпен тікелей байланысты емес фондық факторлар, оның ішінде реттелмеген жайылым, бөгде техниканың қозғалысы, қатысу аудандарында экожүйеге қысымды күшейтетін бей-берекет үйінділер ескеріледі.

Бағалау нәтижесі: биоалуантүрлілікке және мекендейтін жерлерге әсер етудің маңызды факторларының тізбесі, қысым мен жай-күй индикаторларының жиынтығы, сондай-ақ мониторинг бағдарламасы және әсер етуді басқару жөніндегі шаралар тізбесі.

TNFD әдістемесіне сәйкес бизнес-бағыттар бөлінісіндегі әсер ету факторлары

1. Барлау және өндіру	2. Газды магистральдық тасымалдау және өткізу
Жердің және мекендейтін жерлердің бұзылуы: топырақ-өсімдік жамылғысының бұзылуы, түрлердің мекендейтін жерлерінің қысқаруы	
Ластаушы заттар мен метанның шығарындылары: өсімдіктер мен жануарлар ағзаларының әлсіреуі, объектілердің әсер ету аймағындағы флора мен фаунаның жай-күйіне әсер ету	
Физикалық әсер: шу мен жылу әсері сезгіш түрлерді ығыстырып, көші-қон бағыттарына әсер етуі мүмкін	
Топырақтың ластануы: отынның жану өнімдері, жанар-жағармай материалдары және мұнай өнімдері ортаның сапасы мен азықтық базаны нашарлатады	**Мекендейтін жерлерді фрагменттеу:** инфрақұрылымды салу мен пайдалану түрлердің мекендеу және көші-қон аумақтарын бөлуі мүмкін
	Апаттық жағдайлар: өрттер және өзге де оқыс оқиғалар ағзалардың өліміне және мекендейтін жерлердің зақымдануына әкелуі мүмкін

2025 жылы екі ЕТҰ-да биоалуантүрліліктің жай-күйін бағалау және мониторингтеу бойынша жүйелі іс-шаралар жүргізілді.

[102] ағылш. IUCN – International Union for Conservation of Nature.

Компрессорлық станциялар аймағындағы кешенді бағалау

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-да сегіз компрессорлық станция бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде биоалуантүрлілікке нақты және әлеуетті әсерлерді сәйкестендіру мен бағалау орындалды. Бағалау шеңберінде негізгі орнитологиялық аумақтар мен сулы-батпақты жерлерді қоса алғанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен өзге де құнды экожүйелер қаралды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына және/немесе ХТҚО-ның Қызыл тізіміне кіретін осал және сирек кездесетін түрлер анықталды. Әлеуетті әсерлерді бағалау үшін TNFD ұсынымдары қолданылды.

Сандық бағалау үшін қысым мен жай-күй индикаторлары пайдаланылды, соның ішінде:

- биоалуантүрлілікке әсер етудің интегралдық индексі;
- кешенді әсер ету индексі;
- Шеннон индексін қоса алғанда, биоалуантүрлілік индекстері;
- өсімдіктердің түрлік байлығы мен жобалық жамылғысының көрсеткіштері;
- сирек кездесетін түрлердің сезгіш аймақтары мен мекендейтін жерлерін ГАЖ-картаға түсіру орындалды.

Зерттелген станциялар бойынша биоалуантүрлілікке әсер етудің интегралдық индексінің мәні 0,40–0,55 құрады, бұл жиынтық әсер етудің бақыланатын деңгейі ретінде түсіндіріледі. Әсер етудің кешенді индексінің орташа мәні шамамен 0,53 құрады.

Бағалау нәтижелері бойынша тікелей әсерлер, оның ішінде шығарындылар, шу (діріл) және жерді пайдалану бақыланатын және нормативтік талаптарға сәйкес келеді деп сипатталды. Биоалуантүрлілікке әсер еткен апаттық жағдайлар тіркелмеген. Бұл ретте зерттелетін аумақтарда фондық факторлар, оның ішінде реттелмеген жайылым, бөгде техниканың қозғалысы, өндірістік қызметпен тікелей байланысты емес бей-берекет үйінділер елеулі рөл атқарды.

Компрессорлық станциялар мен желілік инфрақұрылым аймағындағы биоалуантүрлілікке әсер ету индекстері есептелді

Желілік инфрақұрылымның әсер ету аймағындағы бағалау

«Азиялық газ құбыры» ЖШС-де бағалау орналастыру экожүйелерінің типтерін ескере отырып, объектілердің әсер ету аймағында орындалды: жарты шөл және шөл, оның ішінде тау бөктеріндегі аудандар. Есепті жылы объектілер орналасқан аудандарда сирек кездесетін түрлерге және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға назар аудара отырып, биоалуантүрлілік туралы ақпаратты жинау және талдау жүргізілді, мониторинг бойынша жай-күй индикаторлары мен іс-шаралар айқындалды.

2025 жылы биоалуантүрлілікке әсер ету индексі есептелді, ол 0,74-ке тең. Есептеу кезінде ластаушы заттардың шығарындылары, шудың әсері және бүлінген жерлердің ауданы ескерілді. Индикаторлар ретінде қорғалатын түрлердің ұлттық тізбесіне енгізілген түрлер, сондай-ақ сирек кездесетін, эндемикалық және реликттік түрлер таңдалды.

Алынған нәтижелер мониторингті дамыту және кейінгі кезеңдерде көрсеткіштер серпінін салыстыру, оның ішінде табиғат қорғау іс-шараларының басымдықтарын және әсерді азайту жөніндегі шараларды нақтылау үшін базалық желі ретінде пайдаланылады.

ЭКОЖҮЙЕЛІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ

GRI 101-8

Компания биоалуантүрлілікке әсерді бағалау жүргізілген объектілерде экожүйелік қызметтерді және олармен байланысты мүдделі тараптардың мүдделерін айқындайды. Бұл үшін далалық байқаулар, геоақпараттық талдау, сараптамалық бағалау және мүдделі тараптармен консультациялар пайдаланылады. Бенефициарлар ретінде жергілікті қоғамдастықтар мен табиғи ресурстарды пайдаланушылар, сондай-ақ билік органдары және Компанияның өзі қаралады. Мұндай тәсіл «Интергаз Орталық Азия» АҚ орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектілері бойынша қолданылды.

«Азиялық газ құбыры» ЖШС желілік инфрақұрылым объектілері мен компрессорлық станциялары үшін экожүйелік қызметтерге әсер ету жергілікті немесе әлеуетті ретінде бағаланады. Ол қорғау аймақтары шегінде шаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін шектеуге байланысты. Қамтамасыз ету қызметтерінде артезиан ұңғымаларын ауыз суынан басқа тұрмыстық және техникалық қажеттіліктер үшін пайдалану, сондай-ақ объектінің периметрі бойынша 50 метрге тең қорғау аймағының болуы белгіленді.

33-кесте. Активтердің ерекше мәртебесі бар аумақтарға қатысты орналасуы

GRI 101-5, GRI 101-6, GRI 101-7

Объект	Өңір (облыс, аудан)	Аумақпен байланысы	Алаңның өндірістік қызметінің түрі	Ауданы, га	Қорғалатын аумақтың мәртебесі	Экожүйе-нің жай-күйі (базалық жыл)	Экожүйе-нің жай-күйі (есепті жыл)
«Интергаз Орталық Азия» АҚ							
КС[103]-4, «Полторацкое» ЖӨБ	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы	ЕҚТА[104]/ НОА[105] маңайда	Магистральдық құбыр	22,35	«Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	✖	✖
«Тараз» КС	Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы	ЕҚТА маңайда	Магистральдық құбыр	18,22	«Берікқара шатқалы» мемлекеттік табиғи қорықшасы, Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы, «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	✖	✖
«Жаңаөзен» КС	Маңғыстау облысы	ЕҚТА маңайда	Магистральдық құбыр	4,99	Кендірлі-Қаясан мемлекеттік қорық аймағы, Қарақия-Қаракөл мемлекеттік табиғи қорықшасы	✖	✖
«Аққөл» КС	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы	ЕҚТА маңайда	Магистральдық құбыр	21,92	Республикалық маңызы бар Новинск мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықшасы, мемлекеттік қорық аймағы	✖	✖
«Шежін» КС	Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы	ЕҚТА маңайда	Магистральдық құбыр	10	Бударин мемлекеттік табиғи қорықшасы	✖	✖
КС-12	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы	ЕҚТА маңайда жоқ	Магистральдық құбыр	5,44	Биоалуантүрліліктің негізгі аумақтарының болмауы	✖	✖
«Күлсары» КС	Атырау облысы, Жылыой ауданы	ЕҚТА маңайда	Магистральдық құбыр	19,51	Мемлекеттік қорық аймағы	✖	✖
КС-14	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы	ЕҚТА маңайда	Магистральдық құбыр	5,2	«Оркаш» мемлекеттік табиғи қорықшасы	✖	✖
«Азиялық газ құбыры» ЖШС							
СКС-1[106]	Түркістан облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі, Оңтүстік Қазақстан қорық аймағы, Арыс және Қарақтау қорық аймақтары	✖	✖
КС-1	Түркістан облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі, Арыс және Қарақтау қорық аймақтары	✖	✖
СКС-2	Түркістан облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Ақсу-Жабағылы қорығы	✖	✖
КС-2	Түркістан облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Ақсу-Жабағылы қорығы, Боралдай мемлекеттік табиғи қорықшасы, «Берікқара шатқалы» мемлекеттік табиғи қорықшасы	✖	✖
СКС-5	Жамбыл облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Жусандала мемлекеттік қорық аймағы	✖	✖
КС-6	Алматы облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Жусандала мемлекеттік қорық аймағы	✖	✖
СКС-6	Алматы облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Жусандала мемлекеттік қорық аймағы	✖	✖
КС-7	Алматы облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Іле Алатау ұлттық табиғи паркі	✖	✖
СКС-7	Алматы облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Іле Алатау ұлттық табиғи паркі, Алматы мемлекеттік табиғи қорығы	✖	✖
СКС-8	Алматы облысы	ЕҚТА маңайда	Табиғи газды тасымалдау	3 500	Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Алтын-Емел» ұлттық паркі	✖	✖

✖ Орташа бұзылған жай-күй ✖ Қалпына келтіру сатысында ✖ Табиғи/бұзылмаған жай-күй

103 КС – компрессорлық станция.
104 ЕҚТА – Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.
105 НОА – негізгі орнитологиялық аумақтар.
106 СКС-1 – Қазақстан – Қытай магистральдық газ құбырының «С» тармағындағы № 1 компрессорлық станция.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК ЖАЙ-КҮЙІНІҢ МОНИТОРИНГІ

Биоалуантүрлілік жай-күйінің мониторингі ластанудың ықтимал белгілерін қоса алғанда, объектілердің әсер ету аймағындағы экожүйелердің жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған. Мониторинг нәтижелері флора, фауна және олардың мекендейтін жерлері жай-күйінің өзгерістерін қадағалау, табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау және түзету, сондай-ақ теріс әсерді төмендету және болдырмау бойынша ұсыныстар дайындау үшін пайдаланылады. ЕТҰ-дағы мониторинг индикаторлар жүйесі негізінде ұйымдастырылған және мынадай кезеңділікпен жүргізіледі:

- биоалуантүрлілік жай-күйі индикаторларының мониторингі (үш жылда бір рет);
- биоалуантүрлілік жағдайына ден қою индикаторларының мониторингі (жыл сайын);
- биоалуантүрлілікке әсер ету индексін есептеу (жыл сайын);
- өсімдіктер мен жануарлардың инвазивті түрлерінің мониторингі (үш жылда бір рет).

Мониторинг жүргізу кезінде биоалуантүрлілік жай-күйінің түрлік индикаторларының ағымдағы өмірлік көрсеткіштері (саны, өмірлік жай-күйі және т.б.) ескеріледі.

Мониторинг қорытындысы бойынша бақылаудың басым аймақтары нақтыланады, әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар өзектендіріледі және, қажет болған жағдайда, келесі кезеңге арналған мониторинг параметрлері түзетіледі.

34-кесте. QazaqGaz объектілерінің жанында орналасқан орнитологиялық аумақтар

- **Ембі өзенінің сағасы**
- **Еділ атырауының қазақстандық бөлігі. Жамбай**
- **Орал атырауы**
- **Қауынды ойпаты**
- **Басғұрлы-Жазғұрлы ойпаты**
- **Көшім көлдері**
- **Мұғалжар**
- **Үлкен Алматы шатқалы**
- **Төле би (Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі)**
- **Шардара су қоймасы («Шыназ» КС)**
- **Шошқакөл көлдері**
- **Үстірт жазығының батыс шыңы**
- **Үстірт жазығының солтүстік-батыс шыңы**
- **Кіші Арал теңізі**

35-кесте. ХТҚО Қызыл тізіміне және Ұлттық қорғалатын түрлер тізіміне енгізілген, QazaqGaz қызметінің аудандарында мекендейтін түрлер

Мәртебе санаты	Түрлер	Саны
Құрып кету қаупі төнген	• Дала қыраны (Aquila nipalensis) • Ақбас үйрек (Oxyura leucocephala)	2
Осал	• Қарақұйрық (Gazella subgutturosa) • Дала тасбақасы (Testudo horsfieldii) • Бұйра бірқазан (Pelecanus crispus) • Қысқанатты боливария дәуіті (Bolivaria brachyptera) • Безгелдек (Tetrax tetrax)	5
Ықтимал осал	• Әдемікыз инелік (Calopteryx virgo) • Еуропалық батпақ тасбақасы (Emys orbicularis)	2
Құрып кету қаупі ең аз	• Нүктелі қызыл қоңыз (Stethorus punctillum) • Қандыағаш қандаласы (Arma custos) • Ағаш дәуіті (Hierodula tenuidentata) • Сұңқылдақ аққу (Cygnus cygnus) • Ақбауыр бұлдырық (Pterocles alchata) • Қысқақанатты коранус (Coranus subapterus)	6

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ШАРАЛАРЫ

QazaqGaz-дың биоалуантүрлілікті сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралары көгалдандыруды, бүлінген учаскелерді қалпына келтіруді, түрлер мен экожүйелердің мониторингін, сондай-ақ өтемдік тетіктерді қолдану үшін әдіснамалық базаны дамытуды қамтиды.

2025 жылы Компания мен ЕТҰ аумақтарды абаттандыруға, елді мекендерді көгалдандыруға, экологиялық мәдениетті дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға қатыстыруды арттыруға бағытталған «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық бағдарламасына қатысты. Бағдарлама аясында сенбіліктер, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша іс-шаралар, жастар бастамалары, қызметкерлердің балаларына арналған конкурстар және қайталама шикізатты пайдаланатын эко-арт-жобалар өткізілді. 2025 жылы Компания мен ЕТҰ 566 328 көшет отырғызды.

Залалды өтеу жобалары елеулі теріс әсер ету жағдайлары болмағандықтан есепті жылы іске асырылмады. Сонымен бірге, биолаунтүрлілік саласында бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін Компания орта мерзімді келешекте TNFD[107] мен SBTN[108] бастамаларына бағдарлай отырып, өтемдік тетіктердің әдіснамалық базасын қалыптастыру үшін пайдаланады.

Компания мен ЕТҰ 2025 жылы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында отырғызды

[107] TNFD (ағылш. Taskforce on Nature-related Financial Disclosures) – табиғи капиталға және биоалуантүрлілікке байланысты қаржылық ақпаратты ашу үшін ұсынымдар әзірлеу жөніндегі халықаралық бастама.
[108] SBTN (ағылш. Science Based Targets Network) – биоалуантүрлілікті, су ресурстарын, жерлер мен мұхиттерді қоса алғанда, табиғатты сақтау саласындағы ғылыми негізделген мақсаттарды әзірлеу жөніндегі халықаралық бастама.

ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

GRI 3-3, GRI 11: 7.1

2025 жылы жер ресурстары мен топырақ жамылғысына әсер ету көбінесе газ тасымалдау инфрақұрылымы объектілерінде жергілікті жұмыстармен, оның ішінде кабелдік жүйелерді төсеу және компрессорлық станцияларда трансформаторлық қосалқы станцияларды орналастыру, сондай-ақ желілік кран тораптарының алаңдарында аспаптық жерге қосу контурларын орнату жұмыстарымен байланысты болды. Әсерді барынша азайту үшін жұмыс ауыр техниканы қолданбай қолмен орындалды[109].

Топырақты қорғау және учаскелерді бастапқы қалпына келтіру жөніндегі талаптар мердігерлік ұйымдарға арналған техникалық тапсырмаларда бекітіледі. Жер ресурстарының бұзылуына байланысты тәуекелдер жер пайдаланушылармен шығындарды өтеу туралы шарттар жасасу кезінде ескеріледі. Мұндай шарттарда құрылыс-монтаждау немесе жөндеу жұмыстарының қорытындысы бойынша жер учаскелерін қалпына келтіруге арналған шығыстарды жабу көзделеді.

Есепті жылы жобалық және/немесе экологиялық құжаттама шеңберінде қалпына келтіру жоспарлары қаралған жоқ. 2025 жылы жабуға, пайдаланудан шығаруға және кейіннен қалпына келтіруге жататын объектілер болған жоқ. Пайдаланудан шығарылған, сол жерде қалдырылған объектілер жоқ.

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЛАР

2026 жылы және орта мерзімді келешекте QazaqGaz экологиялық менеджмент жүйесін дамытуды және табиғат қорғау іс-шараларын іске асыруды жалғастырады. Негізгі назар ішкі рәсімдерді дамытуға, іс-шаралар жоспарлары мен индикаторларды өзектендіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау туралы ақпаратты есепке алу, мониторингтеу және ашу құралдарын жетілдіруге аударылатын болады.

Барлық ЕТҰ-да ISO 14001:2015 талаптарына сәйкес ЭМЖ тұрақты аудиті жоспарланған.

2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компания 2026 жылы жабдықтың энергия тиімділігін арттыруды, энергия ресурстарын тұтынуды азайтуды, өндірістік инфрақұрылымды жаңғыртуды және ресурс үнемдейтін шешімдерді енгізуді қоса алғанда, парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі техникалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды орындауға кіріседі. Жоспарланған шаралардың ішінде – компрессорлардың ағынды бөлігін шаю, ұтқыр компрессорлық станцияларды пайдалану, газ айдау агрегаттарының энергия тиімділігін арттыру, шамдарды LED-пен ауыстыру, катодты қорғау станциялары мен сумен жабдықтаудың сорғы агрегаттарын ауыстыру.

Атмосфералық ауаны қорғау бөлігінде Компания ластаушы заттар шығарындыларының өндірістік экологиялық мониторингін, жол берілетін шығарындылар нормативтерін өзектендіруді, сондай-ақ энергия тиімді және ресурс үнемдейтін технологияларды қолдана отырып, өндірістік объектілерді пайдалану және жаңғырту кезінде шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастырады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-да «Қаскелең» АГТС-ын «Бұқара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» магистральдық газ құбырына (бұдан әрі – «БГА – ТБА») қосу, «Бұқара – Орал» магистральдық газ құбырының КС-12 және КС-13 учаскелерінде тазарту құрылғыларын іске қосу және қабылдау тораптарын көшіру, сондай-ақ «ОАО-5» және «БГА –ТБА» магистральдық газ құбырларының жекелеген учаскелеріндегі ақаулы құбырларды ауыстыру жоспарланған. «Азиялық газ құбыры» ЖШС-де инженерлік коммуникацияларды жөндеу, сорғы жабдықтарын ауыстыру жоспарланып отыр.

2026 жылы және орта мерзімді келешекте QazaqGaz суды ұтымды пайдалану, сарқынды сулардың сапасын бақылау және қоршаған ортаға әсерін төмендету жөніндегі іс-шараларды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Су ресурстарын басқару саласында Компания сарқынды және жерасты суларының мониторингін, су тұтыну және су бұру көлемдерін бақылауды, сондай-ақ су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастырады.

[109] Топырақтың жоғарғы құнарлы қабаты сақталып, жұмыс аяқталған соң орнына қайта оралды.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласында қалдықтардың түзілу көлемін төмендету, оларды кәдеге жарату мен қайта өңдеу үлесін ұлғайту, қалдықтарды бөлек жинақтау, қауіпсіз уақытша сақтау және мамандандырылған ұйымдарға беру басымдықтар болып қала береді.

Биоалуантүрлілік бөлігінде «Азиялық газ құбыры» ЖШС биоалуантүрлілік пен инвазивті түрлердің жай-күйі индикаторларының кезеңдік мониторингін, биоалуантүрлілікке әсер ету индексінің жыл сайынғы есебін, жасыл желектердің жай-күйін және өндірістік объектілердегі топырақтың ластануын бақылауды қоса алғанда, биоалуантүрлілік мониторингі жоспарын орындауды жалғастырады. Сондай-ақ ЕТҰ кейіннен ашып көрсету үшін ПГ және ластаушы заттар шығарындылары және қалдықтармен жұмыс істеу бойынша деректерді дайындайды.

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС Жамбыл облысында (Айрақты және Анабай кен орындары) өтемдік ағаш отырғызу жобасы шеңберінде екпелерді отырғызу мен қолдауды аяқтауды, Барханная (100 га) кен орнында ұқсас жоба үшін жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауды жоспарлап отыр.

«GPC Investment» ЖШС-де зауыттың СТГ өңдеу және одан әрі пайдалану бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстары кезеңіне кешенді экологиялық рұқсат алу, шығарындыларды болдырмау және азайту, су ресурстары мен қалдықтарды басқару жөніндегі шараларды іске асыру, сондай-ақ жобаны іске асыру аймағындағы флора мен фаунаның жай-күйіне мониторинг жүргізу жоспарланған.

Әлеуметтік жауапкершілік және аман-есендік

134 Персоналды басқару және адам капиталын дамыту

156 Адам құқықтары, инклюзия және тең мүмкіндіктер

162 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

177 Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау

183 Тұтынушылармен өзара іс-қимыл

06

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

- GRI 11.8 Энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі
- GRI 11.9 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
- GRI 11.10 Жұмысқа орналасу іс-тәжірибелері
- GRI 11.11 Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер
- GRI 11.15 Жергілікті қоғамдастықтар

Адам капиталын дамыту
Адам құқықтары
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесінің ҚР СТ ISO 45001–2018 талаптарына сәйкестігі расталды

0 жағдайы
кәсіптік аурулар

+24,8%
сәйкессіздіктер рәсімді жетілдірудің арқасында ЕҚ және ӨҚ ішкі аудиттері барысында анықталған

50 қоғамдық тыңдау
«QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік филиалдарында объектілерді пайдалану қауіпсіздігі және ТЖ-ға дең қою мәселелері бойынша өткізілді

59,8 млрд теңге
2025 жылы Компанияның ЕҚ және ӨҚ саласындағы шығыстары

0 апаттар
мен оқыс оқиғалар – Компанияның өндірістік объектілерінде

200
Атырау қаласындағы «GPC Investment» ЖШС базасындағы HSE Forum қатысушыларының саны

0 өлім-жітім оқиғалары
еңбек қызметіне байланысты

8 196
қызметкер ЕҚ және ӨҚ бағыты бойынша міндетті оқудан өтті

1,2 млн теңге
жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істегені үшін қызметкерлерге берілген ынталандыру төлемдері

АДАМ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

13 609
тізімдік саны
QazaqGaz тобы қызметкерлері

6%
персоналдың тұрақтамауы

53,1%
әйелдердің үлесі
ӘБП санатындағы

97,9% қызметкерлер
2025 жылы тұрақты
еңбек шарты негізінде жұмыс істеді

98,9%
толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істеді

90%
қызметкерлердің бала күтімі бойынша демалыстан оралу коэффициенті

98%
QazaqGaz тобы қызметкерлері ұжымдық шарттармен қамтылған

1,3%
персоналдың жалпы тізімдік саны – ДМШ қызметкерлер

0
кемсітушілік және адам құқықтарын бұзу жағдайларының саны

60,1%-ға дейін
қызметкерлерді жыл сайынғы бағалаумен қамтудың өсімі

12 897
QazaqGaz қызметкері түрлі бағдарламалар бойынша оқудан өтті

3 143
қызметкерге мемлекеттік және корпоративтік марапаттар берілді

27 қызметкер
650 өтінімнің ішінен іріктеу қорытындысы бойынша «QazaqGaz көшбасшылар пулына» қабылданды

2025 жыл
жұмысшы кәсіптері жылы

78%
өндірістік персонал арасындағы SRS әлеуметтік тұрақтылық индексі

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

123
елді мекен газға қол жеткізді

266 мың адам
газға қол жеткізді

297 млн теңге
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына аударылды

15
білім беру гранты
2025–2026 жылдары халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларына берілді

16
халықпен өңірлік кездесулер саны тариф белгілеу және газбен жабдықтау мәселелері бойынша

«ИОА» АҚ-да жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі 2026–2027 жылдарға арналған жол картасы бекітілді

тұтынушылардың мыңдаған өтініші 2025 жылы 5104 колл-орталығы арқылы өңделді

>44 мың отбасы
«Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы қолдау тапты

24%
атаулы көмек алатын азаматтарға арналған тауарлық газға жеңілдіктің орташа мөлшері

>630 мың адам
QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасын пайдаланушылар саны

77%
eGov және eGov Mobile арқылы электрондық форматта берілген газдандыруға ТШ алуға жеке тұлғалардың өтініштер үлесі

94,1%
БАҚ-та Компанияның оң және бейтарап ескертулерінің үлесі

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Өндірістік тәжірибе алмасу үшін инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшы кәсіптер персоналын ротациялау
- Өндірістегі шеберлік және кәсібилік мектебін дамыту
- «Үздік маман» және «Өндірістік қауіпсіздіктің үздік қызметкері» кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу
- «QazaqGaz көшбасшылар пулы» бағдарламасын дамыту
- «Ішкі жаттықтырушы» жобасын іске қосу
- HR-процестерді одан әрі автоматтандыру және жасанды интеллект құралдарын енгізу
- Human & Organizational Performance (HOP) тәсілдерін қоса алғанда, қауіпсіздікті проактивті басқару құралдарын енгізу
- Жергілікті қоғамдастықтарды сәйкестендіруді жалғастыру, негізгі стейкхолдерлерді картаға түсіру
- Қызметтерді алу мәселелері бойынша тұтынушыларға кеңес беру үшін ЖИ-технологияларды дамыту
- GasConnect жобасы шеңберінде өтінімдерді қабылдау, газды кесу және іске қосу процестерін автоматтандыру
- Еліміздің тоғыз өңіріндегі 128 елді мекенді кейіннен 81 827 абоненттің газға қол жеткізуімен қосу

Персоналды басқару және адам капиталын дамыту

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

GRI 3-3, GRI 2-29, GRI 2-30, KASE

Персонал QazaqGaz-дың стратегиялық активі болып табылады. Компания өз қызметкерлерінің кәсіби дамуы және олардың жоғары нәтижелерге қол жеткізуі үшін қолайлы еңбек жағдайларын, ынталандырулар мен мүмкіндіктер жасай отырып, персоналды басқару жүйесін, тәсілдері мен құралдарын дәйекті түрде дамытады. Кадр саясаты төрт негізгі қағидатқа негізделеді:

Персоналды басқару саласындағы QazaqGaz қағидаттары

Бос лауазымдарға конкурстық негізде орналасу рәсімінің ашықтығы және айқындығы

Кәсіби құзыреттіліктің құндылығы

Дамуға, оның ішінде тұлғалық, кәсіби және білімді дамуға бағдарлану

Әлеуметтік жауапкершілік

Персоналды басқару саласындағы көрсеткіштер басшылардың тиімділігі мен сыйақысын бағалау жүйесіне біріктірілген. Басшылардың НҚК құрамына кадрлардың тұрақтамау көрсеткіштері, сауалнама нәтижелері бойынша қызметкерлердің тартылуы, сондай-ақ бағыныстылардың дамуы кіреді. Мұндай бағалау нәтижелері уәждемелік төлемдер мөлшеріне әсер етеді.

АДАМ КАПИТАЛЫ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ИНКЛЮЗИЯ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Адам капиталы мен әлеуметтік аспектілер саласындағы стратегиялық басымдықтар мен негізгі көрсеткіштерді бекіту
- Әлеуметтік тәуекелдерді қадағалау
- Басқарманың және ЕТҰ басшылығының лауазымдарына үміткерлерді, сыйақы жүйесін бекіту
- Компанияның жылдық есебі шеңберінде адам капиталы, әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша есептілікті бекіту

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІ

- Директорлар кеңесі деңгейінде шешімдері қабылданатын атқарушы органдардың басшыларын және қызметкерлердің басқа да санаттарын тағайындауға (өкілеттіктерін тоқтатуға), НҚК және сыйақы жүйесіне байланысты мәселелерді алдын ала қарау
- Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

- Кадрлық және әлеуметтік мәселелер, адам құқықтары, тең мүмкіндіктер бойынша қолданылатын талаптар мен ішкі құжаттардың сақталуын бақылау
- Ықтимал бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау
- Ішкі тергеп-тексерулерге бастамашылық жасау және сүйемелдеу
- Бұзушылықтардың алдын алу және іс-тәжірибелерді жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау
- Барлық мүдделі тараптарға кеңес беру және әдіснамалық қолдау көрсету
- Бұзушылықтар туралы хабарламалар арналарын сүйемелдеу

БАСҚАРМА

- Персоналды басқару және әлеуметтік мәселелер, оның ішінде кадр саясаты, адам құқықтары, әртүрлілік және инклюзивтілік, кемсітушілік жөніндегі саясаттар бөлігінде ІНҚ бекіту; тиісті НҚК бекіту
- Қағидаттардың, саясаттардың орындалуын басқару, НҚК-ке қол жеткізуді бақылау
- Тәуекел-менеджмент жүйесін басқару, әлеуметтік тәуекелдерді төмендету және оларға ден қою шараларын бекіту
- Еңбекақы төлеу, бағалау, оқыту және қызметкерлерді тарту жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды бекіту
- Есептілікті бекіту

Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті

- Персоналды басқару және әлеуметтік аспектілер саласында ІНҚ, рәсімдер мен әдіснамалық құжаттарды әзірлеу, адам құқықтары, инклюзия, әртүрлілік, кемсітпеушілік қағидаттарын ықпалдастыру
- Кадрлық және әлеуметтік саясаттарды іске асыру, еңбекақы төлеу мәселелерін реттеу
- Адам капиталын дамыту, адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын үйлестіру
- Компания бойынша персоналды басқару саласындағы операциялық көрсеткіштердің мониторингі
- Есептілікті дайындау

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- Бекітілген саясаттар мен рәсімдерге сәйкес персоналды басқару
- Адам құқықтары, инклюзия және тең мүмкіндіктер мәселелеріндегі тәсілдерді, саясаттарды және негізгі басымдықтарды іске асыру
- Кемсітушіліктің барлық көріністеріне жол бермеу
- Ішкі байланыс арналары бойынша өтініштерді мониторингтеу және бақылау (тиесілігі бойынша)

Кәсіподақтар

- Әлеуметтік диалог шеңберінде қызметкерлердің мүдделерін білдіру
- Қызметкерлердің еңбек жағдайлары, әлеуметтік кепілдіктері, құқықтары мен мүмкіндіктері жөніндегі мәселелерді талқылауға қатысу
- Әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды үйлестіру

Персоналды басқаруға және еңбек қатынастарына байланысты процестер ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның кадр саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мінез-құлық кодексі (2025 жылы жаңартылған)[110]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы әртүрлілік пен инклюзивтілік жөніндегі саясат
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат
- Атқарушы органдар басшыларын тағайындау (сайлау) және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары (2025 жылы жаңартылған)[111]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ кадр резервін қалыптастыру және даярлау қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Жастар ісі жөніндегі кеңесі туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарушылық және әкімшілік персоналының еңбегіне ақы төлеу қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басшы қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшысына, Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ бос лауазымдарына үміткерлерді іздеу және іріктеу қағидалары (2025 жылы жаңартылған)[112]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерін іссапарға жіберу туралы қағидалар (2025 жылы енгізілген)[113]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ марапаттар туралы ережесі (2025 жылы енгізілген)[114]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметкерлерінің іссапарлары туралы қағидалар (2025 жылы жаңартылған)[115]

2025 жылы Компания Топтың заңды тұлғаларының атқарушы органдарының басшыларын тағайындау қағидаларын, Үміткерлерді іздеу және іріктеу қағидаларын, Іссапарлар туралы қағидаларды қоса алғанда, бірқатар ішкі құжаттарды өзектендірді, сондай-ақ Қызметкерлерді іссапарға жіберу қағидалары мен Марапаттар туралы ережені алғаш рет енгізді.

QazaqGaz және ЕТҰ-дағы ұжымдық шарттар жұмыс берушінің еңбек жағдайларын жақсарту, әлеуметтік кепілдіктер беру және өзге де әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша міндеттемелерін реттейді. Қызметкерлердің ұжымдық шартқа қатысуы ерікті негізде жүзеге асырылады.

ұжымдық шарттармен қамтылған

ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

KASE

QazaqGaz мынадай елеулі әлеуметтік тәуекелдерді сәйкестендіреді: персоналдың төмені (жеткіліксіз) біліктілігі, персоналдың жеткіліксіз ынталануы, рұқсат етілмеген ереуілдер тәуекелі және қызметкерлердің сыйақы беру саясатына қанағаттанбаушылығы.

Әлеуметтік тәуекелдер тәуекел-менеджменттің корпоративтік жүйесіне біріктірілген. Директорлар кеңесі тәуекелдерді стратегиялық қадағалауды жүзеге асырады, Басқарма әлеуметтік тәуекелдерді жалпы басқару үшін жауап береді, менеджмент тәуекелдермен операциялық деңгейде жұмыс істейді.

2025 жылы әлеуметтік тәуекелдерді төмендету үшін Компания өндірістік персоналдың жалақысын арттыруға сараланған тәсілді қолданды. 2025 жылғы 5 қаңтардан бастап лауазымдық қызметақылар мен тарифтік мөлшерлемелер 5%-ға, ал 2025 жылғы 1 сәуірден бастап жұмысшы кәсіптер жұмыскерлерінің жалақысы орта есеппен 14%-ға өсті. Нәтижесінде әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персоналдың еңбекақысының арақатынасы 2,13-тен 1,99-ға дейін төмендеді.

2025 жылғы QazaqGaz әлеуметтік тәуекелдерді төмендету іс-шаралары

Тәуекелдер	Тәуекелдерді төмендету іс-шаралары
Персоналдың біліктілігі төмен (жеткіліксіз)	Қызметкерлердің құзыреттері мен біліктілігін жүйелі бағалау жүзеге асырылады. Жыл сайынғы негізде персоналды оқыту және кәсіби дамыту жоспары қалыптастырылып, бекітіледі
Персоналдың ынталануының жеткіліксіздігі	Материалдық және материалдық емес ынталандыру құралдары кешені қолданылады. Сыйақы жүйесінің ашықтығы мен әділдігін арттыру мақсатында грейдтеу жүйесін енгізу жоспарлануда[116]
Рұқсат етілмеген ереуілдер тәуекелі	Ұжымдармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және қызметкерлердің өтініштеріне жедел ден қою үшін «Нысана» call-орталығының «жедел желісімен» өзара іс-қимыл ұйымдастырылады
Қызметкерлердің сыйақы беру саясатына қанағаттанбаушылығы	Жалақы мен сыйлықақы есептеу тәртібі ұжымдық шартта және жергілікті нормативтік актілерде бекітілген. Мансаптық өсудің және біліктілік разрядтарын арттырудың қосымша тетіктері пысықталуда

Еңбек даулары мен қақтығыс жағдайларын реттеуге Компанияда жұмыс істейтін Омбудсмен институты ықпалын тигізеді.

110 «QazaqGaz» ҰК» АҚ Іскерлік әдеп кодексінің орнына, ДК-нің 01.10.2025 ж. № 18/25 шешімі.
111 Басқарманың 07.11.2024 ж. № 41 шешімі, 30.04.2025 ж. № 17 өзгерістер мен толықтырулар ескерілген.
112 Басқарманың 12.06.2023 ж. № 14 шешімі, 04.02.2025 ж. № 5 өзгерістер мен толықтырулар ескерілген.
113 Басқарманың 20.02.2025 ж. № 7 шешімі.
114 Басқарманың 25.07.2025 ж. № 32 шешімі.
115 ДК-нің 24. 07.2025 ж. № 07/24 шешімі.
116 Лауазымдарды грейдтеу – ұйымдағы лауазымдарды маңыздылығы, жауапкершілігі және біліктілігі дәрежесіне қарай саралау жүйесі.

АДАМ КАПИТАЛЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ САНЫ

GRI 2-7, GRI 2-8, GRI 401-2

QazaqGaz қызметкерлерінің тізімдік саны 2025 жылы 13 609 адамды құрады[117]. Қызметкерлердің тізімдік санының 4,7%-ға өсуі Компанияның өндірістік қызметті қамтамасыз ету және бос лауазымдарға орналастыру қажеттіліктеріне байланысты.

36-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны жалдау шартының түрі, жұмыспен қамтылу түрі және гендерлік тобы бөлінісінде, адам

	Гендерлік топ	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Қызметкерлердің тізімдік саны, соның ішінде	–	12 800	12 996	**13 609**	**4,7**
Жалдау шарты типі/түрі бойынша					
Тұрақты	Ерлер	10 434	10 590	11 131	5,1
	Әйелдер	2 130	2 141	2 189	2,2
Уақытша[118]	Ерлер	101	127	153	20,5
	Әйелдер	135	138	136	–1,4
Жұмыспен қамтылу түрі бойынша					
Толық	Ерлер	10 391	10 556	11 138	5,5
	Әйелдер	2 250	2 258	2 319	2,7
Ішінара	Ерлер	144	161	146	–9,3
	Әйелдер	15	21	6	–71,4

QazaqGaz тобы қызметкерлерінің тізімдік саны

[117] Персоналдың тізімдік саны есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша анықталады, қызметкерлер саны бойынша деректер қызметкерлердің абсолюттік саны түрінде ұсынылған және жұмыспен қамтылу дәрежесін ескермейді.
[118] Уақытша қызметкерлер – штаттағы қызметкерлердің жүктілігі және босануы бойынша, бала күтімі бойынша, оқу демалыстары кезеңінде және басқа да осыған ұқсас жағдайларда қабылданған қызметкерлер.

37-кесте. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық және толық емес жұмыспен қамтылу талаптарымен жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімдік саны өңірлер бөлінісінде[119], адам

GRI 2-7

		Жалдау шарты типі/түрі бойынша		Жұмыспен қамтылу түрі бойынша	
Өңірлер	**Барлығы**	Тұрақты	Уақытша	Толық	Ішінара[120]
Қызметкерлердің тізімдік саны, соның ішінде	**13 609**	**13 320**	**289**	**13 457**	**152**
Абай облысы	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	233	227	6	233	0
Ақтөбе облысы	1 800	1 769	31	1 798	2
Алматы облысы	212	212	0	212	0
Атырау облысы	1 512	1 498	14	1 512	0
Батыс Қазақстан облысы	1 520	1 500	20	1 387	133
Жамбыл облысы	1 180	1172	8	1 180	0
Жетісу облысы	187	180	7	187	0
Қарағанды облысы	279	270	9	279	0
Қостанай облысы	646	631	15	630	16
Қызылорда облысы	740	723	17	740	0
Маңғыстау облысы	1 154	1 128	26	1 154	0
Павлодар облысы	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	1 528	1501	27	1 528	0
Ұлытау облысы	53	52	1	53	0
Шығыс Қазақстан облысы	41	41	0	41	0
Астана қ.	787	750	37	786	1
Алматы қ.	796	757	39	796	0
Шымкент қ.	940	908	32	940	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	1	1	0	1	0

QazaqGaz персоналының ең көп үлесі Ақтөбе облысында (13,2%), Түркістан облысында (11,2%), Батыс Қазақстан облысында (11,2%) және Атырау облысында (11,1%) шоғырланған.

2025 жылы жұмыскерлердің басым бөлігі тұрақты шарт негізінде және толық жұмыспен қамтылу талаптарымен жұмысқа орналастырылды. Қызметкерлердің 97,9% Компаниямен тұрақты еңбек шартын жасасты.

Толық жұмыспен қамтылу жағдайында[121] жұмыс істейтіндердің саны есепті жылы тізімдік санның өсуіне барабар 5,0%-ға өсіп, 98,9%-ды құрады. Сондай-ақ, толық емес жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны 16,5%-ға азайды: 2024 жылғы 182 адамнан 2025 жылы 152 адамға дейін.

[119] Мұнда және бұдан әрі: өңір деп Компанияның Қазақстан Республикасының аумақтық бірліктерінде қатысу өңірі түсініледі.
[120] Ішінара жұмыспен қамтылу деген жұмыс берушімен және/немесе отбасылық немесе өзге де мән-жайлар бойынша заңнамада белгіленген нормамен (аптасына 40 сағат) салыстырғанда штаттағы қызметкердің азырақ көлемде жұмыс істейтінін білдіреді.
[121] Сандық көрсеткіштер үшін статистикалық деректер QazaqGaz бойынша Деректер жинау нысанын тарату жолымен алынды.



2025 жылы тұрақты еңбек шарты негізінде жұмыс істеді

толық жұмыспен қамтылған жағдайда жұмыс істеді

Өзінің операциялық қызметі шеңберінде QazaqGaz штаттық қызметкерлер болып табылмайтын мамандарды тартады. 2025 жылы жалдамалы болып табылмайтын мұндай қызметкерлердің жалпы саны 550 адамды құрады, оның ішінде 170 адам аутстаффинг талаптарымен және 380 адам азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылды.

Мұндай қызметкерлердің жұмысын Компания бақылайды, олармен өзара қарым-қатынас Азаматтық және Еңбек кодекстерінің нормаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Шарттар жұмыстың көлеміне, күрделілігіне және ұзақтығына байланысты жыл сайынғы немесе жеке негізде жасалды.

2025 жылы аутстаффинг талаптармен тартылған қызметкерлер көбінесе қосалқы функцияларды орындады, оның ішінде:

- ұйымдастырушылық және әкімшілік сүйемелдеу;
- құжаттарды дайындау және іскерлік хат алмасу;
- тапсырмалардың орындалуын бақылау;
- құжаттаманы аудару;
- іс қағаздарын жүргізу;
- техникалық ақпарат жинау;
- АТ-инфрақұрылымын сүйемелдеу және қолдау;
- өзге де қосалқы функциялар.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылған мамандар мынадай жұмыс түрлерін орындады:

- газ тарату желілерін цифрлау;
- ақпараттық жүйелердің мониторингі және олардың жұмысын ұйымдастыруда әдіснамалық көмек көрсету;
- бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканың жарамды жай-күйін қамтамасыз ету;
- жүйелерді орнату және баптау.

QazaqGaz қызметкерлеріне арналған әлеуметтік жеңілдіктер

Әлеуметтік жеңілдіктер толық да, ішінара да жұмыспен қамтылған қызметкерлерге беріледі. Мұндай жеңілдіктердің қатарына мыналар жатады:

- өмірді сақтандыру;
- шипажай-курорттық емдеу және демалыс;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша төлемдер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бала күтімі бойынша демалыс;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен тыс, жұмыстан шығу кезіндегі төлемдер;
- некеге тұруды, баланың тууын және өзге де жағдайларды қоса алғанда, әлеуметтік маңызы бар оқиғаларға байланысты біржолғы төлемдер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және жұмыс берушінің ішкі нормативтік актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен берілетін материалдық көмек;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру;
- медициналық қызмет көрсету;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұжымдық шартқа сәйкес жұмыс беруші беретін өзге де әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер.

2025 жылы QazaqGaz персоналының жас құрылымында 30-50 жас аралығындағы қызметкерлер басым болды, олардың үлесі 2024 жылғы 61,2%-ға қарағанда 61,8%-ды құрады. 50 жастан үлкен қызметкерлердің үлесі өткен жылдағы 25,1%-ға қарағанда 24,7%-ды құрады, ал 30 жастан кіші қызметкерлердің үлесі 14,0%-ден 13,1%-ға дейін азайды.

38-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны санаттары мен жастық топтары бөлінісінде, адам

GRI 405-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
QazaqGaz қызметкерлерінің тізімдік саны, адам	**12 800**	**12 996**	**13 609**	**4,7%**
соның ішінде:				
30 жастан кіші, адам	1 856	1 829	1 788	–2,2%
30 жастан кіші қызметкерлердің үлесі, %	14,5	14	13,1	–0,9 пп
30-50 жастағы, адам	8 069	7 957	8 409	5,7%
30-50 жастағы қызметкерлердің үлесі, %	63	61,2	61,8	0,6 пп
50 жастан үлкен, адам	2 875	3 210	3 412	6,3%
50 жастан үлкен қызметкерлердің үлесі, %	22,5	24,7	25,1	0,4 пп
Әкімшілік-басқарушылық персонал, оның ішінде басшылар	**1 136**	**1 117**	**1 159**	**3,8%**
30 жастан кіші, адам	113	107	96	–10,3%
30 жастан кіші қызметкерлердің үлесі, %	9,9	9,6	8,3	–1,3 пп
30-50 жастағы, адам	860	815	847	3,9%
30-50 жастағы қызметкерлердің үлесі, %	75,7	73	73,9	0,9 пп
50 жастан үлкен, адам	163	195	216	10,8%
50 жастан үлкен қызметкерлердің үлесі, %	14,3	17,4	18,6	1,2 пп
Өндірістік персонал	**11 664**	**11 879**	**12 450**	**4,8%**
30 жастан кіші, адам	1 743	1 722	1 692	–1,7%
30 жастан кіші қызметкерлердің үлесі, %	14,9	14,5	13,6	–0,9 пп
30-50 жастағы, адам	7 209	7 142	7 562	5,9%
30-50 жастағы қызметкерлердің үлесі, %	61,8	60,1	60,7	0,6 пп
50 жастан үлкен, адам	2 712	3 015	3 196	6,0%
50 жастан үлкен қызметкерлердің үлесі, %	23,3	25,4	25,7	0,3 пп

2025 жылы гендерлік құрамда елеулі өзгерістер болған жоқ. Қызметкерлер арасындағы әйелдер үлесі шамалы азайды: 2024 жылдың соңындағы 17,5%-дан 2025 жылы 17,1%-ға дейін.

ӘБП санатындағы әйелдердің үлесі

39-кесте. 2025 жылғы қызметкерлердің тізімдік саны санаттар және гендерлік белгісі бөлінісінде, адам

GRI 405-1

	Барлығы, адам	Ерлер		Әйелдер	
		адам	%	адам	%
Қызметкерлердің саны, барлығы	13 609	11 284	82,9	2 325	17,1
Әкімшілік-басқарушылық персонал, оның ішінде басшылар	1 159	537	46,3	622	53,7
Өндірістік персонал	12 450	10 747	86,3	1 703	13,7

Әйелдердің басым бөлігі әкімшілік-басқарушылық персоналдың құрамында шоғырланып, 2025 жылы 53,7%-ды құрады. Өндірістік персоналда әйелдердің үлесі 13,7%-ды құрады.

40-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны кәсіпорындар және гендерлік белгісі бөлінісінде, адам

	2023		2024		**2025**	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
QazaqGaz орталық кеңсесі	94	72	101	71	105	68
«QazaqGaz Aimaq» АҚ	1 036	969	3 967	1 447	4302	1483
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	7 428	1 087	4 623	603	4783	590
«QazaqGaz Onimderi» ЖШС	1 817	104	1 826	103	1795	101
«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС	144	19	160	19	154	20
«QazaqGaz ҒТО» ЖШС	8	9	32	34	39	35
KTG Finance B.V.	–	–	–	–	–	–
«ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ	3	2	2	2	2	2
«Тегіс Мұнай» ЖШС	1	1	0,25	0	–	–
«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС	4	2	6	0	3	–
«АзияГаз Чунджа» ЖШС	–	–	–	–	28	10
«GPC Investment» ЖШС	–	–	–	–	73	16
Барлығы	**10 535**	**2 265**	**10 717**	**2 279**	**11 284**	**2 325**

41-кесте. 2025 жылғы қызметкерлердің тізімдік саны өңірлер мен жыныс бөлінісінде, адам

GRI 2-7

Өңірлер	Барлығы	Гендерлік белгісі бойынша	
		Ерлер	Әйелдер
Қызметкерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	**13 609**	**11 284**	**2 325**
Абай облысы	0	0	0
Ақмола облысы	233	172	61
Ақтөбе облысы	1 800	1 619	181
Алматы облысы	212	194	18
Атырау облысы	1 512	1 303	209
Батыс Қазақстан облысы	1 520	1 336	184
Жамбыл облысы	1 180	1 067	113
Жетісу облысы	187	153	34
Қарағанды облысы	279	228	51
Қостанай облысы	646	517	129
Қызылорда облысы	740	662	78
Маңғыстау облысы	1 154	982	172
Павлодар облысы	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0
Түркістан облысы	1 528	1 291	237
Ұлытау облысы	53	50	3
Шығыс Қазақстан облысы	41	40	1
Астана қ.	787	478	309
Алматы қ.	796	520	276
Шымкент қ.	940	671	269
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	1	1	0

Компания қызметкерлерінің ең көп үлесі 2025 жылы Ақтөбе облысында шоғырланды – қызметкерлердің жалпы санының 13,2%. Қызметкерлердің едәуір бөлігі Түркістан облысында – 11,2%, Батыс Қазақстан облысында – 11,2% және Атырау облысында – 11,1% болды. Компанияның кәсіпорындарындағы жұмыспен қамту деңгейі өңірлерде тұрақты, жылдан жылға шамалы ауытқулармен сақталуда.

42-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны өңірлер бөлінісінде, адам

GRI 2-7

Өңірлер	2023	2024	2025
Абай облысы	0	0	0
Ақмола облысы	190	202	233
Ақтөбе облысы	1 717	1 725	1 800
Алматы облысы	283	163	212
Атырау облысы	1 421	1 414	1 512
Батыс Қазақстан облысы	1 499	1 505	1 520
Жамбыл облысы	1 116	1 150	1 180
Жетісу облысы	44	174	187
Қарағанды облысы	261	266	279
Қостанай облысы	641	646	646
Қызылорда облысы	672	683	740
Маңғыстау облысы	1 107	1 105	1 154
Павлодар облысы	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0
Түркістан облысы	1 358	1 407	1 528
Ұлытау облысы	45	49	53
Шығыс Қазақстан облысы	31	40	41
Астана қ.	711	776	787
Алматы қ.	797	805	796
Шымкент қ.	906	885	940
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	1	1	1

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

GRI 401-1, GRI 401-3, GRI 402-1

2025 жылы кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа аздап ұлғайып, 6,0%-ды құрады.

43-кесте. 2023–2025 жылдардағы тұрақтамау көрсеткіші, %

GRI 401-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, пт
Барлығы Компания бойынша	5,6	5,9	6,0	0,1

QazaqGaz қызметкерлерімен еңбек шарттарын бұзу еңбек заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады. Қызметкерлер санының қысқаруына байланысты еңбек шарты бұзылған кезде, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де жағдайларда қызметкерді хабардар етудің ең аз мерзімі кемінде бір айды (30 күнтізбелік күнді) құрайды.

2025 жылы 772 қызметкермен еңбек қатынастары бұзылды, бұл 2024 жылғы деңгейден 0,9%-ға жоғары. Шарт бұзудың ең көп үлесі ерлерге тиесілі – 78,5%, ал әйелдердің үлесі 21,5% құрады. Жас құрылымында шарт бұзудың ең көп үлесі 30-50 жас аралығындағы қызметкерлерге тиесілі – 67,1%.

44-кесте. 2023–2025 жылдардағы еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлер саны жасы мен жынысы бөлінісінде, адам

GRI 401-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Компания бойынша барлығы	711	765	772	0,9
Гендерлік белгісі бойынша				
- Әйелдер	129	127	166	30,7
- Ерлер	582	638	606	–5,0
Жастық топтары бойынша				
- 30 жастан кіші	165	188	161	–14,4
- 30-50 жастағы	456	474	518	9,3
- 50 жастан үлкен	90	103	93	–9,7



персоналдың тұрақтамауы

2025 жылы әйелдер үлесін құрады

45-кесте. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлердің жалпы саны гендерлік белгісі мен өңірлері бөлінісінде, адам

GRI 401-1

Өңірлер	Гендерлік белгісі	
	Ерлер	Әйелдер
Абай облысы	0	0
Ақмола облысы	17	15
Ақтөбе облысы	55	9
Алматы облысы	13	2
Атырау облысы	46	11
Батыс Қазақстан облысы	60	15
Жамбыл облысы	46	4
Жетісу облысы	17	3
Қарағанды облысы	18	6
Қостанай облысы	45	10
Қызылорда облысы	24	6
Маңғыстау облысы	28	7
Павлодар облысы	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0
Түркістан облысы	84	13
Ұлытау облысы	2	1
Шығыс Қазақстан облысы	0	0
Астана қ.	67	39
Алматы қ.	42	6
Шымкент қ.	42	19
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	0	0

Еңбектің ұйымдастырушылық немесе технологиялық жағдайларының өзгеруіне байланысты еңбек шартының талаптарын өзгерту рәсімі ұжымдық шартта белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес келеді. 2025 жылы қызметкерлер тарапынан осы талапты сақтамау туралы талап-арыз беру жағдайлары болған жоқ.

QazaqGaz-да ерлерге де, әйелдерге де бала тууына және оның күтіміне байланысты демалыс алу құқығы беріледі. 2025 жылы осындай демалысты 145 қызметкер пайдаланған, оның ішінде 27 ер адам және 118 әйел. Демалыс аяқталғаннан кейін 88 қызметкер жұмысқа оралды, оралу коэффициенті 90%-ды құрады.



қызметкерлерді бала күтімі бойынша демалыстан оралу коэффициенті

46-кесте. 2023–2025 жылдары бала күтімі бойынша демалыс алған қызметкерлер, адам

GRI 401-3

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Жүктілігі және босануы бойынша немесе бала күтімі бойынша демалысқа құқығы болған қызметкерлердің саны (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес), адам	12 800	12 996	13 609	4,7%
Ерлер	10 535	10 717	11 284	5,3%
Әйелдер	2 265	2 279	2 325	2%
Жүктілігі және босануы бойынша демалысты және бала күтімі бойынша демалысты ресімдеген қызметкерлердің саны, адам	165	327	145	–55,7%
Ерлер	11	42	27	–35,7%
Әйелдер	154	285	118	–58,6%
Ана/әке болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлердің саны, адам	72	94	88	–6,4%
Ерлер	5	7	8	14,3%
Әйелдер	67	87	80	–8,0%
Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін жұмысын жалғастырған қызметкерлердің саны, адам	71	53	57	7,5%
Ерлер	4	5	1	–80,0%
Әйелдер	67	48	56	16,7%
Есепті жылы ана/әке болу бойынша демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралуға тиіс қызметкерлердің саны[122]	61	92	98	6,5%
Ерлер	4	8	9	12,5%
Әйелдер	57	84	89	6,0%
Қызметкерлердің оралу коэффициенті, %	118	102	90	–12 пп
Ерлер	125	88	89	1 пп
Әйелдер	118	104	90	–14 пп
Қызметкерлерді ұстап қалу коэффициенті, %	67	74	61	–13 пп
Ерлер	60	100	14	–86 пп
Әйелдер	68	72	64	–8 пп

[122] Көрсеткіште қайтып оралған қызметкерлер және шарт бұзылған қызметкерлер есепке алынады, есепті жылы ана/әке болу бойынша демалысын ұзартқан қызметкерлер алып тасталады.

ПЕРСОНАЛДЫ ТАҢДАУ, ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЖАЛДАУ

QazaqGaz Компания үшін қажетті білім мен дағдысы және даму әлеуеті бар, жоғары білікті команда қалыптастыруға ұмтылады. Компания персоналды іріктеу, орналастыру және ілгерілету процестерін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істеуде.

Адам ресурстарына қажеттілікті жоспарлау QazaqGaz өндірістік процестерінің ерекшеліктерін, бизнес-бағыттарды дамытуын және стратегиялық мақсаттарын ескереді.

Басшы лауазымдарға іріктеу кезінде келешегі бар үміткерлер пулын кеңейту үшін Президенттік жастар кадрлық резервінің ресурстары ескеріледі.

Әрбір лауазым үшін шешім қабылдау кезінде үміткерлерді бағалаудың әділдікті қамтамасыз ететін әдістері қолданылады. Компания кемсітпеушілік, инклюзивтілік және ізденушілер мен қызметкерлерге құрметпен қарау қағидаттарын ұстанады. Бос лауазымдарға барлық үміткерлерге ұлтына және нәсіліне, жынысына, жасына, отбасылық және әлеуметтік жағдайына және өзге де белгілеріне қарамастан тең мүмкіндіктер беріледі.

Бос лауазымдарға персоналды іріктеу кезінде конкурстық рәсімдерді өткізу тәртібі «QazaqGaz» ҰК» АҚ бос лауазымдарына үміткерлерді іздестіру және іріктеу қағидаларымен реттеледі. Бос орындар туралы ақпарат Samruk Qyzmet бірыңғай рекрутингтік платформасында орналастырылады, ал іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін бейнежазба және бақылау жүйесі (прокторинг жүйесі) қолданылады.

Персоналды іріктеу және жалдау жүйесі тиімділігінің негізгі көрсеткіштері:

- Іріктеу сапасы: қаржы жылының бірінші жартыжылдығындағы тұрақтамау;
- Сыртқы үміткерлер үшін конкурстық іріктеу жүргізу: кемінде 100%.

QazaqGaz жалдау кезінде ішкі құжаттардың ережелерін, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартын және қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.

2025 жылы QazaqGaz-ға 1 819 қызметкер жалданды, олардың 84,2%-ы ерлер және 15,8%-ы әйелдер. Жалданған қызметкерлердің ең көп, 32,4% үлесі 30 жастан кіші жас тобына тиесілі болды.

47-кесте. 2023–2025 жылдардағы жалданған қызметкерлер саны жынысы мен жасы бөлінісінде, адам

GRI 401-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Компания бойынша барлығы	**1 207**	**1 443**	**1 819**	**26,0**
Гендерлік белгісі бойынша				
Ерлер	1 000	1 206	1 532	27,0
Әйелдер	207	237	287	21,1
Жастық топтары бойынша				
30 жастан кіші	381	443	589	33,0
30-50 жастағы	687	828	1 045	26,2
50 жастан үлкен	139	172	185	7,6

48-кесте. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жалданған қызметкерлердің саны гендерлік белгісі мен қатысу өңірлері бөлінісінде, адам

GRI 401-1

Өңірлер	Гендерлік белгісі	
	Ерлер	Әйелдер
Абай облысы	0	0
Ақмола облысы	34	33
Ақтөбе облысы	208	19
Алматы облысы	29	6
Атырау облысы	186	17
Батыс Қазақстан облысы	128	15
Жамбыл облысы	107	7
Жетісу облысы	26	7
Қарағанды облысы	41	8
Қостанай облысы	71	14
Қызылорда облысы	86	6
Маңғыстау облысы	112	16
Павлодар облысы	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0
Түркістан облысы	225	34
Ұлытау облысы	9	1
Шығыс Қазақстан облысы	0	1
Астана қ.	98	43
Алматы қ.	63	14
Шымкент қ.	109	46
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	0	0
Барлығы	**1 532**	**287**

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

GRI 404-1, GRI 404-2, GRI 410-1

QazaqGaz персоналын оқыту біліктілікті арттыруға, кәсіби білімді жетілдіруге, жұмыс міндеттерін тиімді орындауға қажетті басқарушылық және жеке құзыреттерді дамытуға бағытталған. Оқытуды жоспарлау Компанияның стратегиялық мақсаттарын, өндірістік міндеттерін және даму басымдықтарын ескере отырып жүзеге асырылады. Персоналды оқытуға және дамытуға арналған қаражат жыл сайын бюджетте көзделеді.

Оқыту жүйесі міндетті бағдарламаларды, кәсіби және функционалдық даярлықты, салалық оқытуды, сондай-ақ басқару құзыреттерін дамытуды қамтиды. Қызметкерлерді өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау мәселелері және өзге де регламенттелген бағыттар бойынша міндетті оқытуды ҒТО оқу орталығы іске асырады. Кәсіби дамыту, біліктілікті арттыру және басқарушылық оқыту бағдарламалары отандық және халықаралық провайдерлерді тарта отырып, **Samruk Business Academy** жеке меншік мекемесі арқылы ұйымдастырылады.

Сыртқы оқытушылармен қатар Компанияда қызметкерлер қатарынан ішкі жаттықтырушылар мен тәлімгерлер институты дамуда, бұл жаңа қызметкерлерді бейімдеу, оларға компания мен технологиялар туралы тәжірибе мен мамандандырылған білім беру үшін тиімді құрал болып табылады.

QazaqGaz-да оқыту бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылады. 2025 жылы 12 897 астам қызметкер түрлі бағдарламалар бойынша оқудан өтті, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 13,1%-ға артық. Көрсеткіштің өсуі персонал санының артуына, сондай-ақ QazaqGaz үшін стратегиялық басымдық болып табылатын жасанды интеллект бағыты бойынша оқытумен кеңінен қамтуға байланысты.

49-кесте. 2023–2025 жылдары санаттары мен гендерлік белгілері бойынша бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны[123]

GRI 404-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Әкімшілік-басқарушылық персонал, оның ішінде басшылар, сағат/адам[124]	12,9	20,0	26,9	34,5
Өндірістік персонал, сағат/адам	16,1	31,5	38,5	22,2
Гендерлік белгісі бойынша				
Ерлер, сағат/адам	17,3	33,5	40,2	20,0
Әйелдер, сағат/адам	8,6	16,3	24,7	51,5
Оқытуға шығыстар жиыны, млн теңге	**291,9**	**909,3**	**754**	**–17,1**

2025 жылы QazaqGaz қызметкерлерді оқытуға 754 млн теңге инвестициялады, бұл өткен жылға қарағанда 17,1%-ға аз. Азайту шығыстарды оңтайландыруға, оның ішінде бағдарламалардың бір бөлігін онлайн-форматқа ауыстыруға, корпоративтік және онлайн-платформаларды арнайы талаптармен пайдалануға байланысты. Бұл бюджетті неғұрлым тиімді пайдалану арқылы қызметкерлерді кеңінен қамтуды сақтауға мүмкіндік берді.

754 млн теңге — **QazaqGaz қызметкерлерді оқытуға инвестициялады**

12 897 — **QazaqGaz-дың қызметкері түрлі бағдарламалар бойынша оқудан өтті**

123 [GRI 2-4] 2024 жылғы көрсеткіш мәндерді нақтылауға байланысты түзетілді.
124 [GRI 2-4] 2024 жылғы көрсеткіш мәндерді нақтылауға байланысты түзетілді.

2025 жылғы QazaqGaz білім беру бағдарламалары

Іс-шараның атауы	Іс-шараның сипаттауы
Ішкі аудиторларды даярлау және FMVA сертификаттау[125]	Ішкі аудиторларды халықаралық талаптарға сәйкес парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментті жүйесі бойынша оқыту, сондай-ақ FMVA сертификаттаудан өту
Мұнай-газ саласындағы инвестициялық жобаларды бағалау	Мұнай-газ секторындағы инвестициялық жобаларды қаржылық-экономикалық талдаудың және бағалаудың заманауи әдістеріне оқыту
Корпоративтік басқару, тәуекелдер мен комплаенс	Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және комплаенс саласындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған бағдарламалар
Қаржылық үлгілеу	Қаржылық үлгілеу, операциялық және инвестициялық шешімдерді негіздеу құралдарына оқыту
Жобалық басқару	Жобаларды жоспарлаудың, мониторингтеудің және бақылаудың заманауи әдістерін қолдану жөніндегі бағдарламалар
Көшбасшылық және командалық өзара іс-қимыл	Көшбасшылық дағдыларды, басқарушылық құзыреттерді және командалық жұмыстың тиімділігін дамытуға бағытталған оқыту
Өндірістік қауіпсіздік мәдениеті	Өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға және басқару жауапкершілігін арттыруға бағытталған бағдарламалар

2025 жылы сыртқы білім беру провайдерлерінің қатысуымен және Samruk Business Academy арқылы қызметкерлердің кәсіби және басқару құзыреттерін арттыру үшін халықаралық және корпоративтік оқыту бағдарламалары іске асырылды. Атап айтқанда:

- 4 қызметкер Baker Hughes University-де көшбасшылық құзыреттілік пен стратегиялық ойлауды дамыту бағдарламасы бойынша оқудан өтті[126];
- 94 қызметкер Eni Corporate University-де өндірістік қауіпсіздік, мұнай-газ жобаларындағы тәуекелдерді басқару, жобалардың құнын бағалау және басқару, сондай-ақ жобалық басқару бағыттары бойынша оқуға қатысты;
- 200 қызметкер «Бастау» және «Өрлеу» бағдарламалары бойынша модульдік оқудан өтті[127].

МІНДЕТТІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ДАМЫТУ

QazaqGaz қызметкерлерін инжинирингтік, сервистік және жөндеу бағыттарында кәсіби даярлау мен қайта даярлау бағдарламаларын ҒТО оқу орталығы іске асырады. 2025 жылы ҒТО газ саласы қызметкерлерін оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін Bilim QG платформасын қоса алғанда, цифрлық білім беру ортасын дамытуды жалғастырды. Платформа өндірістік және техникалық мамандықтар бойынша онлайн-курстардан тұрады және оқытудың дербестендірілген тәсілін, білімді автоматтандырылған түрде тексеруді, интерактивті форматтарды және өңірлердегі қызметкерлер үшін оқу материалдарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді[128].

125 FMVA (ағылш. Financial Modeling & Valuation Analyst) – қаржылық үлгілеу, бизнесті бағалау және инвестициялық талдау саласындағы кәсіби сертификаттау бағдарламасы.
126 Senior Leader; Next Leader Program – басқарушылық әлеуеті жоғары басшылар мен қызметкерлерге арналған көшбасшылық және басқарушылық құзыреттерді дамыту бағдарламалары.
127 «Бастау» және «Өрлеу» бағдарламалары – командалық өзара іс-қимылды, тиімді коммуникацияны және қызметкерлердің жеке тиімділігін қоса алғанда, негізгі soft skills дамытуға бағытталған Samruk Business Academy білім беру курстары.
128 ЕҚ және ӨБ міндетті бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері туралы толығырақ «Персоналды оқыту және қауіпсіздік мәдениетін арттыруға тарту» бөлімінен қараңыз.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК КОНКУРСТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН ТАНУ

Компания қызметкерлері дәстүрлі түрде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысады. 2025 жылы үш ЕТҰ-да «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурсы өткізіліп, оның қорытындысы бойынша 83 қызметкер жүлделі орындарға ие болды.

Сондай-ақ, QazaqGaz қызметкерлері Бұқара қаласындағы IV Халықаралық кәсіби шеберлік конкурсына қатысып, 9 қатысушының 7-і жүлделі орындарға ие болды.



мемлекеттік және корпоративтік марапаттар табысталды

Компания қызметіне және салаға қосқан үлесі мен кәсібилігінің белгісі ретінде 3 143 қызметкерге мемлекеттік марапаттар, QazaqGaz мерейтойлық медальдары, алғыс және құрмет грамоталары табысталды.

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 401-2

QazaqGaz ынталандыру жүйесі материалдық және материалдық емес ынталандыру әдістерін қамтиды және келесі төрт базалық қағидаттарға негізделеді.

Персоналды басқару саласындағы QazaqGaz қағидаттары

Ішкі әділеттілік жалақы лауазымдық қызметақылар схемасына сәйкес белгіленеді	**Сыртқы бәсекеге қабілеттілік** еңбекке ақы төлеу деңгейі жалақының референттік нарығына сәйкес келуге тиіс
Ашықтық еңбекке ақы төлеу жүйесі қызметкерлер үшін ашық және түсінікті болып табылады	**Сыйақының қызмет нәтижелерімен байланысы** сыйақы мөлшері жалпы QazaqGaz-дың және оның жекелеген қызметкерлерінің мақсаттар мен міндеттерге жетуіне, сондай-ақ Компанияның қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, ұжымдық шарттарға, еңбек шарттарына, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес құрылған.

Лауазымдық қызметақылар, айлық тарифтік мөлшерлемелер мен үстеме ақылар ұжымдық шарттар мен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді. Үстеме ақылар өңірге, сондай-ақ оқыту, аттестаттау және тестілеу нәтижелеріне байланысты. Кіріс құрылымындағы үстеме ақының үлесі 20%-ға дейін болуы мүмкін.

Персонал жұмысының тиімділігі қызметкерлердің жұмысын тұрақты бағалау және НҚК-ге қол жеткізу негізінде бағаланады. Әкімшілік қызметкерлер үшін қойылған мақсаттардың орындалуын тоқсан сайын бағалау, басқарушы персонал үшін – функционалдық және корпоративтік НҚК бойынша жылдық бағалау қолданылады. Сондай-ақ бағалау үшін қанағаттану сауалнамалары, әлеуметтік тұрақтылық деңгейін өлшеу, 180/270/360 градус әдістемелері бойынша құзыреттілікті бағалау, сондай-ақ кәсіптік оқыту және тестілеу пайдаланылады.

2025 жылы қызметін бағалаудан 8 262 адам өтті, оның ішінде 6 606 ер адам және 1656 әйел. Осылайша, бағалау тізімдік санының 60,7%-ын қамтыды.

Компания қызметкерлерінің жұмысын жыл сайынғы бағалаумен қамту 60,7%-ға дейін өсті

Әкімшілік-басқарушылық персоналды бағалау нәтижелері бойынша жеке даму жоспарлары әзірленеді, сондай-ақ бағалау нәтижесіне байланысты қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру, оқыту немесе мансаптық өсу құралдарын қолдану туралы шешімдер қабылданады.

Қызметкерлерді атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттау үш жылда бір рет өткізіледі.

50-кесте. 2023–2025 жылдардағы жұмысын тұрақты бағалаумен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %

GRI 404-3

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, пт
Компания бойынша барлығы	**34,5**	**59,6**	**60,7**	**1,1**
Гендерлік белгісі бойынша				
- Ерлер	50,6	57,5	58,5	1,0
- Әйелдер	31,1	69,3	71,2	1,9
Санаттары бойынша				
- Әкімшілік-басқарушылық персонал	63,0	69,0	70,3	1,3
- Өндірістік персонал	32,0	58,7	59,8	1,1

Қызметкерлерді материалдық көтермелеу және ынталандыру жүйесінің маңызды элементі – қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін сыйлықақы беру, сондай-ақ ұжымның жалпы жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар үшін көтермелеу.

Материалдық ынталандырудан басқа, қызметкерлерге мереке күндеріне: Наурыз мейрамына, Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне, Республика күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне сыйлықақылар төленеді.

Ынталандыру жүйесінің құрамдас бөлігі – әлеуметтік қолдау. Әлеуметтік жеңілдіктер еңбек заңнамасына, Әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына және ұжымдық шарттарға сәйкес жүргізіледі. QazaqGaz-да берілетін әлеуметтік қолдаудың негізгі түрлері:

- демалысқа сауықтыруға арналған материалдық көмек;
- жүктілігі және босануы бойынша, жаңа туған нәрестелерді асырап алғандарға әлеуметтік жәрдемақылар;
- бала туған, асырап алған кездегі материалдық көмек;
- қызметкердің, қызметкер отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек;
- өзге де төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнеткерлікке шыққан кезде, мерейтойлық күндерге және басқа да оқиғаларға);
- ерікті медициналық сақтандыру бағдарламалары.

Компанияда сондай-ақ әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге, жұмыспен қамтылуды сақтауға, кәсіби және жеке өмірдің жаңа кезеңдеріне дайындыққа бағытталған мансаптық орын ауыстырулар кезінде қызметкерлерді қолдау бағдарламалары көзделген. Мұндай бағдарламалар зейнетақымен қамсыздандыру және қаржылық сауаттылық бойынша семинарлар мен тренингтерді, зейнетақы заңнамасы және әлеуметтік кепілдіктер мәселелері бойынша консультацияларды қамтиды.

Қызметкерлердің тартылуын арттыруға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға және кәсіби жетістіктерді тануға бағытталған материалдық емес ынталандыру жүйесіне кіретіндер:

- кәсіби құзыреттерді дамытуға және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға ықпал ететін кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу;
- өндірістік қауіпсіздік және еңбек тиімділігін арттыру саласында көзге түскен қызметкерлерді көтермелеу бағдарламаларын іске асыру;
- қызметкерлер мен өндірістік ұжымдардың кәсіби жетістіктерін корпоративтік және сыртқы медиа арналарда жария ету;
- командалық өзара іс-қимылды және ұжымдардың тұтастығын нығайтуға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;
- жұмыс кәсіптерін танымал ету және корпоративтік бірегейлікті нығайту жөніндегі жобаларды іске асыру.

Қызметкерлердің отбасыларын қолдау және ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында жұмыскерлердің балаларына, оның ішінде жұмысшы кәсіп өкілдеріне арналған 1 098 жазғы лагерлер мен балалар шығармашылығы конкурстары ұйымдастырылды.

КАДР РЕЗЕРВІ ЖӘНЕ РОТАЦИЯЛАР

Кадр резервін қалыптастыру процесі басшы кадрларға қажеттілікті талдау, жоспарлау, кандидаттарды алдын ала және одан кейін қорытынды іріктеу кезеңдерін қамтиды.

Кадр резервіне іріктеу үшін үміткерлер Samruk Business Academy корпоративтік университеті ұйымдастыратын тәуелсіз бағалаудан өтеді. Бағалау қабілеттерді online-тестілеуді (HR Tools) және дербес сауалнаманы (SHL бейін) толтыруды қамтиды.

2025 жылы «QazaqGaz көшбасшылар пулы» жобасы іске қосылды, оған 650 өтінімнің ішінен іріктеу қорытындысы бойынша 27 үміткер қабылданды. Жобаға қатысу оқытуды, тәлімгерлікті, жобалау жұмысын және кәсіби дамудың өзге де форматтарын қоса алғанда, жеке даму жоспарларын әзірлеу мен іске асыруды, сондай-ақ нысаналы лауазымдарға арналған конкурстық рәсімдерге қатысу мүмкіндігін және басым жобаларды іске асыруға тартуды көздейді. Қатысушылардың дамуы жүйелі негізде сүйемелденеді.

Кадр резервіне енгізілген қызметкерлермен Мансапты дамытудың жеке жоспарына қол қойылады.

Кадрлық әлеуетті қалыптастыру мақсатында 2025 жылы Компания ішінде жұмысшы кәсіптері мен инженерлік-техникалық персоналдың 57 жұмыскеріне ротация жүргізілді.

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС

2025 жылы QazaqGaz кадрларды даярлауды, жас мамандардың кәсіби құзыреттерін дамытуды және білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды қоса алғанда, жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған бастамаларды іске асыруды жалғастырды.

Жастар саясатының мақсаты – жас мамандарды дамыту және жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасау. Жастармен жұмыс істеудегі қағидаттар мен басымдықтар, олардың әлеуетін дамыту бағыттары, сондай-ақ қолдау шаралары Жастар ісі жөніндегі кеңес туралы ережеде көрсетілген.

Компания кадрлар даярлау және жұмысшы кәсіптерін танымал ету мақсатында университеттермен, колледждермен және техникалық оқу орындарымен ынтымақтасады. 2025 жылы білім беру ұйымдарымен, оның ішінде Шахтинск технологиялық колледжімен, Политехникалық колледжбен, Мақат мұнай және газ технологиялық колледжімен, Кентау көпсалалы колледжімен, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетімен, Жоғары аграрлық-техникалық колледжімен және Алматы құрылыс-техникалық колледжімен жеті жасалды.

«Азиялық газ құбыры» ЖШС 8 студентті ҚБТУ мен ҚМУ-де оқыту үшін іріктеп алды, 9 мамандық бойынша «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурсын өткізді, кәсіби құзыреттілікті дамыту және кадр резервін даярлау бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды. Сонымен қатар, дарынды жастарды қолдау аясында сегіз студент стипендиялық бағдарлама бойынша білім алып жатыр.

27 қызметкерлер
650 өтінімнің ішінен іріктеу қорытындысы бойынша «QazaqGaz көшбасшылар пулына» қабылданды

8 студентті
«Азиялық газ құбыры» ЖШС ҚБТУ мен ҚМУ-де оқыту үшін іріктеп алды

Жұмысшы кәсіптері жылында жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру

- 2025 жыл бойы QazaqGaz Компания қызметкерлері арасында да, жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында да жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру бойынша іс-шаралар өткізді. Іс-шаралар корпоративтік бірегейлікті нығайтуға, қызметкерлердің үлесін тануға, жастарды Компанияға тартуға бағытталды.
- Жыл бойы корпоративтік медиа арналарда жұмысшы кәсіптерінің өкілдері, оның ішінде слесарлар, диспетчерлер, қазандық операторлары және апаттық-диспетчерлік қызмет мамандары туралы, сондай-ақ Компанияның әдетте «әйелдік емес» деп саналатын кәсіптерде жұмыс істейтін әйел-жұмыскерлері туралы материалдар жарияланды. Қызметкерлердің өндірістік қауіпсіздік саласындағы жетістіктері туралы материалдар жеке орын алды.
- Бос орындар жәрмеңкесін, ашық есіктер күндерін және Компания кәсіпорындарына экскурсияларды қоса алғанда, 11 кәсіптік бағдарлау іс-шарасы шеңберінде бос жұмыс орындары және QazaqGaz-дағы жұмыстың артықшылықтары туралы ақпарат ұсынылды.
- Жұмысшы кәсіптерінің жетекші мамандары қатысқан қосымша 14 шеберлік сыныптары, іс-тәжірибелік сабақтар, көшпелі дәрістер және дөңгелек үстелдер өткізілді, бұл жастарды кәсіби бағдарлауға және салаға қызығушылықты қалыптастыруға ықпалын тигізді.
- «QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік филиалдарында Компания қызметімен және кәсіби даму мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне арналған 4 ашық есіктер күні өткізілді.

КӘСІПОДАҚТАРМЕН ДИАЛОГ ҚҰРУ

QazaqGaz еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестік, тараптардың өзара мүдделері мен тең құқықтығын құрметтеу, Ұжымдық шартта көзделген міндеттемелерді адал орындау және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау қағидаттары негізінде кәсіподақтармен өзара қарым-қатынастарды құрып, дамытады.

Әлеуметтік серіктестік шеңберінде әлеуметтік-еңбек сипатындағы мәселелерді ұдайы талқылау, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау және жақсарту тетіктерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізу қамтамасыз етіледі. 2025 жылы өзара іс-қимыл мынадай мәселелерді қамтыды:

- әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу;
- әкімшілік-басқарушылық персонал мен өндірістік персонал арасындағы еңбек ақысын төлеудегі алшақтықты қысқарту;
- төмен ақы төленетін жұмыс кәсіптерінің санын азайту, 2025 жылы – жаппай жұмыс кәсіптеріне баса назар аудара отырып.

Кәсіподақ өкілдерімен бірлесіп еңбек жағдайларын жақсарту және әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту жөніндегі бастамалар әзірленуде.

2025 жылы Теміртау мен Жезқазғанда заманауи вахталық кешендер салынды, олардың әрқайсысында әкімшілік-тұрмыстық блок, оқу сыныбы, медициналық кабинеттер, жаттығу залы, кір жуатын орын, демалыс бөлмелері және қауіпсіздік жүйесі бар заманауи БӨП қарастырылған. Жоба «Сарыарқа» МК магистральді учаскесіне қызмет көрсететін персоналдың, сондай-ақ «Жезқазған» АГТС әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған.

Сонымен қатар Атырауда жатақханаға күрделі жөндеу жүргізіліп, 33 әлеуметтік инфрақұрылым нысаны жөнделді.

Еңбек ұжымдарын нығайту, командалық өзара іс-қимылды дамыту және қызметкерлердің құштарлығын арттыру мақсатында 2025 жылы ЕТҰ бірінші басшыларының еңбек ұжымдарымен 42 кездесуі өткізілді. Өзара іс-қимылдың бұл форматы тоқсан сайынғы негізде іске асырылады және басқарушылық шешімдердің ашықтығын арттыруға және кері байланыспен алмасуға ықпал ететін ашық диалогты көздейді.

Кәсіподақтардың қатысуымен қосымша спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады, ұжымдардың бірігуіне және корпоративтік мәдениеттің дамуына ықпал ететін кәсіби мерекелер мен мерейтойлық күндер өткізіледі.

Адам құқықтары, инклюзия және тең мүмкіндіктер

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-23, GRI 2-24, GRI 2-29, GRI 2-30, GRI 405-1, GRI 405-2, GRI 406-1, KASE

QazaqGaz жынысына, нәсіліне, этникалық және өзге де тиесілігіне қарамастан, әрбір жұмыскердің құндылығын тануға негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастырады және инклюзивтілік қағидаттарын ұстанады. Компания жұмыс орнында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және кемсітушілікке нөлдік төзімділік саясатын қолданады.

Компания Қазақстан Республикасының Конституциясында, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында, БҰҰ-ның Жаһандық шартының қағидаттарында, Халықаралық еңбек ұйымының конвенциясында және басқаларда көрсетілген іргелі адам құқықтарын сақтаудың маңыздылығын мойындайды.

Жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу қағидаттары осы тараудың басында Адам капиталы, адам құқықтары, инклюзия және тең мүмкіндіктер мәселелерін басқару құрылымында көрсетілген.

Адам құқықтарын қорғау туралы саясатта адам құқықтарын сақтауды және құрметтеуді қамтамасыз етуге арналған негізгі қағидаттар мен тәсілдер баяндалған, оның ішінде: адам құқықтары туралы хабардар болу, әртүрліліктің құндылығы, еңбек құқықтарын сақтау, кері байланысқа ашықтық, бұзушылықтарға ден қою, бірлесу еркіндігі.

Адам құқықтарын сақтау жөніндегі саясаттың ережелерін QazaqGaz барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

2025 жылы Компанияда адам құқықтарын бұзу жағдайлары анықталған жоқ.

ИНКЛЮЗИВТІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

GRI 3-3, GRI 2-24

Әр адамның бірегейлігін мойындау және оның жеке айырмашылықтарын құрметтеу QazaqGaz-дың Алуан түрлілік пен инклюзивтілік жөніндегі саясатында бекітілген. Компанияның тәсілдері халықаралық нормаларға сәйкес келеді және мынадай қағидаттарға негізделген:

- жынысына, жасына, этникалық тиесілігіне және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, ізденушілер мен жұмыскерлерге тең мүмкіндіктер беру, сондай-ақ жұмысқа қабылдау, мансаптық ілгерілеу, кәсіби даярлыққа қол жеткізу, нәтижелерді бағалау және еңбекақы төлеу кезінде кемсітушілікке жол бермеу;
- басқарудың барлық деңгейлерінде алуан түрлілік құндылығын ілгерілету;
- Компанияның және оның басшы органдарының қызметіне әйелдердің неғұрлым кеңінен қатысуына жәрдемдесу;
- кәсіптік даму және әлеуетін іске асыру үшін барлық қызметкерлерге тең мүмкіндіктер беру.

2025 жылы адам құқықтарын бұзу оқиғаларының саны

Инклюзивтілікті және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің негізгі бағыттары

Қауіпсіз жұмыс ортасы

- Қызметкерлерді кемсітушілікті болдырмайтын жұмыс орнындағы мінез-құлық қағидаларына оқыту
- Жұмыс орнында құдалауға жол бермеу және бұзушылықтар туралы хабарлаудың қауіпсіз арналары
- QazaqGaz іскерлік әдеп кодексіне сәйкес мінез-құлық нормалары туралы ақпараттандыру

Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері

- Әртүрлі жеке ерекшеліктері бар қызметкерлерді тартуды қамтамасыз ететін іс-тәжірибелерді қолдану
- Кәсіби қасиеттері мен жұмыс нәтижелері негізінде жалдаудың, тағайындаудың және мансаптық ілгерілетудің тең тәсілі

Оқу және даму мүмкіндіктері

- Қызметкерлердің оқуға және кәсіптік дамуға тең қол жеткізуі
- Білім беру және мансаптық мүмкіндіктерде кемсітушілікке жол бермеу

Осы қағидаттарды дамыту үшін Компания денсаулығының мүмкіндігі шектеулі адамдарды (бұдан әрі – ДМШ) жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасайды.

2025 жылы ДМШ қызметкерлердің үлесі персоналдың жалпы тізімдік санының 1,3%-ын құрады. Оның ішінде 92,0% өндірістік персонал санатына, 8,0% – әкімшілік-басқарушылық персоналға жатады. Өндірістік персонал құрамында ДМШ қызметкерлердің 85,1%-ын ерлер және 14,9%-ын әйелдер құрады; әкімшілік-басқарушылық құрамында – тиісінше 35,7% және 64,3% болды.

Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-мен және аумақтық жұмыспен қамту орталықтарымен мүгедектігі бар адамдарды және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бағдарламалары шеңберінде өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Осы санаттағы қызметкерлерді жұмысқа орналастыру кезінде ауыр жұмыстар мен еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, штат санының 2-ден 5%-ға дейінгі мөлшерінде жұмыс орындарына квота қолданылады. Бос жұмыс орнын Samruk Kyzmet бірыңғай рекрутингтік платформасында жариялау кезінде оның мүгедектігі бар ізденушілер үшін қолжетімділігі туралы ақпарат көрсетіледі.

51-кесте. 2023–2025 жылдардағы ДМШ қызметкерлердің тізімдік саны, адам

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Компания бойынша барлығы	139	162	175	8

Персоналдың жалпы тізімдік саны – ДМШ қызметкерлермен

КЕМСІТУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-25, GRI 406-1, GRI 411-1

Кадр саясатының қағидаттарына сәйкес QazaqGaz барлық үміткерлер мен қызметкерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, ұлттық және нәсілдік тиесілігі, жынысы, жасы, отбасылық және әлеуметтік жағдайы, сондай-ақ өзге де ерекше белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

Кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат Компанияда кемсітушілік пен қорлайтын мінез-құлықтың түрлеріне төзбеушілікпен қарауды белгілейді. Құжатта барлық қызметкерлер үшін міндетті мынадай базалық қағидаттар жарияланған.

QazaqGaz кемсітушілік пен харассментке қарсы қағидаттары

Қағидаттың атауы	Сипаттауы
Еңбек саласындағы тең мүмкіндіктер	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, бұл құқықтарда ешкімді шектеуге болмайды.
Жұмыс орнында жыныстық алымсақтыққа жол бермеу	Жыныстық бағыттағы қорлау әрекеттерінің барлық түрлеріне тыйым салынады.
Ар-намыс пен қадір-қасиетті құрметтеу	Әрбір қызметкер әріптестерімен қызметтік қатынастарда әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кемсітудің және қол сұғудың кез келген түрлерін болдырмайтын қолайлы ақылақтық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қолдануға тиіс.
Құдалауға жол бермеу	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, адамның жеке қасиеттерінің немесе өзге де ерекшеліктерінің белгісі бойынша құдалауға жол берілмейді.
Психологиялық зорлық-зомбылыққа жол бермеу	Қорқытатын, дұшпандық немесе қорлайтын жұмыс жағдайын жасауға жол берілмейді.
Кибер кеңістіктегі алымсақтық	Ашық сипаттағы жағымсыз және қорлайтын электрондық хабарламаларға, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен интернет-чаттарда орынсыз және қорлайтын әрекеттерге тыйым салынады.

Көрсетілген жағдайлардың бірі немесе бірнешесі туындаған жағдайда, Компания қызметкері бұл туралы тікелей басшысына, корпоративтік қауіпсіздік, адам ресурстарын басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің өкілдеріне хабарлай алады не Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына жүгіне алады.

0 жағдай

Кемсітушілік және адам құқықтарын бұзу жағдайлары.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢГЕРІМ

GRI 3-3, GRI 405-2, GRI 11: 11.6, KASE

Компания персоналдың барлық санаттарында әйелдер мен ерлердің теңгерімді ұсынылуына ұмтылады. Басшы қызметкерлерді тағайындау кезінде гендерлік-бейтарап қағидат және меритократия қағидаттары қолданылады. QazaqGaz басқарудың барлық деңгейінде, оның ішінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінде, сондай-ақ басқарудың жоғары және орта буындарының басшы лауазымдарында әйелдер мен ерлердің теңгерімді ұсынылуына ұмтылады.

Есепті кезеңде персонал санаттары бойынша әйелдер мен ерлердің базалық жалақысының арақатынасы әкімшілік және басқарушылық персонал үшін 0,88 және мүгедектігі бар қызметкерлер үшін 0,58 құрады. Әйелдер мен ерлердің жиынтық сыйақысының арақатынасы тиісінше 0,90 және 0,59 құрады.

Басқару органдарының мүшелері бойынша көрсеткіштің арақатынасы есептелмейді және осы санатта әйелдердің болмауына байланысты 0 құрайды.

QazaqGaz гендерлік теңгерім мәселесінде дамудың, қызметкерлер, үміткерлер үшін, сондай-ақ халықаралық нарықтарда компанияның тартымдылығын арттырудың әлеуетін көреді.

Гендерлік теңдік мәселелеріне оқыту

Есепті жылы құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен HR-функциясының мамандары «Гендерлік теңдік заманауи корпоративтік мәдениеттің элементі ретінде: директорлар кеңестері мен басқарушы органдардағы гендерлік теңгерім, кемсітушілікке қарсы тетіктер мен ішкі рәсімдер» тақырыбы бойынша оқудан өтті.

Бағдарлама халықаралық стандарттар мен ұлттық үрдістерді, корпоративтік сектордағы гендерлік теңдік қағидаттарын қамтыды.

Бағдарламаға сондай-ақ HR-процестерге гендерлік теңдік қағидаттарын біріктіру, коммуникацияларды басқару және гендерлік таптаурындарды болдырмау мәселелері енгізілді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-25, GRI 2-26

Қызметкерлерден кері байланыс алу және жедел ден қою мүмкіндігі үшін Компания әртүрлі кері байланыс арналарын пайдаланады. Олардың ішінде:

- Комплаенс қызметінің «жедел желісі»;
- «Самұрық-Қазына» АҚ «жедел желісі» («Нысана» call-орталығы);
- «Ашық терезе» интерактивті ресурсы;
- eOtinish[129].
- Уәкілетті бөлімшелер жүгінген адамдардың құпиялылығына және жасырын қалуына кепілдік бере отырып, барлық келіп түскен өтініштерді тіркеуді және өңдеуді жүзеге асырады.

[129] eOtinish – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау платформасы.

2025 жылы келіп түскен және өңделген өтініштер саны, жағдайлар

Арна	Барлық келіп түскен өтініштер	Өтініштердің тақырыптары	Өтініштерді өңдеу нәтижесі
«Нысана» call-орталығы және eOtinish	**46**	Әлеуметтік-еңбек қатынастары	**5** өтініш бойынша қызметкердің пайдасына шешім қабылданды
Комплаенс қызметінің «жедел желісі»	**38**	• еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар • сыбайлас жемқорлық мәселелері • белгіленген рәсімдерді бұзу • сатып алу қызметі • алаяқтық	• бұзушылық фактісі расталды (оның ішінде ішінара) – **13** • фактісі расталған жоқ – **24** • қаралуда – **1**

QazaqGaz басшылығының қызметкерлермен өзара іс-қимылы мынадай форматтарда жүзеге асырылады: «Ашық терезе» тікелей желісі, қызметкерлерге жыл сайынғы сауалнама жүргізу, жұмыс жиналыстарын өткізу, тәлімгерлік және басқалар.

Басқару органдарын қызметкерлермен өзара іс-қимылға қатыстыру

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ БАСҚАРМАСЫ	ЕТҰ БАСШЫЛЫҒЫ
«Ашық терезе» түзу сызығы	Жұмыскерлердің жыл сайынғы сауалнамасы (әлеуметтік тұрақтылық индексі)	Ынталандыру бағдарламалары («Үздік маман»)
Компания Басқармасын тағайындау	Сенім телефоны (телефон нөмірі және электрондық пошта)	Операциялық жиналыстар
Инклюзивтілікті қолдауға арналған нысаналы бағдарламалар («Көктем шуағы» конкурсы)	Мотивациялық бағдарламалар (енгізілген идея үшін, ҚНК-ні арттырғаны үшін сыйлықақы)	Жас мамандардың тәлімгерлігі

Корпоративтік сайт; электрондық пошта; газет; ақпараттық стендтер, брошюралар, постерлер және бейнероликтер; ұжымдық жиналыстар мен кәсіподақ; корпоративтік мессенджерлердегі чаттар

Жыл сайын Компания өндірістік персонал арасында Samruk Research Services әлеуметтік тұрақтылық индексіне (бұдан әрі – SRS индексі, Индекс) бағалау жүргізеді. SRS индексі қызметкерлердің мынадай аспектілер бойынша берген бағалаулары негізінде есептеледі:

- Қатыстырылу индексі (еңбек қауіпсіздігі және коммуникация деңгейі);
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі (сыртқы факторлардың әсері);
- Әлеуметтік тыныштық индексі (ұжымдағы әлеуметтік шиеленіс).

52-кесте. 2023–2025 жылдардағы өндірістік персоналдың әлеуметтік тұрақтылық индексі, %

	2023	2024	2025
SRS әлеуметтік тұрақтылық индексі	68	74	78

2025 жылы Индекс 2024 жылмен салыстырғанда 4 пайыздық тармаққа ұлғайып, 78%-ға жетті.

Зерттеу барысында анықталған проблемалық мәселелерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- аудит және жабдықтарды, құралдар мен өндірістік процестерді одан әрі оңтайландыру жөніндегі комиссиялар құрылды, сондай-ақ жұмыс процестерінің ерекшелігін ескере отырып, жеке қорғану құралдарын (бұдан әрі – ЖҚҚ) дұрыс пайдалану бойынша жаттығулар мен нұсқамалықтар өткізілді;
- IR-скрининг қорытындысы бойынша санитарлық-тұрмыстық үй-жайларда, ғимараттардың қасбеттерінде, шешінетін орындарда, демалыс бөлмелерінде, себезгі бөлмелерінде және санитарлық тораптарда жөндеу жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ шатыр жөндеу, терезе блоктары мен қабырға панелдерін ауыстыру, спорт залдарын, қойма үй-жайларын және басқа да инфрақұрылым объектілерін жөндеу жүргізілді;
- «Қазақстанның ұжымдық еңбек құқығын реформалау. Еңбек саласындағы кәсіподақтардың құқықтық мәртебесін нығайту» және «Еңбек жанжалдары мен дауларын басқару, олардың алдын алу және шешу» тақырыптары бойынша оқыту семинарлары мен тренингтер өткізілді;
- нөлдік жарақаттану мәдениетін қалыптастыруға және қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған Vision Zero тұжырымдамасын енгізу бойынша оқыту, сондай-ақ қызметкерлерді өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту және олардың білімін тексеру жүйелік негізде жүргізілді;
- өндірістік объектілерде Омбудсменге және «Нысана» call-орталығына қолжетімді байланыс арналарын көрсете отырып, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу фактілері бойынша жүгіну мүмкіндігі туралы ақпараттық материалдар орналастырылды.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ИНКЛЮЗИЯ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР САЛАСЫНДАҒЫ 2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Персоналды басқару саласында Компания персоналды даярлау және қайта даярлау жөніндегі күнтізбелік оқыту жоспары шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыруды, оның ішінде семинарлар, шеберлік сыныптарын өткізуді және инженерлік-техникалық мамандықтар мен жұмысшы кәсіптер жұмыскерлерін модульдік оқыту бағдарламаларына жіберуді жоспарлайды. Өндірістік тәжірибе алмасу үшін инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшы кәсіптер персоналын ротациялау, өндірістегі Шеберлік және кәсіпқойлық мектебін одан әрі дамыту, «Үздік маман» және «Өндірістік қауіпсіздіктің үздік қызметкері» кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу, сондай-ақ «QazaqGaz көшбасшылар пулы» бағдарламасын дамыту жоспарланған.

Компания HR саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруді, іс-тәжірибе және тағылымдамалар бөлігінде бейінді жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты дамытуды, жастар саясатын белсенді етуді, «ішкі жаттықтырушы» жобасын іске қосуды, HR-процестерді одан әрі автоматтандыруды және жасанды интеллект құралдарын енгізуді жалғастыруға ниетті. Қызметкерлердің кәсіби, цифрлық және басқарушылық құзыреттерін дамытуға, оқыту жүйесін жетілдіруге және персоналдың құштарлығын арттыруға жеке назар аударылатын болады.

Өндірістік персонал арасында әлеуметтік тұрақтылық индексі құрады

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап орталық кеңсе қызметкерлерін қоспағанда, персоналдың жекелеген санаттары үшін жалақыны көтеруге сараланған тәсілді көздейтін лауазымдық қызметақылар мен тарифтік мөлшерлемелерге бекітілген өзгерістер күшіне енеді.

Адам құқықтары, инклюзия және тең мүмкіндіктер саласында QazaqGaz жұмыс орнында кемсітпеушілік, гендерлік теңдік және құрметпен қарау қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін тәсілдерді дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр. Қызметкерлер мен басшылардың іскерлік әдеп, тең мүмкіндіктер және адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру, сондай-ақ осы қағидаттарды кадр процестері мен корпоративтік іс-тәжірибеге одан әрі біріктіру басымдықтар болып қала береді.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

ЕҚ ЖӘНЕ ӨҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 2-29, GRI 2-30, GRI 403-1, GRI 403-4, GRI 11:9.1, KASE

Компанияның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және персоналдың денсаулығы саласындағы мақсаттары (бұдан әрі – ЕҚ және ӨҚ) – қызметкерлердің денсаулығына теріс әсер ету тәуекелдерін болдырмау немесе азайту, жарақаттану көрсеткіштерін төмендету, жарақаттану мен қызметкерлер денсаулығының нашарлауын болдырмау.

Денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат қызметкерлердің денсаулығын сақтауға қатысты Компанияның ұстанымын және өндірістік жарақаттанудың алдын алу және азайту үшін озық әдістер мен іс-тәжірибелерді қолдану ниетін нығайтады.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- ЕҚ және ӨҚ саласындағы стратегиялық басымдықтарды, мақсаттар мен НҚК бекіту, олардың іске асырылуын қадағалау
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдерді қадағалау
- Төтенше жағдайларға ден қоюды басқару, төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету тәсілдерін қадағалау
- Жылдық есеп шеңберінде ЕҚ және ӨҚ көрсеткіштері бойынша есептілікті бекіту

БАСҚАРМА

- ЕҚ, ӨҚ және ТЖ саласындағы негізгі қағидаттарды, саясаттарды және ІНҚ бекіту
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы жоспарлар мен іс-шаралардың іске асырылуын бақылау
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шараларды бекіту, олардың орындалуын бақылау
- Есептілікті бекіту

ЕҚ ЖӘНЕ ӨҚ БАСҚАРУШЫ КОМИТЕТІ

- ЕҚ және ӨҚ мәселелерін басқару тиімділігін талдау
- ЕҚ және ӨҚ жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы мақсаттарды, міндеттер мен нысаналы көрсеткіштерді әзірлеу және өзектендіру
- Қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлқын ынталандыру бойынша ұсыныстарды қарау
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы корпоративтік құжаттарды келісу

Денсаулық, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және техникалық қауіпсіздік департаменті

- ЕҚ және ӨҚ саласындағы ішкі құжаттарды, регламенттер мен рәсімдерді әзірлеу және өзектендіру, оларды енгізуді әдіснамалық сүйемелдеу
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу, олардың тиімділігін бағалау
- Талаптар мен рәсімдерді сақтау мониторингі, тексерулер мен инспекцияларды ұйымдастыру
- ЕҚ және ӨҚ бойынша деректерді жинау және есептілікті дайындау
- ЕҚ, ӨҚ, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау бойынша оқытуды ұйымдастыру

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- ЕҚ және ӨҚ саласындағы корпоративтік талаптар мен іс-шараларды іске асыру
- ЕҚ және ӨҚ жүйесін бөлімшелер мен ЕТҰ деңгейінде дамыту
- ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды қалыптастыру және олардың тиімділігін бағалау
- Өндірістік процестердің ішкі және сыртқы аудиттерін ұйымдастыру
- Жергілікті орындарда ЕҚ және ӨҚ талаптарын сақтау мониторингі
- Тексерулер, аудиттер және тергеп-тексерулер қорытындысы бойынша түзету іс-шараларын іске асыру

2025 жылдан бастап өндірістік қауіпсіздіктің кешенді көрсеткіші Басқарманың НҚК құрамына енгізілді. Басқарма төрағасының орынбасарлары үшін жұмыс орнындағы денсаулықтың нашарлауы себебінен, еңбек қызметіне байланысты емес өлім-жітім оқиғаларының көрсеткіші қосымша белгіленді.

Есепті жылы Компанияның басымдықтары: жарақаттануды төмендету, қауіпсіздік мәдениетін нығайту, ішкі стандарттарды жетілдіру және төтенше жағдайларға дайындықты арттыру болды.

ЕҚ және ӨҚ саласындағы қызмет келесі ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.

Ішкі құжаттар мен стандарттар

- 2024–2028 жылдарға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ және «QazaqGaz» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту стратегиясы (2025 жылы жаңартылған)[130]
- «Самұрық-Қазына» АҚ және «QazaqGaz» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарлары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару саласындағы ұйымдардың қызметін бағалау
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесі саласында аудит/тексеру және мониторинг жүргізу тәртібі туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер ету тәуекелдерінің жиынтық тізбесі
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның «Қауіпсіздік бойынша мінез-құлық аудитін» жүргізу әдістемесі
- QazaqGaz тобы бойынша өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарт
- QazaqGaz тобы бойынша ынталандыру және салдарын басқару бағдарламасы
- QazaqGaz тобы бойынша апаттарды жоюға және оларға ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету
- QazaqGaz тобы бойынша еңбек қызметіне байланысты апаттарды, оқыс оқиғаларды және жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру
- QazaqGaz тобы бойынша Health, Safety & Environment коммуникациялар жүйесі[131]
- QazaqGaz тобы бойынша арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай корпоративтік стандарт (2025 жылы жаңартылған)[132]
- QazaqGaz тобы бойынша «Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын белгілеу» рәсімі
- QazaqGaz тобы бойынша өндірістік объектілерде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында аудит пен тексерулер жүргізу тәртібі туралы ереже

QazaqGaz еншілес және тәуелді ұйымдары ЕҚ және ӨҚ саласындағы бизнес-процестерді регламенттейтін өздерінің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу, өзектендіру және енгізу бойынша жүйелі қызметті қалыптастыру үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың талаптарын қолданады.

2025 жылы Компания еңбекті қорғауды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO 45001 халықаралық стандартына ұқсас ҚР СТ ISO 45001-2018 ұлттық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.

130 Басқарманың 20.03.2025 ж. № 10 шешімі.
131 Environment, Health and Safety (EHS) – әртүрлі жағдайларда адамдардың денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған пәнаралық сала. Environment, Health and Safety коммуникациялар жүйесін Басқарма 17.10.2024 ж. бекіткен.
132 Басқарманың 19.03.2025 ж. № 9 шешімі.

ЕҚ ЖӘНЕ ӨҚ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

GRI 3-3, GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-9, GRI 11: 9.2, GRI 11: 9.3, KASE

ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару QazaqGaz тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне біріктірілген.

Тәуекелдерді басқару процесі қауіпті өндірістік процестерді анықтауды, операциялық тәуекелдерді талдауды және бағалауды, сондай-ақ оларды төмендету немесе жою жөніндегі шараларды әзірлеуді қамтиды. Компания ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдермен жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасының СТ 1.56-2005 «Тәуекелдерді басқару. Сенімділікті басқару жүйесі. Технологиялық жүйелердің тәуекелін талдау», сондай-ақ «Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын белгілеу» ішкі құжатталған рәсімін қолданады.

Тәуекелдерді анықтау тұрақты негізде жүргізіледі және ЕТҰ, мердігерлік ұйымдар мен басқа да контрагенттердің қызметін қамтиды.

Қауіптерді анықтау және өндірістік тәуекелдерді бағалау рәсімі едеуір ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде немесе жабдықтарды жаңғырту немесе ауыстыру, аудиттер, апаттық жағдайлар мен жазатайым оқиғалардың себептерін талдау барысында анықталған ықтимал тәуекелдер туралы белгі беруі мүмкін жаңа деректер түскен кезде жүргізіледі. Қауіптілік көздерін сәйкестендіру қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына төнетін тәуекелдерді, сондай-ақ өндірістік объектілер мен жабдықтарды пайдалануға байланысты тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерге басымдық беру олардың туындау ықтималдығы мен болуы мүмкін салдарларының ауырлығы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Тәуекел деңгейін төмендету үшін жабдықтар мен технологиялық процестерді жаңғыртуды, бақылау және дабылдама жүйелерін қолдануды, ұйымдастыру-басқарушылық және оқыту іс-шараларын жүргізуді, сондай-ақ ЖҚҚ пайдалануды қамтитын техникалық, ұйымдастырушылық және қорғау іс-шаралары кешені көзделеді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар тізбесі «Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер ету тәуекелдерінің жиынтық тізбесі» құжатында көзделген ден қою нұсқалары мен түзету іс-қимылдарын талдауды ескере отырып, жыл сайын қайта қаралады.

2025 жылы ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдер іске асты, бұл штаттағы қызметкерлер арасында жазатайым оқиғалардың және көлік оқиғаларының болуымен расталады[133]. Оқиғалардың негізгі себептері: адам факторы және өндірістік қауіпсіздік рәсімдерінің жеткіліксіз сақталуы. Осы тәуекелдердің әсерін төмендету үшін басқару және алдын алу шаралары, оның ішінде белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды күшейту, өндірістік бақылаудың тиімділігін арттыру, нұсқамалықтар өткізу сапасын жақсарту, сондай-ақ қауіпсіздіктің негізгі рәсімдерінің міндетті түрде сақталуын қамтамасыз ету ұлғайтылды.

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ

GRI 403-4, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 11: 9.5, GRI 11: 9.8, GRI 11: 9.9

QazaqGaz «Қазақстан Республикасының СТ ISO 45001:2019» және МемСТ 12.0.003-2015 «Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі стандарттар жүйесі. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Жіктеу» сияқты ұлттық, салалық және халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қатаң ұстанады.

Компания қауіпсіздік мәдениетін дамытуды қызметкерлердің жарақаттануы мен денсаулығының нашарлауын болдырмау, сондай-ақ ЕҚ және ӨҚ саласындағы тәуекелдерді азайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізудің кепілі деп санайды.

[133] Толығырақ «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл» тарауынан қараңыз.

Қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытудың және қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін қызметкерлердің жауапкершілігін арттырудың негізгі факторы – басшылықтың қатыстырылуы. Компанияда басшылардың өндірістік объектілерге сапарлары, сондай-ақ басшылықтың қатысуымен іс-шаралар тұрақты негізде өткізіледі. Есепті жылы Компания орталық кеңсе мен ЕТҰ басшыларына арналған тоғыз өмірлік маңызды қауіпсіздік қағидаларына арналған форум – Life Saving Rules[134] ұйымдастырды.

QazaqGaz техникалық мамандарына арналған HSE Forum

2025 жылы Астанада QazaqGaz компаниялар тобының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық басшылары мен мамандарына арналған HSE Forum өтті. Іс-шара ЕТҰ, өндірістік филиалдар мен серіктес ұйымдардың 100-ден астам қатысушысын біріктірді.

Форум үздік іс-тәжірибелермен алмасуға, қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және өндірістік бағыттағы қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарламаға QazaqGaz басшылығының сөз сөйлеуі, панелдік сессиялар, оқыту модульдері және іс жүзіндегі тәжірибенің таныстырылымдары кірді. Chevron, CNPC және Agip Caspian Sea өкілдері HSE саласындағы халықаралық тәсілдермен бөлісті.

Форум аясында сонымен қатар HSE жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін өндірістік бөлімшелер мен ЕТҰ қызметкерлері марапатталды. Іс-шара Жұмысшы кәсіптер жылы аясында өтті және Компанияның техникалық мамандары, басшылары мен серіктестері арасындағы диалогты нығайту алаңына айналды.

Ауыр және өлімге алып келетін жарақаттанудың «нөлдік деңгейіне» жету үшін QazaqGaz тәуекелдерді анықтауға, ықтимал қауіпті оқиғаларды тіркеуге және талдауға, алдын алу шараларын әзірлеуге, қызметкерлермен байланыс жасауға және бизнес-процестерді түзетуге көмектесетін «Жоспарла – Істе – Тексер – Әрекет ет» тәсілін енгізеді.

Компанияның барлық қызметкерлеріне «Алтын қағидалар» және «Тоғыз тіршілікті қамтамасыз ететін қауіпсіздік қағидасы» туралы ақпарат берілді. Есепті жылы «Нөлдік жарақаттануға 12 қадам» және «Оқиғаларды тергеп-тексеру» тақырыптары бойынша оқыту бейнероликтері дайындалды.

QazaqGaz жарақаттарға, жазатайым оқиғаларға немесе залалға әкелетін кез келген өндірістік оқыс оқиға қолайсыз болып есептелетін, қауіпсіз жұмыс ортасын құруға бағытталған Vision Zero[135] тұжырымдамасын ерікті негізде іске асыруды жалғастыруда.

[134] ағылш. Life Saving Rules – өндірісте салдарлары ауыр оқиғаларды және өлім-жітім оқиғаларын болдырмауға бағытталған өмірлік маңызы бар қауіпсіздік қағидалары.
[135] Vision Zero – өндірістегі жазатайым оқиғалардың, кәсіптік аурулардың және өзге де оқыс оқиғалардың алдын алуға бағытталған нөлдік жарақаттанудың халықаралық тұжырымдамасы.

53-кесте. 2023–2025 жылдардағы жұмыс орнында ӨҚ және ЕҚ басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер[136]

GRI 403-8

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Қызметкерлердің тізімдік саны, адам	12 800	12 996	13 609	4,7%
Штаттағы қызметкерлер				
ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесімен қамтылған адамдар саны	12 800	12 996	13 609	4,7%
ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	100	100	100	0 пп
Ішкі аудит рәсімінен өткен, ЕҚ және ӨҚ жүйесімен қамтылған адамдар саны	12 604	12 996	13 609	4,7%
Ішкі аудит рәсімінен өткен, ЕҚ және ӨҚ жүйесімен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	98	100	100	0 пп
Штаттан тыс қызметкерлер				
ЕҚ және ӨҚ жүйесімен қамтылған адамдар саны	314	417	550	31,9%
ЕҚ және ӨҚ жүйесімен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	100	100	100	0 пп
Ішкі аудит рәсімінен өткен, ЕҚ және ӨҚ жүйесімен қамтылған адамдар саны	199	417	550	31,9%
Ішкі аудит рәсімінен өткен, ЕҚ және ӨҚ жүйесімен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	63	100	100	0 пп

Қауіпсіздікті арттырудың негізгі құралдарының бірі мінез-құлық аудиттерін жүргізу болып қалады, олардың барысында еңбекті қорғау жөніндегі мамандар өндірістік процестерді бақылайды және қызметкерлермен тікелей жұмыс орындарында әңгімелесулер өткізеді. Ең алдымен көшбасшылықты көрсетуге және қауіпсіздік мәдениетін қолдауға бағытталған басшылықтың сапарларына қарағанда, мінез-құлық аудиттері ықтимал тәуекелдер салаларын жүйелі түрде анықтауға бағытталған. Оларды жүргізу тәртібі «ЕҚ және ӨҚ мінез-құлық аудитін жүргізу қағидалары» корпоративтік стандартында бекітілген.

ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және сәйкессіздіктер мен ықтимал қауіпті жағдайларды (ағылш. near misses) анықтау үшін Компанияда қауіпсіздіктің ішкі аудиттері жүргізіледі. Ішкі аудиттер қорытындысы бойынша түзетуші іс-қимылдар әзірленеді, рәсімдер мен ішкі нормативтік құжаттар өзектендіріледі.

[136] Аталған деректер қызметкерлер емес адамдардың 100%-ын қамтиды. Қызметкерлер емес адамдардың санаттары осы статистикадан шығарылған жоқ, GRI анықтамасына сәйкес, қызметкерлер емес тұлғалар деп мердігерлік ұйымдардың, жеткізушілердің қызметкерлері, еріктілер, тағылымдамадан өтушілер түсініледі.

54-кесте. 2023–2025 жылдардағы QazaqGaz-дағы ішкі қауіпсіздік аудиттерінің саны мен нәтижелері

Көрсеткіш	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудиттердің саны, бірлік	15 969	24 133	21 630	–10,4%
Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудиттер шеңберінде анықталған сәйкессіздіктер саны, бірлік	20 807	16 904	21 097	24,8%
Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудиттер шеңберінде жойылған сәйкессіздіктердің үлесі, %	97,7	98,2	93,7	- 4,5 пп

2025 жылы Компанияда өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне 21 630 ішкі аудит жүргізілді, бұл 2024 жылға қарағанда 10,4%-ға аз.

Рәсімді жетілдірудің арқасында, ЕҚ және ӨҚ бойынша ішкі аудиттер шеңберінде 24,8%-ға көбірек сәйкессіздіктер анықталды

Аудиттер қорытындысы бойынша 21 097 сәйкессіздік анықталды, бұл 2024 жылғы деңгейден 24,8%-ға жоғары. Жойылған сәйкессіздіктер үлесі 2024 жылмен салыстырғанда 4,5 пт төмендеп, 93,7%-ды құрады. Анықталған сәйкессіздіктер санының өсуі аудиттер жүргізу сапасының артуымен, бұзушылықтарды тіркеудің толықтығына қойылатын талаптардың күшеюімен және бақылау рәсімдерінің ашықтығына назар аударумен байланысты.

Компанияның ЕҚ және ӨҚ саласындағы шығыстары өткен жылмен мөлшерлес деңгейде қалып, 59,8 млрд теңгені құрады.

процедураны жетілдірудің арқасында ЕҚ және ӨҚ бойынша ішкі аудиттер шеңберінде сәйкессіздіктер анықталды

2025 жылғы Компанияның ЕҚ және ӨҚ саласындағы шығыстары

55-кесте. 2023–2025 жылдардағы QazaqGaz еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік шығындары, млрд теңге

GRI 403-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
ЕҚ және ӨҚ саласындағы, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша талаптарды қамтамасыз ету үшін жұмсалған ақша қаражатының сомасы:	**51,1**	**60,3**	**59,8**	**–0,8**
еңбекті қорғау	2,3	3,7	3,5	–5,4
өрт қауіпсіздігі	2,1	4,4	1,3	–70,5
өнеркәсіптік қауіпсіздік	45,9	50,9	54,4	6,9
оқыту	0,1	0,27	0,02	–92,6
басқасы	0,7	1,0	0,6	–40,0

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ

GRI 403-2, GRI 11: 9.3, KASE]

QazaqGaz адам өмірінің шүбәсіз құндылығын мойындайды, Vision Zero тұжырымдамасына және Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатқа сәйкес жұмыс орнындағы «нөлдік жарақаттану» мақсатын ұстанады. Қызметкерлерге қауіпсіздік пен өмірге қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтату құқығы берілген[137]. Бұзушылықтар туралы жедел хабарлау үшін бұрын әзірленген және есепті кезеңде қолданыста болған QR-код пайдаланылады.

QazaqGaz адам өмірінің шүбәсіз құндылығын мойындайды, Vision Zero тұжырымдамасына және Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатқа сәйкес жұмыс орнындағы «нөлдік жарақаттану» мақсатын ұстанады. Қызметкерлерге «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының 12.07.2022 жылғы № 84 бұйрығына сәйкес қауіпсіздік пен өмірге қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтату құқығы берілген.

Оқыс оқиға болған жағдайда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тергеп-тексеру жүргізеді. Ішкі тергеп-тексеру үшін оқиғаның түпкі себептерін анықтайтын, мән-жайларды талдайтын және түзету шараларын әзірлейтін комиссия құрылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы мен ЕТҰ бірінші басшыларының қатысатын қызметкерлердің еңбегі мен денсаулығын қорғау мәселелері бойынша кеңестер апта сайын өткізіледі.

2025 жылы өндірістік жарақаттар санының және еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің жалпы санының көрсеткіштері 2024 жылғы деңгейде қалды. Бұл ретте жұмыспен өтелген адам-сағат саны есепті жылы 2024 жылмен салыстырғанда 9,5%-ға төмендеді. Еңбек қызметіне байланысты өлім-жітім оқиғалары болған жоқ.

2025 жылы жазатайым оқиғалардың салдарынан екі қызметкер зардап шекті, екі оқиға да ауыр салдары бар жарақаттануға жатқызылды. Оқиғалардың негізгі себептері адам факторы және қауіпсіздіктің өндірістік рәсімдерінің жеткіліксіз сақталуы болды.

Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі саласындағы заңды мүдделерін қорғау үшін QazaqGaz және еншілес ұйымдарда еңбекті қорғау бойынша 11 өндірістік кеңес құрылды, оның құрамына техникалық инспекторлар мен кәсіподақ өкілдері кіреді. Қызметкерлердің өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардың алдын алу жөнінде ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігіне байланысты өзге де мәселелер бойынша кеңестерге жүгінуге мүмкіндігі бар.

Компания қызметкерлері емес адамдар арасында 2025 жылы жарақаттанудың үш жағдайы тіркелді.

Еңбек қызметіне байланысты өлім-жітім жағдайлары

[137] «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының 12.07.2022 ж. № 84 бұйрығына сәйкес.

56-кесте. 2023–2025 жылдардағы QazaqGaz-дағы өндірістік жарақаттану

GRI 403-9

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Өндірістік жарақаттар саны	3	2	2	0%
Уақытша еңбек ету қабілетінен айырылған өндірістік жарақаттану жиілігінің коэффициенті (LTIF)[138]	0,12	0,08	0,09	0,01 п.п.
Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің жалпы саны, адам	3	2	2	0%
оның ішінде:				
Өлім-жітім оқиғаларының саны, адам	1	0	0	0%
Ауыр салдары бар жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны, адам	2	2	2	0%
Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар коэффициенті (LTIR)[139]	0,08	0,08	0,09	0,01 пп
Жұмыспен өтелген адам-сағат саны, млн адам-сағат	24,8	25,5	23,1	–9,4%

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін Компания Жол қауіпсіздігі саясатын басшылыққа алады.

Қауіпсіз жүргізу қағидаттары

- Жол жүрісі қағидалары мен QazaqGaz ішкі рәсімдерінің талаптарын сақтау
- Сапарларды жоспарлау және ұйымдастыру, сондай-ақ қауіпті жол жағдайларында тәуекелдер мен сақтық шараларын бағалау жүйесін дамыту және жетілдіру
- Техникалық байқаудан өткен көлік құралдарын ғана пайдалануға рұқсат беру
- Көлік құралдары жүргізушілерінің рейс алдындағы міндетті медициналық тексеруден өтуі
- Біліктілігі, денсаулық жағдайы және жұмыс тәжірибесі бойынша талаптарға сәйкес келетін жүргізушілерді көлік құралдарын басқаруға тарту
- Басшылар мен жолаушылар тарапынан жүргізушілерді ЖЖҚ талаптарын бұзуға итермелейтін іс-әрекеттер мен жағдайларға жол бермеу

[138] LTIF «Самұрық-Қазына» қорының есептеу әдіснамасына сәйкес есептеледі. LTIF формуласы = (X1+X2) * 1000 000/Y1, мұнда X1 еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандардың саны, X2 еңбек қызметіне байланысты еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің (қаза тапқандарды қоспағанда) саны, Y1 12 есепті ай ішінде жұмыспен өтелген адам-сағат саны.

[139] LTIR (Lost Time Injury Rate) – жұмыс уақытын жоғалтуға әкеп соқтырған, жұмыс істеген 1 миллион сағатқа жарақат жиілігін көрсететін көрсеткіш. Ол өндірістік объектілер мен ұйымдардағы қауіпсіздік деңгейін бағалау үшін пайдаланылады.

Жол қауіпсіздігі деңгейіне автокөлік паркінің үлкен көлемі және көлік құралдары қозғалатын бағдарлардың ұзақтығы сияқты факторлар ең көп әсер етеді.

ЖКО-ның алдын алу үшін QazaqGaz өндірістік объектілері аумағында және одан тыс жерлерде корпоративтік жол жүріс қағидалары қолданылады.

Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін доңғалақты техникаға қозғалтқышты іске қосу кезінде жүргізушінің жеке басын, жүргізушінің және жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін тағу жөніндегі қағиданың орындалуын тіркейтін, сондай-ақ жылдамдықты кенеттен алу немесе кенеттен тежеу фактілерін қадағалайтын борттық мониторинг жүйелері (IVMS) орнатылған.

57-кесте. 2023–2025 жылдардағы жол-көлік оқиғалары

	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Жол-көлік оқиғаларының саны, жағдай	8	17	19	11,8%
Жол-көлік оқиғаларының коэффициенті	0,22	0,46	0,54	0,08 пп

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ

QazaqGaz мердігерлік ұйымдар үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы міндетті талаптарды белгілейді. АҚ және ӨБ саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның корпоративтік стандарттары мен ішкі қағидаларын сақтау ынтымақтастықтың негізгі талабы болып табылады. Мердігерлермен жасалған шарттарда орындалатын жұмыстарға қатысты ЕҚ және ӨҚ бойынша бірлескен жоспарларды әзірлеу көзделген. Талаптар мен жоспарлардың орындалуын бақылау мердігерлік ұйымдардың басшыларына жүктеледі.

Мердігерлік ұйымдар тиісті ЕТҰ басшылығына өз ұйымдарындағы жарақаттану деңгейі туралы есептерді ай сайынғы негізде ұсынады.

QazaqGaz-да 2025 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ мердігерлік ұйымдарының өндірістік қауіпсіздік және қоршаған орта саласындағы талаптарды сақтау қағидалары» регламенті енгізілді. Нәтижесінде Компания мердігерлердің ЕҚ және ӨҚ саласындағы талаптарды сақтауын бақылауды күшейтті: жүргізілген ішкі аудиттердің саны 58,8%-ға, ал анықталған сәйкессіздіктердің саны 2,5 есеге жуық ұлғайды.

2025 жылы Атырау қаласындағы «GPC Investment» ЖШС базасында HSE Forum өткізілді. Іс-шара тапсырыс беруші мен мердігерлік ұйымдар арасындағы диалогты дамытуға, іс жүзіндегі тәжірибемен алмасуға, өндірістік қауіпсіздік кедергілерін қолдану және объектілердегі бақылауды жақсарту тәсілдерін талқылауға бағытталды.

Форумға QazaqGaz компаниялар тобының қызметкерлерін, 15 мердігерлік ұйымның және 5 серіктестің өкілдерін қоса алғанда, 200-ге жуық адам қатысты. Қатысушылар арасында топ-менеджмент өкілдері, техникалық басшылар, орта буын басшылары, сондай-ақ ЕҚ және ӨҚ мамандары болды. Іс-шара аясында 20 спикер сөз сөйлеп, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы білімі мен тәжірибесімен бөлісті.

200 адам

Атырау қаласындағы «GPC Investment» ЖШС базасында өткен HSE форумына қатысты

12 млн теңге

2025 жылы жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істегені үшін қызметкерлерге ынталандыру төлемдерін жасады

58-кесте. 2023–2025 жылдардағы мердігерлік ұйымдардағы ішкі қауіпсіздік аудиттерінің саны мен нәтижелері

GRI 403-1

	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні
Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудиттердің саны, бірлік	1 542	4 172	6 627	58,8%
Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудиттер шеңберінде анықталған сәйкессіздіктер саны, бірлік	1 591	2 600	7 158	175,3%
Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудиттер шеңберінде жойылған сәйкессіздіктердің үлесі, %	99,7	94,1	96,7	2,6 пп

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА ҚАТЫСТЫРУ

GRI 2-25, GRI 2-26, GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 410-1, GRI 11: 9.5, GRI 11: 9.7

Қызметкерлерді қатыстыру ЕҚ тиімді жүйесінің және қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытудың маңызды элементі ретінде қарастырылады. Компанияда қызметкерлерді жарақаттанусыз жұмыс істегені және LTI Free[140] көрсеткіштері бойынша оң серпінге қол жеткізгені үшін материалдық ынталандыруды көздейтін QazaqGaz көтермелеу және салдарларды басқару бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жұмыс істейді. Бұдан басқа, қызметкерлер алғашқы көмек көрсете білгені, ЕҚ және ӨҚ бойынша конкурстар мен бастамаларға қатысқаны үшін, сондай-ақ мінез-құлық аудиттеріне қатысқаны және байқаулар мен түзетуші ұсыныстар бергені үшін көтермеленеді.

2025 жылы жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істегені үшін сыйлықақы беру Бағдарламасы аясында төленген төлемдердің жалпы көлемі шамамен 1,2 млрд теңгені құрады. Сыйлықақы беру Бағдарлама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады және белгіленген критерийлердің сақталуына байланысты болады.

2025 жылы жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істегені үшін қызметкерлерге төленген ынталандыру төлемдері 1,2 млн теңгені құрады

Бұдан басқа, Компания «ЕҚ және ӨҚ үздігі» белгісін беруді қоса алғанда, ЕҚ және ӨҚ саласындағы бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысатын қызметкерлерге корпоративтік марапаттар беру іс-тәжірибесін жалғастырды. 2025 жылы «QazaqGaz Aimaq» АҚ «Қарағанды» өндірістік филиалының өндірістік қауіпсіздік қызметкері Компания мамандары арасындағы Өндірістік қауіпсіздік бойынша олимпиаданың жеңімпазы атанды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ конкурсында екінші орынды иеленді.

Сонымен қатар қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік шаралар қолданылады. Ішкі тергеп-тексеру қорытындысы бойынша екі қызметкерге тәртіптік жаза қолданылды.

ЕҚ және ӨҚ мәселелерін басқарудың жүйелі тәсілі персоналдың тиісті құзыреттілігін қамтамасыз етуді көздейді. Оқыту персоналдың хабардарлығын қамтамасыз етудің және қажетті құзыреттерді қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады.

2025 жылы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәдениеті мәселелері бойынша оқыту өндірістік бейіні бар барлық жеті ЕТҰ-да[141] өткізілді және басқару персоналын, мамандар мен жұмысшыларды қоса алғанда, барлық санаттағы қызметкерлерді қамтыды.

[140] LTI Free – қызметкерлерді қатыстыруға, оларға сыйақы беруге және ынталандыруға бағытталған кейінге қалдырылған сыйақы жоспары.
[141] «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «Отан Газ» ЖШС БК, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС БК, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz Aimaq» АҚ, «КазРосГаз» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС.

2025 жылы міндетті оқыту шеңберінде 19 пән бойынша бағдарламалар іске асырылды, олармен 8 196 қызметкер қамтылды. ЕҚ және ӨҚ міндетті бағдарламалары бойынша оқыту Bilim QG цифрлық білім беру платформасында жүргізілді. Платформаны пайдалану міндетті бағдарламалардан өтуді бақылауды қамтамасыз етуге, персоналды оқытумен қамтуды кеңейтуге және кәсіби құзыреттіліктің қажетті деңгейін қолдауға мүмкіндік берді.

2025 жылы оқытуды ішкі жаттықтырушылар келесі тақырыптар бойынша жүргізді:

- «Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті» – 1 735 қызметкер оқытылды;
- «Қауіпсіздік мәдениеті» – 6 229 қызметкер оқытылды;
- «Басқарудың тиімді әдісі» – инженерлік-техникалық құрамның 108 қызметкері оқытылды;
- «Алғашқы көмек көрсету» – 3 353 қызметкер оқытылды;
- «Тәуекелдерді бағалау» – 261 қызметкер оқытылды;
- «Оқиғаларды тергеп-тексеру» – 331 қызметкер оқытылды.

Сондай-ақ, ішкі жаттықтырушылардың күшімен қызметкерлерді Vision Zero тәсілдерімен таныстыру жүргізілуде.

Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін есепті жылы 568 адам қатысқан қауіпсіз жүргізу бойынша оқыту жүргізілді.

IOSH және RoSPA тәсілдерін ескере отырып, өндірістік қауіпсіздік, тәуекелдерді басқару және тұрақты даму саласындағы құзыреттерді дамытуға ерекше назар аударылды. QazaqGaz тобы бойынша 159 қызметкер IOSH бағдарламасы бойынша, 8 қызметкер NEBOSH бағдарламасы бойынша оқудан өтті.



ЕҚ және ӨҚ бағыты бойынша ҰТО ОО-да міндетті оқудан өтті

ЕТҰ филиалдары мен бөлімшелерінің басшылары үшін де «Басқарудың тиімді әдісі» курсы өткізілді.

Есепті жылы өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқарудың, сондай-ақ Human & Organizational Performance[142] тиімді әдістеріне арналған курстар бойынша ЕҚ және ӨҚ саласында оқыту іс-шаралары өткізілді.

«QazaqGaz» АҚ-да ЕҚ және ӨҚ бағытында жүргізілген жұмыстың нәтижесі «Самұрық-Қазына» АҚ портфелдік компаниялары арасында өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызмет нәтижелері бойынша алынған құрметті бірінші орын болды.

2025 жылы мердігерлік ұйымдардың оқытылған қызметкерлері санының өсуі еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мердігерлермен өзара іс-қимылдың жаңа регламенті енгізілгеннен кейін мердігерлік персоналды даярлауға бақылаудың күшейтілуіне байланысты.

59-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлерді еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту

	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Оқудан өткен қызметкерлердің саны, адам	13 514	12 996	12 241	–5,8
Бір қызметкерге оқытудың орташа сағат саны, сағат/адам	271	270	216	–20,8
Оқудан өткен мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің саны, адам	2 492	2 501	9 038	261,4
Мердігерлік ұйымдардың бір қызметкеріне оқытудың орташа сағат саны, сағат/адам	136	140	84	–40,0

[142] Human & Organizational Performance – қателерді азайтуға және өндірістік процестердің тұрақтылығын арттыруға бағытталған, адам факторын және ұйымдастырушылық факторды басқару тәсілі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫН БОЛУ ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАРДЫ БАСҚАРУ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 403-2, GRI 403-5, GRI 403-9, GRI 11: 9.3

Өндірістік объектілерде және газ құбырларында төтенше жағдайларға дайын болуды қамтамасыз ету тұрақты негізде және Қазақстан Республикасы заңнамасының, корпоративтік стандарттардың және «Апаттарды жоюға дайын болуды қамтамасыз ету және оларға ден қою» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті жылы Компания «Самұрық-Қазына»АҚ талаптарына және «QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі басымдықтарына сәйкес өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуын қамтамасыз етті.

Компанияда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, жазатайым оқиғалар, QazaqGaz және ЕТҰ объектілеріндегі апаттар мен оқиғалар бойынша жедел комиссия құру туралы бұйрық қолданылады. Төтенше жағдай туындаған кезде ақпарат апаттарды жоюдың бекітілген жоспарына сәйкес апаттық жағдайды оқшаулау және жою бойынша шаралар қабылдау үшін комиссия төрағасына дереу беріледі. Мұндай жоспар әрбір объект үшін оның ерекшелігін ескере отырып әзірленеді, объект басшысымен бекітіледі және кәсіби апаттық-құтқару қызметтерімен және/немесе ерікті құралымдармен келісіледі. Құжаттар адамдарды құтқару, қауіпті факторлардың әсерін тоқтату немесе болдырмау және ықтимал зиянды барынша азайту жөніндегі шараларды көздейді.

QazaqGaz төтенше жағдайларға ден қоюдың үш деңгейлі жүйесін қолданады.

1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Өз ресурстарын пайдалана отырып, жауапты желілік басшының күшімен сол жерде жойылуы мүмкін оқиғалар немесе қоршаған ортаның ластануы	**Оқиға/қоршаған ортаның ластануы объектімен шектеледі, бірақ оның шегінен тыс жерге әсердің таралу қаупі бар. Мұндай жағдайларды жою Компания қызметкерлерінің күшімен немесе қосымша ресурстарды тарта отырып жүргізіледі**	**Жағдай Компанияға қолжетімсіз үлкен ресурстарды қажет етеді, мемлекеттік және жеке апаттық қызметтерді тарту үшін төтенше жағдайларды басқару тобын жандандыру қажет**

Төтенше жағдайлардың алдын алудың маңызды элементі – жабдықтарды пайдалануға жоспарлы-алдын алу тәсілі. Регламенттік техникалық қызмет көрсету шеңберінде құбыржолдарды, бекіту арматурасын және бақылау-өлшеу аспаптарын диагностикалау, компрессорлық және газ тарату станцияларының техникалық жай-күйін бақылау, құбырішілік дефектоскопия және желінің жаңа учаскелерін гидравликалық сынау жүргізіледі. Объектілерде нақты уақыт режимінде параметрлерді қадағалауға және ауытқуларға жедел ден қоюға мүмкіндік беретін автоматтандырылған диспетчерлеу және мониторинг жүйелері пайдаланылады. Бұдан басқа, Компания заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамаларынан уақтылы өтеді, мемлекеттік инспекциялармен өзара іс-қимыл жасайды және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру құралы ретінде аудиттер мен тексерулерді пайдаланады.

Энергетикалық қауіпсіздік және газбен жабдықтаудың сенімділігі

GRI 11: 8.3

QazaqGaz газбен жабдықтаудың сенімділігі мен үздіксіздігін энергетикалық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.
2025 жылы Компания газ инфрақұрылымының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және объектілерді апаттық, табиғи және климаттық әсерлерден қорғауға бағытталған іс-шараларды жалғастырды. Олардың ішінде профилактикалық және жоспарлы жөндеу жұмыстары, объектілерге техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жүргізу, газ құбырларының жай-күйін диагностикалау, сондай-ақ желілік инфрақұрылымның сенімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бар.

Газбен жабдықтаудағы іркілістер қатерін төмендету үшін желілерді сақиналау және арка өткелдерін салу жөніндегі іс-шаралар орындалды, ал жұмыскерлер қажетті арнайы киіммен, техникамен, материалдармен және жабдықтармен қамтамасыз етілді[143].

2025 жылы Компания төтенше жағдайларға ден қою бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын өткізуді жалғастырды. Олардың ішінде:

- апатқа қарсы жаттығулар;
- өрт-тактикалық оқу-жаттығулар;
- азаматтық қорғаныс бойынша оқыту;
- апаттар мен өрттерді жою бойынша жаттығулар;
- төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарды пысықтау;
- ішкі аттестаттау және техникалық персоналдың біліктілігін арттыру.

Өртке қарсы қорғау саласында есепті жылы орындалғандар:

- объектілердің конструкцияларын оттан қорғайтын өңдеу;
- өрт сөндіргіштерді жөндеу, куәландыру және қайта зарядтау;
- өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту және персоналға нұсқамалық беру;
- автоматты өрт сөндіру және дабылдама жүйелерін монтаждау, оларға қызмет көрсету;
- өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өртке қарсы сумен жабдықтауды монтаждау және жөндеу;
- объектілерді өрттен қорғауға шарттар жасасу.

Су тасқыны, жер сілкінісі, газдың кемуі кезінде, сондай-ақ газ құбырының желілік бөлігінің өртенуі немесе жарылысы кезінде персонал мен апаттық бригадалардың іс-қимылдарын пысықтауға ерекше назар аударылды. Бұл іс-шаралар өндірістік процестердің тұрақтылығын және газбен жабдықтаудың үздіксіздігін қолдауға бағытталған.

2025 жылы тоқсан сайынғы негізде 46 командалық-штабтық оқу-жаттығу және 1 594 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның өндірістік объектілерінде оқиғалар, апаттар мен оқыс оқиғалар тіркелмеген.

0 апат

Компанияның өндірістік объектілерінде оқыс оқиғалар

143 Толығырақ «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл» тарауынан қараңыз.

60-кесте. 2023–2025 жылдардағы өндірістік қауіпсіздік бойынша жаттығулар мен оқу-жаттығулар саны, бірлік

GRI 403-7

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Өткізілген командалық-штабтық оқу-жаттығулар саны	36	130	46	–64,6
Өрттердің/тұтанулардың алдын алу бойынша өткізілген оқу-тактикалық жаттығулардың саны	1 244	1 394	1 594	14,3
Апатты жою жоспары бойынша өткізілген оқу-тактикалық жаттығулардың саны	4 618	3 784	4 803	26,9

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСАРТУ

GRI 403-3, GRI 403-6, GRI 11: 9.4, GRI 11: 9.7

QazaqGaz Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес, қызметкерлердің денсаулығын қорғау, еңбек гигиенасы, өндірістік санитария және сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жыл сайын әзірлеп, орындайды.

Қызметкерлерге арнайы киімді, жазатайым оқиғалардан сақтандыруды, медициналық тексерулерді, шұғыл медициналық көмекті және дене денсаулығын қолдау бағдарламаларын қамтитын әлеуметтік пакет ұсынылады. Өндірістік алаңдарда қажет болған жағдайда, сонымен қатар мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне көмек көрсететін медицина қызметкерлері тұрақты негізде болады. Сондай-ақ, барлық қызметкерлер үшін жазатайым оқиғалардан сақтандыру қарастырылған.

2025 жылғы кәсіптік аурулардың 0 жағдайы.

Кепілдік берілген жеңілдіктер тізбесінен басқа, кәсіподақтарда тұратын қызметкерлерге қосымша жеңілдіктер пакеті беріледі. Ұжымдық шартқа енгізілген кепілдіктер мен жеңілдіктер аутстаффинг талаптарымен тартылған штаттан тыс қызметкерлерге де қолданылады.

Компанияның аса жоғары қауіпке ұшырағыш объектілерінде жұмыс істейтін мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін ауысымға дейін және одан кейін міндетті медициналық тексеруден өту көзделген.

Әлеуметтік жеңілдіктер беруден басқа, есепті жылы бейінді тексерулер мен толық тексеріп-қараулар, дәрігер-мамандардың қосымша кеңес беруі, тиісті медициналық көрсеткіштер бойынша шипажай-курорттық емдеу жүргізілді.

Қызметкерлердің денсаулық мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру және медициналық көмек алу үшін Компания 2025 жылы өткізген іс-шаралар:

- «Холестерин күні» және Қан доноры күні;
- сүт бездерінің денсаулығын сақтау, онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау және алдын алу мәселелері бойынша онколог-маммолог дәрігермен кездесулер;
- «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ филиалының өкілдерімен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі мәселелері бойынша кездесулер;
- тұмауға қарсы профилактикалық вакцинация жүргізу туралы хабардар ету.

Дегенмен, 2025 жылы жүрек-қан тамыры жүйесі ауруларының салдарынан жұмыс орнында үш өлім-жітім оқиғасы орын алды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 1 жағдайға немесе 50%-ға жоғары.

Еңбек жағдайын жақсарту мақсатында Компания өндірістік объектілерде медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйелерін енгізді, сақтандыру бағдарламаларына жүрек-қан тамыры ауруларын ерте анықтау үшін қосымша диагностикалық тексерулер енгізілді, онкологиялық факторларды қоса алғанда, қатер факторларын ерте анықтау үшін скринингтік зерттеулер бағдарламасы енгізілді, сондай-ақ глюкоза мен қандағы холестерин деңгейін бақылау үшін глюкометрлер мен тест-жүйелер сатып алынды.

Салауатты өмір салтын қолдау үшін QazaqGaz корпоративтік спорттық іс-шаралар ұйымдастырады, спорт залдары мен бассейндерді жалға алады, қызметкерлер үшін фитнес-бағдарламаларды қаржыландырады.

61-кесте. 2023–2025 жылдардағы кәсіптік және жалпы сырқаттанушылық, бірлік

GRI 403-10

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Денсаулығының нашарлауы себебінен еңбек қызметімен байланысты емес жұмыс орнындағы өлім-жітім оқиғаларының саны	4	2	3	50
Тіркелген кәсіптік сырқаттардың саны	0	0	0	0

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҚ ЖӘНЕ ӨҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

2026 жылы QazaqGaz өндірістік жарақаттанудың, жолкөлік оқиғаларының алдын алуға және қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға назар аудара отырып, ЕҚ және ӨҚ жүйесін дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр. Негізгі міндеттер қатарында – ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру, ішкі нормативтік құжаттар мен рәсімдерді өзектендіру, өндірістік тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды күшейте отырып, тәуекелге бағдарланған тәсілді дамыту, сондай-ақ Human & Organizational Performance (HOP)[144] тәсілдерін қоса алғанда, қауіпсіздікті проактивті басқару құралдарын енгізу.

Компания сондай-ақ қызметкерлерді оқытуды және құзыреттерін дамытуды, тұрақты тренингтер, нұсқамалықтар мен аттестациялар өткізуді, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы көшбасшылықты дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр. Төтенше жағдайларға дайын болуды арттыруға, ден қою жүйесін дамытуға, апаттық-құтқару қызметтерімен өзара іс-қимылға, жабдықтардың жай-күйін өндірістік бақылауды және мониторингті күшейтуге, сондай-ақ өндірістік процестердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру үшін цифрлық және автоматтандырылған шешімдерді енгізуге ерекше назар аударылатын болады.

[144] Human & Organizational Performance (HOP) – ұйымдастырушылық факторларды, еңбек жағдайларын, процестерді, басшылық шешімдерін және басқару жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, оқиғаларды және қызметкерлердің қателерін қарайтын қауіпсіздікті басқару тәсілі.

Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-23, GRI 2-29, GRI 413-1, KASE

QazaqGaz Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі «QazaqGaz» ҰК» АҚ саясатында (бұдан әрі – Саясат) бекітілген өзара іс-қимылдың бірыңғай қағидаттары арқылы қатысу өңірлеріндегі өңірлік биліктермен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті халықпен өзара іс-қимылды дамытады. Саясаттың күші «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен ЕТҰ-ға қолданылады.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Әлеуметтік тиімділігі бар стратегиялық инвестициялық жобаларды бекіту
- Қоғамдастықтармен, жергілікті билік органдарымен және т.б. өзара іс-қимыл бөлігінде стратегиялық құжаттарды бекіту
- Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылдың және әлеуметтік жауапкершіліктің стратегиялық тәсілдерін келісу
- Қатысу өңірлерін қолдаудың негізгі бастамалары мен жобаларын қарау

БАСҚАРМА

- Әлеуметтік тиімділігі бар инвестициялық жобаларды іске асыруды басқару
- Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылау және олардың нәтижелілігін мониторингтеу
- Компанияның бөлімшелері, жергілікті билік органдары және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру
- Жергілікті қоғамдастықтардың дамуын қолдауға арналған жобалар мен бағдарламаларды бекіту

Құрылымдық бөлімшелер

- Әлеуметтік тиімділігі бар инвестициялық жобаларды іске асыруды үйлестіру
- Қайырымдылық бағдарламаларын әзірлеу
- Жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда ЕТҰ-ды әдіснамалық және ұйымдастырушылық қолдау

Баспасөз қызметі

- Медиа жоспары шеңберінде жергілікті қоғамдастықтармен ақпараттық жұмысты және корпоративтік коммуникацияларды үйлестіру
- Тариф белгілеуді, қауіпсіздікті және газдандыруды қоса алғанда, әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру
- БАҚ-пен, блогерлермен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау
- Қатысу өңірлеріндегі кездесулерді, қоғамдық тыңдаулар мен іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу

ЕТҰ

- Қатысу өңірлерінде әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған іс-шараларды анықтау, бағалау және іске асыру
- Халықпен, әкімдіктердің, мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің өкілдерімен және өзге де мүдделі тараптармен кездесулерді ұйымдастыру
- Жергілікті қоғамдастықтардың дамуын қолдауға арналған жобалар мен бағдарламаларға бастамашылық жасау
- Халықпен өзара іс-қимыл және кері байланыс нәтижелерін жинау

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынас жасай отырып, Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясын, ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясы
- 2025 жылға арналған «QazaqGaz» ҰК» АҚ медиа жоспары[145]
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылын дамыту жөніндегі 2026–2027 жылдарға арналған жол картасы[146]

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

GRI 413-2, KASE

Компанияның қызметі қауіпсіздік, инфрақұрылым, жұмыспен қамту және халықтың өмір сүру сапасы мәселелерін қозғайды, бұл қатысу өңірлерінде мүдделі тараптармен жүйелі жұмысты талап етеді. QazaqGaz жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды әлеуметтік және беделді тәуекелдерді басқару құралы ретінде қарастырады.

Ең маңызды тәуекелдерге жататындар: әлеуметтік шиеленістің өсуі, қадағалау органдарына жүгіну және Компания туралы шынайы емес немесе сезімтал ақпаратты медиа кеңістікте тарату. Осындай тәуекелдерді төмендету үшін Компания жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен, жергілікті бизнеспен, тұрғындармен және тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасайды, бұл мүдделі тараптардың күтулерін ескеруге және өтініштерге уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді.

QazaqGaz-дың жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы міндеттемелері

Міндеттеме	Мазмұны
Жергіліктіқоғамдастықтарға әсерді талдау	Әлеуметтік факторларды, Компания қызметінің халыққа және қатысу аумағына ықтимал әсерін есепке алу
Мүдделі тараптармен диалог	Халықпен, жергілікті атқарушы органдармен, ҮЕҰ-мен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қолдау
Қатысу өңірлерінің мүдделерін есепке алу	Инфрақұрылымға, жұмыспен қамтуға, халықтың өмір сүру сапасына және аумақтарды дамытуға байланысты мәселелерді қарау
Адам құқықтарын сақтау	Халықтың және өзге де мүдделі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін есепке алу
Әлеуметтік және беделді тәуекелдерді төмендету	Қатысу өңірлеріндегі қатынастардың тұрақтылығына ықпал етуге қабілетті факторларды анықтау және пысықтау
Кері байланыс және ден қою	Мүдделі тараптардың өтініштерін, ескертулері мен ұсыныстарын жинау, талдау және қарау

[145] Аппарат Басшысының 08.01.25 ж. шешімі.
[146] Басқарманың 26.12.2025 ж. № 28 шешімі.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

QazaqGaz түрлі арналар мен құралдарды, оның ішінде жобалар мен олардың ықтимал әсері туралы ақпаратты жария етуді, консультациялық сессиялар мен тікелей диалогты, қоғамдық тыңдауларды, өтініштер мен шағымдарды қарау және басқаларын пайдалана отырып, жергілікті қоғамдастықтармен жүйелі негізде өзара іс-қимыл жасайды.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- Инвестициялық жобалар: Компания елді мекендерді сенімді түрде газбен жабдықтау үшін, сондай-ақ өнеркәсіптік объектілерді табиғи газға көшіру мақсатында газ құбырларын салудың ірі жобаларын іске асырады;
- Балаларға, қиын жағдайға тап болған тұрғындарға және халықтың басқа топтарына арналған қайырымдылық жобалар мен акцияларды іске асыру.

2025 жылы QazaqGaz тариф белгілеу және газбен жабдықтау мәселелері бойынша халықпен және өзге де мүдделі тараптармен 16 өңірлік кездесуге қатысты. Іс-шаралар Компания, мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, мәслихаттар, қоғамдық кеңестер өкілдерінің және қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысқан көшпелі топтар форматында ұйымдастырылды. Кездесулер Жетісу, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе және Ұлытау облыстарында, сондай-ақ Алматы, Шымкент және Астана қалаларында өтті.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл Орталық кеңсе деңгейінде де, ЕТҰ деңгейінде де олардың қызметінің ерекшелігі мен қатысу өңірлері ескеріле отырып жүзеге асырылады. Орталық кеңсе Компанияның ірі жобалар және экологиялық сараптама мәселелері бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысуын қамтамасыз етеді, ал ЕТҰ газбен жабдықтау, тариф белгілеу, әлеуметтік қолдау және газды тұрмыста қауіпсіз пайдалануды қоса алғанда, операциялық мәселелер бойынша халықпен және тұтынушылармен тұрақты жұмыс жүргізеді.

2025 жылы орталық кеңсе мен ЕТҰ құрылыс, жаңғырту және рұқсат беру құжаттамасын әзектендіру жобалары бойынша қоғамдық талқылаулар өткізді. Талқылауға жобалардың атмосфералық ауаға, су ресурстары мен топыраққа ықтимал әсеріне, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау шеңберіндегі табиғат қорғау іс-шараларына байланысты мәселелер шығарылды.

Атап айтқанда, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС Атырау облысы Мақат ауданындағы ГӨЗ жобасының экологиялық сараптамасы шеңберінде ашық жиналыстар форматында 4 қоғамдық тыңдау өткізді[147]. Тыңдаулар барысында жобаның қоршаған ортаға ықтимал әсері, экологиялық тәуекелдерді азайту шаралары, сондай-ақ объектіні пайдалану қауіпсіздігі және төтенше жағдайларға ден қою мәселелеріне баса назар аударылды. Бұдан басқа, «QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік филиалдарында тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаларды орындау, тауарлық газды бөлшек саудада өткізу, шекті тарифтерді бекіту, жобалардың қоршаған ортаға ықтимал әсері, объектілерді пайдалану қауіпсіздігі және төтенше жағдайларға ден қою мәселелері бойынша 50-ге жуық қоғамдық тыңдау өткізілді.

Тариф белгілеу және газбен жабдықтау мәселелері бойынша халықпен және өзге де мүдделі тараптармен өңірлік кездесу өткізілді

«QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік филиалдарында объектіні пайдалану қауіпсіздігі және ТЖ-ға ден қою мәселелері бойынша қоғамдық тыңдау өткізілді

[147] Экологиялық мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар туралы толығырақ «Қоршаған ортаға әсерді басқару» тарауынан қараңыз.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылдың негізгі көлемі ЕТҰ деңгейінде жүзеге асырылады.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ газбен жабдықтау, тариф белгілеу, әлеуметтік қолдау және газды тұрмыста қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша халықпен және тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ кері байланыс арналарының жұмысын қамтамасыз етеді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ инфрақұрылымдық және өндірістік жобаларды іске асыру өңірлерінде жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс жүргізеді, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады, қауіпсіздік және экологиялық сараптама мәселелері бойынша коммуникацияны жүзеге асырады. 2025 жылы «ИОА» АҚ-да жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі 2026–2027 жылдарға арналған жол картасы бекітілді[148]. Құжат ЕТҰ филиалдарында жауапты тұлғаларды тағайындауды, қатысу өңірлеріндегі негізгі стейкхолдерлердің тізбесін қалыптастыруды, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберіндегі іс-шаралар жоспарын дайындауды, оларды ақпараттық сүйемелдеуді, сондай-ақ ықтимал оқыс оқиғалар болған жағдайда дағдарыстық коммуникациялардың бекітілген рәсімдерін қолдануды көздейді.

«ИОА» АҚ-да жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі 2026–2027 жылдарға арналған жол картасы бекітілді.

Өтініштерді қабылдау және қарау арналарының бірі болып табылатын платформада[149] азаматтар мен ұйымдардың өтініштер беруі, сондай-ақ олардың орындалу мәртебесін қадағалау қамтамасыз етіледі[150].

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды ақпараттық сүйемелдеуді QazaqGaz баспасөз қызметі жүзеге асырады. 2025 жылы бекітілген медиа жоспары корпоративтік және стратегиялық күн тәртібіндегі тақырыптық блоктарды, газдандыру, тариф белгілеу және клиенттік сервистер саласындағы жобаларды, қауіпсіздік, экология, ЕҚ және ӨҚ мәселелерін, жұмыс кәсіптерінің, жастар мен кадрлық бастамалардың, сондай-ақ өңірлердегі өндірістік және инвестициялық жобалардың беделін көтеруді қамтыды.

94,1%

БАҚ-тағы Компанияны оң және бейтарап ескертулердің үлесі

QazaqGaz қызметінің сыртқы қабылдануын бағалау

2025 жылы Компания БАҚ және әлеуметтік медиа жарияланымдарын, сондай-ақ мүдделі тараптардың пікірлері мен өтініштерін талдауды қоса алғанда, ақпараттық өріс мониторингін жүргізді. Мониторинг шеңберінде QazaqGaz қызметіне байланысты негізгі тақырыптар бойынша ескертулердің үндестілігі бағаланды.

БАҚ-тағы Компанияны оң және бейтарап ескертулердің үлесі 2025 жылы 94,1%-ды құрады.

[148] «Интергаз Орталық Азия» АҚ Басқармасының 26.12.2025 ж. № 28 шешімі. ЕТҰ деңгейіндегі бағытқа жауапты орындаушы болып бас директордың орынбасары Т.Т. Тәшімбаев тағайындалды.
[149] Толығырақ «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл» тарауынан қараңыз.
[150] Толығырақ «Адам құқықтары» тарауынан қараңыз.

ӨҢІРЛЕРДІ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

GRI 203-1, GRI 203-2

Қазақстан Республикасының өңірлерін газдандыру QazaqGaz қызметінің стратегиялық басым және әлеуметтік маңызды бағыттарының бірі болып қала береді. Газ инфрақұрылымын дамыту халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, шағын және орта бизнесті дамытуға, жұмыс орындарын құруға және өңірлік экономиканы нығайтуға ықпал етеді. Бұл жұмысқа сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік және жергілікті атқарушы билік органдары қатысады.

2025 жылы QazaqGaz өңірлерді газдандыру жөніндегі жобаларды іске асыруды жалғастырды. Газбен жабдықтау жүйесіне жалпы халық саны 266 мың адамнан асатын 123 елді мекен қосылды.

Есепті жылдың маңызды оқиғасы «Талдықорған – Үшарал» МГҚ құрылысының мерзімінен бұрын аяқталуы болды. Жоба Жетісу облысының 84 елді мекеніне газға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және өңірді газдандыру деңгейін 56,5%-дан шамамен 76%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді[151].

Астана агломерациясының елді мекендерін газдандыру

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша QazaqGaz құны 267,3 млрд теңге Қызылорда – Жезқазған – Теміртау – Астана бағыты бойынша ұзындығы 1 061 км инфрақұрылымдық объект – «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры аясында Астана агломерациясының елді мекендерін газдандыру жобасын іске асыруда. Газ құбыры «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ-дан бастау алады, 2019 жылы пайдалануға берілді, елордалық өңірге толыққанды газ беру 2021 жылдан басталды.

2025 жылы «Сарыарқа» газ құбырының газ тарату желілеріне Нұрлы, Талапкер, Қоянды, Ы. Алтынсарин атындағы, Аққайың, Шұбар және Қараөткел елді мекендері қосылды, табиғи газға 56,5 мың адам қол жеткізді. Сондай-ақ 31 мың тұрғынды қамтитын Қосшы қаласы газдандырылды. Мемлекет басшысы телекөпір режимінде Қосшы қаласына табиғи газ беруді іске қосу рәсіміне қатысты.

2026 жылы тағы 41 елді мекенді қосу жоспарланған. Астанаға газ жеткізу көлемін арттыру үшін Жезқазған – Теміртау учаскесінде компрессорлық станцияларды жаңғырту, сондай-ақ 2029 жылға қарай жүйенің өткізу қабілетін екі есеге арттыруға мүмкіндік беретін «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ екінші желісінің құрылысы жүргізілуде.

Жобаны іске асыру елордалық агломерацияны газдандыру деңгейін жоспарлы түрде арттыруға, көмірмен жылытуды табиғи газбен алмастыру есебінен экологиялық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

QazaqGaz қатысу өңірлерін дамытуға ат салысады. Өз міндеттемелерін орындай отырып, Компания 2025 жылы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өңірді және оның инфрақұрылымын әлеуметтік-экономикалық дамытуға 297 млн теңге аударды[152].

62-кесте. 2023–2025 жылдардағы Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына инвестициялар көлемі[153]

GRI 203-1

	2023	2024	2025	2024 ж. қарай 2025 жылдың серпіні, %
Инфрақұрылымға қомақты инвестициялардың мөлшері	364	329	297	–9,7

[151] Жоба туралы толығырақ «Экономикалық нәтижелілік» тарауынан қараңыз.
[152] 2024 жылы көрсеткіш тек «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС бойынша деректерді қамтыды.
[153] Өткен есепті кезеңдердегі көрсеткіштер есептілік шекараларының кеңеюіне және қосымша ЕТҰ бойынша деректердің енгізілуіне байланысты түзетілді. 2024 жылы ақпарат «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС бойынша ғана ашылған. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері шеңберінде қатысу өңірлерін дамытуға бағытталған қаражаттың жалпы көлемі 205 млн теңгені құрады.

Қайырымдылық жобалар мен акциялар

Есепті жылы Компания мен ЕТҰ бірқатар қайырымдылық және әлеуметтік бастамаларды іске асырды. «Тілектер шыршасы» бастамасы аясында ерекше қажеттіліктері бар балаларға және пульмонологиялық орталықтың пациенттеріне қолдау көрсетілді. Маңғыстау өндірістік филиалында жас мамандар мен еріктілер қаражат жинауды ұйымдастырып, жеті мұқтаж отбасы үшін азық-түлік жиынтығын сатып алды.

Сондай-ақ Компанияның қатысу өңірлеріндегі инфрақұрылымды, спорт аймақтарын және тұрғын үй-жайларды жаңартуды қоса алғанда, аумақтар мен вахталық кенттерді абаттандыру бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Білім беру бастамалары

QazaqGaz білім беру саласында жұмысшыларға да, қатысу өңірлерінің тұрғындарына да бағытталған жобаларды іске асырады.

2025 жылы «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС екі білім беру бастамасын іске асырды:

- «Ізбасар» білім беру гранттары бағдарламасы, оның шеңберінде 2025 жылы халықтың әлеуметтік осал топтарының 15 өкілі 2025–2026 оқу жылына гранттар алды;
- қосарлы оқытуды дамытуға бағытталған «Ғибрат» бағдарламасы, оның арқасында Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің 4-курсының екі студенті «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС «Амангелді» филиалының өндірістік объектісінде өндірістік оқудан және кәсіптік іс-тәжірибеден өтті.

Экологиялық бастамалар

2025 жылы Компания мен ЕТҰ қызметкерлері қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік және экологиялық іс-шараларға қатысты. «QazaqGaz» жастар форумы аясында Ақтауда қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне назар аударуға бағытталған «Каспий теңізін қорғау» экологиялық акциясы өткізілді. Іс-шараға 50-ден астам адам қатысты.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік филиалдарының қызметкерлері «Таза Қазақстан» және «Жаңару күні» акцияларына қатысып, сенбіліктер және көгалдандыру акцияларын өткізді. Қызылорда өндірістік филиалында 70 көшет, Шымкентте 35 көшет отырғызылды.

QazaqGaz халықтың нысаналы топтарына, жекелеген ұйымдар мен азаматтарға қолдау көрсетеді, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар және т.б. кезінде түрлі тараптардың күш-жігерін біріктіруді талап ететін бастамаларға қатысады. Қолдауға келіп түскен барлық өтінімдер QazaqGaz-дың стратегиялық басымдықтарына, әлеуметтік-экономикалық тиімділігі мен нысаналы индикаторларына сәйкестігі тұрғысынан бағаланады. Бұл ретте Компания демеушілік қызметті тікелей жүзеге асырмайды: демеушілік бастамалар Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы орталықтандырылған түрде іске асырылады.

«Азиялық газ құбыры» ЖШС Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында экологиялық бастамаларды іске асырып, 175 ағаш отырғызды. Бұл іс-шаралар аумақтарды көгалдандыруға, қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға және қызметкерлерді табиғат қорғау қызметіне тартуға бағытталған.

123 млрд теңге
жалпы халық саны 266 мыңнан асатын елді мекендер газға қол жеткізді

297 млн теңге
өңірдің және оның инфрақұрылымының әлеуметтік-экономикалық дамуына аударылған

15
2025–2026 жылдарға халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларына білім гранты берілді

Тұтынушылармен өзара іс-қимыл

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

QazaqGaz тұтынушылардың сұраныстарын есепке алу және клиенттік сервис сапасын арттыру мақсатында олармен жүйелі өзара іс-қимыл жасайды. Тұтынушылармен бастапқы коммуникация «QazaqGaz Aimaq» АҚ арқылы жүзеге асырылады, ол газбен жабдықтау, газға қосу, есеп айырысу, тарифтер және өзге де өтініштер мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың негізгі операциялық буыны болып табылады.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ арқылы келіп түсетін өтініштер шоғырландырылады және қажет болған жағдайда тиісті функционалдық бағыттар бойынша QazaqGaz орталық кеңсесінің бейінді бөлімшелеріне жіберіледі. Мұндай тәсіл тұтынушылардың ең жиі сұрау салуларын ескеруге, проблемалық тақырыптарды талдауға және қажет болған жағдайда процестер мен сервистерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жұмыс нәтижелері, проблемалық мәселелер және тұтынушылармен өзара іс-қимылдың негізгі үрдістері туралы ақпарат тоқсандық, жартыжылдық және жылдық есептілік шеңберінде шоғырландырылады және одан әрі қарау үшін бас компания деңгейіне жіберіледі. 2025 жылы QazaqGaz-дың тұтынушылармен өзара іс-қимыл жөніндегі жұмысының назарында цифрлық сервистерді дамыту, қызметтерді қашықтықтан алу арналарын кеңейту, клиенттік коммуникацияларды жетілдіру, халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы қолдау беруді дамыту және газбен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету болды.

>630 мың
QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасын пайдаланушылар саны

62 000 тұтынушылардың өтініштері
2025 жылы 5104 call-орталығы арқылы өңделді

QazaqGaz-дың тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау арналары

5104 call-орталығы[154]	Қашықтықтан кеңес беру және тұтынушылардың өтініштерін қабылдау арнасы
Бірыңғай CRM жүйесі	Түрлі арналар арқылы келіп түсетін өтініштерді тіркеу, бағдарлау және өңдеу жүйесі
eGov / eGov Mobile	eGov Mobile арқылы жеке тұлғалар үшін және электрондық үкімет порталы арқылы заңды тұлғалар үшін газбен жабдықтауға қосу бойынша техникалық шарттарды және жекелеген қызметтерді алудың электрондық арнасы
QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасы	Есептеу аспаптары мен төлем көрсеткіштерін беру, хабарламалар және электрондық түбіртектер алу үшін өзіне-өзі қызмет көрсетудің цифрлық сервисі
SMS-ақпараттандыру	Қолжетімді сервистер және қолдау шаралары туралы тұтынушыларды атаулы ақпараттандыру арнасы
WhatsApp пен Telegram	Өтініштерді қабылдауға және кері байланыс алуға арналған қосымша цифрлық арналар
eOtinish платформасы	Орындалу күйін қадағалау мүмкіндігі бар азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін берудің және қараудың ресми цифрлық арнасы

ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗДІГІ

2025 жылы Компания профилактикалық және жоспарлы жұмыстарды жүргізу, объектілерге техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жүргізу, газ құбырларының жай-күйін диагностикалау және желілік инфрақұрылымның сенімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру есебінен газбен жабдықтаудың сенімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз етіп тұрды. Жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл сонымен қатар тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану және газ құбырларының күзетілетін аймақтарында жер жұмыстарын жүргізу кезінде талаптарды сақтау мәселелері бойынша жүзеге асырылды. Сенімділікті арттыру мақсатында желілерді сақиналау және аркалық өткелдерді салу жөніндегі іс-шаралар орындалды; жұмыскерлер арнайы киіммен, техникамен, материалдармен және жабдықтармен қамтамасыз етілді.

2025 жылы жалпы халық саны 266 мыңнан астам адам 123 елді мекен газға қол жеткізді.

Есепті жылы апаттық өтінімдер уақтылы жойылып тұрды. 2025 жылы ірі апаттар мен елеулі оқыс оқиғалар тіркелмеген; Жетісу облысында орын алған газ қысымының төмендеуі деген жекелеген жағдай жедел жойылды.

ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ КЛИЕНТТІК СЕРВИСТЕРДІ ДАМЫТУ

2025 жылы Қоғам қызметтердің қолжетімділігін, өзара іс-қимылдың қолайлылығы мен есеп айырысудың ашықтығын арттыруға бағытталған, тұтынушыларға арналған цифрлық сервистерді дамытуды жалғастырды.

Тұрмыстық тұтынушылармен өзара іс-қимылдың басты цифрлық арнасы ретінде QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасы қалды, оның пайдаланушылар саны 630 мың адамнан асты. Жыл ішінде қосымшаның функционалы кеңейтілді: есептеу аспаптарының көрсеткіштерін беру мүмкіндігі қамтамасыз етілді, жыл қорытындысы бойынша 230 мыңнан астам осындай операциялар орындалды, Kaspi.kz төлем платформасымен интеграция іске асырылды, push-хабарламалар және PDF форматында электрондық түбіртектер қалыптастыру енгізілді.

[154] Колл-орталықтың жұмысы KtCloud сыртқы мердігерін тарта отырып, аутсорсингтік үлгі шеңберінде жүзеге асырылады.



eGov және eGov Mobile арқылы электрондық форматта берілген газдандыруға ТШ алуға жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштер үлесі

«Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы қолдау тапты

атаулы көмек алатын азаматтарға арналған тауарлық газға жеңілдіктің орташа мөлшері

Сондай-ақ, есептеу аспаптарының көрсеткіштерін тануды қоса алғанда, жасанды интеллектті қолданатын сервистерді одан әрі дамыту үшін технологиялық база қалыптастырылды. Қосымшаны дамыту қызмет көрсетудің офлайн-арналарына жүктемені айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

Шымкент қаласы мен Батыс Қазақстан облысында атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алатын азаматтарды қолдауға бағытталған «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында 2025 жылы 44 мың отбасы қолдауға ие болды. Жеңілдікті eGov Mobile мобильді қосымшасынан «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы алуға болады.

2025 жылы газдандыруға техникалық шарттарды беру жөніндегі цифрлық сервис едәуір дамыды. eGov және eGov Mobile арқылы электрондық форматта берілген жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштердің үлесі 2024 жылғы 33%-ға қарағанда 77%-ға жетті. Есепті жылы барлығы 125 660 өтініш қабылданды. eGov арқылы заңды тұлғаларға техникалық шарттарды алуға өтінімдер беру сервисі қосымша өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді, ол бойынша 2025 жылы 2 529 өтінім берілді.

2026 ЖЫЛЫ ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕКТЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЛАР

QazaqGaz жергілікті қоғамдастықтарды сәйкестендіруді, негізгі стейкхолдерлерді картаға түсіруді, ЕТҰ-да жауапты тұлғаларды тағайындауды, ашық кездесулер өткізуді және ашық коммуникацияларды дамытуды қоса алғанда, қатысу өңірлерінде жүйелі жұмысты дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр. Компания сондай-ақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік іс-шараларын іске асыруды және ақпараттық сүйемелдеуді, дағдарыстық коммуникацияларды дамытуды, медиа өрісін мониторингтеуді күшейтуді және қатысу өңірлерінде өз қызметіне сенім деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыруға ниетті.

2026 жылы «QazaqGaz Aimaq» АҚ газдандыруды кеңейту және халық үшін газдың қолжетімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырады. 2026 жылдың соңына дейін еліміздің тоғыз өңіріндегі 128 елді мекенді газбен жабдықтау жүйесіне қосу жоспарланып отыр. Нәтижесінде 81 827 абонент немесе 286 539 адам газға қол жеткізе алады.

Тұтынушылармен өзара іс-қимыл бөлігінде Компания клиенттік сервистерді цифрландыруды және қашықтықтан өзара іс-қимыл құралдарын дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр. Басымдықтар қатарында – қызметтерді алу мәселелері бойынша кеңес беру үшін ЖИ-технологияларды дамыту, GasConnect жобасы шеңберінде өтінімдерді қабылдау, газды кесу және іске қосу процестерін автоматтандыру, газбен жабдықтауға қосылудың цифрлық сервистерін одан әрі дамыту, сондай-ақ биллингтік жүйені енгізу мен ақылды есептегіштерді орнатуды қоса алғанда, газды цифрлық есепке алу жобасын дамыту.

Корпоративтік басқару

190 Корпоративтік басқару жүйесі

210 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

221 Іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

234 Жеткізу тізбектерін басқару

244 Цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздік

07

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

- GRI 11.19 Бәсекелестікке кедергі келтіру
- GRI 11.20 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік әдеп
Корпоративтік басқару
Киберқауіпсіздік
Жеткізу тізбектері

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Директорлар кеңесінің 26 отырысында
123 **мәселе қаралды**

12,5%
корпоративтік басқару органдарының құрамындағы **әйелдердің үлесі**

2024–2025 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру және ESG рейтингіндегі позицияны жақсарту жөніндегі 2025 жылғы жоспардың іс-шаралары іске асырылды

«QazaqGaz Aimaq» АҚ ҚР СТ ISO 37001:2017 стандартына сәйкестік сертификаты алынды

Директорлар кеңесінің жұмысындағы **мүдделер қақтығысының**
0 **фактісі**

елеулі беделдік, қаржылық не өзге де теріс салдарларға әкеп соққан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің іске асуларының
0 **фактісі**

IAҚ
5
аудиторлық іс-шаралары өткізілді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты өзектендірілді

ТИІМДІ САТЫП АЛУ

93%
сатып алудың жалпы **көлемінде ел ішіндегі құндылық үлесі**

99%
жалпы көлемде жергілікті жеткізушілерден **сатып алудың үлесі**

Контрагенттер мен серіктестердің
100%
Жеткізуші кодексімен таныстырылды

жеткізу тізбектеріндегі әлеуметтік тәуекелдердің
0
жағдайы

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

ақпараттық қауіпсіздікті бұзудың елеулі оқиғалары
0

дербес деректердің сақталуын бұзуға байланысты
0 өтініш

Дербес деректердің жария болу, **ұрлану немесе жоғалу** жағдайлары
0

«Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша цифрлық жетілгендікті бағалау жүргізілді

QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасында ЖИ көмегімен газды есептеу құралдарының көрсеткіштерін өз бетінше беру функциясы іске асырылды

1С: ЖПБ 3-ге көшу жүзеге асырылды

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Стратегиялық инвестициялық жобалар мен коммерциялық мәмілелерге тәуекелдерді бағалауда сараптаманы дамыту
- Портфелдік компаниялардың тәуекелдеріне мониторингті күшейту
- Кейіннен ISO 37301:2021 сертификаттау мақсатында ISO 37301 стандартына сәйкес комплаенс-менеджмент жүйесін дамыту
- ISO 37001:2017 сәйкестігіне жыл сайынғы инспекциялық сыртқы аудит жүргізу
- Мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді жыл сайынғы декларациялаудың қамтуын кеңейту
- Хабар тарату, оқыту, іскерлік әдеп және комплаенс бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу, ақпараттық материалдарды орналастыру арқылы «жедел желіні» танымал ету
- Өтініштерді тіркеу, бағдарлау және мониторингтеудің автоматтандырылған құралдарын дамыту
- Сатып алуды орталықтандырылған басқару мен бақылауды күшейту
- Сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесін ұлғайту
- Оффтейк-шарттар жасасу іс-тәжірибесін кеңейту
- ISO/IEC 27001 бойынша сертификаттау саласын кеңейту және «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық қауіпсіздігі бойынша корпоративтік стандартын ескере отырып, сертификаттық аудит жүргізу
- Нақтыланған жол картасы бар АТ-стратегиясын бекіту
- Газ тасымалдау желісін басқаруда, өнеркәсіптік және жол қауіпсіздігінде, еңбекті қорғауда және клиенттермен есеп айырысу жүйесінде қолдануды қоса алғанда, жасанды интеллект негізінде шешімдерді енгізу

Корпоративтік басқару жүйесі

GRI 3-3, GRI 2-9, GRI 2-11, IIRC

QazaqGaz корпоративтік басқаруы стратегиялық, операциялық және қаржы-экономикалық процестерді, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруды, ішкі бақылауды, аудитті және негізгі мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтиды.

Корпоративтік басқару жүйесі қабылданатын басқарушылық шешімдердің ашықтығын, есеп берушілігін, дәйектілігін және уақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған және ұзақ мерзімді келешекте Компанияның тұрақты дамуының негізі болып табылады. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі мен Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Жарғысымен және «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелермен айқындалады.

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниясының Жарғысы
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша корпоративтік басқару кодексі
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасы туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік хатшысы және оның Қызметі туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және тұрақты даму комитеті туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша ішкі бақылау жүйесінің саясаты
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша тұрақты даму саласындағы саясат

«QazaqGaz» ҰК» АҚ жоғары басқару органы – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тұлғасындағы Жалғыз акционер. Оның функциялары мен құзыреттері Жарғымен айқындалады. Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Басқарма қызметіне стратегиялық басшылық пен қадағалауға жауап беретін QazaqGaz Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымдағы қызметін басқаруға, 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыруға жауап береді. Директорлар кеңесі төрағасының және Басқарма төрағасының рөлі ажыратылған және QazaqGaz Жарғысында бекітілген.

Операциялық деңгейде корпоративтік басқару мәселелерін Корпоративтік хатшы қызметі мен Стратегия және тұрақты даму департаменті сүйемелдейді. Олардың функцияларына корпоративтік басқару іс-тәжірибелерін дамыту, ішкі құжаттарды талдау және өзектендіру кіреді.

QAZAQGAZ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-9

Есепті жылы Компания 2024–2025 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру және ESG рейтингіндегі позицияны жақсарту жөніндегі жоспардың іс-шараларымен жұмыс істеді.

Жоспар шеңберінде мынадай іс-шаралар іске асырылды:

- Ішкі аудитті қамтамасыз ету және сапасын арттыру бағдарламасын бекіту;
- Аудиторлық қызметтер жөніндегі саясатты өзектендіру;
- Негізгі басшы қызметкерлердің сабақтастық жоспарын бекіту;
- Стейкхолдерлер картасын бекіту;
- 2024 жылға арналған біріктірілген жылдық есепті бекіту;
- Біріктірілген жылдық есептің көрсеткіштерін тәуелсіз аудиторлардың растауы;
- ISO 37001:2017 стандартына[155] сәйкестік сертификатын алу;
- Әлеуметтік әртүрлілікті жақсарту жөнінде кеңес құру;
- Нысаналы мәндері бар әлеуметтік тұрақтылық индексін айқындау;
- Басшы қызметкерлердің құзыреттерін дамыту жоспарын бекіту;
- Ақпараттық материалдарды дайындау және ресми сайтта орналастыру қағидаларын бекіту;
- Компания және ЕТҰ үшін жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылдың жоспары мен жол картасын бекіту.

Жоспардың орындалу мониторингі Ішкі аудит қызметіне нәтижелерін ұсына отырып, тоқсан сайынғы негізде жүргізілді. Барлығы 45 іс-шараның 43-і іске асырылды, оның ішінде Басқарма құзыретіндегі екеуі өзекті емес және орынсыз деп танылды. Жоспарды орындау нәтижесі – 96%.

Жоспардың орындалуы туралы жылдық есеп Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕР

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі өз қызметінде тиімділік, жауапкершілік және Компанияның мүдделерін сақтау қағидаттарын басшылыққа алады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттіктері дамудың стратегиялық бағыттарын айқындауды, оның ішінде тұрақты даму саласында, НҚК бекітуді және олардың орындалуын бақылауды, ірі мәмілелер жасау бойынша шешімдер қабылдауды және оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді қамтиды.

[155] ISO 37001:2017 – парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі менеджмент жүйесінің халықаралық стандарты.

Директорлар кеңесінің негізгі өкілеттіктері

Даму стратегиясын бекіту және оның орындалуын бақылау	Ірі мәмілелерді мақұлдау және негізгі нормативтік құжаттарды бекіту	Қаржылық және біріктірілген есептілікті бақылау
Тәуекелдерді басқару тәсілдерін бекіту және ішкі аудит жүйесінің жұмысын қадағалау	Корпоративтік құндылықтардың, ESG-міндеттемелердің және іскерлік әдептің сақталуын қадағалау	Құзыретіне заңнамамен және Компания Жарғысымен жатқызылған өзге де мәселелер

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-9, GRI 2-17

QazaqGaz Директорлар кеңесінің құрамы заңнамалық талаптарға сәйкес қалыптастырылады және оған Жалғыз акционердің өкілдері, Басқарма Төрағасы және тәуелсіз директорлар кіреді.

Есепті жылы Директорлар кеңесіне сегіз адам кірді, олардың 50%-ы тәуелсіз директорлар болды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің оның құрамындағы орташа жұмыс мерзімі 2,3 жылды құрады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамын қалыптастыру кезінде негізгі мәселелерді қарау үшін қажетті кәсіби дағдылар, тәжірибе мен құзыреттер теңгерімі, оның ішінде Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің халықаралық тәжірибесі ескеріледі.

Тәуелсіз директорлар институтына ерекше назар аударылады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз директор – бұл акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалысыз дербес және әділ түрде шешімдер қабылдайтын Директорлар кеңесінің мүшесі. Тәуелсіздік критерийлері «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленген және Компания Жарғысында бекітілген.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

- Тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшелері
- Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРТҮРЛІЛІГІ

Компания корпоративтік басқарудағы гендерлік әртүрлілік мәселелерін ескереді және оны Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру кезінде маңызды аспект ретінде қарастырады.

2025 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына сегіз адам, оның ішінде жеті ер адам және бір әйел кірді. Әйелдердің үлесі тиісінше 12,5%-ды құрады.

Директорлар кеңесінің құрамы екі жас санатына бөлінген: 30-дан 50 жасқа дейін және 50 жастан үлкен.

63-кесте. 2023–2025 жылдардағы жас топтары мен гендерлік белгісі бойынша бөліністегі корпоративтік басқару органдарының саны, адам

GRI 405-1

Көрсеткіш	2023	Үлес, %	2024	Үлес, %	2025	Үлес, %
Директорлар кеңестері және Байқау кеңестері						
Құрамындағы мүшелердің барлығы, оның ішінде:	32	–	33	–	57	–
Гендерлік белгісі бойынша						
ерлер	31	97	28	85	51	89
әйелдер	1	3	5	15	6	11
Жас топтары бойынша						
30 жастан кіші	0	0	1	3	0	0
30 – 50 жастағы	23	72	24	73	45	79
50 жастан үлкен	9	28	8	24	12	21
Басқарма						
Құрамындағы мүшелердің барлығы, оның ішінде:	26	–	24	–	26	–
Гендерлік белгісі бойынша						
ерлер	22	85	19	79	21	81
әйелдер	4	15	5	21	5	19
Жас топтары бойынша						
30 – 50 жастағы	23	88	21	88	21	81
50 жастан үлкен	3	12	3	12	5	19
Басқалары						
мүмкіндіктері шектеулі қызметкерлердің саны	0	0	0	0	0	0

корпоративтік басқару органдарының құрамындағы әйелдердің үлесі

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-9, GRI 2-18

Лауазымы
«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

Тағайындалған күні
2023 жылдың 20 шілдесі

Өкілеттік мерзімі
QazaqGaz Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін

Сараптау саласы
Стратегия, қаржы, экономика, инвестициялар, корпоративтік басқару

Мамандануы
Қолданбалы математика және физика

Туған күні
1987 жылдың 1 сәуірі

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Отыншиев Елжас Мұратұлы

Білімі

- **2004–2008** – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы физика факультеті, «қолданбалы математика және физика» мамандығы (бакалавр)
- **2008–2010** – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы физика факультеті, «қолданбалы математика және физика» мамандығы (магистр)

Еңбек өтілі

- **2025** – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ-да стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірлесіп басқарушы директор, Басқарма мүшесі
- **2023–2025** – «Самұрық-Қазына» АҚ-да стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірлесіп басқарушы директор, Басқарма мүшесі
- **2021–2023** – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., Басқарма төрағасының орынбасары
- **2019–2021** – «PlanetCare Management» ЖШС, бас директордың инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары
- **2019–2019** – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., аға талдаушы/VP, Тікелей инвестициялар департаменті
- **2018–2019** – «Самұрық-Қазына» АҚ, Активтерді дамыту департаменті Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы
- **2016–2018** – «Самұрық-Қазына» АҚ, Жаңа жобаларды дамыту департаментінің жоба директоры (өсіп келе жатқан портфелдік компанияларды басқару)
- **2014–2016** – «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, Қордың инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры
- **2012–2014** – «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, бас менеджер
- **2009–2012** – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс департаменті, менеджерден департамент директорына дейін
- **2008–2009** – Ernst & Young (Мәскеу), Бағалау және бизнес-үлгілеу бөлімі, талдаушы
- **2007–2008** – Ernst & Young (Мәскеу), Аудиторлық және консультациялық қызметтер бөлімі, талдаушыдан аға талдаушыға дейін

Компанияның акцияларын иелену

жоқ

Лауазымы
«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

Тағайындалған күні
2025 жылдың 21 сәуірі

Өкілеттік мерзімі
QazaqGaz ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін

Сараптау саласы
Стратегия, мұнай-газ инженериясы, мемлекеттік басқару және саясат

Мамандануы
Газ саласындағы инженерия

Туған күні
1984 жылдың 4 қарашасы

Азаматтығы
Қазақстан Республикасы

Таубаев Бақытжан Рыспекұлы

Білімі

- **2002–2007** – Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы, Қазақстан, «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығы
- **2009–2011** – Турин политехникалық университеті, Италия, мұнай-газ инженериясының магистрі

Еңбек өтілі

- **2025** – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірлесіп басқарушы директор
- **2023–2025** – Қазақстан Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібі департаментінің директоры
- **2022–2023** – «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС, бас директордың бірінші орынбасары
- **2019–2022** – «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС, өндіріс жөніндегі директор
- **2017–2019** – «Жамбыл Петролеум» ЖШС, бас директордың орынбасары
- **2015–2017** – «Сәтпаев Оперейтинг» ЖШС, бас директордың орынбасары
- **2011–2015** – «Жамбыл Петролеум» ЖШС, бұрғылау инженері
- **2011–2011** – «ИПЦ-Мұнай» ЖШС, бұрғылау инженері
- **2008–2011** – «ИПЦ-Мұнай» ЖШС, далалық инженер

Мемлекеттік марапаттары

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төсбелгісімен және мадақтамаларымен марапатталған

Компанияның акцияларын иелену

жоқ



Лауазымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

Тағайындалған күні

2022 жылдың 2 желтоқсаны

Өкілеттік мерзімі

3 жыл

Сараптау саласы

Газ саласы, инженерия, стратегия, корпоративтік басқару

Мамандануы

Газ саласындағы инженерия

Туған күні

1953 жылдың 5 қыркүйегі

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Тегісбаев Анатолы Орынғалиұлы

Білімі

- **1971–1975 –** В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, «Тау-кен инженериясы» мамандығы

Еңбек өтілі

- **2022** – қазіргі уақытқа дейін – «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ, бас директор
- **2022–2022** – «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РҚБ, бас директордың орынбасары
- **2018–2021** – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Омбудсмен
- **2012–2017** – «ҚазМұнайГаз Қарашығанақ» ЖШС, бас директор
- **2004–2012** – «ҚазТрансГаз» АҚ, бас директордың орынбасары
- **2003–2004** – «ДМД – Сервис» ЖШС, бас директор
- **2002–2002** – «ҚазТрансГаз» ЖАҚ, бас директордың орынбасары
- **2002–2002** – «АБЕ корпорациясы» АҚ, вице-президент
- **2001–2002** – «ҚазБурГаз» ААҚ, президент
- **1998–2002** – «АксайГазСервис» ААҚ, президент
- **1992–1998** – «Қарашығанақгазөнеркәсіп» АҚ, бас инженерден президентке дейін
- **1975–1992** – «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігі, газ өндіру және тасымалдау учаскесінің шеберінен бас инженердің орынбасарына дейін

Компанияның акцияларын иелену

жоқ

Лауазымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

Тағайындалған күні

2025 жылдың 29 тамызы

Өкілеттік мерзімі

QazaqGaz ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін

Туған күні

1981 жылдың 17 қазаны

Сараптау саласы

Мұнай-газ саласы, реттеу және келісімшарттық басқару, стратегия, экономика және менеджмент, мұнай кен орындарын игеру

Мамандануы

Мұнай-газ кен орындарын игеру, жобаларды басқару, келісімшарттық сүйемелдеу

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Жамауов Әлібек Жұмабекұлы

Білімі

- **2004** – Сүлеймен Демирел атындағы университет (SDU), «Бизнес әкімшілендіру» мамандығы
- **2007** – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, «Мұнай-газ кен орындарын игеру» мамандығы

Еңбек өтілі

- **2025** – қазіргі уақытқа дейін – «QazaqGaz» ҰК» АҚ, Басқарма төрағасы
- **2023–2025** – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі
- **2020–2023** – «PSA» ЖШС, келісімшарттар, СНО іске асыру және тексеру жөнідегі бас директордың орынбасары
- **2019–2020** – «PSA» ЖШС, Солтүстік Каспий жобасы бойынша Өкілетті органның техникалық тобының жетекшісі
- **2015–2019** – «Жамбыл Петролеум» ЖШС, әкімшілік мәселелер бойынша атқарушы директор
- **2009–2015** – «Жамбыл Петролеум» ЖШС, сатып алу, жабдықтау және жергілікті қамту жөніндегі менеджер
- **2005–2009** – Аджип ККО жергілікті қамтуды жоспарлау жөніндегі супервайзері, өңірлік жобалар жөніндегі аға кеңесшісі

Компанияның акцияларын иелену

жоқ

Лауазымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Тағайындалған күні

2023 жылдың 26 қаңтары

Өкілеттік мерзімі

3 жыл

Сараптау саласы

Қаржы, экономика, аудит, корпоративтік басқару, мемлекеттік басқару және саясат

Мамандануы

Қаржылық есептілік, ішкі бақылау және аудит, тәуекелдерді басқару

Туған күні

1954 жылдың 22 желтоқсаны

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Өксікбаев Омархан Нұртайұлы

Білімі

- **1972–1975** – Алматы халық шаруашылығы институты
- **1991** – «Нарықтық экономикадағы аудиторлық қызмет» мамандығы бойынша оқу (Франция, Париж қ.)
- **1998** – Қазақ мемлекеттік басқару академиясының аспирантурасы, Алматы, экономика ғылымдарының кандидаты
- **1999** – Мәскеу мемлекеттік технологиялық академиясының докторантурасы, экономика ғылымдарының докторы, диссертация тақырыбы: «Қазақстан Республикасының өнеркәсібін қалыптастыру проблемалары және оларды шешу жолдары (теория және практика)»

Еңбек өтілі

- **2023** – қазіргі уақытқа дейін, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- **2012–2021** – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі, депутат
- **2003–2012** – Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, төраға
- **2002–2003** – Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі, хатшы
- **2002–2002** – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Бас бақылау инспекциясының басшысы
- **2000–2002** – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі, хатшының орынбасары
- **1998–2000** – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшесі
- **1996–1998** – Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі
- **1996–1996** – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекетаралық қатынастар басқармасының бастығы
- **1994–1996** – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржылық бақылау комитеті, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру басқармасының бастығы
- **1992–1994** – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржылық бақылау комитеті, басқарма бастығы
- **1984–1992** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, аға бақылаушы-тексеруші, бас бақылаушы-тексеруші, ұйымдастырушылық-инспекторлық бөлімінің бастығы, басқарма бастығының орынбасары
- **1977–1984** – Алматы суармалы жерлерді игеру басқармасы, совхоз бас экономисі, ЖЭБ бастығы
- **1975–1976, 1977–1979** – Алматы облыстық қаржы басқармасы, аға экономист

Компанияның акцияларын иелену

жоқ



Лауазымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, UK, Institute of Directors сертификатталған тәуелсіз директоры (Cert IoD), тәуелсіз директор

Тағайындалған күні

2022 жылдың 27 мамыры

Өкілеттік мерзімі

3 жыл

Сараптау саласы

Қаржы, экономика, стратегия, корпоративтік басқару

Мамандануы

Стратегияларды әзірлеу, бизнес-үлгілерді трансформациялау, ERP-жүйелерді және корпоративтік басқаруды дамыту

Туған күні

1965 жылдың 17 желтоқсаны

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Аханзәріпов Нұрлан Заманбекұлы

Білімі

- **2024** – «Зерде» ОО, Климаттық тәуекелдерді басқару
- **2023** – Комплаенс халықаралық қаумдастығы, Комплаенс және тәуекелдерді басқару
- **2014–2015** – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, «геофизика» мамандығы
- **1993–1995** – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Менеджмент, экономика және болжам институты, MBA (іскерлік әкімшілендіру магистрі)
- **1987–1991** – Семей қ., Семей технологиялық институты, Шәкәрім атындағы Семей университеті, бухгалтер-экономист, есеп және аудит

Еңбек өтілі

- **2022** – қазіргі уақытқа дейін – «QazaqGaz» ҰК» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- **2021–2023** – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындау және сыйақылар комитетінің, сондай-ақ Стратегия және қаржы комитетінің мүшесі
- **2019–2022** – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- **2019–2021** – «PlanetCare Management» ЖШС, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
- **2019–2020** – «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ, «Өрекет» жоғары технологиялар қоры» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- **2017–2018** – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі, Стратегия және инвестициялар комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитеттің және Сыйақылар комитетінің мүшесі
- **2017–2019** – «iQ Solutions» ЖШС/« iQS Engineering »ЖШС, қаржы кеңесшісі
- **2010–2016** – «АльфаБанк» ЕБ, тәуелсіз директор, банктің Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің және Банктің сыйақылар комитетінің төрағасы
- **2014–2016** – «Бейнеу–Шымкент газ құбыры» ЖШС, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі
- **2014–2015** – «Самұрық-Қазына» АҚ, қаржы директоры – Басқарма мүшесінің кеңесшісі
- **2006–2014** – «Интергаз Орталық Азия» АҚ, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі
- **2003–2005** – Petroleum Development of Oman, EOR директоратының қаржы басқарушысының м.а., EOR жобалары бойынша басқарушы бухгалтер
- **2002–2006** – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Солтүстік Каспий жобасы департаменті директорының орынбасары
- **2001–2002** – «Интергаз Орталық Азия» АҚ, қаржы директоры, корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры
- **2000–2002** – «ҚазТрансГаз» АҚ, бас бухгалтер
- **2000–2001** – «Интергаз Орталық Азия» АҚ, қаржы директоры – Қазынашылық департаментінің директоры
- **1997–2000** – «Қазақойл – Коммерция» ЖШС, қаржы директоры, бас бухгалтер
- **1995–1997** – «ЮТЭК» оңтүстік отын-энергетика компаниясы» АҚ, бас директордың орынбасары – бас бухгалтер
- **1994–1995** – «Бюро Жанат» аудиторлық компаниясы, аудитор–салық консультанты
- **1993–1994** – «СОНАР» Қазақ халықаралық ақпарат және коммуникациялар агенттігі, консультант-референт

Компанияның акцияларын иелену

жоқ



Лауазымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Тағайындалған күні

2023 жылдың 26 сәуірі

Өкілеттік мерзімі

QazaqGaz ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін

Сараптау саласы

Корпоративтік басқару, қаржы және экономика, аудит және салық салу (ҚР салық консультанты, 1-санат)

Мамандануы

Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау

Туған күні

1970 жылдың 19 қазаны

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы

Білімі

- **1987–1992** – Алматы қ., Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау» мамандығы
- **2008–2010** – Мәскеу қ., Ломоносов атындағы ММУ Жоғары бизнес мектебі, Executive MBA

Еңбек өтілі

- **2023** – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- **2023** – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- **2018–2023** – АХҚО әкімшілігі, салық саясаты департаментінің директоры
- **2015–2018** – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары
- **2008–2015** – «Самұрық-Қазына» АҚ, аудит және бақылау департаментінің директоры
- **2007–2008** – «Даму» ФРМП АҚ, бас бухгалтер
- **2003–2007** – «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, бас бухгалтер
- **1994–2003** – коммерциялық ұйымдардағы бас бухгалтер, аудитор

Компанияның акцияларын иелену

жоқ

Лауазымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Тағайындалған күні

2023 жылдың 20 шілдесі

Өкілеттік мерзімі

QazaqGaz ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін

Сараптау саласы

Қаржы, менеджмент, аудит, стратегия, корпоративтік басқару, инвестициялар

Мамандануы

Корпоративтік қаржы, қазынашылық, жобалық қаржыландыру

Туған күні

1979 жылдың 25 мамыры

Азаматтығы

Қазақстан Республикасы

Майлыбаев Ескендір Едігеұлы

Білімі

- **1994–1998** – Bilkent University, Анкара, Түркия, Менеджмент (B.Sc. in Management)
- **1998–2000** – Bilkent University, Анкара, Түркия, әскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA)
- **2003–2004** — London Business School (LBS), Лондон, Ұлыбритания, қаржы жөніндегі ғылым магистрі (M.Sc. in Finance)

Еңбек өтілі

- **2023** – қазіргі уақытқа дейін – «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры
- **2018** – қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі бірқатар fintech жобалардың ұйымдастырушысы және консультанты
- **2014–2018** – «Астана Банкі» АҚ, қаржы директоры (CFO), Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасы
- **2010–2013** – «Альянс Банк» АҚ, қаржы директоры (CFO), Басқарма мүшесі
- **2007–2010** – «Банк Позитив Қазақстан» АҚ, Haproalim Bank еншілес банкі (Израиль), Қаржы директоры (CFO), Басқарма мүшесі
- **2005–2007** – «АТФ Банк» АҚ, Кастодиандық қызмет көрсету және капиталмен операциялар басқармасының бастығы
- **2002–2005** – «Наурыз Банк» АҚ, Қазынашылық департаментінің бақылау және байланыс жөніндегі менеджері, Жобалық қаржыландыру департаменті директорының орынбасары
- **2000–2002** – «Демир Қазақстан Банкі» АҚ, ішкі бақылау маманы

Мемлекеттік марапаттары

- «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі

Компанияның акцияларын иелену

жоқ

2025 жылы Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болды. Е.Қ. Бердіғұлов пен С.С. Жаркешовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды[156]. Сонымен қатар Директорлар кеңесінің құрамына екі жаңа мүше – Б.Р. Таубаев пен Ә.Ж. Жамауов кірді[157].

[156] Е.Қ. Бердіғұловтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 21.04.2025 ж. № 16/25 шешімі. С.С. Жаркешовтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 29.08.2025 ж. № 43/25 шешімі.
[157] Б.Р. Таубаевты «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүддесінің өкілі деп сайлау туралы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 21.04.2025 ж. № 16/25 шешімі. от. Ә.Ж. Жамауовты «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі деп сайлау туралы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 29.08.2025 ж. № 43/25 шешімі.

ҮМІТКЕРЛЕРДІ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІ

GRI 2-10

Тәуелсіз директорларды сайлауды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және «QazaqGaz» ҰК» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің әрекеттегі құрамының өкілеттігі Жалғыз акционер жаңа құрамды тағайындау туралы шешім қабылдаған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамын қалыптастыру кезінде мүшелердің кәсіби дағдылары, тәжірибесі мен құзыреттері ескеріледі, бұл Компания мүддесінде тәуелсіз, құзыретті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің халықаралық компаниялар мен ұйымдарда жұмыс тәжірибесінің болуы корпоративтік басқарудың, салалық және функционалдық сараптаманың үздік әлемдік іс-тәжірибелерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесінің құрамына QazaqGaz немесе оның үлестес ұйымдарының акцияларын иеленетін тұлғалар, сондай-ақ QazaqGaz жеткізушілерінің не бәсекелестерінің акцияларын иеленетін тұлғалар сайланбайды. Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған үміткерлер сайлануға жіберілмейді. Мүдделер қақтығысы болған кезде, оның ішінде үміткер мәжбүрлеп тарату, акцияларды сатып алу не банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жыл ішінде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы, басшысының орынбасары немесе бас бухгалтері лауазымында болған жағдайларда үміткерлер сайлануға жіберілмейді.

Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін бейімдеу мақсатында Компанияда лауазымға кіргізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жұмыс істейді[158]. Бағдарлама Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін тиімді бейімдеуге және оларды Компанияның қызметімен, басқару органдарының құрылымымен, стратегиялық міндеттерімен және негізгі үдерістермен танысуға бағытталған.

2025 жылы Бағдарламадан Директорлар кеңесінің екі жаңа мүшесі – Таубаев Б.Р. және Жамауов Ә.Ж. өтті, оларды лауазымға кіргізу белгіленген мерзімде іске асырылды.

Директорлар кеңесінің жұмысындағы мүдделер қақтығысының фактілері

Басқаруда мүдделер қақтығысын болдырмау

GRI 2-15

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүдделер қақтығысының алдын алуды және оны басқаруды қадағалап тұрады. Сонымен қатар Компания активтерін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелері мәселелерін қарайды.

Компанияда мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу тәртібі қолданылады, Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатпен ақпаратты ашу рәсімі мен арналары айқындалады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қақтығысының фактілері болған жоқ.

[158] ДК-нің 29.05.2024 ж. № 3/24 шешімі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

GRI 2-12

Директорлар кеңесі комитеттерді құру туралы шешім қабылдайды, олардың дербес және сандық құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ функцияларын және жұмыс тәртібін айқындайды. Комитеттер өз құзыреттері шеңберінде Директорлар кеңесіне ең маңызды мәселелер бойынша ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады. Комитеттердің төрағалары – тәуелсіз директорлар. Аудит комитеті құрамына тек тәуелсіз директорлар кіреді.

2025 жылғы жағдай бойынша Директорлар кеңесі жанында үш комитет жұмыс істеді: Аудит жөніндегі комитет, Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті, Стратегия және тұрақты даму комитеті. Есепті жылы Директорлар кеңесінің комитеттеріне байланысты өзгерістер болған жоқ.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы

Комитеттің атауы	Комитеттің құрамы	Комитеттің міндеттері	Комитеттің 2025 жылғы отырыстары
Аудит жөніндегі комитет	**Өксікбаев Омархан Нұртайұлы, Төрағасы** Ахансәріпов Нұрлан Заманбекұлы, мүшесі Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы, мүшесі Майлыбаев Ескендір Едігеұлы, мүшесі Пірмаханов Сәкен Бөлегенұлы, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы[159] Мыңжанов Ернар Сейітұлы, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы[160]	Қаржылық және ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, ішкі аудит және қаржылық емес есептілік мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау	10 отырыс өткізіліп, 33 мәселе қаралды
Стратегия және тұрақты даму комитеті	Ахансәріпов Нұрлан Заманбекұлы, Төрағасы Өксікбаев Омархан Нұртайұлы, мүшесі Тегісбаев Анатолы Орынғалиұлы, мүшесі Майлыбаев Ескендір Едігеұлы, мүшесі Пірмаханов Сәкен Бөлегенұлы, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы[161], Мыңжанов Ернар Сейітұлы, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы[162]	Стратегия және оның орындалуын бақылау, бизнес-жоспар, инвестициялар мен инновациялар, активтерді басқару және тұрақты даму, оның ішінде климат, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау мен қоршаған ортан мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау	9 отырыс өткізіліп, 19 мәселе қаралды

[159] Пірмаханов Сәкен Бөлегенұлы Комитеттің жұмысына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы ретінде 01.01.2025 – 01.10.2025 аралығында қатысты.
[160] Мыңжанов Ернар Сейітұлы Комитеттің жұмысына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы ретінде 01.10.2025 – 31.12.2025 аралығында қатысты.
[161] Пірмаханов Сәкен Бөлегенұлы Комитеттің жұмысына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы ретінде 01.01.2025 – 01.10.2025 аралығында қатысты.
[162] Мыңжанов Ернар Сейітұлы Комитеттің жұмысына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы ретінде 01.10.2025 – 31.12.2025 аралығында қатысты.

Комитеттің атауы	Комитеттің құрамы	Комитеттің міндеттері	Комитеттің 2025 жылғы отырыстары
Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті	Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы, Төрайымы Ахансәріпов Нұрлан Заманбекұлы, мүшесі Тегісбаев Анатолы Орынғалиұлы, мүшесі Есенжанов Айбек Амангелдіұлы, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы[163] Ноғайбаев Әнуар Сәбитұлы, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы[164]	Директорлар кеңесі, Басқарма, корпоративтік хатшы және Омбудсмен мүшелерін тағайындау, бағалау және сабақтастығы бойынша, сондай-ақ НҚК және сыйақы беру жүйесі бойынша ұсынымдар дайындау	13 отырыс өткізіліп, 38 мәселе қаралды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

GRI 2-12, GRI 2-14

64-кесте. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2025 жылы отырыстарға қатысуы

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қатысу саны	Қатысу пайызы, %
Отыншиев Е. М.	Директорлар кеңесінің төрағасы (20.07.2023 ж. бастап)	26	100
Тегісбаев А. О.	Директорлар кеңесінің мүшесі (02.12.2022 ж. бастап)	26	100
Аханзәріпов Н.З.	Тәуелсіз директор (15.02.2023 ж. бастап)	26	100
Өксікбаев О.Н.	Тәуелсіз директор (26.01.2023 ж. бастап)	26-дан 25	96
Мыңшәріпова С.Н.	Тәуелсіз директор (26.04.2023 ж. бастап)	26	100
Майлыбаев Е.Е.	Тәуелсіз директор (20.07.2023 жылдан)	26	100
Таубаев Б.Р.	Директорлар кеңесінің мүшесі (21.04.2025 ж. бастап)	21-ден 21	100
Жамауов Ә.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы (29.08.2025 ж. бастап)	10-нан 10	100
Жаркешов С.С.	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы (29.08.2025 ж. дейін)	16-дан 15	94
Бердігулов Е.К.	Директорлар кеңесінің мүшесі (27.03.25 ж. дейін)	4-тен 3	75

[163] Есенжанов Айбек Амангелдіұлы Комитеттің жұмысына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы ретінде 01.01.2025 – 01.10.2025 аралығында қатысты.
[164] Ноғайбаев Әнуар Сәбитұлы Комитеттің жұмысын Комитеттің жұмысына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы ретінде 01.10.2025 – 31.12.2025 аралығында қатысты.

2025 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

2025 жылы Директорлар кеңесі 26 отырыс өткізді, оның ішінде үшеуі сырттай нысанда өтті. 123 мәселе қаралды. Негізгілер ішінде – ірі инвестициялық жобаларды келісу, 2024 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, сондай-ақ 2026–2030 жылдарға арналған бизнес-жоспарды бекіту. Бұдан басқа, басшылықтың ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру, кадр мәселелері, ынталандыру жүйесі мен НҚК жөнінде шешімдер қабылданды, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттар, оның ішінде Мінез-құлық кодексі[165] мен Тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді.

Есепті жылы Директорлар кеңесі Қоғамның ESG жобаларына арналған шығыстары жөніндегі есепті, Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Қоғамның 2024–2025 жылдарға арналған ESG рейтингтегі ұстанымын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын қарады. Нәтижесінде шығыстардың Қоғамның стратегиялық басымдықтарына сәйкестігі расталды, сондай-ақ корпоративтік басқару және тұрақты даму іс-тәжірибелерін дамытудағы ілгерілеу атап өтілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2025 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Директорлар кеңесі мүшелерінің хабардар болуын арттыру және құзыреттерін кеңейту Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің хабардар болуын қамтамасыз етуге және құзыреттерін дамытуға назар аударады, бұл басқарудың тиімділігін және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұған ең алдымен олардың комитеттердегі және Кеңес отырыстарындағы жұмысы шеңберінде барынша толық ақпарат беру есебінен қол жеткізіледі. Білімді жетілдіру және тәжірибе алмасу үшін Директорлар кеңесінің мүшелері білім беру іс-шараларына, конференцияларға, саммиттерге қатысып тұрады.

2025 жылы Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мынадай бағдарламалар бойынша оқудан өтті:
- «QazaqGaz көміртексіздендіру: стратегиядан іс-қимылдарға»;
- «2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын енгізу»[166];
- «Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалауды жүргізу алгоритмі».

Жеке оқу бағдарламаларынан өткендер:
- Өксікбаев О.Н. – «Тәуелсіз директор: табысты мансап», «Компания стратегиясы және Директорлар кеңесі» бағдарламалары бойынша;
- Мыңшәріпова С.Н. – «I жобаларын басқару: интенсив» және «Мұнай-газ саласындағы жобаларды басқару» бағдарламалары бойынша.

[165] ДК-нің 20.08.2021 ж. № 7 шешімімен бекітілген «QazaqGaz» ҰК» АҚ Іскерлік әдеп кодексінің орнына.
[166] ДК-нің 27.06.2025 ж. № 11/25 шешімі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

GRI 2-18

Қызметтің мониторингі бекітілген QazaqGaz Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қағидаларына сәйкес: жыл сайын – ішкі күштермен және кемінде үш жылда бір рет – тәуелсіз консультанттарды тарта отырып жүзеге асырылады.

2025 жылғы 1 қазанда Директорлар кеңесі 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметті өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есепті бекітті[167]. Бағалау нәтижесі «А» рейтингіне сәйкес келеді (82 балл) және өткен жылғы бағалаумен («ВВВ» рейтингі – 78 балл) салыстырғанда ілгерілеуді көрсетеді[168].

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

GRI 2-11

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмысын ұйымдастырушылық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі, Басқарма және Жалғыз акционер арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіреді. Оның міндеттеріне корпоративтік басқару рәсімдерін сүйемелдеу, материалдар мен хаттамалық құжаттарды дайындау, сондай-ақ корпоративтік шешімдерді қабылдау және ресімдеу кезінде белгіленген талаптар мен мерзімдердің сақталуын бақылау кіреді.

QazaqGaz корпоративтік хатшысының негізгі функциялары мыналарды қамтиды:

- Директорлар кеңесінің және комитеттердің жұмысын ұйымдастыру;
- Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл;
- Корпоративтік басқару талаптарының сақталуын бақылау;
- Корпоративтік басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелері мен менеджментті консультациялық және талдамалық қолдау;
- Басқару органдары арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру.

2025 жылы Корпоративтік хатшы лауазымының сипаттауына өзгерістер енгізілді, оның ішінде бақылау және талдау функциялары толықтырылды, жауапкершілікке қойылатын талаптар нақтыланды, біліміне, тәжірибесіне және құзыреттеріне қойылатын талаптар күшейтіліп, нақтыланды, лауазымның біліктілік деңгейі көтерілді.

БАСҚАРМА: ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басқарма алқалы атқарушы орган болып табылады, қойылған мақсаттарға қол жеткізуді және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ете отырып, QazaqGaz-дың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Басқарма өз жұмысында «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасы туралы ережені, Қоғамның Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады. Басқарма Директорлар кеңесіне қызмет нәтижелері, оның ішінде бизнес-жоспардың орындалуы және басым инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы туралы есептілікті тұрақты түрде ұсынады.

2025 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма құрамына сегіз адам (барлығы ерлер) кірді. Басқарманың барлық мүшелері 30-дан 50 жасқа дейінгі жас санатында болды.

[167] ДК-нің 01.10.25 ж. № 19/25 шешімі.
[168] Өзін-өзі бағалау ДК-нің 24.04.2025 ж. № 7/25 шешімімен бекітіліп, ДК-нің 17.12.2024 ж. № 16/24 шешімімен бекітілген Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қағидаларына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 26.09.2016 ж. № 35/16 шешімімен бекітілген Дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесінің «Директорлар кеңесінің тиімділігі» бөліміне сәйкес жүргізілді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы

№	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы орны	Тегі, аты, әкесінің аты
1	Басқарма төрағасы	Жамауов Әлібек Жұмабекұлы
2	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары	Төлегенов Ақбар Мәлікұлы
3	Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	Мирманов Жанболат Жантеміруұлы
4	Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары	Дәулетов Асылхан Бауыржанұлы
5	Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	Кисметов Абзал Жұмабайұлы
6	Басқарма төрағасының күрделі құрылыс және жаңа жобалар жөніндегі орынбасары	Тергеусізов Батыржан Ержанұлы
7	Құқықтық мәселелер және тәуекелдерді басқару жөніндегі басқарушы директор	Сәтбаев Әл-Фараби Берікұлы
8	Аппарат басшысы	Ермаханов Берік Арапбайұлы

Есепті жылы Басқарма құрамында өзгерістер болды. Жаркешов С.С., Ихсанов М.У., Ақан А.М., Бүркітов Ұ.О. және Қаспаков М.К. өкілеттіктері тоқтатылды[169]. Басқарма құрамына Ә.Ж. Жамауов, Ж.Ж. Мирманов, А.Б. Дәулетов, А.Ж. Кисметов, Б.Е. Тергеусізов, Ә.-Ф.Б. Сәтбаев және Б.А. Ермаханов кірді[170].

65-кесте. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Басқарма мүшелерінің саны[171]

GRI 202-2

Басқарма мүшелері	2023	2024	2025
Басқарма мүшелерінің саны, адам	8	6	8
Қазақстан Республикасының азаматтары, адам	8	6	8
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Басқарма мүшелерінің үлесі, %	100	100	100

66-кесте. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының отырыстары және қабылданған шешімдер туралы жалпы мәліметтер, бірлік

Барлығы өткізілген отырыстар, оның ішінде сырттай отырыстар:	**49 (13)**
Барлығы қаралған мәселелер,	230
оның ішінде:	
• «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметіне қатысты мәселелер	147
• ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер	83

[169] «Самұрық-Қазына» АҚ ДҚ-нің 29.08.2025 ж. № 16/25; 29.10.2025 ж. № 22/25; 29.10.2025 ж. № 22/25; 29.10.2025 ж. № 22/25; 01.10.2025 ж. № 18/25 шешімдері. Бұрынғы құрамы туралы толығырақ Компанияның ресми сайтында мына сілтеме бойынша 2024 жылғы біріктірілген жылдық есептен қараңыз.
[170] «Самұрық-Қазына» АҚ ДҚ-нің 19.08.2025 ж. № 16/25; 01.03.2023 ж. № 1/23; 29.10.2025 ж. № 22/25; 29.10.2025 ж. № 22/25; 19.12.2025 ж. № 25/25; 19.05.2025 ж. № 8/25; 07.10.2025 ж. № 20/25; 19.12.2025 ж. № 25/25 шешімдері.
[171] Көрсеткіш «QazaqGaz» ҰК» АҚ орталық кеңсесінің шекарасында ашылады.

67-кесте. Жасалуына ерекше талаптар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасы қарағаны, мүдделілігі бар мәмілелердің жалпы саны,	**37**
оның ішінде:	
алдын ала мақұлданған және «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер	**10**
жасалуына «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда ерекше талаптар белгіленген, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидалары шеңберінде бекітілген мәмілелер	**27**

СЫЙАҚЫ

GRI 2-19, GRI 2-20, GRI 2-21, IIRC

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен өтемақы төлеу талаптары мен тәртібі Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. 2025 жылы Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру тәсіліне өзгерістер енгізілмеді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді, сондай-ақ олардың міндеттерін орындауына байланысты шығыстар өтеледі.

GRI 2-21

2025 жылдың нәтижелері бойынша QazaqGaz Директорлар кеңесі мүшелерінің жиынтық сыйақысы 74 890 мың теңгені құрады.

Ең жоғары ақы төленетін қызметкердің жылдық жиынтық табысының қызметкерлердің медианалық жылдық жиынтық табысына арақатынасы ретінде есептелген жылдық жиынтық сыйақы коэффициенті 4,9 құрады [172].

Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің сыйақысы Басшы қызметкерлерге, Корпоративтік хатшыға, Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларымен реттеледі. Қағидалар сонымен қатар жылдық сыйақыны, біржолғы сыйлықақыларды және еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған кездегі өтемақы төлемдерін қарастырады.

Неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізуді ынталандыру үшін жыл сайын Басқарма мүшелеріне корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерді қамтитын уәждемелік НҚК карталары бекітіледі. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша сыйақы төлеу бекітілген НҚК-ға қол жеткізу нәтижелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма мүшелерінің жалпы есептелген сыйақысы 2025 жылы 737 548 мың теңгені құрады.

Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің жеке сыйақысының мөлшері мен құрылымы туралы ақпаратты жария түрде ашпайды[173].

СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫНДА ESG-КӨРСЕТКІШТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ

ESG-көрсеткіштер, оның ішінде көміртектік ізін төмендету бойынша көрсеткіштер Компанияның стратегиялық НҚК жүйесіне біріктірілген және басшы қызметкерлердің НҚК деңгейіне бөлшектеп байланыстырылған. Басқарма мүшелерінің және өзге де басшы қызметкерлердің сыйақысы ESG-көрсеткіштерді қоса алғанда, бекітілген НҚК-ге қол жеткізу деңгейін ескере отырып айқындалады.

[172] Көрсеткіш «QazaqGaz» ҰК» АҚ орталық кеңсесінің шекарасында ашылады.
[173] Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі еңбекке ақы төлеу мәселелерін қоса алғанда, еңбек қатынастарын ресімдеу қағидаларын айқындайды, бірақ заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің кірістерін үшінші тұлғаларға жария етуді көздемейді. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтардың дербес деректерін, оның ішінде кірістері туралы ақпаратты заңсыз қол жеткізу мен таратудан қорғайды. Қазақстан Республикасының Салық кодексі кірістерге салық салу тәртібін айқындайды және салық төлеушілердің кірістері туралы деректердің құпиялылығын көздейді.

ESG-көрсеткіштер мен НҚК байланысы

Стратегиялық мақсат	1-деңгейдегі НҚК	2-деңгейдегі НҚК
Тиімділігі жоғары, заманауи ұйым құру	2019 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртекті ізін төмендету, %	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту
	ESG рейтингін алу	ESG тәуекел рейтингі
		• Өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш • Жұмыс орнындағы денсаулықтың нашарлауы себебінен еңбек қызметімен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының жиілік коэффициенті
		Әлеуметтік тұрақтылық индексі
		ТЖҚ сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесі

ТӘУЕЛСІЗ СЫРТҚЫ АУДИТ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның ЕТҰ қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін 2023–2025 жылдары «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы жүзеге асырып жүр.

68-кесте. Сыртқы аудитордың сыйақысы, млн теңге[174]

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Сыртқы аудитордың сыйақысы	61,18	63,73	66,93

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЛАР

2026 жылы QazaqGaz корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамытуды жоспарлап отыр.

Мәселен, QazaqGaz корпоративтік басқару жүйесіне тәуелсіз диагностика жүргізу жоспарланған. Оның мақсаты – Компанияның ағымдағы іс-тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі деңгейін айқындау, корпоративтік басқару жүйесі мен іс-тәжірибесі QazaqGaz қызметінің тиімділігі мен акционерлік құнын арттыруға қаншалықты ықпал ететінін, сондай-ақ оның акционерлер мен өзге де стейкхолдерлердің мүдделеріне сәйкестігін бағалау.

Диагностикалау нәтижелері бойынша 2026–2028 жылдарға арналған QazaqGaz корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жоспар әзірленеді.

[174] Көрсеткіш ҚҚС есебімен келтірілген және «QazaqGaz» ҰК» АҚ бойынша еншілес және тәуелді қоғамдарды, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарды есептемей ашылады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

GRI 2-12, GRI 2-16, GRI 2-25

Тәуекелдерді басқару QazaqGaz корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді басқару жөніндегі халықаралық стандарттарда, оның ішінде COSO ERM-де[175] қамтылған қағидаттар негізінде әзірленген. 2025 жылы тәуекелдерді басқару әдіснамасына өзгерістер енгізілмеді.

КТБЖ-нің мақсаты – елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу, сондай-ақ олардың деңгейін қолайлы деңгейге дейін төмендету жөніндегі шараларды іске асыру.

Жүйені ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен талаптары Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты қоса алғанда, Компанияның ішкі құжаттарында бекітілген және бірыңғай әдіснамалық тәсілді, кешенділікті, есеп берушілікті, ақылға қонымды сенімділікті, бейімділікті, басшылықтың қатысылуын және басқаларды көздейді.

Ішкі құжаттар

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты (2025 жылы жаңартылған)
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау және тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ішкі бақылау жүйесінің қағидалары

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Тәуекелдерді басқару процесі басқару органдарымен және бақылау функцияларымен қамтамасыз етіледі. Директорлар кеңесі тәуекел-тәбетті, негізгі тәуекел көрсеткіштерін, Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасын, тәуекелдерге ден қою іс-шаралары жоспарын және тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді бекітеді.

Басқарма КТБЖ-нің жұмыс істеуін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаттар мен рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

ТӘУЕКЕЛДЕР КОМИТЕТІ

GRI 2-16

Тәуекелдер комитеті Басқарма жанында тұрақты негізде әрекет етеді. Комитет тәуекелдерді бағалау нәтижелерін, Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасын, сондай-ақ сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарайды. Сондай-ақ Комитеттің құзыретіне тәуекел-тәбетті және тәуекелдер бойынша лимиттерді келісу, корпоративтік сақтандыру бағдарламасының мәселелерін қарау кіреді.

Комитеттің отырыстары бетпе-бет және сырттай нысанда өткізіледі. Бетпе-бет отырыстар тоқсанына кемінде бір рет көзделеді. QazaqGaz және оның ЕТҰ-дың мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуге қабілетті елеулі оқиғалар Компанияның және ЕТҰ-дың Тәуекелдер комитеттері отырыстарында қаралады.

2025 жылы Тәуекелдер комитетінің екі отырысы өткізіліп, онда Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасы, тәуекел-тәбет, тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп, сондай-ақ тәуекелдерге ден қою шаралары қаралды.

[175] COSO үлгісі (Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission, АҚШ, Тредвей Комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті) – халықаралық деңгейде танылған, тәуекелдерді бақылау және басқару жүйесін құруға арналған тұжырымдамалық негіз.

Тәуекелдер иелері Тәуекелдерді басқару департаментінің әдіснамалық қолдауымен тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды қалыптастырады және олардың тиімділігін бағалайды.

Тәуекелдерді басқару үшін Компания әртүрлі құралдарды қолданады. Күйзеліс-тестілеу тәуекелдердің әлеуетті әсерін бағалау үшін пайдаланылады. Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті дайындау кезінде жағымсыз сценарийлер бойынша QazaqGaz қаржылық үлгісіне күйзеліс-тестілеу жүргізіледі. Күйзеліс-тестілеу нәтижелері тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАНЫСЫ

KASE

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті жыл сайынғы негізде міндетті және ерікті сақтандыру шеңберінде сақтандыру шарттарын ұзарту мониторингін жүзеге асырады. 2025 жылы Компанияда сақтандыру арқылы қорғаудың мынадай түрлері қолданылды:

- қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру тәуекелімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- міндетті экологиялық сақтандыру;
- машиналар мен жабдықтардың сынуын қоса алғанда (өндірістегі үзілістен сақтандырусыз), мүлікті жойылудан, жоғалудан немесе зақымданудан ерікті сақтандыру;
- ұңғымалардың бақылаудан шығу тәуекелдерін ерікті сақтандыру;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру.

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесі стратегиялық және инвестициялық жоспарлаумен, өтімділікті және ақша ағындарын басқарумен, сондай-ақ операциялық қызметпен біріктірілген.

Тәуекелдерді басқару процестерін қолдау үшін Компания ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолданады. АТ-инфрақұрылымын дамыту басқарушылық шешімдердің икемділігіне қойылатын талаптарды ескере отырып және «пайда – шығындар» талдауы негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді және нәтижелерін Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ұсынады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ БЕЙІНІ

QazaqGaz қызметі ішкі және сыртқы тәуекелдер әсеріне ұшырағыш. Компания жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіруді, талдауды және бағалауды жүргізеді, олардың нәтижелері бойынша Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасы қалыптастырылады.

Анықталған тәуекелдер төрт санатқа жіктеледі: стратегиялық, ESG-тәуекелдер, қаржылық және операциялық тәуекелдер. 2025 жылы Тәуекелдер тізілімі 29 сәйкестендірілген тәуекелді қамтыды, оның 7-і сыни тәуекелдер санатына жатқызылды.

Тәуекелдерді бағалау бекітілген әдістеме бойынша ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Әрбір тәуекел басталу ықтималдығы мен әлеуетті әсер ету дәрежесін ескеретін шкала бойынша бағаланады.

оның ішінде 7 – сыни, 2025 жылғы тәуекелдер тізілімінде

Жекелеген бағыт – санкциялық тәуекелдерді бағалау: Компания санкциялық саясаттың мониторингін жүзеге асырады және тәсілді ресімдеуге арналған ішкі құжаттарды әзірлейді.

Тәуекел деңгейін бағалау шкаласы

Тәуекел деңгейі	Тәуекелдің бағалау сипаттамалары
1	**Бизнеске әсері – 25%;** оқиғаның басталу ықтималдығы – жеті немесе одан да көп жылда бір рет
2	**Бизнеске әсері – 50%;** оқиғаның басталу ықтималдығы – бес жылда бір рет
3	**Бизнеске әсері – 75%;** оқиғаның басталу ықтималдығы – үш жылда бір рет
4	**Бизнеске әсері – 100%;** оқиғаның басталу ықтималдығы – жылына бір рет
5	Тәуекел-тәбет деңгейінен жоғары әсері; оқиғаның жиілігі – жарты жылда бір рет

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-16

Құрылымдық бөлімшелерде КТБЖ жұмысын ұйымдастыру үшін тәуекел-үйлестірушілер тағайындалады. Олар бөлімшелерде тәуекелдерді басқару рәсімдерін сүйемелдеуді және процестің барлық кезеңдерінде тәуекел бөлімшесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Тәуекелдер мен оқыс оқиғалар туралы ақпарат тәуекел бөлімшесінің сұрау салуларына қызметтік жазбалар мен жауаптар нысанында тұрақты негізде беріледі.

Тәуекел мәдениетін дамыту мақсатында Компания оқыту іс-шараларын өткізеді. 2025 жылы QazaqGaz тобының басшылық құрамы үшін 50 қатысушыға арналған «Тәуекел-менеджмент» тренингі ұйымдастырылды. Семинарға қатысу 90%-дан астам құрады.

ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

Тәуекелдер картасы басқарушылық шешімдерге басымдық беру үшін пайдаланылады. Оның негізінде QazaqGaz бірінші кезектегі шараларды анықтайды және ең маңызды тәуекелдерді төмендету бойынша, оның ішінде ықтимал қаржылық салдарды ескере отырып, атаулы түзету іс-шараларын әзірлейді.

69-кесте. Тәуекелдер тізбесі және оларды жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар

Тәуекел коды	Тәуекел тобы және атауы	Жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар
Стратегиялық тәуекелдер		
С-1	**Тауарлық газдың ресурстық базасының жетіспеу тәуекелі**	Жаңа газ/газ конденсаты кен орындарын игеру есебінен газ өндіруді ұлғайту
		Жаңа Газ өңдеу зауыттарын (ГӨЗ) және Газды кешенді дайындау қондырғысын (ГКДҚ) салу
		Газ тұтынуды оңтайландыру (жылу беру қысқы кезеңінде халық пен коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларды қоспағанда), отынның баламалы түрлеріне көшіру, газ жеткізуге уақытша шектеулер енгізу және басқа шаралар
		Газды ұқыпты тұтыну тұжырымдамасын іске асыру, сараланған тарифтік саясатты қолдану
С-2	**Бағалық/тарифтік тәуекелдер**	Ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің бекітілген шекті бағаларын көтеру
		Барлық газ тарату ұйымдарының тауарлық газдың бөлшек сауда бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу туралы кәсіпкерлік кодексте түзетулерді бекіту
		Қытай контрагенттерімен транзит және экспорт тарифтері бойынша тиісті келісімге қол қою
С-3	**Инвестициялық жобалардың тәуекелдері**	Инвестициялық қызмет және жобалық басқару бойынша ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) әзірлеу/өзектендіру
		Құрылымдық бөлімшенің функционалдық жауапкершілік аймағына сәйкес талдаудың міндетті түрлері бар сараптамалық қорытындылардың үлгілерін әзірлеу
		Қызметкерлерді тиісті бейінді тақырыптар бойынша оқытуға арналған шығыстарды қосу: инвестициялық жобаларды талдау, инвестициялық жобаларды басқару
		Ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес инвестициялық жобаларды іске асырудың жылдық мониторингі (экономикалық талдау, іске асыру ілгерілеуін бақылау)
С-4	**Санкциялық тәуекелдер**	Санкциялардың жаңа пакеттері жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу және қадағалау
		Контрагенттерді және әлеуетті мәмілелерді санкциялық тәуекелдер тұрғысынан тексеру
С-5	**Бір контрагенттен түсетін кірістердің құрылымына елеулі әсер ету тәуекелі**	Контрагенттердің міндеттемелерін орындауын мониторингтеу
		Дебиторлық берешекті төлеуді бақылау және мониторингтеу
С-6	**Сыртқы факторлардың тәуекелдері, геосаяси тәуекелдер**	Түпкілікті өнімнің қосылған құны жоғары газ-химия жобаларын дамытуға екпін жасай отырып, қызметті әртараптандыру жөніндегі кешенді шараларды пысықтау
		Жаңа кен орындарын геологиялық барлау саласында carry қаржыландыру талаптарымен инвесторларды тарту бойынша белсенді жұмысты жалғастыру
		Мұнай-газ саласы нарығының жай-күйіне мониторинг жүргізу, негізгі макрокөрсеткіштер мен индикаторлардың өзгерістерін қадағалау
		Мұнай-газ нарығын қадағалау және мониторингтеу мақсатында жүйелі шығатын талдамалық басылымдарға жазылу
ESG тәуекелдер		
Е-1	**Экологиялық тәуекелдер**	2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарын қатаң сақтау
		Экологиялық менеджментті тиімді сақтау
		Компанияның барлық объектілерінде технологиялық аудит жүргізуге, сондай-ақ уәкілетті органға деректерді онлайн-беру инфрақұрылымы бар шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған станцияларын сатып алуға және орнатуға арналған шығындарды қоса алғанда, 2026 жылға дейін кешенді экологиялық рұқсат алуға дайындық
		Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты уақтылы алу
		Қоршаған ортаға эмиссиялардың сандық және сапалық көрсеткіштерін тұрақты бақылау
		Қалдықтарды түзейтін мердігерлік ұйымдарды бақылау және олар пайда болған жерден кәдеге жарату немесе залалсыздандыру үшін лицензияланған ұйымға беруге дейін дұрыс логистикалық тізбекті ретке келтіру

Тәуекел коды	Тәуекел тобы және атауы	Жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар
Е-2	**Өндірістік жарақаттану**	Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету: • Жұмыс орындарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне тұрақты бағалау жүргізу • Эргономиканы және жарақат алу қаупін азайтуды ескере отырып, жұмыс орындарын ұйымдастыру • Қызметкерлерді қажетті жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету
		Қызметкерлерді оқыту және хабардар ету: • Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалықтар мен оқытуды тұрақты өткізу • Жұмыстарды қауіпсіз орындау жөніндегі нұсқаулықтар мен нұсқауларды әзірлеу және тарату • Қауіпсіздік қағидаларын сақтағаны үшін көтермелеу жүйесін енгізу
		Бақылау және мониторинг: • Қауіпсіздік қағидаларын сақтауды тұрақты бақылау жүйесін енгізу • Әрбір жұмыс орнындағы қауіпсіздік үшін жауапты адамдарды тағайындау • Еңбекті қорғау мәселелері бойынша ішкі және сыртқы аудиттерді жүргізу
		Оқыс оқиғаларды болдырмау және оларға ден қою: • Жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша рәсімдерді әзірлеу және енгізу • Оқиға болған жағдайдағы жедел ден қою және алғашқы көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру • Себептерді анықтау және олардың қайталануын болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында барлық жазатайым оқиғаларға тергеп-тексеру жүргізу
		Еңбекті қорғау жүйесін ұдайы жетілдіру: • Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы саясатты жүйелі түрде қайта қарау және жаңарту • Еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу • Салалық іс-шараларға қатысу және басқа компаниялармен тәжірибе алмасу
Е-3	**Әлеуметтік шиеленіс тәуекелдері**	Жетекші республикалық және жергілікті БАҚ-та материалдарды орналастыру, тауарлық газды тұтынушылармен кездесулер өткізу, үнемді тұтынуды насихаттау арқылы түсіндіру жұмыстарын күшейту
		Бағалардың өсу себептері мен мерзімдері, атаулы қолдау бағдарламалары, газды ұтымды тұтыну тәсілдері және ықтимал баламалар (жаңартылатын энергия, энергия үнемдеу және т.б.) туралы халықты ашық хабардар етуді қамтамасыз ету
Е-4	**HR тәуекелдері**	Еңбекақы төлеу және персоналды бағалау қағидаларын өзектендіру
		«QazaqGaz» ҰК» АҚ Орталық аппараты персоналының қатысуына бағалау жүргізу үшін консультантты тарту
Қаржылық тәуекелдер		
Қ-1	**Қаржылық тұрақтылық тәуекелі**	Тарифтің жоспарлы көтерілуінің орындалуын бақылау
		Дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі іс-шараларды бақылау
		Қаржы ковенанттарының сақталуын бақылау және мониторингтеу
Қ-2	**Өтімділік тәуекелдері**	Төлемдерді жоспарлау, келісу және жүзеге асыру, сондай-ақ төлемдер күнтізбесін қалыптастыру қағидаларын өзектендіру
		Тұрақты негізде дивидендтердің уақтылы төленуін бақылау

Тәуекел коды	Тәуекел тобы және атауы	Жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар
Қ-3	**Валюталық тәуекел**	Валюталық жайғасымды мониторингтеу
		Көтерме сауда тұтынушылары үшін бағаларды қайта қарау
Қ-4	**Пайыздық тәуекел**	Экономикалық мақсатқа сай болған жағдайда қайта қаржыландыруды жүргізудің құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерін мониторингтеу
Қ-5	**Нарықтық тәуекел: газға экспорттық бағаның төмендеуі**	Негізгі энергия тасымалдағыштары бағасының өзгеруін талдау және мониторингтеу
Операциялық тәуекелдер		
О-1	**ЖАО-дан теңгерімге сапасыз салынған газбен жабдықтау объектілерін қабылдау тәуекелдері**	Газ және газбен жабдықтау туралы заңнамаға жобалау сатысындағы салынып жатқан объектілердің сапасын бақылауды, құрылыс сатысында техникалық сүйемелдеуді, сондай-ақ салынған объектілерді QazaqGaz-ға өтеусіз беруді (бағалау рәсімдерісіз) қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу
О-2	**Газ тасымалдау жүйесінің істен шығуы/жұмысын шектеу**	Диагностикалық жұмыстарды уақтылы жүргізу
		Газ тасымалдау жүйесінде жыл сайынғы жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізу
		Жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу бойынша техникалық іс-шараларды уақтылы жүргізу
		Шешімдерді жеделдетіп қабылдауды, корпоративтік және тендерлік рәсімдерден өтуді, сондай-ақ жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауды қоса алғанда, басымдығы бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруды жеделдету
О-3	**IT тәуекелдері**	Мердігерлік ұйымдардың сақтық мұрағаттар құруы
		Сақтық мұрағаттардан қалпына келтіру
		Маңызды тораптарды қайталау және кластерлеу
		Іркілістер кезінде мердігерлік ұйымның жұмысын үйлестіру
		Бағдарламалық жасақтаманы тұрақты түрде тексеру және мониторингтеу
		Серверлік жабдықтардың үздіксіз жұмысын қолдау
		Деректердің таралып кетуінен және инсайдерлердің іс-қимылынан қорғауды қамтамасыз ететін жүйелерді енгізу (DLP), сондай-ақ құпия деректерді тану тетіктерін іске асыру (таңбалау, агент-бағдарламалар, тұрақты өрнектер, цифрлық ізтаңбалар)
		Келесі буынның бағдарламалық және аппараттық желіаралық экрандарын (NG Firewall) қолдану, руткиттер мен сниффердерге бұғаттаулар орнату, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың орталықтандырылған жүйелерін (SIEM) пайдалану
		Деректер орталығының үздіксіз қуат көздерін жаңарту
О-4	**Сатып алу процесінің тәуекелдері**	Сатып алу және жергілікті қамту департаментінің штатын өсірту бойынша ұсыныстар енгізу
		«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ін шарттық міндеттемелерге сәйкес портал арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды талап етумен 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы Қордың сатып алу порталында (ЭСАЖ) техникалық іркілістер/тоқтаулар саны туралы хабарлау
		Сатып алуға өтінімдер жасау мәселелері бойынша қызметкерлерді (сатып алу бастамашыларын) оқытуды жүргізу

Тәуекел коды	Тәуекел тобы және атауы	Жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар
О-5	**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
		Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданылу аясына түсетін тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің қабылдануын және қаржылық бақылау шараларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру
		Нұсқамалықтар өткізу барысында жаңадан қабылданған қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарымен және QazaqGaz-дың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарымен таныстыру
		ҚР қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, QazaqGaz сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарының талаптарын сақтау бойынша алдын алу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу
		Персоналды іріктеу және жалдау рәсімдерін регламенттейтін QazaqGaz ішкі нормативтік құжаттарына, Іскерлік әдеп кодексіне, Қызметті құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларға, Басшы және басқарушы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларына және т.б. тиісті өзгерістер енгізу
		Нақты шешімдер қабылдау бөлігінде де, жалпы ұйымның жұмыс істеу деңгейінде де кәсіподақ қызметінің ашықтығын арттыру мәселесін пысықтау
О-6	**Мемлекеттік органдар тарапынан айыппұл санкцияларының тәуекелі**	Қосарланған салық салуды жоққа шығаруға қатысты салық заңнамасы бойынша тиісті қорытынды (түсіндіру) алу
		Осы тәуекелдердің алдын алуға бағытталған релевантты іс-шараларды жүргізу

Тәуекел коды	Тәуекел тобы және атауы	Жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар
О-7	**Ұрлау тәуекелі**	QazaqGaz объектілерін адам күшімен қорғауды (ведомстводан тыс күзет) сондай-ақ кіруді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, бейнебақылауды, байланыс құралдарын, хабарлау жүйелерін және басқа да техникалық құралдарды пайдалана отырып, техникалық қорғауды күшейту жөніндегі ұйымдастыру-бақылау іс-шараларын жүргізу
		Күзет ұйымымен шарт жасасу: • QazaqGaz объектілерін күзету қызметтерін көрсету шарты шеңберінде күзет ұйымына жауапкершілікті бекіту • QazaqGaz объектілерінде тауар-материалдық қорларды ұрлауға қарсы әрекеттер бойынша күзет ұйымымен бірлесіп іс-шаралар әзірлеу
		Ұрлау тәсімдерін анықтау, ішкі тексерулер мен тергеп-тексерулер жүргізу
		Объектілерді инженерлік-техникалық күзет құралдарымен және арнайы аспаптық бақылау құралдарымен жарақтандыру
		Ұрлықты анықтау, алдын алу, жолын кесу және тергеп-тексеру жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде жүзеге асыру, сондай-ақ ұрлыққа қатысы бар адамдардың залалды өтеу жөнінде шаралар қабылдауын қоса алғанда, олардың теріс салдарларын барынша азайту жөніндегі жұмыстарды жүргізу
		• Ұрлық фактілері бойынша материалдарды құқық қорғау органдарына беруді жүзеге асыру • Кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тарту
О-8	**Табиғи катаклизмдер тәуекелі**	QazaqGaz-дың барлық ұйымдарында қызметтің үздіксіздігін басқару жоспарларын әзірлеу
		Жер сілкіністерін, дауылдарды, табиғи апаттарды уақтылы хабарландыруға бағытталған жоспарлы-алдын алу іс-шараларын жүргізу
		Жер сілкінісі жағдайында құрылмаларды, көтергіш тіректерді, тораптар мен агрегаттарды нығайту бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу
		Персоналды жер сілкінісі және осыған ұқсас табиғи апаттар болған кездегі мінез-құлық қағидаларына оқыту
О-9	**Бедел тәуекелдері**	БАҚ-та шынайы ақпаратты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу
О-10	**Киберқауіпсіздік тәуекелдері**	Вирусқа қарсы БЖ-ны, желіаралық экранды үнемі жаңартып тұру
		Киберқауіпсіздік саласындағы хабардарлықты арттыру бойынша оқыту, киберқауіпсіздік бойынша бастапқы және қайталама нұсқамалықтар жүргізу
		Рұқсат етілген алынбалы тасымалдағыштар тізімін енгізу. USB порттарын пайдалануға тыйым салу
		Туындайтын АҚ оқыс оқиғаларын талдау және өңдеу үшін АҚ және АТ мамандарының санын ұлғайту
		Компанияның атынан жүргізілетін желідегі жалған ресурстарды іздеу

Тәуекел коды	Тәуекел тобы және атауы	Жеңілдету және ден қою жөніндегі іс-шаралар
О-11	**Жерасты газ қоймаларының (ЖГҚ) пайдалану тәуекелдері**	• Заманауи технологияларды қолдана отырып және Өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларының талаптарына сәйкес ұңғымалардың тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жүргізу • Ұңғымалардың жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізу, проблемаларды уақтылы анықтау үшін жүйелі геофизикалық зерттеулер жүргізу
		• Жерасты және жерүсті коммуникацияларды ауыстыра отырып, қолданыстағы Газ тарату пункттерін (ГТП) реконструкциялау жобасын әзірлеу • Елді мекендерге жақын орналасқан, қазір бар ұңғымаларды жою және жаңа ұңғымаларды бұрғылау (ұңғымалар қорын жаңарту)
		• Ақаулы ұңғымаларды анықтау үшін ұңғымаларды геофизикалық зерттеудің (ҰГЗ) және ұңғымаларды жеке өлшеудің арнайы әдістерін жүргізу • Кейіннен ынталандыру жұмыстары кешенімен неғұрлым әлсіз аралықтар мен ұңғымаларды анықтау • Анықталған мәселелерді жою үшін жөндеу-оқшаулау жұмыстарын жүргізу
		Барлық ЖГҚ бойынша ұңғымаларды бақылау және мониторингтеу рәсімдерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру және жоспарлы алдын алу жұмыстарын жүргізу
О-12	**Сот шығындарының тәуекелдері**	Құзыретті сыртқы консультанттарды тарту арқылы мүдделерді кәсіби құқықтық қорғауды қамтамасыз ету
О-13	**Тұтынушылар ішіндегі жазатайым оқиғалар тәуекелі**	Жазатайым оқиғаларға әкеп соққан негізгі себептер мен жағдайларды анықтау үшін жұмыс тобын құру
		Қайталанатын тұрмыстық апаттарды және жазатайым оқиғаларды болдырмауға бағытталған іс-шараларды жүргізу

2025 жылғы Тәуекелдер картасы

С5			О11	С1, С3, Қ1
	С4, С6	Е1, Қ2, Қ5	Е3, О2	
	Е4, О10	С2, Ф3		
	О3, О8	О1, О4	О5, О6, О12	
Қ4		Е2, О9	О7	О13

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

KASE

Ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі – ІБЖ) Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады және тәуекел-менеджмент жүйесімен біріктірілген. ІБЖ заңнамалық талаптарды, ішкі құжаттарды сақтауға, қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз етуге және операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған.

ІБЖ шеңберінде активтерді қайтару және газ саласындағы монополиялауды төмендету мәселелерін қоса алғанда, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмалары мен ұсынымдарының орындалуын бақылау жүзеге асырылады. Ішкі бақылау жүйесінің саясаты Компанияның жоғары басшылығы мен қызметкерлері жүзеге асыратын процесс ретінде ішкі бақылауды айқындайды[176].

Есепті жылы Компания ішкі бақылау жүйесін дамытуды жалғастырды. Ұйымдастырушылық өзгерістер шеңберінде Тәуекелдерді басқару департаменті мен Ішкі бақылау департаменті бірлестірілді, бұл тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау функцияларын үйлестіруге бірыңғай тәсілді қамтамасыз етті.

QazaqGaz ІБЖ «Ішкі бақылау – біріктірілген үлгі» COSO үлгісіне негізделген және өзара байланысты бес компонентін: бақылау ортасын, тәуекелдерді бағалауды, бақылау рәсімдерін, ақпарат пен коммуникацияны, сондай-ақ мониторингті қамтиды.

QazaqGaz ішкі бақылау жүйесінің компоненттері

ІБЖ компоненті	Сипаттауы
Бақылау ортасы	• Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу негізін қалыптастырады және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы рөлдер мен жауапкершілікті бөлуді айқындайды. • ІБЖ жұмыс істеуі үш қорғаудың шебі үлгісіне сәйкес ұйымдастырылған. • Бірінші қорғау шебі: күнделікті қызметте бақылау рәсімдерінің орындалуына жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері. • Екінші қорғау шебі: тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау іс-тәжірибесін енгізуге, сондай-ақ Компания мен ЕТҰ қызметкерлерінің жосықсыз іс-әрекеттері жағдайларын тексеруге жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері • Үшінші қорғау шебі (тәуелсіз функция): ІБЖ Директорлар кеңесі мен Басқармаға басқару, ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін және бірінші және екінші қорғау шептерінің жұмысын тәуелсіз бағалауды табыстайды.
Тәуекелдерді бағалау	• Тұрақты негізде жүзеге асырылады және Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуге қабілетті негізгі тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға бағытталған.
Бақылау рәсімдері	• Тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендетуге бағытталған шараларды әзірлеуді және енгізуді, сондай-ақ бизнес-процестер шеңберінде олардың орындалуын бақылауды қамтиды.
Ақпарат және коммуникация	• Компания ішінде және сыртқы мүдделі тараптармен ішкі бақылау мәселелері бойынша сенімді деректер жинауды және ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.
Мониторинг	• ІБЖ жұмыс істеуін тұрақты бағалауды, кемшіліктерді уақтылы анықтауды және жоюды, сондай-ақ басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыруды көздейді.

Есепті кезеңде ІБЖ бойынша жұмыс бақылау ортасын күшейтуге шоғырландырылды: бақылау рәсімдерін ресмилеу жүргізілді, оларды жобалау сапасын бағалау орындалды және бақылау нүктелерін нығайту бойынша ұсынымдар әзірленді. Сондай-ақ, Ішкі бақылау жүйесінің саясаты жойылды, оның орнына Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясат бекітілді.

ІБЖ сондай-ақ басқару жүйелерін жақсарту бойынша, оның ішінде денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша, есептілікті автоматтандыру және цифрландыру, басқа да бағыттар бойынша ұсыныстар енгізуді көздейді.

[176] ЕТҰ ішкі бақылауды ұйымдастыру бойынша өз саясаттарын әзірлей алады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

KASE

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасына қаржы ресурстарын және операциялық қызметті басқарудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге жәрдемдесетін тәуелсіз функция болып табылады.

ІАҚ Директорлар кеңесіне есеп беруге міндетті және өз жұмысының нәтижелері туралы тұрақты негізде есеп береді. Қызметтің жұмысын бақылауды және үйлестіруді Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

ІАҚ өз қызметінде Ішкі аудиттің кәсіби іс-тәжірибесінің халықаралық негіздерін[177], «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ішкі аудит функциясы жөніндегі корпоративтік стандартын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі туралы ережені және Ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларын басшылыққа алады.

ІАҚ негізгі функциялары мен міндеттеріне мыналар кіреді:
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен толықтығын бағалау;
- заңнама талаптарының сақталуын және комплаенс-бақылау рәсімдерінің барабарлығын бағалау;
- ресурстарды пайдалану тиімділігін және мүліктің сақталуын қамтамасыз етуді бағалау;
- корпоративтік басқару процестерін жетілдіруді бағалау.

Аудиторлық тапсырмалар тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде қалыптастырылады және Директорлар кеңесі бекітетін жылдық жоспарға сәйкес орындалады.

2025 жылы Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 5 аудиторлық тапсырма орындалды, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және операциялық қызмет жүйесін жақсарту бойынша 87 ұсыным дайындалды. Есепті кезеңде Компанияның Директорлар кеңесі ІАҚ қызметі бойынша 18 мәселені қарады.

Еншілес ұйымдардағы ішкі аудит іс-тәжірибелері

«Интергаз Орталық Азия» АҚ және «QazaqGaz Aimaq» АҚ еншілес ұйымдарында ішкі аудит іс-тәжірибелерін дамыту және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтау мақсатында Ішкі аудит қызметінің өз бөлімшелері жұмыс істейді.

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2026 жылы QazaqGaz COSO ERM тәуекелдерді басқару әдіснамасын қолдануды жалғастырады. Негізгі басымдықтар стратегиялық инвестициялық жобалар мен коммерциялық мәмілелер үшін тәуекелдерді бағалауда сараптаманы дамытуды, сондай-ақ портфелдік компаниялардың тәуекелдер мониторингін күшейтуді қамтиды. Тәуекел мәдениетін дамыту үшін қызметкерлер үшін оқыту іс-шараларын өткізу жоспарлануда.

177 ағылш. International Professional Practices Framework, IPPF.

Іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Ашықтық, есеп берушілік және бизнесті адал жүргізу қағидаттарын ұстану Компания үшін корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі және Компанияның нарықтағы беделін нығайту факторы болып табылады.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 2-23, GRI 11: 20.1, KASE

Компанияның іскерлік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс мәселелерін басқару тәсілі Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік іс-тәжірибелерін, сондай-ақ қолданылатын халықаралық стандарттарды сақтауға негізделген.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Стратегиялық басқару, комплаенс және іскерлік әдеп жүйесін қадағалау
- Жұмыс тәртібі мен жоспарларын бекіту, Комплаенс қызметінің есептілігін қарау
- Құзыреті шегінде комплаенс саласындағы ішкі құжаттарды бекіту

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

- Комплаенс қызметінің нәтижелерін есептілік негізінде алдын ала қарау және Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар қалыптастыру
- Комплаенс қызметінің жұмысын үйлестіру және бақылау

БАСҚАРМА

- Комплаенс жүйесін операциялық деңгейде енгізу және оның жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау
- Құзыреті шегінде комплаенс саласындағы ішкі құжаттарды бекіту

Комплаенс қызметі

- Адам құқықтары мәселелерін қоса алғанда, іскерлік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар және байланысты стандарттар талаптарының сақталуын бақылау

Корпоративтік қауіпсіздік департаменті

- Қоғамның мүдделерін қорғауға және жосықсыз әрекеттердің алдын алуға қатысу
- Контрагенттердің сенімділігін тексеруді қоса алғанда, тексерулер мен алдын алу іс-шараларын жүргізу кезінде комплаенс қызметімен өзара іс-қимыл жасау (келісу бойынша)

Бөлімшелердің басшылары

- ҚР заңнамасы мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету
- Комплаенс-тәуекелдерді басқаруға қатысу
- Бұзушылықтар анықталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырған кезде Комплаенс қызметімен өзара іс-қимыл жасау

Компанияда корпоративтік қағидаттар, мінез-құлық қағидалары, заңнамалық және корпоративтік әдеп нормалары сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі рәсімдер көрсетілген ішкі нормативтік құжаттар әзірленген және жұмыс істейді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі құжаттары

- Мінез-құлық кодексі (2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)[178]
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)[179]
- Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру қағидалары
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары
- Бастамашылықпен ақпарат беру қағидалары (2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)[180]
- Комплаенс қызметі туралы ереже (2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)[181]
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын ажыратуға және инсайдерлердің осындай ақпаратты заңсыз пайдалануына жол бермеуге арналған ішкі бақылау қағидалары
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (2025 жылы бекітілген)[182]
- Комплаенс-функция бойынша корпоративтік стандарт (2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)[183]

ІСКЕРЛІК ӘДЕП

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 2-23, GRI 11: 20.1, KASE

QazaqGaz-да корпоративтік қағидаттар, мінез-құлық қағидалары, заңнамалық және корпоративтік әдептік нормалардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі рәсімдер көрсетілген ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, жұмыс істейді. Оларды Компанияның барлық қауымдасқан, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, оның ішінде аутстаффинг шарттары бойынша жұмыс істейтіндер сақтауға және орындауға міндетті.

QazaqGaz іскерлік мінез-құлқының негізгі бағыттары

Басқарушылық шешімдердің есеп берушілігі мен ашықтығы тетіктерін енгізу	**Адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау**	**Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу**
Мінез-құлық нормаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау және сақтау **Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру**	**Жалдау мен еңбекке тең жағдайлар жасау. Кемсітушілікке және қысым көрсетуге тыйым салу**	**Бизнес-қоғамдастықпен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл**
Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және тыйым салынған төлемдер	**Меншікті қорғау және ішкі бақылау**	**Сыйлықтармен алмасу және өкілдіктік шығыстар**

Мінез-құлық кодексі[184] іскерлік әдепке қатысты негізгі құжат болып табылады. Ол QazaqGaz корпоративтік құндылықтарын белгілейді, өз мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл кезінде мінез-құлықтың ең маңызды қағидаттары мен стандарттарын айқындайды. Кодекс корпоративтік мәдениетті дамытуға және нарықтың ашық және адал қатысушысы ретінде QazaqGaz беделін нығайтуға бағытталған.

178 ДК-нің 01.10.2025 ж. № 18/25 шешімі.
179 ДК-нің 05.06.2025 ж. № 10/25 шешімі.
180 Басқарманың 20.03.2025 ж. № 10 шешімі.
181 ДК-нің 05.06.2025 ж. № 10/25 шешімі.
182 Басқарма төрағасының 04.12.2025 ж. № 147 шешімі.
183 ДК-нің 05.06.2025 ж. № 10/25 шешімі.
184 ДК-нің 20.08.2021 ж. № 7 шешімімен бекітілген Іскерлік әдеп кодексінің орнына.

QazaqGaz құндылықтары	QazaqGaz қағидаттары	
Сеніктестік	Жауапкершілік	Әділдік
Құрметтеу	Ашықтық	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
Біртұтастық	Айқындық	Мүдделер қақтығысына жол бермеу
Меритократия	Әдепті мінез-құлық	Экологиялық жауапкершілік
Мінсіздік пен сапа	Қадірлеу	Қауіпсіздік
Қауіпсіздік	Заңдылық	Саяси қызмет
Бірлік	Кәсібилік	
Салмақтылық		

Адам құқықтары мәселелерін қоса алғанда, іскерлік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар және байланысты стандарттар талаптарының сақталуын бақылауды өз құзыреті шегінде Комплаенс қызметі жүзеге асырады. Маңызды мәселелер Басқарманың және/немесе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Барлық туындайтын әдеп мәселелері бойынша Компания қызметкерлері өз басшысына, Омбудсменге немесе осыған уәкілеттік берілген тұлғаға немесе «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның немесе ЕТҰ-дың органына жүгінуге құқылы. Қызметкерге Мінез-құлық кодексінің қағидаттары мен нормаларын бұзу жағдайлары туралы белгілі болған жағдайда, ол бұл туралы «жедел желіге», Омбудсменге және/немесе Комплаенс қызметіне, Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне хабарлауы тиіс.

Омбудсмен

Омбудсмен – іскерлік әдеп нормаларын және ішкі қағидаларды сақтауды қоса алғанда, қызметкерлердің өтініштерін қарауды, еңбек және әдептік келіспеушіліктерді реттеуге бейтарап делдал ретінде қатысады, құзыреті шегінде өтініштерді қараудың құпиялылығын қамтамасыз етеді және өтініштерді талдау қорытындысы бойынша басшылыққа ішкі рәсімдер мен корпоративтік мәдениетті жетілдіру жөнінде ұсынымдар береді.

2025 жылы QazaqGaz өтініш арнасының қолжетімділігін және қызметкерлердің тілектерін қарау тиімділігін арттыру үшін өзінің Омбудсмен институтын енгізді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 3-3, GRI 2-23, GRI 11: 20.1, KASE

QazaqGaz Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қолданылатын халықаралық стандарттарды сақтайды, парақорлық пен өзге де сыбайлас жемқорлық көріністерін қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды іске асырады.

Комплаенс қызметі Саясатқа сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуына мониторингті жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды үйлестіреді, контрагенттер мен негізгі лауазымдарға үміткерлердің сенімділігін тексеруді жүргізеді, өтініштерді қарауды және, қажет болған жағдайда, қызметтік тексерулер мен тергеп-тексерулерді ұйымдастырады.

Басқару органдары тарапынан бақылау мен қадағалау Комплаенс қызметінің тоқсан сайынғы есептілігін қарау және Аудит жөніндегі комитеттің, қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің және Басқарманың құзыреті шегінде негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау арқылы қамтамасыз етіледі.

Корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет. Қызметкерлер мен контрагенттерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың негізгі қағидаттары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатта бекітілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау үшін қызметкерлер сондай-ақ тыйым салулар, шектеулер мен рұқсаттар жүйесінің нақты сипаттауын қамтитын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа сүйенеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

2025 жылы Компания Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын жаңартты. Құжат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, оларды анықтауға және реттеуге қойылатын бірыңғай талаптарды бекітеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің тәсілдерін айқындайды.

Саясаттың негізгі ережелері мыналарды қамтиды:
- қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарды қою, қайта қарау және оларға жету
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін дамыту және оны ұдайы жетілдіру
- комплаенс қызметінің тәуелсіздігі мен өкілеттігін қамтамасыз ету
- ықтимал бұзушылықтар туралы құпия хабарлау мүмкіндігі
- комплаенс-тексерулер мен тергеп-тексерулер жүргізу тәртібі
- Саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

Саясатты іске асыру тәуекелдерді басқарудың барлық кезеңдерін қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі:

- **алдын алу** – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде құқық бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- **бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу** – тексерулер, тергеп-тексерулер жүргізу және бұзушылық фактілері бойынша шаралар қабылдау;
- **салдарлармен жұмыс** – анықталған бұзушылықтардың салдарларын барынша азайту және жою.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда Компанияда қызметкерлерге қатысты тәртіптік және басқарушылық ықпал жасау шаралары қолданылады, сондай-ақ іскерлік серіктестер мен мердігерлерге тәуекелдерді төмендетуге және қайталама бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шешімдер қабылданады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі тәртіптік шаралар

Қызметкерлерге қатысты	• профилактикалық әңгімелесу жүргізу • тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану • ынталандыру төлемдерін азайту немесе олардан айыру • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда еңбек шартын бұзу
Іскерлік серіктестерге және мердігерлерге қатысты	• жағымсыз ақпарат анықталған кезде тәуекелдерді төмендету жөніндегі шаралар белгіленеді және олардың орындалуы бақыланады • сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуы расталғанда ынтымақтастық тоқтатылады, контрагент өзара іс-қимылға ұсынылғандар қатарынан шығарылады

2025 жылы Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне ішкі бағалау жүргізді. Бағалау ҚР СТ ISO 37001[185] талаптарына сәйкестігіне жүргізілді. Бағалау нәтижелерін Директорлар кеңесі бекітті. Басқарма Компания қызметінің аталған стандарт талаптарына сәйкестігі туралы талдамалық анықтаманы қарап, бекітті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ҚР СТ ISO 37001 талаптарына сәйкестігіне ішкі бағалау жүргізілді.

ЕТҰ-да комплаенс жүйесінің тиімділігін бағалау комплаенс-офицерлердің есептілігі, өтініштердің мониторингі және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау арқылы жүргізіледі. «QazaqGaz Aimaq» АҚ 2025 жылы ҚР СТ ISO 37001:2017 бойынша сертификаттаудан өтті, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС-де стандартқа сәйкестікке диагностиканың бірінші кезеңі орындалды, ал «Азиялық газ құбыры» ЖШС-де парақорлықпен күрес менеджменті жүйесіне сертификаттық аудит жүргізілді.

Бағалау нәтижелері комплаенс-функцияның басымдықтары мен жұмыс жоспарын түзету үшін пайдаланылады. Есепті кезеңде Директорлар кеңесі сондай-ақ жекелеген еншілес және бірлескен ұйымдардағы комплаенс-функцияның тиімділігін бағалауды көздейтін Комплаенс қызметінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті[186].

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ, ІСКЕРЛІК ӘДЕП ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-24, GRI 2-29, GRI 205-2, GRI 11: 20.3, KASE

2025 жылы комплаенс, іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша негізгі мүдделі тараптары болғандар: Жалғыз акционер, Компанияның басқару органдары, қызметкерлер, контрагенттер, іскерлік серіктестер, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар. Сондай-ақ, есепті жылы мүдделі тараптардың құрамына Омбудсмен енгізілді.

Өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік стандарттарына және ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылды.

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

GRI 3-3, GRI 2-12

Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етеді және Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз функция ретінде жұмыс істейді. 2025 жылы мәртебесін, өкілеттіктері мен тәуелсіздігінің кепілдіктерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басқару органдарының құзыреттерін бөлуді нақтылайтын Комплаенс қызметі туралы ереженің жаңа редакциясы бекітілді[187]. Комплаенс қызметінің мәртебесі, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты кез келген мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне Компанияның атқарушы органының, лауазымды тұлғаларының немесе өзге де қызметкерлерінің алдын ала келісімінсіз жедел және тікелей қол жеткізу құқығы бекітілді. Комплаенс қызметінің жұмысында жекелеген бақылау рәсімдерін автоматтандыруды қоса алғанда, комплаенс-бақылау және талдаудың цифрлық құралдары қолданылады.

185 ISO 37001:2017 – парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі менеджмент жүйесінің халықаралық стандарты.
186 ДК-нің 02.12.2025 ж. № 23/25 шешімі.
187 ДК-нің 05.06.2025 ж. № 10/25 шешімі.

QazaqGaz Комплаенс қызметінің жұмыс бағыттары

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және мониторингтеу
- Контрагенттер мен үміткерлердің сенімділігін тексеру
- Басқарма мен Директорлар кеңесіне арналған материалдарды комплаенс-бағалау
- Мүдделер қақтығыстарын басқару
- Мемлекеттік органдармен және Компанияның кәсіпорындарымен өзара іс-қимыл жасау
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және әдіснамалық қолдау
- «Жедел желі» бойынша өтініштерді қарау және тексерулерге қатысу

2025 жылы Директорлар кеңесі комплаенс жүйесінің тәуелсіздігіне және тиімділігіне байланысты мәселелерді қарады, оның ішінде:

- Комплаенс қызметі туралы ереженің жаңартылған редакциясын бекіту[188];
- тоқсан сайынғы және жылдық есептілікті қарау, Комплаенс қызметінің жұмыс жоспарларын бекіту;
- кадрлық қамтамасыз ету, тиімділікті бағалау және комплаенс қызметінің жұмыс істеу талаптары бойынша шешімдер.

Есепті кезеңде Басқарма комплаенс жүйесін операциялық қамтамасыз ету мәселелерін қарады, оның ішінде:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты бекіту;
- Бастамашылықпен ақпарат беру қағидаларының жаңа редакциясын бекіту;
- Комплаенс қызметінің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету;
- Комплаенс қызметінің қызметкерлерін оқыту, біліктілігін арттыру және сертификаттау үшін жағдайлар жасау.

QazaqGaz комплаенс жүйесінің тиімділігі бақылау іс-шараларының және тәуелсіз бағалаулардың нәтижелері, сондай-ақ есептілік деректері бойынша Комплаенс қызметі жоспарларының орындалуын талдау негізінде бағаланады. Бағалау дереккөздері – Іс-шаралар жоспарының орындалуы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері, өтініштер мен қабылданған шаралар туралы мәліметтерді, сондай-ақ ISO 37001 талаптарына сәйкестігін тексеруді қоса алғанда, ішкі және сыртқы тексерулердің қорытындысын қамтитын Комплаенс қызметінің есептері.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ БЕРУ

GRI 2-24, GRI 2-29, GRI 205-2, GRI 11: 20.3, KASE

Есепті жылы Компания іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту жүргізді. Іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қызметкерлердің заңнама мен ішкі құжаттардың талаптары туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ сатып алу қызметі саласындағы тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Компанияда қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және комплаенс стандарттары мәселелері бойынша міндетті оқыту бағдарламасы жұмыс істейді. Оқыту тұрақты негізде жүргізіледі және жаңа қызметкерлер үшін міндетті кіріспе нұсқамалықты, сондай-ақ Компания, ЕТҰ және ББҰ қызметкерлері үшін тақырыптық іс-шараларды қамтиды.

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық саласындағы талаптарды жақсы түсіну үшін:

- бетпе-бет және/немесе онлайн оқыту іс-шаралары, оның ішінде Қазақстан Республикасының өңірлеріне шығумен;
- ЕТҰ/ББҰ комплаенс-функциясын тарта отырып, QazaqGaz және ЕТҰ қызметкерлері үшін ақпараттық сессиялар;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен және «Самұрық-Қазына» қорының комплаенс қызметімен бірлескен іс-шаралар;
- Компания объектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптары бойынша көрнекті материалдарды жалпыға қолжетімді орындарда орналастыру жүргізіледі.

Оқыту шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысы, сыйлықтар мен өкілдіктік іс-шараларға қойылатын талаптар, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарды сақтау мәселелері қаралады. Қызметкерлерге қосымша хабар беру үшін ақпараттық науқандар, Компанияның объектілерінде орналастырылатын сауалнамалар және көрнекті материалдар пайдаланылады.

Әдептік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуын бақылау ішкі тексерулер мен тергеп-тексерулермен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингпен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен, ішкі аудитпен, ISO 37001 сыртқы инспекциялық аудиттермен, сондай-ақ контрагенттер мен үміткерлердің сенімділігін тексерумен қамтамасыз етіледі.

Мәмілелерді мақұлдау тәртібі ішкі құжаттарда белгіленген. Маңызды мәмілелерді басқару органдары өз құзыреті шегінде контрагенттерді тексеруді, комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды және мүдделер қақтығысын бақылауды ескере отырып, қарайды. Контрагенттер мен серіктестерді тексеру бенефициарлық иелерді сәйкестендіруді және комплаенс-тәуекелдерді бағалауды қоса алғанда, тиісті сақтық рәсімдері (ағылш. due diligence) шеңберінде жүргізіледі. Тексеру үшін тізілімдердің деректері, құрылтай құжаттары, контрагенттердің мәліметтері, ішкі базалар, ашық дереккөздер, сондай-ақ санкциялық және шектеу тізімдері пайдаланылады.

2025 жылғы QazaqGaz сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін дамыту жөніндегі бағдарламалары

Оқыту іс-шаралары	2025 жылдың нәтижелері
Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Комплаенс қызметтерінің оқыту іс-шаралары (бетпе-бет бағдарламаларды қоса алғанда, семинарлар/вебинарлар/тренингтер)	**10 іс-шара** өткізілді **663 қызметкер**, оның ішінде **Басқарманың 6 мүшесі** қатысты
Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ЕТҰ/ББҰ комплаенс-офицерлерімен бірлесіп ұйымдастырылған оқыту	**61 оқыту** өткізілді **5 490 қызметкер** қатысты
Корпоративтік әдеп кодексінің негізгі ережелері бойынша оқыту	«QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның **3 002 қызметкері** оқудан өтті
Әдеп/сыбайлас жемқорлыққа қарсы орта мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалар	**10 компания** үшін өткізілді **4 717 адам** қатысты
Персоналды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және ішкі нормативтік құжаттарды білуіне тестілеу	**121 адам** тестілеуден өтті
Персоналдың сыбайлас жемқорлықты қабылдауын бағалау	**127 адам, оның ішінде Басқарманың 6 мүшесі қатысты**

[188] ДК-нің 05.06.2025 ж. № 10/25 шешімі.

2025 жылы Компанияның жекелеген ЕТҰ-да іскерлік әдеп, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жүргізілді, соның ішінде:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да ЕТҰ-дағы әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы орта және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі мәселелері бойынша жасырын сауалнама жүргізді;
- «QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталық» ЖШС-де оқыту сессиялары мен міндетті нұсқамалықтар ұйымдастырылды, қамтуы 71 қызметкерді құрады;
- «GPC Investment» ЖШС-де оқыту мен ақпарат беру комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі портал арқылы жүзеге асырылды;
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС семинарлар сериясын, оның ішінде сатып алулардағы комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша өткізді, сондай-ақ комплаенс-менеджментке баса назар аудара отырып, біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асырды;
- «АвтоГазАлматы» ЖШС-де басшылық құрамды қоса алғанда, қызметкерлердің көпшілігін қамтитын нұсқамалықтар, оқыту сессиялары және ақпараттық хабар таратулар өткізілді.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру персоналды кеңінен қамтуды, заңнама мен ішкі саясат талаптарын білу деңгейін арттыруды, сондай-ақ іскерлік әдеп пен адал мінез-құлықтың корпоративтік мәдениетін нығайтуды қамтамасыз етті.

70-кесте. 2023–2025 жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту және ақпарат беру[189]

GRI 205-2

	2023	2024	2025
Ақпарат беруден өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны, адам	44	18	26
Ақпарат беруден өткен басқару органдары мүшелерінің үлесі, %	100	100	100
Ақпарат беруден өткен қызметкерлердің жалпы саны, адам	12 800	12 825	13 583
Ақпарат беруден өткен қызметкерлердің үлесі, %	100	100	100
Ақпарат беруден өткен контрагенттердің жалпы саны, адам	2 121	1 425	1 584
Ақпарат беруден өткен контрагенттердің үлесі, %	100	100	100
Оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны, адам	44	15	14
Оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің үлесі, %	100	83,3	54
Оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны, адам	12 800	5 759	4 313
Оқудан өткен қызметкерлердің үлесі, %	100	45	31,7

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ МОНИТОРИНГТЕУ

GRI 2-24, GRI 205-1, GRI 205-3, GRI 11: 20.2

Комплаенс қызметі еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдардағы мониторингті қоса алғанда, жыл сайын сыбайлас жемқорлық жағдайлары мен өзге де бұзушылықтардың туындау тәуекелдеріне талдау және бағалау жүргізеді.

Тәуекелдерді бағалау барысында сыбайлас жемқорлық қаупіне ең көп ұшырағыш бизнес-процестер, сондай-ақ іскерлік және серіктестік қатынастар талданады.

Бағалау нәтижелері бойынша негізгі тәуекелдер тізбесі айқындалады және контрагенттерді due diligence, бақылау рәсімдерді, қызметкерлерді оқыту және бастамашылықпен ақпарат беру тетіктерін қоса алғанда, оларды төмендету бойынша шаралар іске асырылады. Негізгі санаттарға мыналармен байланысты тәуекелдер жатады:

- сатып алу және шарттық қызметті жүзеге асырумен;
- контрагенттермен және серіктестермен өзара іс-қимыл жасаумен;
- кадрлық және басқарушылық шешімдермен;
- сыбайлас жемқорлық қаупіне ұшырағыш өзге де бизнес-процестермен.

Жекелеген ЕТҰ-да ішкі құжаттардың комплаенс-сараптамасын және сыртқы орта мониторингін қоса алғанда, қосымша әдістер қолданылады.

Компания капиталға мемлекеттің қатысуына, сондай-ақ қызметтің салалық және өңірлік ерекшелігіне байланысты тәуекелдерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іскерлік әдеп жүйесін қалыптастырады. Компанияның квазимемлекеттік сектор субъектісі ретіндегі мәртебесі айқындығына, есеп берушілігіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына қойылатын жоғары талаптарды көздейді. Көрсетілген тәуекелдерді басқару мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

- тәуелсіз комплаенс-функцияның және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының корпоративтік стандарттарын және мемлекеттік функцияларды орындаушыларға теңестірілген тұлғаларға қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау;
- мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу рәсімдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАРЫНША АЗАЙТУ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға және барынша азайтуға бағытталған алдын ала ұйымдастырушылық, рәсімдік және бақылау тетіктері кешенін қолданады.

Тетіктер	Негізгі шаралар
Ұйымдастырушылық	• тәуелсіз Комплаенс қызметінің жұмыс істеуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және бұзушылықтар анықталған кезде тергеп-тексерулер жүргізу • қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерге жәрдемдесу және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау міндеті • «жедел желі» тетіктері арқылы қауіпсіз және жасырын ақпарат беру мүмкіндігін қоса алғанда, ақпараттыларды қудалаудан қорғау кепілдіктері
Рәсімдік	• бизнес-процестердегі, контрагенттермен өзара іс-қимылдағы және еншілес ұйымдардың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты сәйкестендіру және бағалау • контрагенттерге комплаенс-тексерулер (due diligence) жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды шарттық және сатып алу рәсімдеріне енгізу • ден қоюдың, тергеп-тексерудің және анықталған сәйкессіздіктерді жоюдың ішкі рәсімдерін іске асыру
Бақылаушы және дамытушы	• сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама тиімділігін мониторингтеу, комплаенс-процестерді цифрландыру және автоматтандыру • сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің жетілгендігін және реттеушілік тәуекелдердің төмендеуін растайтын ҚР СТ ISO 37001:2017 стандарты бойынша сертификаттаудан өтуді қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды басқарудың халықаралық іс-тәжірибелерін енгізу

Есепті жылы Компания сондай-ақ Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Жоспар ішкі регламенттерді өзектендіруге, сатып алу және кадр процестеріндегі тәуекелдерді төмендетуге, бақылау рәсімдерін күшейтуге және комплаенс-функцияларды дамытуға бағытталған 22 іс-шараны қамтиды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 20 іс-шара орындалды, тағы 2 іс-шара іске асырылуда болды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

[189] Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдері туралы басшыларды, қызметкерлер мен контрагенттерді оқыту және хабардар ету туралы толық мәліметтер қатысу өңірлері бөлінісінде, сондай-ақ қызметкерлердің санаттары бөлінісінде № 4 Қосымшада берілген.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «QazaqGaz» ҰК» АҚ,е оның еншілес және тәуелді қоғамдары үшін елеулі бедел, қаржылық не өзге де теріс салдарларға әкеп соққан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іске асуы тіркелген жоқ, Компанияға немесе оның қызметкерлеріне қатысты сот істері қозғалған жоқ. Тиісінше, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қызметкерлерге қатысты әкімшілік және өзге де шаралар қолданылған жоқ. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтарға байланысты іскерлік серіктестермен шарттарды бұзу жағдайлары тіркелмеген. Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамаудың бірде-бір расталған жағдайы болған жоқ.

Елеулі бедел, қаржылық не өзге де теріс салдарларға әкеп соққан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іске асу фактілері – 0.

71-кесте. 2022–2025 жылдардағы QazaqGaz сыбайлас жемқорлық істерінің статистикасы, бірлік

GRI 2-25, GRI 205-3, GRI 11: 20.4

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайларының жалпы саны	0	0	0
Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қызметкерлерді жұмыстан шығару немесе жазалау жағдайларының жалпы саны	0	0	0
Компанияға немесе оның қызметкерлеріне қарсы қозғалған сыбайлас жемқорлық туралы жария сот істері	0	0	0

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

GRI 2-15, GRI 415-1

Компанияда мүдделер қақтығысы мен басқа машылықпен ақпарат беру мәселелерін ішкі реттеу Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатпен және есепті жылы өзектендірілген Бастамашылықпен ақпарат беру қағидаларымен, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын ажырату тәртібін және инсайдерлердің оны заңсыз пайдалануын болдырмау жөніндегі шараларды белгілейтін Ішкі бақылау қағидаларымен қамтамасыз етіледі.

Талаптардың сақталуын қадағалауды Директорлар кеңесі комплаенс-функцияның есептілігін қарау арқылы жүзеге асырады. Басқарма мүдделер қақтығыстарын анықтау, ашу және реттеу рәсімдерін енгізуді және орындауды қамтамасыз етеді. Комплаенс қызметі және құрылымдық бөлімшелердің басшылары әдіснамалық қолдау көрсетеді, өтініштерді қарауға және мониторингке қатысады, ден қою шаралары бойынша ұсынымдар қалыптастырады.

Лауазымды адамдар мен қызметкерлер ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді уақтылы ашуға және бұзушылықтар туралы хабарлауға міндетті. Ашу тәртібі жұмысқа қабылдау кезінде, кадрлық өзгерістер кезінде жыл сайын, сондай-ақ мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына қарай хабарлама беру жолымен (қажет болған жағдайда – растайтын құжаттармен) декларациялауды көздейді. 2025 жылы жыл сайынғы ашу декларацияларға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоя отырып, электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы электрондық пішімде жүзеге асырылды.

2025 жылы мүдделер қақтығысы туралы хабарламаларды цифрлық беру және өңдеу тетіктеріне өзгерістер енгізілмеген, басқарудың электрондық үлгісі белгіленген тәртіппен қолданылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іске асу

Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайларының жалпы саны

2025 жылы QazaqGaz-дың 163 қызметкері мүдделер қақтығысын жыл сайын декларациялауға жататын; декларацияны 138 қызметкер (84,7%) тапсырды. Декларацияны 25 қызметкер тапсырмаған, оның ішінде дәлелді себептер бойынша (іссапар, демалыс, еңбекке уақытша жарамсыздық).

Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда ішкі құжаттарда көзделген шаралар, оның ішінде ақпаратқа қол жеткізуді шектеу, функционалдық міндеттерді өзгерту және талаптарды сақтамаған кезде тәртіптік жауапкершілік қолданылады. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша арнайы реттеу шараларын қолдануды талап ететін мүдделер қақтығысының расталған жағдайлары тіркелмеген.

Есепті жылы «GPC Investment» ЖШС-де Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат қабылданды; декларацияны барлық қызметкерлер тапсырды. «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-де 191 қызметкердің 152-сі (79,6%) декларация тапсырды.

2026 жылы қызметкерлерді қамтуды кезең-кезеңмен ұлғайта отырып, жыл сайынғы декларациялауды жалғастыру, түсіндіру және оқыту жұмыстарын дамыту, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туралы хабарламаларды ашу және өңдеу процестерін одан әрі цифрландыру жоспарланып отыр. Жекелеген ЕТҰ де ішкі құжаттарды өзектендіруді және цифрлық құралдарды енгізуді қарастырып отыр.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ САҚТАУ

GRI 3-3, GRI 206-1

Компания саяси бейтараптылық қағидаттарын ұстанады. QazaqGaz саяси жарналарды жасамайды және саяси партияларды, үміткерлерді, сайлау науқандарын немесе олармен байланысты ұйымдарды қаржыландырмайды. 2025 жылы тікелей және жанама жарналарды қоса алғанда, ақшалай және ақшалай емес нысандағы саяси жарналар жасалмаған.

Компания монополияға қарсы заңнаманың талаптарын сақтайды және қызметкерлердің релевантты топтары үшін бақылау рәсімдерін және оқытуды жүргізуді қоса алғанда, бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі шараларды іске асырады.

72-кесте. 2023–2025 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты операцияларды бағалау

	2023	2024	2025	2024 жылға қарай 2025 жылғы серпін
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған операциялардың жалпы саны, операция	22	22	22	0%
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған операциялардың пайызы, %	100	100	100	0 пп

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған операциялардың жалпы саны, операция

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған операциялардың пайызы, %

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ»

GRI 2-16, GRI 2-25, GRI 2-26, KASE

QazaqGaz-да қызметкерлер мен үшінші тұлғалар үшін хабар берудің бірыңғай құпия арнасы ретінде «жедел желі» жұмыс істейді. Бұл арна Компанияға, еншілес және тәуелді ұйымдарға қолданылады және оған «Самұрық-Қазына» АҚ тобының тәуелсіз операторы қызмет көрсетеді. «Жедел желі» заңнаманың, іскерлік әдеп нормаларының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың және өзге де ішкі қағидалардың болжалды бұзылуы туралы хабарламалар үшін қолданылады.

Директорлар кеңесі Комплаенс қызметінің тұрақты есептілігін қарау арқылы «жедел желінің» жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асырады. Комплаенс қызметі өтініштерді қабылдауды және қарауды үйлестіреді, тексерулерді ұйымдастырады және ден қою шараларының орындалуын бақылайды.

Өтініштерді қабылдау және қарау тәртібі қызметтік тексерулер мен тергеп-тексерулер рәсімдерін және Бастамашылықпен ақпарат беру қағидаларын қоса алғанда, комплаенс-жүйенің ішкі құжаттарында белгіленген. 2025 жылы өтініштерді қарау және өтініш берушілерді қорғау сапасын арттыру үшін Бастамашылықпен ақпарат беру қағидалары өзектендірілді.

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ» ЖҰМЫСЫ

Тәулік бойы: электрондық пошта арқылы хабарламаларды қабылдау	Сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін: телефон қоңырауларын қабылдау
Өтініш берушінің құпиялылығына кепілдік беру	Өтініш берушіге жасырын қалуға болады

Телефон: 8-800-080-47-47

WhatsApp нөмірі: +7-771-191-88-16

Интернет-портал: www.sk-hotline.kz

E-mail: mail@sk-hotline.kz

ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ

Компания өтініштердің құпиялылығын және жасырын болуын, сондай-ақ бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарды құдалауға тыйым салуды қамтамасыз етеді. Байланыс деректері болған жағдайда өтініш берушіге құпиялылық талаптары шегінде кері байланыс ұсынылады.

2025 ЖЫЛЫ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІГЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР, %

Өтініштер электрондық жүйеде тіркеледі және тақырыбы мен тәуекел деңгейі бойынша жіктеледі, содан кейін тексеру үшін уәкілетті бөлімшелерге және комплаенс-офицерлерге жіберіледі.

ЕТҰ-дың көбісінде өтініштерді автоматтандырылған жүйеде сүйемелдеумен Компанияның бірыңғай «жедел желісі» пайдаланылады. Жекелеген ЕТҰ корпоративтік пошта мен мессенджерлерді қоса алғанда, хабар берудің ішкі арналарын қосымша пайдаланады және қызметкерлерді «жедел желі» мүмкіндіктері туралы хабардар етуді күшейтеді.

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІГЕ» КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР СТАТИСТИКАСЫ

2025 жылы «жедел желіге» 38 хабарлама келіп түсті. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша 1 өтініш қаралуда болды, 13 өтініш бойынша фактілер, оның ішінде ішінара расталды, 24-і расталған жоқ. Шағымдар көбінесе еңбек даулары мен сыбайлас жемқорлық мәселелеріне қатысты болды; сондай-ақ рәсімдерді бұзу, сатып алу іс-әрекетіндегі бұзушылықтар және алаяқтық бойынша өтініштер тіркелген.

«Жедел желіге» түскен 100% өтініштер өңделді

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

QazaqGaz нормативтік база мен ішкі бақылауды жетілдіруді, мониторинг пен талдауды цифрландыруды, контрагенттерді due diligence рәсімдерін және бұзушылықтардың алдын алу тетіктерін дамытуды, сондай-ақ қызметкерлерді осы бағыттар бойынша оқытуды қоса алғанда, халықаралық стандарттар мен іс-тәжірибелерді ескере отырып, комплаенс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тәуекелге бағдарланған жүйесін одан әрі дамытуды жоспарлап отыр. Кейіннен ISO 37301:2021 сертификаттау мақсатында ISO 37301 сәйкес комплаенс-менеджмент жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар, ISO 37001:2017 сәйкестігіне жыл сайынғы сыртқы инспекциялық аудит жүргізу көзделген.

2026 жылға және орта мерзімді келешекке «QazaqGaz» ҰК» АҚ комплаенс жүйесін және корпоративтік басқаруды жетілдіру элементі ретінде мүдделер қақтығыстарын басқару жүйесін одан әрі дамытуды жоспарлап отыр. Негізгі бағыттар мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы мәліметтерді жыл сайын декларациялауды қамтуды кезең-кезеңмен кеңейтуді, сондай-ақ әдіснамалық және түсіндіру жұмысын дамытуды, оның ішінде қызметкерлерді іскерлік әдеп және мүдделер қақтығысын болдырмау талаптарына оқытуды қамтиды.

Хабар тарату, оқыту, іскерлік әдеп және комплаенс бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізу, ақпараттық материалдарды орналастыру арқылы «жедел желіні» көпшілікке танымал етуді жалғастыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ Компания ашықтықты арттыру және қарау мерзімдерін бақылау үшін өтініштерді тіркеудің, бағдарлаудың және мониторингтеудің автоматтандырылған құралдарын дамытуды, жүйелік тәуекелдерді анықтау және ішкі рәсімдерді жетілдіру үшін тәуекелге бағдарланған комплаенс-басқаруда осы өтініштерді пайдалануды жоспарлап отыр.

Жеткізу тізбектерін басқару

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-23, KASE

«QazaqGaz» ҰК» АҚ сатып алулары құбыр өнімдерін, компрессор жабдықтарын, құрылыс жұмыстарын, инженерлік және АТ-қызметтерді қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің кең тізбесін қамтиды.

Сатып алу қызметінің процесі сатып алу рәсімдерін жоспарлауды және жүргізуді, шарттар жасасуды және сүйемелдеуді, сондай-ақ сатып алу процесінің барлық кезеңдерінде жеткізушілермен өзара іс-қимылды қамтиды және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі құжаттар

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның және ≥50% дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік құқығында немесе «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша сатып алу қызметін басқару қағидалары (2025 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)[190]
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша шарттарды дайындау, келісу, жасасу, орындау және мониторингтеу қағидалары
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша контрагенттердің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидалар
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ КТ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары

Сатып алу және жеткізу тізбектерін басқару саласында Компания ашықтық, адал бәсекелестік және тең қол жеткізу қағидаттарына негізделген мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың бірыңғай тәсілін қолданады.

2025 жылғы сатып алу саласындағы стратегиялық басымдықтар

Бәсекелестік тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алу үлесін ұлғайту	**Ірі сатып алу жобаларына орталықтандырылған бақылауды күшейту**	**Сатып алуды жоспарлаудың дәлдігін арттыру**
Сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесінің өсуі	**Оффтейк-шарттар жасасу іс-тәжірибесін кеңейту**	**Отандық өндірушілермен ынтымақтастықты дамыту**

[190] Басқарманың 30.12.2025 ж. № 48 шешімі.

QazaqGaz «Самұрық-Қазына» АҚ ұсынған басқару құралдары мен тәсілдерін қолдануды қоса алғанда, сатып алу іс-тәжірибесін жетілдіреді.

Сатып алуды жоспарлау және өткізу «Самұрық-Қазына» АҚ Электрондық сатып алу порталын пайдалана отырып жүзеге асырылады, ол сатып алу туралы ақпаратты жариялауды және рәсімдер кезеңдерін тіркеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жергілікті өндірушілер туралы мәліметтерді қамтиды. Жеткізушілерді іріктеу рәсімдері корпоративтік стандартпен реттеледі; оның талаптарын сақтау QazaqGaz және ЕТҰ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері жүйесінде ескеріледі.

Сатып алу рәсімдерін біріздендіру үшін «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен ЕТҰ арасында сатып алуды бірлесіп реттеу туралы келісім жасалды. Сатып алу процестері өзгерген кезде QazaqGaz жауапты бөлімшелері ЕТҰ өкілдеріне хабарлама жібереді.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да сатып алу қызметін жүзеге асыру жауапкершілігі барлық басқару деңгейлері арасында бөлінген.

Сатып алу жүйесін басқару құрылымы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Корпоративтік нормалар мен заңнама талаптарының сақталуын бақылау
- Сатып алу қызметінің негізгі нәтижелері туралы есептерді қарау

↓

БАСҚАРМА

- Сатып алу саласындағы ішкі регламенттеуші құжаттарды бекіту
- Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және/немесе қалпына келтіру жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту
- Күнделікті және/немесе апта сайынғы қажеттіліктерді қамтамасыз ету қажет болғанда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің тізбелерін бекіту
- Сатып алу туралы шартты орындау үшін қажетті әлеуетті жеткізушінің қызметкерлері жалақысының ең төменгі шегіне қойылатын талаптарды бекіту, осындай қызметкерлердің саны мен біліктілігін (мамандығын) көрсету.

↓

САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- Сатып алу веб-порталында оларға енгізілетін өзгерістерді қоса алғанда, сатып алудың алдын ала жоспарын және ТЖҚ-ның жылдық және ұзақ мерзімді сатып алу жоспарын қалыптастыру мен бекітуді бақылау
- Тендер комиссиясының жұмысына қатысуды қоса алғанда, Сатып алу тәртібіне сәйкес Компанияның және ЕТҰ-дың ТЖҚ сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлауын бақылау
- Бұзушылықтардың алдын алуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасын және Сатып алу тәртібінің талаптарын сақтауды бақылау

↓

Сатып алу және жергілікті қамту департаменті

- Сатып алу жоспарларын қалыптастыру
- Компания мен ЕТҰ-дың сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу
- Сатып алу рәсімдерінің мониторингі және Компания мен ЕТҰ сатып алулары бойынша есептілікті дайындау
- Сатып алу саласында ішкі регламенттеуші құжаттарды әзірлеу, өзектендіру және енгізу

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- Сатып алуды жоспарлау, сатып алу рәсімін ұйымдастыру бойынша Сатып алу және жергілікті қамту департаментімен өзара іс-қимыл
- Жеткізушілермен өзара іс-қимыл
- Қызметтерді көрсету/тауарларды жеткізу фактісін растау

2025 жылы Басқарма ЕТҰ-дың операциялық қажеттіліктері үшін сатып алуды ұйымдастыру, жекелеген сатып алу рәсімдерін жөнге келтіру және еншілес кәсіпорындар үшін сатып алуды ұйымдастырушы ретінде Компанияның функцияларын бөлу мәселелерін қарады. Қаралған мәселелердің ішінде:

- қатысуы шектеулі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен күнделікті және/немесе апта сайынғы қажеттілікті сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту;
- сатып алу туралы шартты орындау үшін қажетті әлеуетті жеткізуші қызметкерлерінің жалақысының ең төменгі шектерін белгілей отырып, сатып алу үшін жұмыстар мен қызметтер тізбесін бекіту;
- «Азиялық газ құбыры» ЖШС («Қазақстан-Қытай» МГҚ бірінші учаскесі) жеке технологиялық қажеттіліктері үшін әлеуетті жеткізушілердің тізімін бекіту бойынша дауыс беру;
- «QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталық» ЖШС-мен және «GPC Investment» ЖШС-мен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімдерге қол қою;
- Сатып алу қызметін басқару қағидаларының жаңартылған редакциясын бекіту.

Бақылау іс-шаралары Ішкі аудит қызметі жүргізген 2021–2025 жылдардағы сатып алу қызметінің ішкі аудитін қамтыды.

Сатып алу қызметі және жеткізу тізбектерін басқару саласындағы нәтижелер басшылардың тиімділігін бағалау жүйесіне біріктірілген және сыйақының сыйлықақы бөлігінің мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 11: 20.1, KASE

Сатып алу қызметіндегі және жеткізу тізбектеріндегі тәуекелдерді басқару қолданыстағы сатып алу рәсімдері, тәуекелдерді басқару жүйесі және комплаенс-бақылау шеңберінде жүзеге асырылады. Тәуекелдерді басқарудың негізгі шараларына мыналар кіреді:

- ынтымақтастық басталғанға дейін және қажет болған жағдайда – шарттарды орындау барысында контрагенттердің сенімділігін тексеру;
- сатып алу және шарттық құжаттамаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды енгізу;
- заңнамаға және шарттардың талаптарына сәйкес бұзушылықтар немесе жоғары тәуекел факторлары анықталған кезде ден қою шараларын қолдану.

Сатып алу процесінің негізгі тәуекелдері

GRI 2-6, GRI 407-1, GRI 414-2, GRI 11: 10.9, IIRC, KASE

Тәуекелдің атауы	Сипаттауы
Сатып алу процесінің операциялық тәуекелдері	Қордың сатып алу веб-порталындағы (ЭСАЖ) техникалық іркілістерге/тоқтауларға, сондай-ақ сатып алу өтінімдерін дайындау сапасына байланысты тәуекелдер (қателер және бастапқы деректердің толық болмауы)
Климаттық тәуекелдер	Қолайсыз ауа райы және табиғи факторлардың салдарынан жеткізу мен тасымалдаудағы іркілістер тәуекелі, оның ішінде: • объектілерге қол жеткізуді шектеу және логистиканың бұзылуы • құбырлардың учаскелерін қоса алғанда, өндірістік және көлік инфрақұрылымының зақымдану тәуекелі • апаттық-қалпына келтіру жұмыстары мен жөндеуге жұмсалатын шығындардың әлеуетті өсуі
Жеткізу тізбектеріндегі әлеуметтік тәуекелдер	Еңбек құқықтарын және жұмыспен қамту стандарттарын бұзуды қоса алғанда, жеткізушілер мен мердігерлерде теріс әлеуметтік әсерлердің туындау тәуекелдері

Сатып алу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және ден қою шаралары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар сатып алу рәсімдеріне және шарттық талаптарға біріктірілген, контрагенттердің заңнама мен Компанияның ішкі саясаттарының нормаларын сақтауын көздейді. Бұзушылықтар немесе жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде Компания шарт жасасудан бас тарту, ынтымақтастықты тоқтата тұру немесе тоқтату, заңнамада және шартта көзделген өзге де іс-әрекеттер сияқты шаралар қолдануға құқылы.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жеткізу тізбектерінде расталған әлеуметтік тәуекелдер анықталған жоқ, оның ішінде бөлімшелер мен жеткізушілер арасында қызметкерлердің бірлесу еркіндігіне және ұжымдық келіссөздер жүргізуге құқықтарын бұзудың елеулі тәуекел жағдайлары анықталмаған. Тиісті талаптар жеткізушілерге шарттық шарттар, Жеткізуші кодексі, контрагенттерді тексеру рәсімдері, еңбек және әлеуметтік талаптардың сақталу мониторингі арқылы таратылады.

2025 ЖЫЛҒЫ САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

GRI 203-2

2025 жылы Компания 2025–2029 жылдарға арналған Ұзақ мерзімді жоспарлар бойынша сатып алуды қоса алғанда, Келісімге сәйкес 631,6 млрд теңге сомаға сатып алуды жүзеге асырды. Сатып алу рәсімдерін бақылау «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу веб-порталында жүргізіледі.

2025 жылы сатып алулардың жалпы сомасы өткен жылмен салыстырғанда 23,1%-ға, көбінесе тауарлар санатында азайды. Төмендеу Сатып алу қағидаларына енгізілген өзгерістерге байланысты болды, олар бойынша табиғи газ ерекше тәртіпті қолдана отырып сатып алынды. Бұл жағдайда сатып алу көлемі мен сомасы сатып алу шартын орындау жоспарларында ескерілмеген. Сондай-ақ, сатып алу көлемі мен сомасында 2024 жылы ашу шегіне кірген БК ескерілмеген.

Компанияның қолжетімді ақпараты және ішкі бағалау тәсілдері негізінде есепті кезеңде елеулі жанама экономикалық әсерлер анықталған жоқ. Жанама экономикалық әсерлердің жиынтық мәні 0 теңгені құрайды.

73-кесте. Сатып алудың жалпы сомасы (ҚҚС-сыз) және ел ішіндегі құндылық үлесі

GRI 204-1

Көрсеткіштер	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылғы серпін
Тауарлар				
Сатып алу сомасы, млрд теңге	236,1	620,1	297,5	52,0%
Ел ішіндегі құндылық үлесі, тауарлар %	91	98	97	–1 пт
Жұмыстар мен қызметтер				
Сатып алу сомасы, млрд теңге	733,9	758,7	764,8	0,8%
Ел ішіндегі құндылық үлесі, жұмыстар/қызметтер, %	88	96	91	–5 пт
Жиыны				
Сатып алу сомасы, млрд теңге	970	1 378, 7	1 062,3	–23,0%
оның ішінде Тәртіп шеңберінде сатып алу көлемі[191]	970	1 016,6	1 062,3	–4,5%
Ел ішіндегі құндылық үлесі, %[192]	89	96	93	3 пт

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕР МЕН ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ

GRI 2-26, GRI 11: 14.6

Қазақстан Республикасының сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаты отандық өндірушілерді қолдау және жергілікті қамту үлесін ұлғайту жөніндегі шараларды көздейді. Жалпы талаптар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын қоса алғанда, заңға тәуелді актілерде бекітілген.

Жергілікті жеткізушілерді қолдау мақсатында[193] Компания қазақстандық өндірушілерден сатып алудың жоғары деңгейін сақтап отыр. Сатып алудың жалпы көлемінде ел ішіндегі құндылық үлесі[194] 2025 жылы 93%-ды, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 97%-ды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша – 91%-ды құрады.



2025 жылғы сатып алудың жалпы көлемінде ел ішіндегі құндылық үлесі

[191] Бұл жерде және бұдан әрі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сатып алуды жүзеге асыру тәртібі» туралы сөз болып отыр.
[192] 2025 жылғы деректер «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобының сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесін іс жүзінде орындау жөніндегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 27.01.2026 ж. № 101-05/299 растауына сәйкес көрсетілген.
[193] Жергілікті жеткізушілер деп қызметін Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асыратын жеткізушілер түсініледі.
[194] Ел ішіндегі құндылық көрсеткіштерін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. № 260 бұйрығымен бекітілген әдістеме қолданылады.

74-кесте. Жергілікті жеткізушілерден сатып алу

GRI 204-1

Көрсеткіштер	2023	2024	**2025**	2024 ж. қарай 2025 жылғы серпін, %
Жеткізушілер саны, барлығы, бірлік	2 196	2 644	2 998	–7,1%
Сатып алулардың жалпы сомасы, млрд теңге	970	1 378,7	1 060	–23,0%
Жергілікті жеткізушілердің саны, барлығы, бірлік	2 175	2 620	2 986	–6,8%
Жергілікті жеткізушілерден сатып алу сомасы, млрд теңге	968,4	1 377	1 059	–22,9%
Сатып алу көлемі бойынша жергілікті* жеткізушілердің үлесі, %	99%	99%	99%	0 пт
Сатып алу сомасы бойынша жергілікті жеткізушілердің үлесі, %	99%	100%	100%	0 пт

*Жергілікті жеткізушілер – Қазақстан Республикасының аумағында құрылған Қазақстан Республикасының резиденттері.

GRI 204-1 стандартының талаптарына сәйкес «жергілікті жеткізушілер» деп олардың өндірушілер немесе делдалдар болып табылатынына қарамастан, шоттар мен шарттар негізінде жеткізуді жүзеге асырған барлық жеткізушілер түсініледі. Тиісінше, көрсеткіш шеңберінде корпоративтік топ ішіндегі жеткізушілерді қоса алғанда, барлық осындай жеткізушілер ескеріледі.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ өкілдері ел ішіндегі құндылық пен импортты алмастыруды дамыту мәселелері бойынша жұмысқа тартылған. 2025 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесін ұлғайту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараға саланың, Қазақстан Республикасының бейінді министрліктерінің, «Атамекен» ҚР ҰКП және «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС өкілдері қатысты. Кездесу қорытындысы бойынша жалпы сомасы 4,39 млрд теңгеге оффтейк-келісімшарттар жасалды, сондай-ақ «InsulTech» ЖШС-мен термотартылатын манжет бойынша жаңа өндірістер құру туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу жөніндегі «Самұрық-Қазына» АҚ бағдарламасына сәйкес отандық өндірушілерден кепілдендірілген тікелей сатып алу тетігін қолданады. Компанияда қатысушылары қазақстандық компаниялардың зауыттары мен кәсіпорындарына тұрақты негізде жұмыс сапарларын жасайтын жұмыс топтары құрылды. Сапарлар барысында QazaqGaz-ға әлеуетті қызықты өнімді дайындау үшін қажетті жарақтандыру критерийлері мен қолда бар жабдықтардың жай-күйі бойынша өндірістерді алдын ала көзбен шолып бағалау жүргізіледі.

Сатып алу қызметі шеңберінде барлық ЕТҰ үшін отандық тауар өндірушілер ішінде сатып алуды өткізу басымдығы белгіленген. Мониторинг үшін Қордың Тауар өндірушілерінің тізілімін қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық дерекқорлары, сондай-ақ отандық өндірушілер және олар шығаратын өнім туралы мәліметтерді қамтитын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер пайдаланылады.

2025 жылғы жалпы көлемде жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі

Отандық өндірушілерді қолдауға қатысты Компанияның ұстанымы мен талаптары жеткізу тізбектеріне таратылады. Атап айтқанда, жеткізушілермен жасалған шарттарда сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің ел ішіндегі құндылық үлесі туралы жалған ақпарат бергені үшін жауапкершілік бекітілген.

ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ БАҒАЛАУ

GRI 414-1, GRI 414-2, KASE

Компанияда Жеткізушінің кодексі қолданылады, ол контрагенттердің назарына жеткізіледі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, адам құқықтарын сақтау, іскерлік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптарды белгілейді. Ашықтықты арттыру және сатып алу рәсімдерін жетілдіру мақсатында QazaqGaz тендерлік құжаттамаға енгізілетін біліктілік талаптарын қолданады. Жекелеген сатып алулар бойынша қатысушылардың талап етілетін ең аз жұмыс тәжірибесі үш жылды құрайды. Міндетті аккредиттеудің болуын ескере отырып, техникалық қадағалау қызметтері үшін ұқсас тәжірибені растау туралы талап белгіленбейді. Әлеуетті жеткізушілер мамандарының біліктілігіне қойылатын талаптар нақты сатып алуға қатысты негізделген қажеттілік болған кезде айқындалады.

Жеткізушілерді таңдау рәсімі корпоративтік стандартпен реттеледі. Оның талаптарын сақтау QazaqGaz және ЕТҰ басшы қызметкерлерінің НҚК жүйесінде ескеріледі.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ шарттарының жобаларында шарт құжаттамасының құрамына енгізілетін Жеткізушінің кодексін қолдану көзделген. Жеткізушінің кодексі еңбек құқықтарын сақтауды, мәжбүрлі және балалар еңбегін болдырмауды, кемсітпеуді, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді және денсаулық сақтау талаптарын сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік тәуекелдерді болдырмау жөніндегі талаптарды белгілейді. Жеткізуші Кодекстің ережелерін сақтауға және оларды өз қызметкерлерінің, мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұзушылықтар болған жағдайда ынтымақтастықты тоқтата тұру мүмкіндігін қоса алғанда, шартта көзделген шаралар қолданылады. 2025 жылы экологиялық және әлеуметтік критерийлерді қолдана отырып, жаңа жеткізушілерді іріктеу жүргізілген жоқ.

КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ

KASE

QazaqGaz контрагенттердің сенімділігін тексеруді QazaqGaz контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Шартты жасасқанға дейін әлеуетті контрагенттер құжаттар жиынтығын ұсынады және контрагенттің бейіні мен іскерлік беделін бағалау үшін қажетті мәліметтерді қамтитын контрагенттің сауалнамасын толтырады. Тексеруді Комплаенс қызметі мен Корпоративтік қауіпсіздік департаментінің уәкілетті қызметкерлері жүргізеді.

Тексеру тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады және екі деңгейді көздейді:

- **негізгі тексеру** – контрагент туралы қолжетімді ақпаратты талдау және заңнаманың талаптарына сәйкестігін бағалау;
- **кешенді (тереңдетілген) тексеру** – жоғары тәуекел факторлары анықталған кезде жүргізіледі.

100%
контрагенттер

мен серіктестер Жеткізушінің кодексімен таныстырылды

Контрагенттердің сенімділігін тексеру кезіндегі тәуекелдерді жіктеу

- **тәуекелдің жасыл деңгейі** контрагент туралы теріс ақпарат, мүдделер қақтығысының белгілері, елеулі наразылықтар және төлем тәртібін бұзушылықтар болмаған кезде беріледі
- **тәуекелдің сары деңгейі** қосымша тексеруді талап ететін факторлар анықталған кезде беріледі: жоғары тәуекел қызметтері, иелері мен бенефициарлары туралы расталмаған мәліметтер, жақында тіркелу, теріс ақпарат, сот талқылаулары, берешек немесе үлестестік белгілері
- **тәуекелдің қызыл деңгейі** қауіпті факторлар анықталған кезде беріледі: құжаттарды бұрмалау белгілері, тіркеу деректерінің сәйкессіздігі, иелерін ашудан бас тарту, басшылардың немесе меншік иелерінің жарамсыз деректері, сондай-ақ контрагент жосықсыз жеткізушілер тізілімінде болғанда.

Тексеру қорытындысы бойынша нәтижелер одан әрі шешім қабылдау үшін өтінім бастамашысына жіберіледі. Контрагентке сары немесе қызыл тәуекел деңгейі берілген жағдайда QazaqGaz Басқармасының төрағасы не оның орнындағы адам қосымша хабардар етіледі.

Тексеру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолжетімді ашық ақпарат көздері пайдаланылады.

Тексеру нәтижелері бір күнтізбелік жыл бойы қолданылады және контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау туралы шешім қабылдау кезінде ескеріледі.

«Самұрық-Қазына» АҚ Портфелдік компанияларын сатып алу тәртібіне сәйкес QazaqGaz-да Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің тізбесі қалыптастырылады және өзектендіріледі. Үйымның немесе жеке кәсіпкердің көрсетілген тізбеде болуы оның Компанияның сатып алу рәсімдеріне қатысу мүмкіндігін жоққа шығарады.

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІН БАСҚАРУҒА БІРІКТІРУ

GRI 2-23, GRI 2-24

QazaqGaz бизнесті жауапкершілікпен жүргізу қағидаттарын ілгерілете отырып, жеткізу тізбектері мен сатып алу қызметін басқаруға ESG тәсілін біріктіреді. ESG күн тәртібі шеңберінде Компания контрагенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарын сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ), еңбек заңнамасын және іскерлік әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша талаптарды белгілейді.

ІСКЕРЛІК ӘДЕП ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

QazaqGaz жеткізушілермен және мердігерлермен өзара іс-қимыл кезінде іскерлік әдеп нормаларын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қойылатын талаптарды белгілейді. Контрагенттер шарттар жасалғанға дейін Компанияның әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы корпоративтік талаптары мен стандарттары туралы хабардар етіледі. Компанияның мәліметінше, 2025 жылы шарт жасасу жоспарланған контрагенттердің 100%-ы QazaqGaz сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттарымен және стандарттарымен таныстырылды.

Сатып алудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және ден қою шаралары

Контрагенттермен жасалатын шарттарға тараптардың қолданылатын заңнаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы корпоративтік талаптарды сақтау міндеттемелерін, сондай-ақ кез келген заңсыз төлемдерді және заңсыз сыйақының өзге де нысандарын қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тыйым салуды көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар енгізіледі. Шарттық талаптар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл саласындағы талаптарды сақтауды да көздейді.

Бұзушылықтар немесе жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде Компания шарт жасасудан бас тарту, ынтымақтастықты тоқтата тұру немесе тоқтату, заңнамада және шартта көзделген өзге де іс-әрекеттер сияқты шаралар қолдануға құқылы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылғаны туралы орынды күдіктер туындаған жағдайда, шарт тарапы екінші тарапты шартта көзделген тәртіппен жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау тәуекелдерін басқару шеңберінде Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес іскерлік беделін тексеру және өзге де тиісті сақтық шаралары қолданылады.

КОНТРАГЕНТТЕРГЕ ӨҚ, ЕҚ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

QazaqGaz іріктеу кезеңінде және шарттарды орындау барысында мердігерлік ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласында (бұдан әрі – ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ) қойылатын талаптарды белгілейді.

Таңдау кезеңінде сауалнаманы толтыруды және экологиялық бейінді (оның ішінде ESG іс-тәжірибелері бойынша) қалыптастыруды қоса алғанда, контрагенттің ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігін бағалау жүргізіледі. Денсаулық сақтау, еңбекті қорғау, өндірістік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы саясат пен рәсімдердің болуы, халықаралық стандарттар бойынша басқару жүйелерін сертификаттаудың болуы, сондай-ақ жұмыстарды орындауға тартылатын қызметкерлердің тәжірибесі мен біліктілігі қосымша бағаланады.

Шартты орындау кезеңінде мердігерлер Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылатын талаптарын және QazaqGaz ішкі стандарттарын сақтауға, оқыс оқиғаларды болдырмау және ықтимал залалды барынша азайту жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер оқиғалар туралы олар басталған сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей Компанияны хабардар етуге, қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге және қажетті сақтандыру өтемін қолдауға міндетті.

QazaqGaz мердігердің алаңдарында тексерулер жүргізуге, оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысуға және анықталған бұзушылықтарды белгіленген тәртіппен жоюды талап етуге құқылы.

ШАРТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ ТЕТІКТЕРІ

Шарт жасасқаннан кейін QazaqGaz оның талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады. Ақпараттық жүйені және сатып алу веб-порталын пайдалана отырып, шарттың бастамашысы оның уақтылы және толық орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. Корпоративтік деңгейде Сатып алу және жергілікті қамту департаменті «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен ЕТҰ-дың сатып алу шарттары бойынша ақпаратты жинайды, талдайды және қорытады.

Ауытқулар анықталған кезде шарттың бастамашысына түзету шараларын қабылдау қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Жеткізуші тарапынан елеулі бұзушылықтар болған жағдайда, Компания айыппұл санкцияларын қоса алғанда, шартта көзделген шараларды қолданады және қажет болған кезде сотқа жүгінеді.

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІН ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЛАР

2026 жылға және орта мерзімді келешекке Компания процестердің тиімділігін, ашықтығын және тұрақтылығын арттыруға, сондай-ақ жеткізулердің сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған сатып алу қызметін және жеткізулер тізбектерін басқару жүйесін одан әрі дамытуды жоспарлап отыр. Негізгі бағыттарға кіретіндер:

- ірі сатып алу жобаларын қоса алғанда, сатып алуды орталықтандырылған басқару мен бақылауды күшейту;
- сатып алуды жоспарлаудың сапасы мен дәлдігін арттыру;
- сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін қолдануды кеңейту;
- отандық жеткізушілер мен өндірушілерді қолдау және дамыту, сатып алудың ел ішіндегі құндылық үлесін ұлғайту;
- оффтейк-шарттар жасасу іс-тәжірибесін кеңейту.

Цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздік

Цифрландыру және цифрлық қауіпсіздік саласындағы негізгі жобалар мен басымдықтар Компанияның стратегиясын, тәуекелдерді бағалауды, АТ-аудиттердің нәтижелерін, заңнаманың талаптарын және процестердің жетілу деңгейін ескере отырып қалыптастырылады.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, GRI 2-12, GRI 418-1

АҚ басқару жүйесі басқару органдары мен функционалдық бөлімшелер арасында бөлінген, АТ тәуекелдері тәуекел-менеджменттің жалпы жүйесіне біріктірілген.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- АТ стратегиясын бекіту
- АҚ елеулі оқыс оқиғаларын қарау
- АҚ тәуекелдерін қоса алғанда, тәуекелдерді басқару саласындағы қадағалау
- АҚ бойынша саясатты және ішкі нормативтік құжаттарды бекіту
- Киберқауіпсіздіктің жай-күйі және түзету шараларының орындалуы туралы тұрақты есептілікті қарау

БАСҚАРМА

- Бекітілген ақпараттық қауіпсіздік саясатын іске асыру
- АҚ, аудит және тестілеу нәтижелері туралы есептерді қарау
- Киберқауіпсіздік саласындағы ресурстар мен жобалар бойынша шешімдер қабылдау
- Анықталған бұзушылықтарды жоюды бақылау

Корпоративтік қауіпсіздік департаменті

- Басқарма басшылығымен АҚ процестерін үйлестіру

Ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығы (бұдан әрі – АҚЖО)

- АҚ саласындағы саясатты, регламенттерді әзірлеу
- Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын тәулік бойы мониторингтеу және оларға ден қою

Құрылымдық бөлімшелер және ЕТҰ

- Ақпараттық қауіпсіздік саясатын сақтау, оқыс оқиғалар туралы хабар беру

ЦИФРЛАНДЫРУ

GRI 3-3, GRI 2-12, IIRC, KASE

Цифрландыру Компанияның маңызды стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. 2025 жылы Директорлар кеңесі деңгейінде Компанияда жасанды интеллектті дамыту жобалары бойынша жол картасын бекіту мәселелері қаралды.

Басқарма деңгейінде қаралғандар:

- 2025–2028 жылдарға арналған жасанды интеллект қолданылатын жобалар бойынша жол картасын алдын ала мақұлдау;
- АТ-аудит қорытындысы бойынша ұсынымдарды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;
- SAP БЖ пайдалану талаптарына өзгерістерді қоса алғанда, корпоративтік АТ-шешімдерді пайдалануға байланысты мәселелер.

Ақпараттық технологиялар департаменті басшысының функционалдық НҚК-не цифрландыру және АТ дамыту бойынша көрсеткіштер енгізілді. 2025 жылы мынадай НҚК орындалды:

- бекітілген жол картасына сәйкес, жасанды интеллектті қолдана отырып, бір жобаны («QazaqGaz Aimaq» АҚ тұрмыстық тұтынушыларға арналған мобильді қосымша) іске асыру;
- «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша цифрлық жетілгендікті бағалау;
- АТ-аудитінің ұсынымдарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;
- кадрлық есепке алу мен жалақыны есептеудің негізгі жүйесі ретінде 1С: ЖПБ 3-ке көшу;
- «Деңгейлес мониторинг» жобасы шеңберінде есепке алу жүйесінде салықтық есепті автоматтандыру: КТС, ҚҚС.

2032 жылға дейінгі QazaqGaz даму стратегиясына енгізілген цифрландыру бағыттары

	Бағыт	Сипаттауы	2025 жылдың нәтижелері
	Тұтынушыларға арналған сервистердегі жасанды интеллект	QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасында газды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері мен нөмірлерін тану	• Көрсеткіштерді өз бетінше беру қамтамасыз етілген • Бақылаушыларға жүктеме төмендетілді
	Жасанды интеллект – техникалық шарттарды беруге арналған агент	ЖИ-агент шеңберінде тұтынушылардың мәтіндік және дауыстық өтініштерін өңдеу	• Call-орталыққа және операциялық қызметтерге жүктеме төмендетілді • Функционалдық мамандарды тарту қажеттілігі жойылды
	Газды цифрлық есепке алу (Aqyl Energy)[195]	«Ақылды» есептегіштердің деректері болған кезде тұтыну ауытқуларын болжау мен анықтауға арналған ЖИ	• Дайындық іс-шаралары жүргізілді – 2025–2028 жылдарға арналған іске асыру жоспары, міндеттері мен қаржыландыру көздері бекітілді
	BAQYLAU үшін арналған «Компьютерлік көру» AI-модулі	Өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылуын анықтау үшін компьютерлік көру негізінде өндірістік процестер мониторингін автоматтандыру. Мақсатты нәтиже – апаттар мен ТЖ тәуекелдерін төмендету, тоқтап қалу мен ақаудан болатын шығындарды қысқарту, тексеру мен өтемақыларға жұмсалатын шығындарды азайту	• Дайындық іс-шаралары жүргізілді — 2026–2028 жылдарға арналған іске асыру жоспары бекітілді.
	Электрондық құжат айналымы	Электрондық құжат айналымы жүйесін жаңғырту	• Жүйені жаңғырту бойынша жұмыстар басталды

[195] Толығырақ «Тұтынушылармен өзара іс-қимыл» тарауынан қараңыз.

2025 ЖЫЛЫ ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жылы QazaqGaz клиенттік сервис сапасын арттыруға, ішкі процестерді автоматтандыруға, талдауды дамытуға және басқару тиімділігін арттыруға бағытталған цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгізуді жалғастырды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНАТЫН ЖОБАЛАР

QazaqGaz Aimaq мобильді қосымшасы

Мобильді қосымшаны
630 мың жүктеп алу

950 мың
көрсеткіштер өңделді

Өтініштердің 55%-ы
жасанды интеллектті пайдалана отырып өңделеді

94,6 мың
техникалық шарт Қазақстан Республикасының eGov электрондық үкімет порталы арқылы берілді

18 мың
консультация жасанды интеллектті пайдалана отырып өткізілді

Техникалық шарттарды беру бойынша ЖИ-агент

Зияткерлік талдау және болжау

1,8 млн
механикалық есептегіштердің деректеріне талдау жүргізіледі

100 мың
ақылды есептегіштің деректері өңделеді

Цифрлық трансформацияның басқа да нәтижелері

- «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесіне сәйкес цифрлық жетілуді бағалау жүргізілді
- АТ-аудит қорытындысы бойынша ұсынымдарды енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді
- «1С: Жалақы және персоналды басқару» жүйесінде кадрлық есепке алуды автоматтандыру аяқталды
- Корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша «Деңгейлес мониторинг» жобасы шеңберінде салықтық есепті автоматтандыру аяқталды
- Қызметкерлерді оқытуды басқару жүйесі енгізілді
- Қызметкерлердің денсаулығын мониторингтеудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді
- BaQylau еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау процестерін басқару жүйесін дамытудың екінші кезеңі аяқталды
- Bitrix, ҰЦИП және МУҰ жобаларын басқару жүйесі енгізілді

QazaqGaz ғылыми-техникалық орталығы сондай-ақ ішкі процестерді автоматтандыруға арналған цифрлық шешімдерді, оның ішінде FTO корпоративтік порталын, WebSed/MyQG электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесін және GeoQG геологиялық-геофизикалық деректердің цифрлық платформасын дамытты.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Компанияның бизнес-процестерін, клиенттік сервистері мен ақпараттық жүйелерін цифрландыру мәселелері бойынша негізгі мүдделі тараптарға «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Қазақстанның Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, тұтынушылар – жеке және корпоративтік тұлғалар, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар жатады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

QazaqGaz бас компанияда, барлық еншілес және тәуелді ұйымдарда ақпараттық қауіпсіздікті (бұдан әрі – АҚ) және дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету іс-шараларын іске асырады және оны бақылауды жүзеге асырады.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, ISO/IEC 27001 стандартына және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен АҚ қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес дамиды.

Ішкі құжаттар

- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздік саясаты мен корпоративтік стандарты[196]

2025 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі мәселелерін қарады:

- киберқауіпсіздік және ақпараттық жүйелердің осалдығын бағалау бойынша ішкі аудит нәтижелері;
- ақпараттық жүйелердің қорғалуын тестілеу қорытындысы;
- жаңа буын желіаралық экрандарын енгізуді және деректердің жайлып кетуін болдырмау жүйесін дамытуды қоса алғанда, АТ-периметрін қорғауды күшейту жөніндегі шаралар;
- АТ тәуекелдерін және оқыс оқиғаларды басқару, кибер оқыс оқиғаларға ден қоюға дайындық және АҚЖО-мен өзара іс-қимыл;
- 2026 жылға арналған АҚ жобаларын жоспарлау және бюджеттеу.

Нәтижелілік мониторингі үшін белгіленген мерзімде жойылған қауіпті осалдықтар үлесін және АҚ бойынша іс-шаралар жоспарын орындауды қоса алғанда, НҚК қолданылады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Компанияда кейіннен қорғау шараларын жетілдіру үшін корпоративтік сұлбадан тыс құпия ақпаратты беру әрекеттерін анықтауға және бұғаттауға, оқыс оқиғаларды талдауға арналған деректердің жайылып кетуін болдырмау жүйесі (DLP) қолданылады. Инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыру үшін осалдықтарды анықтауға, қорғалу деңгейін бағалауға және түзету шараларын жоспарлауға мүмкіндік беретін кіруге тұрақты тестілеулер жүргізіледі.

2025 жылы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы басымдықтар мыналарға шоғырланды:

- мониторинг және ден қою жедел орталығын дамыту;
- ISO/IEC 27001 сертификаттауына дайындық;
- Zero Trust тәсілін дамыту және мониторинг пен ден қоюды цифрландыру.

Басымдықтар тізбесі корпоративтік стратегия, тәуекелдерді бағалау, аудит нәтижелері, заңнама талаптары және процестердің жетілу деңгейі негізінде қалыптастырылады. Есепті кезеңде периметрдің қорғалуын арттыру бойынша басқа да іс-шаралар іске асырылды, соның ішінде:

- желіні сегменттеу және жаңа буын желіаралық экранды (ағылш. NGFW) енгізу;
- оқыс оқиғаларға ден қою жоспарын өзектендіру;
- кибер жаттығулар өткізу.

АҚ және қол жеткізу жөніндегі мердігерлерге қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

- шарттардағы АҚ талаптары;
- NDA-ға қол қою;
- қол жеткізу берілгенге дейін тәуекелдерді бағалау;
- қол жеткізуді шектеу және мониторингтеу;
- аудит (қажет болған жағдайда).

[196] «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының 25.07.2024 ж. № 40/24 шешімі.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің елеулі оқыс оқиғалары тіркелген жоқ. Есепті кезеңде тіркелген кибершабуыл әрекеттері тойтарылды. Дербес деректердің жайылып кету, ұрлану немесе жоғалу жағдайларына жол берілмеді.

2025 жылы Компания дербес деректердің сақталуын бұзуға байланысты хабарламалар алған жоқ.

Мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздік бөлігіндегі басымдықтары энергетикалық инфрақұрылым объектілерін әлеуетті киберқауіптерден қорғау бөлігіндегі міндеттерді қалыптастырады. Бұл бөлікте Компания операциялық технологиялар ортасына бағдарланған Nozomi Networks платформасын қоса алғанда, өнеркәсіптік киберқауіпсіздіктің мамандандырылған шешімдерін енгізу арқылы негізгі газ өндіру, сақтау және тасымалдау объектілерінде технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қорғауды қамтамасыз етеді. Компанияның тәсіліне киретіндер:

- технологиялық процестерге әсер етпейтін желілік трафик мониторингі;
- «көріну – анықтау – ден қою» үлгісі бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының жұмысы;
- технологиялық ортаның қалыпты жұмыс істеуінің базалық үлгісін қалыптастыру;
- аномалияларды, кибершабуылдарды және технологиялық параметрлердің ауытқуларын анықтау;
- өндірістік процестердің қауіптілігін ескере отырып, тәуекелдерге басымдық бере отырып, осалдықтарды басқару;
- өндірістік жүйелердің тұрақтылығын арттыру үшін желілік сенсорларды орнату және орталықтандырылған талдау.

0

Ақпараттық қауіпсіздікті бұзудың елеулі оқыс оқиғалары

Өндірістік жүйелерді қорғау үлгісі

Мониторинг – қауіптерді анықтау – оқыс оқиғаларға ден қою

Nozomi Networks[197] платформасы операциялық технологиялар ортасында желілік белсенділікті бақылауға, аномалиялар мен ықтимал киберқауіптерді анықтауға, сондай-ақ технологиялық процестерге араласпай оқыс оқиғаларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

2026 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылдың қорытындысы бойынша ақпараттық қауіпсіздік жүйесін дамыту басымдықтары айқындалды. 2026 жылға «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі корпоративтік стандартты ескере отырып, ISO/IEC 27001 бойынша сертификаттауға дайындық жоспарланған. Нысаналы шабуылдардан қорғауды күшейту және оқыс оқиғаларға ден қоюды автоматтандыру деңгейін арттыруды қоса алғанда, мониторинг орталығын дамыту жоспарланып отыр.

2026 жылға арналған жұмыстардың жеке блогы мониторинг пен сақтық көшіруді дамытуды, ден қою бойынша тұрақты оқу-жаттығулар өткізуді, мердігерлерді бақылауды күшейтуді және персоналдың хабардар болуын арттыруды қамтиды. 2026 жылға арналған НҚК ретінде нақтыланған жол картасымен АТ стратегиясын бекіту көзделген.

Цифрландыру бөлігінде Компания газ тасымалдау желісін басқаруда, өнеркәсіптік және жол қауіпсіздігінде, еңбекті қорғауда және клиенттермен есеп айырысу жүйесінде қолдануды қоса алғанда, жасанды интеллект негізінде шешімдерді енгізуді жалғастыруды жоспарлап отыр. 2032 жылға дейінгі ұзақ мерзімді бағдарлар қатарында – АҚ процестерінің жетілуін арттыру, ISO/IEC 27001 сертификаттау аймағын кеңейту, Zero Trust тәсілін дамытуды және мониторинг пен ден қоюды цифрландыру.

Осыған қоса Директорлар кеңесін ақпараттық қауіпсіздіктің елеулі бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін және осындай жағдайлар бойынша ақпаратты ашу регламентін бекіту жоспарланып отыр.

[197] Nozomi Networks – операциялық технологиялар орталарын қорғауға арналған өнеркәсіптік киберқауіпсіздіктің мамандандырылған платформасы.

Қосымшалар

252 1-қосымша. Есеп туралы

259 2-қосымша. Есептегі GRI индикаторларының ашылу көрсеткіші

270 3-қосымша. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер туралы ақпарат беру

282 4-қосымша. 2025 жылғы «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп

286 5-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік

301 6-қосымша. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексерудің нәтижелері туралы есеп

309 7-қосымша. Байланыс ақпарат

310 8-қосымша. Глоссарий

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

08

1-қосымша. Есеп туралы

GRI 2-3, GRI 3-1, GRI 3-2

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 2025 жылғы біріктірілген жылдық есебі Компанияның қаржы-шаруашылық, операциялық және өндірістік қызметі туралы, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы нәтижелері туралы ақпаратты ашады. Есеп QazaqGaz негізгі бизнес-бағыттарын, оның ішінде «Газ бен газ конденсатын барлау және өндіру», «Тауарлық газды магистральдық тасымалдау», «Өңдеу, тарату және өткізу» және «Сервистік қызмет» бағыттарын, сондай-ақ Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің нәтижелері (ESG) туралы деректерді қамтиды. Есепте Компанияның ішкі және сыртқы нарықтардағы қызметі туралы ақпарат берілген.

Есепті «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ұлттық компания мәртебесіне ие және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ портфелдік компаниясы болып табылады. QazaqGaz штаб-пәтері Қазақстан Республикасының Астана қаласында орналасқан. Компанияның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында шоғырланған.

Есеп 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Компанияның қызметі туралы мәліметтерді қамтиды[198]. Ашып көрсетілетін деректердің ашықтығы мен салыстырмалылығы қағидаттарын сақтай отырып, Компания жыл сайын жылдық есептерді жариялайды, олармен ресми сайтта танысуға болады.

Компания қызметінің қаржылық және қаржылық емес нәтижелерінің кешенді көрінісін көрсету үшін Есептің құрылымы мынадай мазмұнды блоктарды қамтиды:

1. Компанияның бейіні, бизнес-үлгісі, активтер құрылымы, қызмет географиясы және негізгі бағыттары.
2. 2032 жылға дейінгі QazaqGaz даму стратегиясын жүзеге асыру, негізгі тиімділік көрсеткіштерін орындау және 2025 жылдың стратегиялық нәтижелері.
3. Қаржылық және операциялық нәтижелер, Компания мен газ саласын дамытуға инвестициялар, салық саясаты және экономикалық тұрақтылық аспектілері.
4. Тұрақты даму аспектілерін басқару тәсілдері, ESG-қағидаттарды интеграциялау, БҰҰ ТДМ-ге қол жеткізуге қосқан үлесі және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.
5. Қоршаған ортаны қорғау мен климат саласындағы басқару тәсілдері, қабылданған іс-қимылдар және қол жеткізілген нәтижелер.
6. Персоналды басқару, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, адам құқықтары, жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және тұтынушылармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқару тәсілдері, негізгі нәтижелер.
7. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, іскерлік әдеп, комплаенс, жеткізу тізбектерін басқару және ақпараттық қауіпсіздік.

[198] Егер Компанияның қызметі үшін маңызды болса және/немесе есепті жылдың ақпаратымен тікелей байланысы болса, есепте есепті кезеңнен тыс болған фактілер қамтылуы мүмкін.

ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫ

GRI 2-3,GRI 2-5

Есеп мынадай стандарттарға және қаржылық емес есептілік жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес әзірленді:

- Global Reporting Initiative (GRI Standards) стандарттары, оның ішінде GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures салалық стандарты;
- GRI 101: Biodiversity 2024 стандарты – биологиялық алуантүрлілік туралы ақпаратты ашу бөлігінде;
- International Integrated Reporting Framework;
- Қазақстан қор биржасының (KASE) жылдық есепте ақпаратты ашуға қоятын талаптары.

Есепті дайындау кезінде Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілері бөлігінде ESG рейтингтері мен ашуларының жекелеген ұсынымдары мен күтулері де, оның ішінде MSCI және CDP ескерілді.

2025 жылғы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Аудитті тәуелсіз аудитор жүргізді.

Аудиторлық есеп және қаржылық көрсеткіштер осы Есепке № 6 Қосымшада берілген.

ЕСЕПТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ

Есепті ақпараттың сапасы QazaqGaz біріктірілген жылдық есебін қалыптастыру қағидаларында көрсетілген Есептің мазмұнын айқындау қағидаттарын сақтаумен қамтамасыз етіледі[199]:

- **Салыстырмалылық** – GRI стандарттарына сәйкестік мүдделі тұлғалар үшін QazaqGaz қызметін осыған ұқсас қызмет ауқымындағы басқа салалық компаниялармен салыстыруға мүмкіндік береді.
- **Теңгерімділік** – Компания қызметі туралы оң мәліметтерді де, теріс мәліметтерді де ашып көрсету.
- **Дәлдік** – Есепке оның негізінде мүдделі тұлғалар Компания қызметінің пайымдаулары мен бағалауларын жасай алатын толық ақпарат енгізілген.
- **Сенімділік** – есептік мәліметтерді жинау, тіркеу, талдау және шоғырландыру тиісті түрде, верификациялау мүмкін болатындай жүзеге асырылады.
- **Уақтылығы** – Есеп есепті жылдан кейінгі жылдың 3-тоқсанынан кешіктірілмей жарияланады.
- **Айқындылық** – мүдделі тұлғалардың кең ауқымына түсінікті және қолжетімді болу.

Есеп мүдделі тараптардың кең ауқымына арналған, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

ЕСЕПТІЛІК ПЕРИМЕТРІ

Есептік ақпараттың периметрі QazaqGaz тиесілі әрбір бизнес-бағыттағы негізгі активтерді қамтиды (егер Есептің негізгі бөлімінде өзгеше көрсетілмесе).

[199] Құжат QazaqGaz сайтында «Тұрақты даму» бөлімінде ұсынылған.

Есептілік периметріне енгізілген ұйымдардың тізбесі

GRI 2-2

Заңды атауы	Өңірі	Қызметі
«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері арқылы тасымалдаудың орталықтандырылған инфрақұрылымын басқару, халықаралық транзитті қамтамасыз ету, газды ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу, сондай-ақ құбырларды, газ қоймаларын қаржыландыру, салу және пайдалану, газ және газ конденсатты кен орындарын игеру
«QazaqGaz Aimaq» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Газды тарату және сату, газ тарату инфрақұрылымын пайдалануды және Қазақстан Республикасының тұтынушыларына газ жеткізуді қамтамасыз ету
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Табиғи газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау, халықаралық транзит, газды сақтау, газ тасымалдау инфрақұрылымын пайдалану
«QazaqGaz Onimderi» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Көлік қызметтерін көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау, сығымдалған табиғи газды өткізу және газ-мотор отыны нарығын дамыту
«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Геологиялық барлау, кен орындарын игеру және табиғи газ бен газ конденсатын өндіру, Компанияның ресурстық базасын қалыптастыру
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Транзитті және ішкі нарыққа жеткізуді қоса алғанда, табиғи газды халықаралық газ құбыры арқылы тасымалдау
«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	«Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбыры арқылы табиғи газды тасымалдау, Қазақстанның оңтүстік және орталық өңірлеріне газ жеткізуді қамтамасыз ету
«Teric Мұнай» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытын салу және пайдалану жобасын басқару
«GPC Investment» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Атырау қ.	Газ өңдеу өндірісін құру, бәсекеге қабілетті өнім шығару
«QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталық» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Өндірістік-техникалық процестерді кешенді талдауды жүзеге асыратын және газ саласының технологиялық және инновациялық дамуын қамтамасыз ететін «QazaqGaz» ҰК» АҚ бірыңғай R&D орталығы және негізгі технологиялық бөлімшесі
«АзияГаз Чунджа» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау және сату
«Отан Газ» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Халықаралық серіктестен бірлескен жоба шеңберінде газ активтерін геологиялық барлау және дамыту; ресурстық базаны қалыптастыру
«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Газ кен орындарын әзірлеу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру және жер қойнауын пайдалану активтерін басқару
«АвтоГазАлматы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын пайдалану, салу және оларға қызмет көрсету
KTG Finance B.V	Нидерланд	Активтерді басқару және инвестициялау, топішілік қаржыландыру, борыштық құралдарды шығару
«ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Щучинск қаласында «Burabay» гольф-клубын салу және пайдалану

ТӘУЕЛСІЗ РАСТАУ

GRI 2-5

Осы Есепте ашылған қаржылық емес ақпаратты тәуелсіз растау рәсімін сенімділікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмалар бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес «ПрайсуотерхаусКуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС компаниясы жүргізді. Тапсырма шеңберінде 35 қаржылық емес көрсеткіштің белгіленген есептілік критерийлеріне сәйкестігі тексерілді.

Есеп мәтініндегі растау білдірілген ақпарат ✓таңбасымен белгіленген. ✓ таңбасы кестенің тақырыпатында келтірілген жағдайда, бұл растау осы кестеде қамтылған барлық сомалар мен көрсеткіштерге қолданылады дегенді білдіреді. Егер растау жекелеген сомаларға немесе көрсеткіштерге ғана қатысты болса, ✓таңбасы тиісті ашылатын деректердің жанында тікелей келтіріледі. Растаумен қамтылған мәтіндік ақпарат мәтіннің тиісті фрагментінің басында және соңында ✓✓таңбасымен белгіленеді.

Аудиторлық қызметтерді тарту кезінде Қоғам «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 17.12.2024 ж. № 16/24 шешімімен бекітілген «QazaqGaz» ҰК» АҚ аудиторлық қызметтерді тарту саласындағы саясатын басшылыққа алады.

2024 жылғы Біріктірілген жылдық есеппен салыстырғанда расталған көрсеткіштер саны 50-ден 35-ке дейін (30%-ға) төмендеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарға қатысты ғана әлеуметтік тақырыптар мен корпоративтік басқару тақырыптары бойынша ақпаратты шоғырландырады. Бұл ретте экологиялық тақырыптар бойынша ашу периметріне қоса бірлескен кәсіпорындар («Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «АвтоГазАлматы» ЖШС, «Отан Газ» ЖШС) енгізілген, өйткені аталған компаниялар Қазақстан Республикасының аумағында өндірістік қызметті жүзеге асырады,

және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Төмен көміртекті даму бағдарламасына енгізілген.

Осы Есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде операциялық бақылау жүзеге асырылған «QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның жекелеген еншілес және бірлескен кәсіпорындарының қызметін қамтиды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ GRI стандарттарына сәйкес бірлескен кәсіпорындарды есептілік периметріне енгізуді айқындау кезінде операциялық бақылау тәсілін дәйекті түрде қолданады.

GRI стандарттары бойынша ашулар Компания қызметінің салалық ерекшелігін назарға ала отырып, таңдалған маңызды тақырыптар ескеріле отырып дайындалды.

Төмендегі кестеде еншілес және бірлескен кәсіпорындардың тізбесін қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау мақсаттары үшін қолданылатын ұйымдастыру шекаралары берілген.

Тұрақты даму саласындағы компанияның есептілігіне енгізілген ұйымдар

GRI 2-2

Көрсеткіш	GRI 2-7	GRI 2-8	GRI 2-21	GRI 2-27	GRI 2-30	GRI 201-1	GRI 201-4	GRI 202-2	GRI 203-1	GRI 203-2	GRI 204-1	GRI 205-2	GRI 205-3	GRI 302-1	GRI 302-3	GRI 302-4	GRI 303-3	GRI 303-4	GRI 303-5	GRI 305-1	GRI 305-2	GRI 305-4	GRI 305-5	GRI 305-7	GRI 306-3	GRI 401-1	GRI 401-3	GRI 403-8	GRI 403-9	GRI 404-1	GRI 404-3	GRI 405-1	GRI 405-2	GRI 406-1	GRI 418-1
«QazaqGaz» ҰК» АҚ	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
«Интергаз Орталық Азия» АҚ (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«QazaqGaz Aimaq» АҚ (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«QazaqGaz Onimderi» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталық» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
KTG Finance B.V. (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«ҚазМұнайСервис-NS» АҚ (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«Teric Мұнай» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«GPC Investment» ЖШС (ЕҰ)	✓	✓		✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
«Азиялық газ құбыры» ЖШС (БК)				✓										✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓										
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (БК)				✓										✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓										
«АвтоГазАлматы» ЖШС (БК)				✓										✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓										
«Отан Газ» ЖШС (БК)				✓										✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓										

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

2025 жылы Компания «QazaqGaz» ҰК» АҚ, оның еншілес және тәуелді ұйымдары, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар қызметінің экономикаға, қоршаған орта мен қоғамға әлеуетті және нақты әсер етуіне байланысты тақырыптардың маңыздылығын бағалауды өзектендіруді жүргізді.

Маңыздылығын бағалау мұнай-газ саласындағы компаниялардың ашылуын, GRI стандарттарының, оның ішінде GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures салалық стандартының талаптарын, сондай-ақ мүдделі тараптардың негізгі топтарымен өзара іс-қимыл нәтижелерін талдауды ескере отырып жүргізілді.

Өзектендіру қорытындысы бойынша 2025 жылғы Біріктірілген жылдық есепте ашуға арналған маңызды тақырыптар тізбесі қалыптастырылды. Тізбеге Компанияның климаттың өзгеруі, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, персоналды басқару, жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл, іскерлік әдеп, заңнама талаптарын сақтау және корпоративтік басқару саласындағы неғұрлым маңызды әсер етуін көрсететін тақырыптар енді.

2025 жылғы қолданылатын маңызды тақырыптар тізбесі Компания қызметіндегі өзгерістерді, стратегиялық басымдықтарды, салалық талаптарды және мүдделі тараптардың күтулерін ескере отырып, өзектендірілді[200].

2025 жылғы қолданылатын маңызды тақырыптар тізбесі

GRI 11.1	Парниктік газдар шығарындылары және көміртексіздендіру
GRI 11.2	Климаттық стратегия
GRI 11.3	Атмосфераға шығарындылар
GRI 11.4	Биологиялық алуантүрлілік
GRI 11.5	Қалдықтарды басқару
GRI 11.6	Су ресурстарын және сарқынды суларды басқару
GRI 11.8	Энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі
GRI 11.9	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
GRI 11.10	Жұмысқа орналастыру іс-тәжірибелері
GRI 11.11	Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер
GRI 11.14	Экономикалық нәтижелілік
GRI 11.15	Жергілікті қоғамдастықтар
GRI 11.19	Бәсекелестікке кедергі келтіру
GRI 11.20	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
GRI 11.21	Мемлекеттік органдарға төлемдер
	Энергия тиімділігі
	Адам құқықтары
	Адам капиталын дамыту
	Корпоративтік әдеп
	Корпоративтік басқару
	Жеткізу тізбектері
	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
	Киберқауіпсіздік

2024 жылғы Біріктірілген жылдық есеппен салыстырғанда, маңызды тақырыптар тізбесі «GRI 11.8. Энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі» тақырыбымен кеңейтілді, «Энергия тиімділігі», «Адам құқықтары», «Корпоративтік басқару», «Жеткізу тізбектері», «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» және «Киберқауіпсіздік» тақырыптары қосылды.

200 «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының 12.11.2025 ж. № 42 шешімі.

2-қосымша. Есептегі GRI индикаторларының ашылу көрсеткіші

GRI кестесі

ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

№	Ашылатын мәліметтер	Беті	Түсініктемелер/ерекшеліктер
GRI 2: Есептіліктің жалпы элементтері			
1. Ұйым және оның есептілік іс-тәжірибесі			
2-1	Ұйым туралы толық ақпарат	10, 12, 13, 352	
2-2	Тұрақты даму жөніндегі есептіліктің құрамына кіретін заңды тұлғалар	242, 246	
2-3	Есепті кезең, есептілікті ұсыну жиілігі және байланыс ақпараты	241, 241, 352, 352	
2-4	Ақпараттағы өзгерістер	91, 103, 138, 138, 266	2025 жылы өткен кезеңдердегі жекелеген көрсеткіштер деректерді нақтылауға байланысты түзетілді. Тиісті түзетулер сілтемелерде ашылған.
2-5	Сыртқы растау	241, 244	Тәуелсіз растаудан өткен белгілі бір ақпарат мәтін бойынша <белгішелер> шартты белгілерімен көрсетілген.
2. Ұйымның қызметі және қызметкерлері			
2-6	Ұйымның қызметі, қосылған құн жасау тізбегі туралы және өзге де іскерлік байланыстары туралы мәліметтер	10, 12, 13, 14, 42, 43, 45, 228	
2-7	Ұйымның штаттағы қызметкерлері	126, 127, 131, 132	
2-8	Қызметкерлері болып табылмайтын жұмыскерлер	126	

№	Ашылатын мәліметтер	Беті	Түсініктемелер/ерекшеліктер
3. Корпоративтік басқару			
2-9	Басқарудың құрылымы мен құрамы	57, 176, 177, 179, 180	Компания ДК мүшелері атқаратын басқа лауазымдар туралы деректерді ашпайды. Компанияда «атқарушы» және «атқарушы емес» ДК мүшесі ұғымдары қолданылмайды.
2-10	Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі	190	
2-11	Жоғары басқару органының төрағасы	176, 195	
2-12	Әсерлерді басқаруды бақылауды қамтамасыз етудегі жоғары басқару органының рөлі	57, 75, 87, 92, 106, 150, 162, 191, 192, 198, 211, 213, 216, 225, 227, 234, 235	
2-13	Әсерлерді басқару үшін жауапкершілікті табыстау	57, 106, 225, 227, 276	
2-14	Тұрақты даму жөніндегі есептіліктегі жоғары басқару органының рөлі	192	
2-15	Мүдделер қақтығысы	190, 222	
2-16	Аса маңызды проблемалар туралы ақпарат беру	198, 199, 201, 223	
2-17	Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	57, 179	
2-18	Жоғары басқару органының қызметін бағалау	180, 195	Есепті жылы Директорлар кеңесінің 2025 жылдың қорытындысы бойынша қызметін бағалау өзін-өзі бағалау форматында өткізілді.
2-19	Сыйақы беру саясаты	197	
2-20	Сыйақыны айқындау тәртібі	197	
2-21	Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	197, 197	Компания ұйымның ең жоғары ақы төленетін қызметкерінің жылдық жиынтық сыйақысының пайыздық ұлғаюының және қалған барлық қызметкерлердің (ең жоғары ақы төленетін қызметкерді қоспағанда) жылдық жиынтық сыйақысының медианалық пайыздық ұлғаюының арақатынасын ашпайды.

№	Ашылатын мәліметтер	Беті	Түсініктемелер/ерекшеліктер
4. Стратегия, саясаттар және іс-тәжірибелер			
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	4, 4, 61	
2-23	Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	57, 61, 95, 144, 166, 211, 213, 214, 225, 232	
2-24	Саясаттар бойынша міндеттемелерді іске асыру	70, 144, 144, 216, 217, 220, 232	
2-25	Теріс әсерді төмендету тетіктері	146, 147, 160, 198, 221, 223	
2-26	Консультацияларға жүгіну және проблемалар туралы хабарлау тетіктері	147, 160, 223, 229	
2-27	Заңдар мен қағидаларды сақтау	95, 96, 98	Компания заңнаманың талаптарын сақтамаудың елеулі жағдайларын, соның ішінде ҚР табиғат қорғау заңнамасын бұзумен байланысты айыппұлдарды ашады.
2-28	Қауымдастықтарға мүшелік	72	
5. Мүдделі тараптармен диалог			
2-29	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі	70, 99, 122, 144, 150, 166, 216, 217	
2-30	Ұжымдық шарттар	122, 144, 150	
GRI 3: Маңызды тақырыптар			
3-1	Маңызды тақырыптарды айқындау тәртібі	241	
3-2	Маңызды тақырыптар тізбесі	241, 352	
3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	42, 44, 51, 75, 78, 81, 87, 89, 92, 95, 100, 101, 104, 106, 117, 122, 144, 144, 146, 150, 152, 162, 166, 176, 211, 213, 214, 216, 222, 225, 227, 234, 235	Маңызды тақырыптарды басқару жөніндегі қызмет туралы ақпарат Есептің тиісті тақырыптық тарауларында ашылады.

САЛАЛЫҚ СТАНДАРТ

GRI стандарты/ мағыналы тақырып	Ашылатын мәліметтер	GRI 11	Беті
11.1 Парниктік газдар шығарындылары			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.1.1	75, 87,
GRI 302: Энергия 2016	302-1. Ұйым ішіндегі энергия тұтыну	11.1.2	90, 90 Компания және оның еншілес ұйымдары энергия ресурстарын үшінші тараптарға сатпайды. Компания салқындату энергиясын және бу энергиясын тұтынбайды және үшінші тараптарға қайта сатпайды.
	302-2. Ұйымнан тыс жерде энергия тұтыну	11.1.3	90 Компания ұйымнан тыс жерде энергия тұтынудың есебін жүргізбейді.
	302-3. Энергия сыйымдылығы	11.1.4	90, 91
GRI 305: Парниктік газдар шығарындылары 2016	305-1. Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1)	11.1.5	84, 85 Компания биогенді шығарындыларды жасамайды.
	305-2. Парниктік газдардың жанама шығарындылары (Scope 2)	11.1.6	84, 85
	305-3. Парниктік газдардың өзге де жанама шығарындылары (Scope 3)	11.1.7	84 Есепті жылы Компания Scope 3 бойынша ПГ шығарындыларына бағалау жүргізген жоқ.
	305-4. Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	11.1.8	84, 86
11.2 Климаттық стратегия			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.2.1	75, 78, 87
GRI 201: Экономикалық көрсеткіштер 2016	201-2. Климаттық өзгерістерге байланысты ұйым қызметіндегі қаржылық жауапкершілік және өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер	11.2.2	78, 89
GRI 305: Парниктік газдар шығарындылары 2016	305-5. Парниктік газдар шығарындыларын азайту	11.2.3	84, 86
11.3 Атмосфераға шығарындылар			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.3.1	100
GRI 305: Парниктік газдар шығарындылары 2016	305-7. Атмосфераға азот (NOx) және күкірт (SOx) оксидтерінің және басқа да маңызды ластаушы заттардың шығарындылары	11.3.2	100, 101 Компания тұрақты органикалық ластағыштардың (ТОЛ) шығарындыларын жасамайды.

GRI стандарты/ мағыналы тақырып	Ашылатын мәліметтер	GRI 11	Беті
11.4 Биологиялық алуантүрлілік			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.4.1	106
GRI 101: Биологиялық алуантүрлілік 2024	101-1. Биологиялық алуантүрлілікті жоғалтуды тоқтату және кері дамыту жөніндегі саясаттар мен міндеттемелер	11.4.2	106
	101-2. Биологиялық алуантүрлілікке әсерлерді басқару	11.4.3	107
	101-3. Биологиялық алуантүрлілікті пайдаланудан түсетін пайдаға қол жеткізу және оны бөлу		106
	101-4. Биологиялық алуантүрлілікке әсер етуді анықтау	11.4.4	108
	101-5. Компания қызметінің биологиялық алуантүрлілікке әсер ететін аумақтарының орналасуы	11.4.5	112
	101-6. Биологиялық алуантүрлілікті жоғалтудың тікелей факторлары	11.4.6	112
	101-7. Биологиялық алуантүрлілік жағдайындағы өзгерістер	11.4.7	112
	101-8. Экожүйелік қызметтер	11.4.8	110
11.5 Қалдықтарды басқару			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.5.1	104
GRI 306: Қалдықтар 2020	306-1. Қалдықтардың түзілуі және қалдықтарға байланысты елеулі салдарлар	11.5.2	104
	306-2. Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	11.5.3	104
	306-3. Қалдықтардың түзілуі	11.5.4	104, 106
	306-4. Қалпына келтіруге бағытталған қалдықтар	11.5.5	104, 106
	306-5. Жоюға бағытталған қалдықтар	11.5.6	104, 106

GRI стандарты/ мағыналы тақырып	Ашылатын мәліметтер	GRI 11	Беті
11.6 Су ресурстарын және сарқынды суларды басқару			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.6.1	101
GRI 303: Су және сарқынды сулар 2018	303-1. Су ресурстарын ортақ пайдаланылатын ресурстар ретінде жауапты басқару	11.6.2	101
	303-2. Су төгінділерімен байланысты әсерлерді басқару	11.6.3	101
	303-3. Алынатын судың жалпы мөлшері	11.6.4	101, 102, 102
	303-4. Сарқынды сулардың төгінділері	11.6.5	101, 103, 103, 104
	303-5. Суды тұтыну	11.6.6	101, 104
11.7 Жабу және қалпына келтіру			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.7.1	117
11.8 Активтердің сақталуы және сыни оқыс оқиғаларды басқару			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.8.1	
GRI 306: Сарқынды сулар мен қалдықтар 2016	306-3 (2016). Елеулі ағулар	11.8.2	
11.9 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.9.1	150, 152, 162
GRI 403: Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік 2018	403-1. Жұмыс орнындағы еңбек қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі	11.9.2	150, 152, 156, 159
	403-2. Қауіптілікті сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру	11.9.3	152, 156, 162
	403-3. Денсаулықты қорғау қызметі	11.9.4	164
	403-4. Қызметкерлердің еңбек қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша қатысуы, консультациялар мен коммуникациялар	11.9.5	150, 153, 160
	403-5. Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіптік даярлық	11.9.6	160, 162
	403-6. Қызметкерлердің денсаулығын ілгерілету	11.9.7	160, 164
	403-7. Іскерлік қатынастармен тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі үшін салдарларды болдырмау және жұмсарту	11.9.8	153, 160, 163
	403-8. Жұмыс орнындағы еңбек қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	11.9.9	153, 154
	403-9. Өндірістік жарақаттар	11.9.10	152, 157, 162 Компания жалдамалы болып табылмайтын, бірақ жұмысы және/немесе жұмыс орны ұйыммен бақыланатын қызметкерлер жөнінде ақпарат ашпайды.
	403-10. Кәсіптік сырқаттар	11.9.11	165
11.10. Жұмысқа орналастыру іс-тәжірибесі			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.10.1	122
GRI 401: Жұмыспен қамтылу 2016	401-1. Жаңадан жалданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы	11.10.2	133, 133, 133, 134, 136, 136
	401-2. Уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге арналған жеңілдіктер	11.10.3	126, 140 Компанияда «маңызды қызмет орындары» үшін пайдаланылатын ұғым қолданылмайды.
	401-3. Бала күтімі бойынша демалыс	11.10.4	133, 134
GRI 402: Еңбек және еңбек қатынастары 2016	402-1. Жедел өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз мерзімдері	11.10.5	133

GRI стандарты/ мағыналы тақырып	Ашылатын мәліметтер	GRI 11	Беті
GRI 404: Оқыту және дамыту 2016	404-1. Бір қызметкерді оқытудың орташа жылдық сағат саны	11.10.6	137, 138
	404-2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және үздіксіз кәсіптік өсу бағдарламалары	11.10.7	137
GRI 414: Жеткізушілерді әлеуметтік бағалау 2016	414-1. Әлеуметтік критерийлерді қолдана отырып іріктелген жаңа жеткізушілер	11.10.8	2025 жылы әлеуметтік критерийлерді қолдана отырып, жаңа жеткізушілерді іріктеу жүргізілген жоқ.
	414-2. Жеткізу тізбегіндегі теріс әлеуметтік салдарлар және қабылданған іс-қимылдар	11.10.9	228, 231
11.11 Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.11.1	122, 144, 146, 176
GRI 202: Нарықта болу 2016	202-2. Жергілікті қоғамдастықтан жалданған жоғары басшылықтың үлесі	11.11.2	196
GRI 401: Жұмыспен қамтылу 2016	401-3. Бала күтімі бойынша демалыс	11.11.3	133, 134
GRI 404: Оқыту және дамыту 2016	404-1. Бір қызметкерді оқытудың орташа жылдық сағат саны	11.11.4	137, 138
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	405-1. Басшы органдар мен қызметкерлердің әлеуметтік-мәдени көптүрлілігі	11.11.5	129, 130, 144, 180
	405-2. Әйелдер мен ерлердің базалық жалақысының қатынасы	11.11.6	144, 146
GRI 406: Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл 2016	406-1. Кемсітушілік жағдайларының жалпы саны және қолданылған шаралар	11.11.7	144, 146
11.12 Мәжбүрлі еңбек және қазіргі заманғы құлдық			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.12.1	
GRI 409: Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек 2016	409-1. Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек жағдайларының елеулі тәуекеліне ұшырағыш операциялар мен жеткізушілер	11.12.2	
11.13 Қауымдасу еркіндігі			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.13.1	225
GRI 407: Бірлесу еркіндігі және ұжымдық келіссөздер жүргізу 2016	407-1. Бірлесу еркіндігін пайдалану және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы тәуекелге ұшырауы мүмкін бөлімшелер мен жеткізушілер	11.13.1	228
11.14 Экономикалық нәтижелілік			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.14.1	44
GRI 203: Жанама экономикалық әсер 2016	203-1. Инфрақұрылымға және өтеусіз қызметтерге инвестициялар	11.14.4	47, 170, 171
	203-2. Елеулі жанама экономикалық әсерлер	11.14.5	170, 228
GRI 204: Сатып алу іс-тәжірибелері 2016	204-1. Жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі	11.14.6	229, 230 Компанияда «маңызды қызмет орындары» үшін пайдаланылатын ұғым қолданылмайды.
11.15 Жергілікті қоғамдастықтар			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.15.1	166
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар 2016	413-1. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл бағдарламалары, жергілікті қоғамдастықтарға қызметтің әсерін бағалау бағдарламалары және жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламалары іске асырылған бөлімшелер пайызы	11.15.2	166
	413-2. Жергілікті қоғамдастықтарға елеулі нақты және ықтимал теріс әсері бар қызмет	11.15.3	167 2025 жылы Компания әсер етудің осы түріне бағалау жүргізген жоқ.
11.17 Байырғы халықтардың құқықтары			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.17.1	144
GRI 411: Байырғы халықтардың құқықтары 2016	411-1. Байырғы халықтардың құқықтарын бұзу жағдайлары	11.17.2	146
11.18 Қақтығыстар және қауіпсіздік			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.18.1	122, 150
GRI 410: Қауіпсіздік іс-тәжірибелері 2016	410-1. Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері адам құқықтары саласындағы саясат немесе рәсімдер мәселелері бойынша оқудан өтті	11.18.2	137, 160
11.19 Бәсекелестікке кедергі келтіру			

GRI стандарты/ мағыналы тақырып	Ашылатын мәліметтер	GRI 11	Беті
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.19.1	222
GRI 206: Бәсекелестікке кедергі келтіру 2016	206-1. Бәсекелестікке кедергі келтіруге және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты ұйымға қатысты құқықтық іс-әрекеттер жағдайларының жалпы саны және олардың нәтижелері	11.19.2	222
11.20 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.20.1	216, 218
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2016	205-1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалаудан өткен ұйымның қызметі	11.20.2	220
	205-2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы ақпарат беру және оларға үйрету	11.20.3	216, 217, 219
	205-3. Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	11.20.4	221, 223
11.21 Мемлекетке төлемдер			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.21.1	44, 52
GRI 201: Экономикалық көрсеткіштер 2016	201-1. Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн	11.21.2	47, 55
	201-4. Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	11.21.3	Есепті кезеңде Компания мемлекеттен қаржылық көмек алған жоқ.
GRI 207: Салықтар 2019	207-1. Салық салу тәсілі	11.21.4	53
	207-2. Салық саясаты, тәуекелдерді бақылау және басқару	11.21.5	53
	207-3. Салық салу тұрғысында стейкхолдерлермен және басшылықпен өзара іс-қимыл	11.21.6	55
11.22 Мемлекеттік саясат			
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3. Маңызды тақырыптарды басқару	11.22.1	
GRI 415: Мемлекеттік саясат 2016	415-1. Саяси жарналар	11.22.2	223

Қосымша көрсеткіштер

Ашылатын мәліметтер	Беті	Түсініктемелер/ ерекшеліктер
302-4. Энергия тұтынуды қысқарту	91, 92	
308-1. Экологиялық критерийлерді қолдана отырып іріктелген жаңа жеткізушілер		2025 жылы экологиялық критерийлерді қолдана отырып, жаңа жеткізушілерді іріктеу жүргізілген жоқ.
404-3. Есепті кезең ішінде жұмыс нәтижелері бойынша және мансаптың дамуына қатысты тұрақты кері байланыс алатын қызметкерлердің үлесі	140	
418-1. Клиенттердің жеке өміріне қол сұғылмаушылықтың бұзылуына және олардың деректерінің жоғалуына орынды шағымдар	235	2025 жылы Компанияға дербес деректердің сақталуын бұзумен байланысты жүгінулер болған жоқ.

3-қосымша.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ПЕН РӘСІМДЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

Басқарма мүшелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер мәселелері туралы ақпарат беру

GRI 205-2 (a)

Жыл	2023			2024			2025		
Өңір	Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген басқару органдары мүшелерінің пайызы	Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген басқару органдары мүшелерінің пайызы	Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген басқару органдары мүшелерінің пайызы
Астана қ.	27	27	100%	18	18	100%	25	25	100%
Алматы қ.	13	13	100%	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Абай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Атырау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жамбыл облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жетісу облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қостанай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қызылорда облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ұлытау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Оңтүстік Қазақстан облысы[201]	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	4	4	100%	0	0	0	0	0	0
ЖИЫНЫ	**44**	**44**	**100%**	**18**	**18**	**100%**	**25**	**25**	**100%**

[201] Анықтама ретінде, 2022 жылдың үлгісі бойынша.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер мәселелері туралы ақпарат беру, қызметкерлер санаттары бойынша бөліністер

GRI 205-2 (b)

Жыл	2023			2024			2025		
Өңір	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің пайызы
Астана қ.	711	711	100%	723	723	100%	787	787	100%
Алматы қ.	797	797	100%	1 008	1 008	100%	796	796	100%
Шымкент қ.	906	906	100%	1 443	1 443	100%	940	940	100%
Абай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	190	190	100%	153	153	100%	233	233	100%
Ақтөбе облысы	1 717	1 717	100%	1 707	1 707	100%	1 800	1 800	100%
Алматы облысы	283	283	100%	0	0	0	212	212	100%
Атырау облысы	1 421	1 421	100%	1 430	1 430	100%	1 512	1 512	100%
Батыс Қазақстан облысы	1 499	1 499	100%	1 553	1 553	100%	1 520	1 520	100%
Жамбыл облысы	1 116	1 116	100%	984	984	100%	1 180	1 180	100%
Жетісу облысы	44	44	100%	144	144	100%	187	187	100%
Қарағанды облысы	261	261	100%	351	351	100%	279	279	100%
Қостанай облысы	641	641	100%	646	646	100%	646	646	100%
Қызылорда облысы	672	672	100%	683	683	100%	740	740	100%
Маңғыстау облысы	1 107	1 107	100%	1 085	1 085	100%	1 154	1 154	100%
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	1 358	1 358	100%	849	849	100%	1 528	1 528	100%
Ұлытау облысы	45	45	100%	13	13	100%	53	53	100%
Шығыс Қазақстан облысы	31	31	100%	35	35	100%	41	41	100%
Оңтүстік Қазақстан облысы[202]	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	0	0	1	0	0	0	1	1	100%
ЖИЫНЫ	**3 148**	**100%**	**12 800**	**12 807**	**12 807**	**100%**	**13 609**	**13 609**	**100%**

[202] Анықтама ретінде, 2022 жылдың үлгісі бойынша.

Жыл	2023			2024			2025		
Қызметкерлердің санаты	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген қызметкерлердің пайызы
Жоғары менеджмент	44	44	100%	18	18	100%	25	25	100%
ӘБП	1 136	1 136	100%	1 117	1 117	100%	1 134	1 134	100%
Өндірістік персонал	11 664	11 664	100%	11 879	11 879	100%	12 450	12 450	100%
Қызмет көрсетуші персонал	0	0	0	0	0	0	0	0	0
ЖИЫНЫ	**12 800**	**12 800**	**100%**	**12 996**	**12 996**	**100%**	**13 609**	**13 609**	**100%**

Контрагенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер мәселелері туралы ақпарат беру, қызметкерлер санаттары бойынша бөлініспен

GRI 205-2 (c)

Жыл	2023			2024			2025		
	Іскерлік серіктестердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген іскерлік серіктестердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген іскерлік серіктестердің пайызы	Іскерлік серіктестердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген іскерлік серіктестердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген іскерлік серіктестердің пайызы	Іскерлік серіктестердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген іскерлік серіктестердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы ақпарат берілген іскерлік серіктестердің пайызы
ТЖҚ сатып алу жөніндегі жеткізушілер[203]	2 196	2 196	100%	2 644	2 644	100%	2 456	2 456	100%
ЖИЫНЫ	**2 196**	**2 196**	**100%**	**2 644**	**2 644**	**100%**	**2 456**	**2 456**	**100%**

[203] [GRI 2-4] 2023 және 2024 жылдардағы көрсеткіштер деректерді нақтылауға байланысты түзетілді.

Басқарма мүшелерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер мәселелері бойынша оқыту

GRI 205-2 (d)

Жыл	2023			2024			2025		
Өңір	Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің пайызы	Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің пайызы	Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің пайызы
Астана қ.	27	12	44,4%	18	15	88,8%	26	25	96,2%
Алматы қ.	13	12	92,3%	0	0	0	0	0	0
Шымкент қ.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Абай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Атырау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жамбыл облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жетісу облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қостанай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қызылорда облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ұлытау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Оңтүстік Қазақстан облысы[204]	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	4	4	100%	0	0	0	0	0	0
ЖИЫНЫ	**44**	**28**	**63,6%**	**18**	**15**	**88,8%**	**26**	**25**	**96,2%**

[204] Анықтама ретінде, 2022 жылдың үлгісі бойынша.

Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер мәселелері бойынша оқыту, қызметкерлер санаттары бойынша бөлініспен

GRI 205-2 (e)

Жыл	2023			2024			2025		
Өңір	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы
Астана қ.	711	711	100%	723	446	61,7%	787	375	47,6%
Алматы қ.	797	797	100%	1008	800	79,3%	796	0	0%
Шымкент қ.	906	906	100%	1443	877	60,8%	940	585	59,4%
Абай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	190	190	100%	153	108	70%	233	137	58,8%
Ақтөбе облысы	1 717	1 717	100%	1 707	398	23,3%	1 800	301	16,7%
Алматы облысы	283	283	100%	0	0	0	212	212	100%
Атырау облысы	1 421	1 421	100%	1 430	474	33,1%	1 512	527	34,9%
Батыс Қазақстан облысы	1 499	1 499	100%	1 553	484	31,2%	1 520	317	20,9%
Жамбыл облысы	1 116	1 116	100%	984	355	36,1%	1 180	508	43,1%
Жетісу облысы	44	44	100%	144	63	43,8%	187	106	56,7%
Қарағанды облысы	261	261	100%	351	134	38,2%	279	50	17,9%
Қостанай облысы	641	641	100%	646	329	51%	646	418	64,7%
Қызылорда облысы	672	672	100%	683	251	36,8%	740	134	18,1%
Маңғыстау облысы	1 107	1 107	100%	1 085	250	23,1%	1 154	248	21,5%
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	1 358	1 358	100%	849	753	88,7%	1 528	299	19,6%
Ұлытау облысы	45	45	100%	13	0	0	53	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	31	31	100%	35	22	62,9%	41	34	82,9%
Оңтүстік Қазақстан облысы[205]	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлер	1	1	100%	0	0	0	1	0	0
ЖИЫНЫ	**12 800**	**12 800**	**100%**	**12 825**	**5 744**	**44,8%**	**13 609**	**4327**	**31,8%**

[205] Анықтама ретінде, 2022 жылдың үлгісі бойынша.

Жыл	2023			2024			2025		
Қызметкерлердің санаты	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы
Жоғары менеджмент	44	28	63,6%	18	15	88,8%	25	14	56,0%
ӘБП	1 136	1 136	100%	1 063	860	80,9%	1 134	410	36,2%
Өндірістік персонал	11 664	11 664	100%	11 744	4 884	41,6%	12 450	3 903	31,3%
Қызмет көрсетуші персонал	0	0	0	0	0	0	0	0	0
ЖИЫНЫ	**12 844**	**12 828**	**99,8%**	**12 825**	**5 759**	**44,9%**	**13 609**	**4 327**	**31,8%**

4-қосымша. 2025 жылғы «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 590 қаулысына сәйкес өзгертулері ескеріле отырып) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қор) Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі — Кодекс) бекітілген.

Қор Басқармасының 2025 жылғы 3 шілдедегі шешімімен (№ 33/25 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі Қор тобына кіретін ұйымдардың корпоративтік басқару Кодексі ретінде бекітілді.

Кодекстің қолданылу аясы Қорға және Қор тобына кіретін ұйымдарға таралады. Қор мен ұйымдар Кодекс ережелерін сақтайды, сәйкессіздік болған жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысының сақталмау себептері туралы түсіндірмелерді көрсетеді. Егер Кодекс ережелеріне сәйкессіздік алты айдан астам уақытқа созылса, ұйым бұл туралы Қорды хабардар етеді және себептерінің тиісті түсіндірмесін ұсынады. Қор мен ұйымдардың Кодексті орындауын бақылау тиісінше Қор мен ұйымдардың директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшылар Кодекстің тиісінше сақталу мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және директорлар кеңестері мен Қор мен ұйымдардың атқарушы органына кеңес береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды. Кейіннен бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитеттерінің қарауына шығарылады, Директорлар кеңесімен бекітіледі және Қордың немесе ұйымның жылдық есеп құрамына енгізіледі.

Кодекс ережелерінің сақталмау жағдайлары Қор мен ұйымдардағы корпоративтік басқаруды бұдан былай да жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдана отырып, тиісті комитеттер мен директорлар кеңестерінің отырыстарында мұқият қаралады.

Ұйымдар Кодекс ережелерін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде басшылыққа алады.

Қор мен ұйымдардың корпоративтік басқару жүйесі Қор мен ұйымдардың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді және ұзақ мерзімді құндылықтың өсуі мен тұрақты дамуға бағытталған. Директорлар кеңесі аталған өзара қарым-қатынастар жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелерін мерзімді түрде қарап отырады. Органдардың құзыреті мен шешімдер қабылдау тәртібі жарғыда нақты анықталған және бекітілген.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі — Қоғам) корпоративтік басқару жүйесі Кодекс шеңберінде, соның ішінде мыналарды қамтамасыз етеді:

- мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды;
- органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты аражігін ажыратуды;
- Қор мен ұйымдар органдарының шешімдерді уақытылы және сапалы қабылдауын;
- Қор мен ұйымдар қызметіндегі процестердің тиімділігін;
- заңнамаға, Кодекске және Қор мен ұйымдардың ішкі құжаттарына сәйкестікті.

Қор «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңына сәйкес компанияларға қатысты бірыңғай саясатты қалыптастырады, ұйымдар үшін әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді. Мұндай бағыттарға адам ресурстарын, ақпараттық технологияларды, инвестицияларды, инновацияларды, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару, жоспарлау, экономика мен қаржы мәселелері және өзге де мәселелер кіреді. Қоғам, өз кезегінде, Қордың корпоративтік стандарттарын басшылыққа алады.

Қор компанияларды басқаруға акционердің (қатысушының) функцияларын іске асыру арқылы, сондай-ақ компаниялардың жарғыларында және Кодексте белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі арқылы қатысады.

Кодекстің қағидаттарын сақтау туралы есеп кіріспеден, әдіснамадан, қағидаттардың сақталуын талдаудан, анықталған кемшіліктер мен ұсынымдардан, сондай-ақ қорытындылардан тұрады. Бұл есеп Кодекс қағидаттарының сақталуын жан-жақты талдауға және оны жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

ЕСЕПТІҢ МАҚСАТТАРЫ

Осы есеп (талдау) «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген қағидаттар мен ережелерге сәйкестік деңгейін бағалау мақсатында дайындалды.

Есептің негізгі мақсаттары мыналар:

- Қағидаттардың сақталуын бағалау – Қоғамның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесіне талдау жүргізу, белгіленген талаптарға сәйкестік деңгейін айқындау және ауытқуларды анықтау.
- Жетілдіруге арналған салаларды айқындау – басқару тиімділігіне және Қоғамға деген сенімге әсер етуі мүмкін проблемалы салаларды анықтау.
- Ұсынымдарды қалыптастыру – корпоративтік басқару практикасын одан әрі жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- Ашықтықты қамтамасыз ету – Жалғыз акционерге және өзге де мүдделі тараптарға Қоғамдағы корпоративтік басқарудың жай-күйі туралы жан-жақты ақпарат ұсыну.

ЕСЕПТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кодекстің қағидаттарын сақтау туралы есеп маңызды құрал болып табылады:

- корпоративтік басқару сапасын және Қоғам органдарының жауапкершілік деңгейін арттыру;
- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның шешім қабылдау процестерін жетілдіру;
- Жалғыз акционер мен мүдделі тараптар тарапынан сенімді нығайту үшін маңызды құрал болып табылады.
- қоғамның тұрақты дамуын және ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз ету.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Кодекс тиімділік пен тұрақтылықты арттыруға арналған басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайды.

Кодекс Қоғам ішінде ашық әрі тиімді басқару жүйесін құруға бағытталған қағидаттар мен ұсынымдар жиынтығын білдіреді. Ол мынадай аспектілерді қамтиды:

- қызметтің ашықтығын және ақпаратты ашуды қамтамасыз ету;
- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның өкілеттіктері мен жауапкершілігін нақты бөлу;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау (Қоғамда миноритарлар жоқ);
- іскерлік этика мен адал мінез-құлық нормаларын сақтау;
- Компанияның стратегиясы мен операциялық қызметіне тұрақты даму қағидаттарын интеграциялау;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамыту;
- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның қызметінің тиімділігін үнемі бағалау.

Кодекс ережелерін іске асыру инвестициялық тартымдылықты арттыруға, іскерлік беделді нығайтуға және Қоғамның тұрақты бизнес-моделін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы Есепті дайындау кезінде: Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, Жалғыз акционердің шешімдері, атқарушы органның (CEO) есептері, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің есептері пайдаланылды.

Талдау Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау тетіктерін, басқару органдарының өзара іс-қимыл тиімділігін бағалауды, әдеп стандарттарының сақталуын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін, басқару органдарының қызметін бағалау практикасын көрсетеді.

Талданатын Кодекстің қағидаттары қорға деген сенімді нығайтуға ықпал етеді және тұрақты дамуды қамтамасыз етеді, бұл оның елдегі әлеуметтік және экономикалық рөлі үшін өте маңызды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕСТІКТІ ТАЛДАУ

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі есепті кезеңде ашықтық, жауапкершілік, адалдық және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес жұмыс істеді.

Ашықтық ақпаратты тұрақты түрде ашу, Жалғыз акционерге есептілік ұсыну және Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарында негізгі мәселелерді қарау арқылы қамтамасыз етіледі.

Басқару органдарының жауапкершілігі өкілеттіктерді нақты бөлу, бекітілген жұмыс регламенттері және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау арқылы іске асырылады.

Акционерлердің құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтаумен қамтамасыз етіледі. Қоғамда миноритарлық акционерлер жоқ, бұл олардың құқықтарының бұзылу тәуекелін жоққа шығарады.

Бизнесті әдепті жүргізу комплаенс-практикаларды енгізу, өтініштерді қарау тетіктерінің жұмыс істеуі және ішкі саясаттардың сақталуын бақылау арқылы қолдау табады.

Тұрақты даму стратегиялық құжаттарға біріктірілген және басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі.

Басқарудың тиімділігі Директорлар кеңесі мен атқарушы органның қызметін жүйелі түрде бағалау, сондай-ақ ішкі рәсімдерді жетілдіру арқылы қамтамасыз етіледі.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ САҚТАЛУЫН ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша есепті кезеңде Қоғам жалпы алғанда Кодекс талаптарын сақтайтыны анықталды.

Мынадай 19 ереже Қоғамның құрылымдық ерекшеліктеріне және Жалғыз акционердің болуына байланысты Қоғамға қолданылмайды деп танылды. Бұл қолданылмаушылық корпоративтік басқару қағидаттарының сақталмауын білдірмейді, өйткені тиісті нормалар Қоғамның қызметіне қатысы жоқ мәселелерді реттейді.

Кодекске сәйкестік деңгейін есептеу кезінде аталған 19 ереже ескерілген жоқ. Бағалау жалпы 165 ереженің ішінен қолданылатын 146 ережені негізге ала отырып жүргізілді.

Қолданылатын 146 ереженің ішінен:

- 139 ереже толық сақталады (95,3%);
- 7 ереже ішінара сақталады (4,7%).

Жалпы алғанда, Кодекстің қолданылатын ережелеріне сәйкестік деңгейі 95,3%-ды құрайды, бұл Қоғамда корпоративтік басқару қағидаттарының енгізілу деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

5 -қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«QazaqGaz «ҰК» АҚ акционеріне, Директорлар кеңесіне және Басшылығына:

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «QazaqGaz «ҰК» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Топтың келесілерді қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнімен аяқталған жылдағы жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын Аудиторлық қызмет туралы заңның әдеп талаптарына және жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) сәйкес Топқа тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біздің аудиторлық тәсіліміз

Қысқаша шолу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы тұтастай алғанда: 13,800 миллион қазақстандық теңге, бұл салық салуға дейінгі пайданының 5% құрайды.

- Топтың аудит көлеміне Компания, төрт еншілес кәсіпорын және екі бірлескен кәсіпорын кірді.
- Аудит көлемі топ кірісінің 99% - және салық салуға дейінгі топтың абсолютті пайдасының 100% қамтиды.

- Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы
- «GPC Investment» ЖШС күтілетін сатуды есепке алу

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың қандай салалар бойынша субъективті паймдаулар жасағанын талдадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бағалау мәндеріне қатысты. Біздің барлық аудиттеріміздегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды да қарастырдық.

Маңыздылық

Біз аудит көлемін маңыздылықты қолдана отырып анықтадық. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалауларды қамтымайтынына қатысты негізді сенімділік алуға арналған. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Өзіміздің кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмалаулардың тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық	13,800 миллион теңге
Біз оны қалай анықтадық	Салық салуға дейінгі пайданың шамамен 5%
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз салыққа дейінгі пайданы базалық көрсеткіш ретінде пайдалануды таңдадық, өткені осы базалық көрсеткіштіпайдаланушылар Топтың қызмет нәтижелерін бағалау үшін пайдаланады және ол жалпы қабылданған базалық көрсеткіші болып табылады деп есептейміз. Біз маңыздылықты 5% деңгейінде анықтадық, бұл осы сектордағы пайда алуға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданылатын маңыздылықтың қолданыстағы бастапқы мәндері диапазонына сәйкес келеді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді
Ұзақ мерзімді активтерді құнсыздандыру *Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3, 6, 7, 8-ескертпелер* 2025 жылы Топтың пайдалылығына газ сатып алу бағасының өсуі және Топ жұмыс істейтін экономикалық ортаның өзгеруі әсер етті. Топтың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 2,005,982 миллион теңге болатын ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздануы мүмкін екенін көрсетеді (негізгі құралдар – 1,975,855 миллион теңге, барлау және бағалау активтері – 2,807 миллион теңге, пайдалану құқығы бар активтер – 22,267 миллион теңге, материалдық емес активтер – 5,053 миллион теңге). Активтердің өтелетін сомасы оларды пайдалану құндылығын ескере отырып айқындалды. Өтелетін соманы анықтау болашақтағы болжамды ақша ағындарына, дисконттау мөлшерлемелеріне және негізгі өндірістік шығындар деңгейіне қатысты айтарлықтай пайымдаулар мен басшылықтың болжамдарын талап етеді. Бұл болжамдар нарықтық жағдайлардың белгісіздігіне байланысты айтарлықтай құбылмалылыққа ұшырайды. Құнсыздану сынағының нәтижесінде ұзақ мерзімді активтердің өтелетін сомасы олардың баланстық құнынан асып түсті. Тиісінше, Компания 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша құнсызданудан болған шығынды есепке алған жоқ. Біз активтердің баланстық құнының маңыздылығына және өтелетін соманы анықтау кезінде айтарлықтай пайымдау қажет екендігіне байланысты осы салаға назар аударды.	Біздің процедураларымызға мыналар кірді: • Біз ішкі процестер мен бақылау туралы түсінік алдық және 36 ХҚЕС (IAS) сәйкестігі үшін ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын бағалау кезінде басшылық қолданатын әдістемені талдадық. • Біз басшылық дайындаған құнсыздану үлгілерін алдық, олармен таныстық және бағаладық, сондай-ақ есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік. Біз ішкі нарықтағы тарифтер, экспорттық сату бағалары, тасымалдау және өндіру көлемі, инфляция деңгейі, елге тән тәуекелдер және шетел валюталарының бағамдары сияқты модельдерде қолданылатын әдіснамалар мен болжамдарға талдау жасадық. • Біз құнсыздану үлгілерінде басшылық қолданатын дисконттау мөлшерлемелерін талдау үшін бағалау бойынша сарапшыларымызды пайдаландық. • Біз болашақ операциялық және күрделі шығындарды, сондай-ақ кіріс болжамдарын соңғы бекітілген бизнес-жоспарлар мен бюджеттермен салыстырдық. • Біз құнсыздану модельдерінде қолданылатын негізгі болжамдарды ақша ағындарын тудыратын тиісті бірліктердің тарихи көрсеткіштерімен салыстырдық. • Біз олардың құнсыздану нәтижелеріне ықтимал әсерін және өтелетін соманың ықтимал нәтижелерінің ауқымын бағалау үшін негізгі болжамдардың сезімталдығын талдадық. • Біз 36 ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкестігі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3,6,7 және 8-ескертпелерде тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

"GPC Investment" ЖШС күтілетін сатуды есепке алу

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 5-ескертпе

2024 жылғы 14 ақпанда Топ бас компания «Самұрық-Қазына» АҚ-нан, жалпы сомасы 38,737,143 мың теңгеге жай акциялар шығару арқылы «GPC Investment» ЖШС-ның (бұдан әрі - "GPCI") 100% үлесін сатып алды. GPCI сатып алу жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымды сатып алу ретінде көрсетілді. Топ 25% үлесін сақтай отырып, 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін GPCI-дегі 75% үлесін сатуды жоспарлап отыр.

GPCI шығу тобы ретінде жіктеу Топ басшылығының, әсіресе жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымды сатып алуды есепке алуға, сондай-ақ GPCI-ді 5 ХҚЕС (IFRS) сәйкес шығу тобы ретінде жіктеуге және бағалауға, оның ішінде сату ықтималдығын бағалауды және шығу тобының құнын бағалауды талап етеді.

GPCI-ді 5-ші ХҚЕС бойынша сату тобы ретінде жіктеу және өлшеу, соның ішінде сату ықтималдығын бағалау және сату тобының құнын өлшеу Басшылықтың айтарлықтай пікірін талап етеді.

Біз бұл мәмілеге сатуға арналған деп жіктелген шығару тобының активтерінің баланстық құнының маңыздылығына және оның елеулі бухгалтерлік пайымдаулар мен бағалауларды қамтитындығына байланысты назар аудардық.

Біздің процедураларымызға мыналар кірді:

- Біз басшылықтың GPCI-ді 5-ші ХҚЕС бойынша жою тобы ретінде жіктеуге берген бағасын алып бағаладық, сондай-ақ 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тиісті критерийлерге сәйкес келетіндігін бағаладық.
- Біз Топ пен Urbacon Concessions Investments WLL арасындағы GPCI-дегі 75% үлестің күтілетін сатылуына қатысты сату-сатып алу туралы келісімнің жобасын қарап шықтық.
- Біз есепті күні сатудың жоғары ықтималдығын бағалау бойынша келіссөздердің жүріп жатқанын растау үшін Топ пен Urbacon Concessions Investments WLL арасындағы хат алмасуды талдадық.
- Біз басшылықпен олардың жоспарларын, мәмілені белгіленген мерзімде аяқтау ықтималдығын және GPCI бақылауының ауысуын талдауды талқыладық.
- Біз 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығу тобының әділ құнын оның баланстық құнымен салыстырдық.
- Біз күтілетін іске асыруға байланысты GPCI қатысу үлесінің 75% байланысты операцияларды есепке алу және ашу тәртібін қарауға көмектесу үшін бухгалтерлік есеп бойынша техникалық мамандарды шақырдық.
- Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне 5-ескертпеде 5 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкестігіне тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

Топтың аудит көлемін анықтау

Біз аудиттің көлемін тұтастай Топтың құрылымын, Топ пайдаланатын есепке алу процестерін және бақылау құралдарын, сонымен қатар Топ өз қызметін жүзеге асыратын сала ерекшелігін ескере отырып шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмысты орындай алатындай етіп анықтадық.

Топтық аудитке жалпы көзқарасты анықтау кезінде біз Топтық аудитор немесе компоненттік аудитор ретінде орындауымыз керек жұмыс түрін анықтадық.

Топтың газ тасымалдау және газ өндіру қуаттары Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың активтері мен операциялары, қызметі бірлесіп бақыланатын жеті ұйымды қоса алғанда, жиырма субъектіге (компоненттерге) бөлінеді. Олардың ішінде біз жеті компонентті маңызды деп анықтадық, оның ішінде компания, оның төрт еншілес компаниясы және екі бірлескен кәсіпорын.

Барлық маңызды компонент бойынша біз олардың қаржылық ақпаратына толық аудит жүргіздік, оны Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланады.

Жалпы, біздің аудит көлемі 99% активтерді, 99% түсімді және салық салуға дейінгі абсолютті пайданың 100% қамтиды. Орындалған рәсімдер бізге Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алуға мүмкіндік берді, бұл біздің пікірімізге негіз болады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпаратта жылдық есеп қамтылған, (бірақ онда шоғырландырылған қаржылық есептілік және осы есептілік туралы біздің аудиторлық есеп қамтылмаған), жылдық есеп бізге аудиторлық есебіннің күнінен беріледі деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмалаулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есепті шолу нәтижесінде онда елеулі бұрмалану бар деген қорытынды жасасақ, біз мұны корпоративті басқару үшін жауапты тұлғалар назарына жеткізуіміз керек.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен дұрыс ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларда қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте және біздің пікіріміз берілген аудиторлық есеп шығарылымында алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың немесе бизнес-бірліктердің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін топтық аудитті жоспарлаймыз және орындаймыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал етеді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

Тапсырма жетекшісі, аталған тапсырма нәтижесінде тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған – Алмаз Садыков.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

Pricewaterhouse Coopers LLP

Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС

(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Алмаз Садыков
Аудитор-орындаушы
(2019 жыл 8 ақпандағы
№МФ-0000745
Біліктілік куәлігі)

2026 жылғы 27 ақпан

Астана, Қазақстан

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанға

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	1.975.855	1.593.607
Барлау және бағалау бойынша активтер		2.807	5.590
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	7	22.267	44.540
Материалдық емес активтер		5.053	4.405
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар		9.478	–
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	8	1.037.959	1.071.298
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		3	1.332
Өтелуге жататын ҚҚС	10	115.815	62.712
Кейінге қалдырылған салық активтері	29	45.617	28.450
Басқа айналымнан тыс қаржылық активтер	9	4.836	5.029
Басқа да айналымнан тыс активтер		1.563	1.549
Банк салымдары		1.896	2.358
		3.223.149	**2.820.870**
Айналымдағы активтер			
Қорлар	12	81.952	91.011
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	13	254.712	237.132
Берілген аванстар		429	1.882
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	30	2.049	–
Өтелуге жататын ҚҚС және табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	10	170.872	205.544
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	29	57.444	54.476
Басқа да айналымдағы активтер		1.019	1.081
Басқа да айналымдағы қаржы активтері	9	3.493	63.269
Банк салымдары		4.065	1.600
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	542.804	606.625
		1.118.839	**1.262.620**
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		324.337	239.865
		1.443.176	**1.502.485**
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		**4.666.325**	**4.323.355**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанға (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 31 желтоқсан
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	14	740.138	495.906
Қосымша төленген капитал		47.878	38.489
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		3.844	2.800
Басқа резервтер		(187)	(107)
Бөлінбеген пайда		2.519.656	2.292.824
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		**3.311.329**	**2.829.912**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	560.469	492.737
Банктік кредиттер	16	4.453	9.633
Жалдау бойынша міндеттемелер	18	8	29.613
Қызметкерлерге сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелер	21	296	292
Резервтер	17	88.248	82.984
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		1.310	3.287
Шарт бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	19	11.355	10.519
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	29	84.786	73.301
		750.925	**702.366**
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	23.330	15.962
Банктік кредиттер	16	5.336	7.979
Резервтер	17	38.136	39.658
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	20	236.689	495.846
Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар		3.880	4.576
Жалдау бойынша міндеттемелер	18	29.620	25.372
Шарт бойынша міндеттемелер	19	4.117	3.523
Қызметкерлерге сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелер	21	24.117	20.567
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер		2.302	1.779
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		4.311	3.098
		371.838	**618.360**
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	5	232.233	172.717
		604.071	**791.077**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		**1.354.996**	**1.493.443**
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		**4.666.325**	**4.323.355**

*Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, себебі олар 2-ескертпеде келтірілген салыстырмалы ақпараттың қайта есептелуін көрсетеді.

Ж.Ж. Мирманов
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Е.Н. Бокаев
Бас бухгалтер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТАНА «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА АСТАНА ГОРОД АСТАНА АО «НК «QAZAQGAZ»

7-68 беттің аралығында қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 ж.	2024 ж.
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	22	1.349.814	1.259.400
Сатудың өзіндік құны	23	(1.391.996)	(1.289.658)
Жалпы шығын		**(42.182)**	**(30.258)**
Басқару ақысы	24, 30	17.105	47.568
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	(52.523)	(43.844)
Күтілетін кредиттік шығын резервін есептеу		(4.323)	(5.265)
Басқа да операциялық кірістер		7.624	4.676
Басқа да операциялық шығыстар		(7.050)	(4.416)
Операциялық шығын		**(81.349)**	**(31.539)**
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс	26	81.481	43.096
Қаржылық кіріс		–	7
Қаржылық шығындар	27	(40.121)	(40.629)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі		307.663	371.144
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	28	4.653	(39.644)
Салық салынғанға дейінгі пайда		**272.327**	**302.435**
Табыс салығы бойынша шығыстар	29	(6.560)	(2.969)
Жалғасатын қызметтен түскен жылдағы пайда		**265.767**	**299.466**
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі пайда/(шығын)	5	5.085	(10.373)
Жылдағы таза пайда		**270.852**	**289.093**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 ж.	2024 ж.
Басқа да жиынтық кіріс			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалаудан жүзеге асырылмаған шығын		(80)	(107)
Шетелдік операцияларды қайта есептеу кезінде болған бағамдық айырмалар		1.044	642
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын таза жиынтық кіріс		**964**	**535**
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелмейтін басқа да жиынтық шығын сомалары			
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық шығын		(17)	(32)
Табыс салығы бойынша шығыстардың әсері	29	3	6
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық шығын		**(14)**	**(26)**
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		**950**	**509**
Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс		**271.802**	**289.602**
Акцияға шаққандағы пайда, теңгемен			
Базалық және бөлінген	14	723,02	771,72
Базалық және бөлінген, жалғастырылған операциялардан		709,45	799,41
Базалық және бөлінген, тоқтатылған операциялардан		13,57	(27,69)

Ж.Ж. Мирманов
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Е.Н. Бокаев
Бас бухгалтер

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 ж.	2024 ж.
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түсімдер		1.387.931	1.384.417
Басқару ақысынан түсетін түсімдер		19.157	53.829
Алынған пайыздар		72.095	38.917
Салық органдарынан салықтардың қайтарылуы		63.419	12.476
Тарифті қайта есептеуге байланысты түсімдер	13	18.431	22.240
Басқа да түсімдер		3.945	4.493
Өнім берушілерге төлемдер		(1.566.393)	(1.214.303)
Төленген табыс салығы		(7.690)	(25.341)
Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер		(107.668)	(84.883)
Төленген пайыздар	32	(45.931)	(23.028)
Қаржылық жалдау бойынша төленген пайыздар	18, 32	(7.988)	(11.775)
Жұмыскерлерге төлемдер		(92.436)	(84.161)
Басқа да төлемдер		(18.905)	(18.792)
Операциялық қызметте (пайдаланылған)/түскен таза ақша ағындары		**(282.033)**	**54.089**
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Банк салымдарын қайтару		51.484	61.123
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		62	2.172
Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер	8	342.162	541.462
Қарыздық бағалы қағаздарды өтеу		60.000	61.851
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер		421.826	49.919
Бірлескен кәсіпорынды сатудан түскен түсімдер		–	1.264
Басқа да төлемдер		383	–
Ұзақ мерзімді қаржы активтерін сатып алу		–	(65.514)
Банк салымдарын орналастыру		(53.645)	(61.604)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(316.975)	(283.686)
Байланысты тараптарға қарыздар беру		(2.107)	(6.500)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу		(421.826)	(15.094)
Инвестициялық қызметте алынған таза ақша ағындары		**81.364**	**285.393**
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Пайыздық қарыздар бойынша түсімдер	32	65.885	116.472
Байланысты тараптың жарналары	32	101.677	142.623
Пайыздық қарыздарды өтеу	32	(7.796)	(30.058)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	32	(9.950)	–
Байланысты тараптан алынған қарыздарды өтеу	32	–	(8.222)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	18, 32	(25.358)	(21.704)
Жалғыз акционерге төленетін дивидендтер	14	–	(22.810)
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша ағындары		**124.458**	**176.301**
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		(76.211)	515.783
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма		(6.673)	43.557
Ақша қаражаты мен оның баламаларының өзгеруі		–	13
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	11	**626.124**	**66.771**
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	**11**	**543.240**	**626.124**

* 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың аяғындағы ақша қаражаты мен ақша қаражатының балама сомасы 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған ақша қаражаты мен ақша қаражатының балама сомасына сәйкес келмейді, өйткені ол сатуға арналған топтар туралы 5-параграфта ашылған ретінде жіктелген ақша қаражаты мен ақша қаражатының балама сомасын қамтиды.

Ж.Ж. Мирманов
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Е.Н. Бокаев
Бас бухгалтер

7-68 беттің аралығында қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Басқа резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2023 ж. 31 желтоқсанға		447.875	25.946	2.158	–	2.026.909	2.502.888
Бір жылғы таза пайда		–	–	–	–	289.093	289.093
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	–	642	(107)	(26)	509
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		**–**	**–**	**642**	**(107)**	**289.067**	**289.602**
Акциялар шығарылымы	14	48.031	–	–	–	(342)	47.689
Дивидендтер	14	–	–	–	–	(22.810)	(22.810)
Акционермен жасалған басқа да операциялар	14	–	12.543	–	–	–	12.543
2024 ж. 31 желтоқсанға		**495.906**	**38.489**	**2.800**	**(107)**	**2.292.824**	**2.829.912**
Бір жылғы таза пайда		–	–	–	–	270.852	270.852
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	–	1.044	(80)	(14)	950
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		**–**	**–**	**1.044**	**(80)**	**270.838**	**271.802**
Акциялар шығарылымы	14	244.232	–	–	–	(44.006)	200.226
Акционермен жасалған басқа да операциялар	14	–	9.389	–	–	–	9.389
2025 ж. 31 желтоқсанға		**740.138**	**47.878**	**3.844**	**(187)**	**2.519.656**	**3.311.329**

Ж.Ж. Мирманов
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Е.Н. Бокаев
Бас бухгалтер

6-қосымша. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексерудің нәтижелері туралы есеп

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму туралы жеке таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратына қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексерудің нәтижелері туралы есеп

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне:

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың нәтижелері бойынша қорытынды

Біз «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың (бұдан әрі — «Компания»), сондай-ақ Компанияның операциялық бақылауындағы оның еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі тұрақты даму саласындағы жеке таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратына қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындадық. Аталған ақпарат 2025 жылға арналған Интеграцияланған жылдық есепте ашып көрсетілген және «А» белгісімен белгіленген, сондай-ақ осы есептің 1-қосымшасында қысқаша ұсынылған (бұдан әрі тиісінше — «Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпарат» және «Жылдық есеп»).

Біз орындаған рәсімдер мен алынған дәлелдемелер негізінде Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпараттың барлық елеулі аспектілерде осы есептің 1-қосымшасында ұсынылған қолданылатын критерийлерге сәйкес дайындалмаған деп пайымдауымызға себеп болатын қандай да бір мән-жайлар бізге белгілі болған жоқ (бұдан әрі — «Қолданылатын критерийлер»).

Қорытынды жасау негіздемесі

Біз шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы Халықаралық аудит және растау стандарттары кеңесі шығарған Халықаралық сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар стандарты («ХСҚТС») 3000 (Қайта қаралған) «*Нақтыланған кезеңдердің қаржылық ақпаратын аудит немесе шолу тексеруінен өзге сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар*» («ХСҚТС 3000 (Қайта қаралған)») стандартына сәйкес орындадық.

Біз алған дәлелдемелер біздің қорытындымыз үшін негіз болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз. Осы стандартқа сәйкес біздің жауапкершілігіміз осы есептің «Біздің жауапкершілігіміз» бөлімінде төменде сипатталған.

Біздің тәуелсіздігіміз және сапаны басқару

Біз Халықаралық бухгалтерлердің этика стандарттары бойынша кеңестің (ХБЭСК) Кәсіби бухгалтерлердің кәсіби әдеп кодексінің (оның ішінде Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) тәуелсіздікке қатысты талаптарына және өзге де этикалық талаптарына сәйкестікті сақтадық. Бұл кодекс адалдық, объективтілік, кәсіби құзыреттілік пен тиісті мұқияттылық, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық сияқты негізгі қағидаттарға негізделген.

Біз 1 Халықаралық сапаны басқару стандартын (ISQM 1) қолданамыз, ол ұйымнан сапаны бақылау жүйесін әзірлеуді, енгізуді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етеді, оның ішінде этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданылатын нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ететін саясаттар мен рәсімдер бар.

Өзге де мән-жайлар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ұсынылған, GRI 2-21, GRI 201-1, GRI 201-4, GRI 202-2, GRI 203-2, GRI 405-2 көрсеткіштері бөлігіндегі салыстырмалы Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпарат сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың нысанасы болған жоқ.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін салыстырмалы Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратты басқа практик-маман тексерген, оның 2024 жылғы 24 мамырдағы шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма нәтижелері бойынша есебінде модификацияланбаған қорытынды білдірілген.

Біздің қорытындымыз аталған мәселелерге қатысты модификацияланбаған.

Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпарат үшін жауапкершілік

Компания басшылығы мыналар үшін жауапты:

- тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратты Қолданылатын критерийлерге сәйкес дайындау;
- басшылық Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратты Қолданылатын критерийлерге сәйкес, алаяқтық немесе қателер салдарынан туындаған елеулі бұрмалауларсыз дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау; сондай-ақ
- тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындаудың тиісті әдістерін таңдау және қолдану, сондай-ақ осы жағдайларда негізді болып табылатын жорамалдар мен бағалауларды қалыптастыру.

Директорлар кеңесі Компанияның тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау процесін қадағалау үшін жауапты.

Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратты дайындау кезіндегі ажырамас шектеулер

Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау шығарындылар коэффициенттерін және әртүрлі газдардың шығарындыларын бірыңғай базаға келтіру үшін қажетті мәндерді айқындауда қолданылатын ғылыми білімнің шектеулілігі салдарынан ажырамас белгісіздікке ұшырайды.

Біздің жауапкершілік

Біздің жауапкершілігіміз сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы жоспарлау және орындау болып табылады, бұл тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпараттың алаяқтық немесе қателік салдарынан туындайтын елеулі бұрмалауларды қамтымайтынына қатысты шектеулі сенімділікті алуға, сондай-ақ біздің қорытындымызды қамтитын шектеулі сенімділікті қамтамасыз ету бойынша тексеру нәтижелері туралы есепті шығаруға бағытталған. Бұрмалаулар алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде туындауы мүмкін және олар жекелей немесе жиынтық түрде тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпарат негізінде пайдаланушылар қабылдайтын шешімдерге әсер етуі ықтимал деп негізді түрде болжанған жағдайда елеулі болып саналады.
Шектеулі сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған тапсырма шеңберінде, «ХСҚТС 3000 (қайта қаралған)» стандартына сәйкес жүргізілген, біз бүкіл тапсырма барысында кәсіби пайымдауды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесілерді орындаймыз:

- Компанияның қолданылатын критерийлерді ескере отырып, нақты жағдайларда тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратты дайындаудың негізі ретінде пайдаланудың орындылығын айқындайды;
- тапсырмаға қатысты ішкі бақылау жүйелері туралы түсінік алуды қоса алғанда, алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалаулардың ықтимал туындауын анықтау мақсатында, алайда Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне қатысты қорытынды ұсыну мақсатында емес тәуекелдерді бағалау рәсімдерін жүргіземіз; және
- тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратта елеулі бұрмалаулардың ықтимал туындауын ескере отырып, рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз. Алаяқтықтың нәтижесінде туындаған елеулі бұрмалауды анықтамай қалу тәуекелі қателік салдарынан туындаған елеулі бұрмалауды анықтамай қалу тәуекеліне қарағанда жоғары, себебі алаяқтық сөз байласуды, жалған жасауды, әдейі өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін.

Орындалған жұмыстың қысқаша сипаттамасы

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма Тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратқа қатысты дәлелдемелер алу мақсатында рәсімдерді орындауды көздейді. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма шеңберіндегі рәсімдер сипаты, мерзімдері, сондай-ақ көлемі бойынша ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмадан ерекшеленеді. Тиісінше, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма аясында алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынатын сенімділік деңгейінен едәуір төмен.

Таңдалған рәсімдердің сипаты, мерзімдері және көлемі кәсіби пайымдауға, оның ішінде Тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратта алаяқтық немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулардың ықтимал туындауын анықтауға байланысты.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау барысында біз мынадай рәсімдерді орындадық:

- тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратты дайындауға қатысты Компанияның есептілік процестері туралы түсінік алу;
- тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратқа қатысты тиісті персоналдан сұрау жүргізу; және
- тұрақты даму туралы таңдаулы шоғырландырылған ақпаратқа қатысты іріктеме негізінде мәні бойынша тестілеу жүргізу.

Пайдалану және тарату бойынша шектеулер

Біздің есебіміз арамыздағы келісімге сәйкес, Компания басшылығына Компанияның, сондай-ақ Компанияның операциялық бақылауындағы оның жекелеген еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарының тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері мен іс-шаралары туралы ақпаратты ашуға және тұрақты даму саласындағы таңдап алынған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың нәтижелері бойынша тәуелсіз есеп алу арқылы олардың корпоративтік басқару жөніндегі міндеттерін орындауына жәрдемдесу мақсатында, тек Компанияның Директорлар кеңесі үшін дайындалды. Тиісінше, Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған ақпарат өзге мақсаттар үшін жарамсыз болуы мүмкін және қандай да бір өзге мақсаттарда пайдаланылмауға тиіс.

Біз осы есепті Компанияның веб-сайтында жарияланатын тұрақты даму туралы есепте ашып көрсетуге келісім береміз.

Компанияның веб-сайтының жұмыс істеуін және тұтастығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік Компания басшылығына жүктеледі. Біз орындаған жұмыс аталған мәселелерді қарауды қамтыған жоқ, және тиісінше, Тұрақты даму саласындағы таңдап алынған шоғырландырылған ақпаратқа Компанияның веб-сайтында орналастырылған кезде енгізілуі мүмкін кез келген өзгерістер үшін біз жауапты емеспіз.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде, нақты келісілген жазбаша талаптар болған және біздің алдын ала жазбаша келісіміміз алынған жағдайларды қоспағанда, біз Компаниядан басқа тұлғалардың алдында біздің жұмысымыздың нәтижелері немесе осы есеп үшін жауапкершілік қабылдамаймыз және жауапты болмаймыз.

PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory LLP

2026 жылғы 8 қыркүйек

Астана, Қазақстан.

2026 жылғы 8 қыркүйек шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексерудің нәтижелері туралы есебіне 1-қосымша

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Жылдық есепте ашып көрсетілген және «**A**» белгісімен белгіленген, сондай-ақ оған қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдер орындалған тұрақты даму саласындағы таңдап алынған сандық ақпарат Қолданылатын критерийлермен бірге төменде ұсынылған. Қолданылатын критерийлерге Жаһандық есептілік бастамасы (Global Reporting Initiative, GRI) жариялаған тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарының (бұдан әрі — «GRI стандарттары») ақпаратты ашуға қатысты тиісті талаптары және қажет болған жағдайда басшылық әзірлеген ішкі критерийлер кіреді.

#	Көрсеткіш	Жылдық есептегі орны	Қолданылатын критерийлер*
1	Қызметкерлер	24-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны жалдау шартының түрі, жұмыспен қамтылу түрі және гендерлік тобы бөлінісінде, адам 25-кесте. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық және толық емес жұмыспен қамтылу талаптарымен жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімдік саны өңірлер бөлінісінде119, адам 28-кесте. 2025 жылғы қызметкерлердің тізімдік саны өңірлер мен жыныс бөлінісінде, адам 29-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны өңірлер бөлінісінде, адам	GRI 2-7 a-b.
2	Қызметкер болып табылмайтын жұмыскерлер	6-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АМАН-ЕСЕНДІК Бөлімше: Персоналды басқару және адам капиталын дамыту Тармақ: Адам капиталы: құрылымы және саны Төртінші абзац	GRI 2-8 a.
3	Жылдық жиынтық сыйақының арақатынасы	7-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ Бөлімше: Сыйақы Төртінші абзац	GRI 2-21 a-b.
4	Заңдар мен нормативтік талаптардың сақталуы	14-кесте. Табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар, млн теңге	GRI 2-27 a-b.
5	Ұжымдық шарттар	6-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АМАН-ЕСЕНДІК Бөлімше: Персоналды басқару және адам капиталын дамыту Тармақ: Персоналды басқару саласындағы саясат Бесінші абзац (соңғы сөйлем)	GRI 2-30 a.
6	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	5-кесте. 2025 жылы құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млрд теңге	GRI 201-1 a.
7	Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	ҚОСЫМШАЛАР 11.21 Мемлекетке төлемдер	GRI 201-4 a.
8	Жергілікті қауымдастықтан жалданған жоғары басшылық үлесі	45-кесте. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Басқарма мүшелерінің саны	GRI 202-2 a.
9	Инфрақұрылымға және қолдау көрсетілетін қызметтерге салынған инвестициялар	22-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына инвестициялар көлемі	GRI 203-1 a.
10	Жанама экономикалық әсерлер	7-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ Бөлімше: 2025 жылғы сатып алу қызметінің нәтижелері Үшінші абзац	GRI 203-2 a.
11	Жергілікті жеткізушілерге жұмсалған шығыстардың үлесі	51-кесте. Жергілікті жеткізушілерден сатып алу	GRI 204-1 a.
12	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдер бойынша коммуникация және оқыту	47-кесте. 2023–2025 жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту және ақпарат беру	GRI 205-2 a-b, d-e.
13	Расталған сыбайлас жемқорлық жағдайлары және қабылданған шаралар	48-кесте. 2022–2025 жылдардағы QazaqGaz сыбайлас жемқорлық істерінің статистикасы, бірлік	GRI 205-3 a-d.
14	Ұйым ішіндегі энергия тұтынылуы	13-кесте. 2023–2025 жылдардағы энергия тұтыну көлемі, мың ГДж	GRI 302-1 a-e.
15	Энергия сыйымдылығы	8-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы өнімді меншікті энергетикалық тұтыну, мың ГДж/т өнім	GRI 302-3 a.
16	Энергия тұтынуды қысқарту	9-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы энергия тұтынуды қысқарту, мың ГДж	GRI 302-4 a.
17	Су алу	16-кесте. 2023–2025 жылдардағы су алу көлемі су көздері бөлінісінде, Мл 17-кесте. 2023–2025 жылдардағы су алу көлемі тұщы және басқа да суға бөліністе, Мл	GRI 303-3 a-c.
18	Су ағызу	18-кесте. 2023–2025 жылдардағы қабылдаушы объектілер бойынша жалпы су бұру, Мл 19-кесте. 2023–2025 жылдардағы жалпы су бұру тұщы және басқа да суға бөліністе , Мл 20-кесте. 2023–2025 жылдардағы су тапшылығы бар өңірлерге төгінділердің жалпы көлемі, Мл	GRI 303-4 a-c.
19	Суды тұтыну	12-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы су тұтыну, Мл	GRI 303-5 a-b.
20	ПГ тікелей шығарындылары (1-қамту)	11-кесте. Scope 1 және 2 бойынша парниктік газдардың жалпы шығарындылары, млн т CO2-экв	GRI 305-1 a.
21	ПГ жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту)	11-кесте. Scope 1 және 2 бойынша парниктік газдардың жалпы шығарындылары, млн т CO2-экв	GRI 305-2 a.

22	ПГ шығарындыларының қарқындылығы	7-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы түсім бірлігіне парниктік газдардың меншікті шығарындылары, млн т CO2-экв. / млн теңге	GRI 305-4 a.
23	ПГ шығарындыларын азайту	12-кесте. 2023–2025 жылдардағы іс-шаралар нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларының азаюы, т CO2-экв.	GRI 305-5 a.
24	Азот оксидтері (NOx), күкірт оксидтері (SOx) және басқа да маңызды атмосфералық шығарындылар	15-кесте. 2023–2025 жылдардағы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, тонна	GRI 305-7 a.
25	Қалдықтардың пайда болуы	13-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы қалдықтар түзелуі, т	GRI 306-3 a.
26	Жаңа жұмысшыларды жалдау және кадрлардың ауысуы	16-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы тұрақтамау көрсеткіші, % 30-кесте. 2023–2025 жылдардағы еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлер саны жасы мен жынысы бөлінісінде, адам 31-кесте. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы еңбек қатынастары бұзылған қызметкерлердің жалпы саны гендерлік белгісі мен өңірлері бөлінісінде, адам 33-кесте. 2023–2025 жылдардағы жалданған қызметкерлер саны жынысы мен жасы бөлінісінде, адам 34-кесте. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жалданған қызметкерлердің саны гендерлік белгісі мен қатысу өңірлері бөлінісінде, адам	GRI 401-1 a-b.
27	Бала күтімі бойынша демалыс	32-кесте. 2023–2025 жылдары бала күтімі бойынша демалыс алған қызметкерлер, адам	GRI 401-3 a-e.
28	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	35-кесте. 2023–2025 жылдардағы жұмыс орнында ӨҚ және ЕҚ басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	GRI 403-8 a.
29	Өндірістік жарақаттану	38-кесте. 2023–2025 жылдардағы QazaqGaz-дағы өндірістік жарақаттану	GRI 403-9 a-c.
30	Жылына бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны	17-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы бір қызметкерге оқытудың орташа жылдық сағат саны, санаттар және гендерлік белгісі бойынша	GRI 404-1 a.
31	Қызмет нәтижелерін және мансапты дамытуды үнемі бағалайтын қызметкерлердің пайызы	18-диаграмма. 2023–2025 жылдардағы жұмысын тұрақты бағалаумен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	GRI 404-3 a.
32	Басқару органдары мен жұмысшылардың әртүрлілігі	26-кесте. 2023–2025 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны санаттары мен жастық топтары бөлінісінде, адам 27-кесте. 2025 жылғы қызметкерлердің тізімдік саны санаттар және гендерлік белгісі бөлінісінде, адам	GRI 405-1 a-b.
		43-кесте. 2023–2025 жылдардағы жас топтары мен гендерлік белгісі бойынша бөліністегі корпоративтік басқару органдарының саны, адам	
33	Әйелдер мен ерлердің негізгі жалақысы мен сыйақысының арақатынасы	6-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АМАН-ЕСЕНДІК Бөлімше: Гендерлік теңгерім Екінші және үшінші абзацтар	GRI 405-2 a.
34	Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету шаралары	6-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АМАН-ЕСЕНДІК Бөлімше: Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл Төртінші абзац	GRI 406-1 a.
35	Тұтынушы деректерінің құпиялылығын бұзуға және тұтынушы деректерінің жоғалуына қатысты негізделген шағымдар	ҚОСЫМШАЛАР Қосымша көрсеткіштер	GRI 418-1 a-b.

** Жоғарыдағы кестеде келтірілген GRI стандарттарының ақпаратты ашу жөніндегі талаптарымен қатар, Қолданылатын критерийлерге GRI 1 стандартында баяндалған есептілікті дайындау қағидаттары мен ақпаратты ашу жөніндегі қосымша ұсынымдар да кіреді.

7-қосымша. Байланыс ақпараты

GRI 2-1, GRI 2-3, GRI 3-2

«QazaqGaz» ҰК» АҚ штаб-пәтерінің мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12

Телефон: +7 (7172) 55-23-08, 55-23-64.

E-mail: info@qg.kz

Сайт: www.qazaqgaz.kz

GRI 2-3

Бағыты	Лауазымы	Т.А.Ә.	Телефон нөмірі мен электрондық поштасы
Қаржылық емес есептілік үшін жауапты	Стратегия және тұрақты даму департаментінің директоры	Самекина Сәуле Серікбайқызы	+7 (7172) 55-29-41 s.samekina@qg.kz
Инвесторлармен жұмыс жөніндегі жауапты	Инвестициялық жобалар және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры	Мұқанов Данияр Еділұлы	+7 (7172) 55-23-49 d.mukanov@qg.kz
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бойынша, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы іс-шаралар мен бастамалар мәселелері бойынша пікірлер мен түсініктемелер	Стратегия және орнықты даму департаментінің бас менеджері	Нурпеисова Салтанат Бахчановна	+7 (7172) 55-23-23 s.nurpeisova@qg.kz

8-қосымша. Глоссарий

Қысқартылуы	Толық жазылуы
АГТКС	Автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциялары
АГТС	Автоматтандырылған газ тарату станциясы
АҚ	Акционерлік қоғам
«Самұрық-Қазына» АҚ, Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
ЖҚГЗ	Жер қойнауын геологиялық зерттеу
КМ	Көлденең мониторинг
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
ГТЖ	Газ тасымалдау жүйесі
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйым
АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
ЖИ	Жасанды интеллект
АТ	Ақпараттық технологиялар
ІКТ	Ірі коммерциялық тұтынушылар
НҚК	Негізгі қызмет көрсеткіші
КТС	Корпоративтік табыс салығы
КС	Компрессорлық станция
КТБЖ	Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі
КБ	Корпоративтік басқару
ЖӨБ	Желілік өндірістік басқару
МГҚ	Магистральдық газ құбыры
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
ХТҚО	Халықаралық табиғат қорғау одағы
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ҒТО	Ғылыми-техникалық орталық
ДМШ	Денсаулық мүмкіндігі шектеулі
ҚОӘБ	Қоршаған ортаға әсерді бағалау
ЕҚТА	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау
Оффтейк-шарттар	Сатып алушы келісілген талаптармен өнімнің белгілі бір көлемін өндірушіден сатып алуға алдын ала міндеттенетін ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарттары
БҰ	Бағалау ұңғымасы

Қысқартылуы	Толық жазылуы
ЖСҚ	Жобалау-сметалық құжаттама
ЖГҚ	Жерасты газ қоймасы
ӨЭБ	Өндірістік экологиялық бақылау
ҚР	Қазақстан Республикасы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
ЖҚҚ	Жеке қорғану құралдары
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ҚМЖ	Құрылыс-монтаждау жұмыстары
СМГ	Сұйытылған мұнай газы
БК	Бірлескен кәсіпорын
СТГ	Сұйытылған табиғи газ
Стейкхолдерлер	Компанияның қызметіне ықпал ететін немесе оның қызметі тарапынан ықпал көретін мүдделі тараптар. Оларға қызметкерлер, акционерлер, мемлекеттік органдар, жеткізушілер, клиенттер, жергілікті қоғамдастықтар, инвесторлар және өзге де топтар жатуы мүмкін
СКГ	Сұйытылған көмірсутекті газ
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ОЭК	Отын-энергетика кешені
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ЖЭО	Жылу электр орталығы
ГКДҚ	Газды кешенді дайындау қондырғысы
РҚӨҚ	Реактивті қуатты өтеу құрылғылары
МГҚБ	Магистральдық газ құбырларын басқару
БҰҰ ТДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары
ТЖ	Төтенше жағдай
CDP	Carbon Disclosure Project
CNPC	China National Petroleum Corporation
EBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization
ERP жүйелері	Компанияның негізгі бизнес-процестерін, оның ішінде қаржы, сатып алу, өндіріс, қойма есебі, персоналды басқару және есептілік процестерін автоматтандыруға және ықпалдастыруға арналған кәсіпорын ресурстарын жоспарлаудың ақпараттық жүйелері
ESG	Environmental, social, and governance
GRI Standards	Тұрақты даму саласындағы қаржылық емес есептілік бойынша GRI (Global Reporting Initiative) стандарттары
SRS	«Самұрық-Қазына» ҮӘҚ» АҚ портфелдік компанияларындағы Samruk Research Services әлеуметтік тұрақтылық индексі